ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ZHUBANOV UNIVERSITY

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

# «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»

атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

2018 жылдың 12 сәуірі

**МАТЕРИАЛЫ**

XIV Международной научно-практической конференции студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых в рамках программы главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»

# «МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ»

12 апреля 2018 года

**MATERIALS**

of the XIV International Scientific-Practical Conference of Students, Graduates, Postgraduates, Doctoral Students and Young Scientists in the Frame of Program of State Head N.A. Nazarbayev «View in the Future: Modernization of Social Consciousness»

# «YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS»

April 12, 2018

Ақтөбе – Актобе – Aktobe

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»**
атты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының

# МАТЕРИАЛДАРЫ

**III ТОМ**
2018 жылдың 12 сәуірі

# МАТЕРИАЛЫ

XIV Международной научно-практической конференции студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых в рамках программы главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»
**«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ»**
**ТОМ III**
12 апреля 2018 года

# MATERIALS

of the XIV International Scientific-Practical Conference of Students, Graduates, Postgraduates, Doctoral Students and Young Scientists in the Frame of Program of State Head N.A. Nazarbayev «View in the Future: Modernization of Social Consciousness»
**«YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS»**
**PART III**
April 12, 2018

**Ақтөбе – Актобе – Aktobe**

**УДК 001(063)**
**ББК 72**
**Ж33**

**Редакция алқасы: Ердембеков Б.А.** – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Бекназаров Р.А.** – ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының докторы, доцент; **Шункеев К.Ш.** – бірінші проректор, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор; **Абенова Б.С.** – оқу ісі жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент; **Иісбекұлы Б.** – ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры, филология магистрі; **Сариев О.Р.** – техникалық факультетінің деканы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент; **Мясникова Л.Н.** – физика-математика факультетінің деканы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Мұхтаров С.С.** – кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; **Тасмаганбетов А.Б.** – экономика және құқық факультетінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты; **Жусупова Ж.А.** – педагогика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Махамбетов М.Ж.** – жаратылыстану факультетінің деканы, PhD доктор, қауымдастырылған профессор; **Купенова Г.Ы.** – тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент; **Садирова К.К.** – филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; **Коптлеуова К.Б.** – шетел тілдері факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент; **Қуатбай Е.Қ.** – техникалық факультеті деканының ғылыми-зерттеу жұмыстары және өндіріспен байланыс жөніндегі орынбасары, техника ғылымдарының магистрі; **Тұрғанбай Ж.Ә.** – Металлургия және тау-кен ісі кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі.

**Ж33. ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР:** атты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = **МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ:** Материалы XIV Международной научно-практической конференции студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых в рамках программы главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» = **YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS:** Materials of the XIV International Scientific-Practical Conference of Students, Graduates, Postgraduates, Doctoral Students and Young Scientists in the Frame of Program of State Head N.A. Nazarbayev «View in the Future: Modernization of Social Consciousness» – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018. – 189 б. – Актобе: Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, 2018. – 189 с. – Aktobe: K. Zhubanov Aktobe Regional State University, 2018. – 189 p.

**ISBN 978-601-7959-12-8**

Жинаққа «Жастар, ғылым және инновациялар» атты XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының қорытындысы бойынша философия, тарих, филология, педагогика, психология, экономика, құқық, музыка, спорт, математика, физика, информатика, жаратылыстану және техникалық ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың ең үздік ғылыми еңбектері енгізілген.

В сборнике по итогам XIV Международного научно-практического конференции «Молодежь, наука и инновации» представлены лучшие научные работы студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых, посвященные актуальным вопросам философии, истории, филологии, педагогики, психологии, экономики, правоведения, музыки, спорта, математики, физики, информатики, естественных и технических наук.

The best scientific works of students, graduates, postgraduate students, doctoral students and young scientists on the top issues of philosophy, history, philology, pedagogy, psychology, economics, law, music, sports, mathematics, physics, computer science, natural and technical sciences are presented in the collection following the results of the XIV International Scientific and Practical Conference «Youth, Science and Innovations».

**УДК 001(063)**
**ББК 72**

**ISBN 978-601-7959-12-8**

© Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2018

**№5 СЕКЦИЯ**
**«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**СЕКЦИЯ №5**
**«РАЗВИТИЕ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**SECTION №5**
**«DEVELOPMENT OF NATURAL SCIENCES: REALITIES AND PERSPECTIVES»**

# ЖАЗДЫҚ БИДАЙ - ҚАЗАҚСТАН БРЕНДІ

**Бірлік Т.Ә., Сұлтанғали П.Н.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Бидай – дәнді-дақылдар тобына жататын, көбінесе шөптесін біржылдық өсімдік. Дәнді дақылдардың ішіндегі ең басты және ең көп өндірілетін дақыл. Басты азық-түлік өнімі ретінде бидайдың аса бағалы қасиеттері бар. Ең алдымен бидай-аса құнарлы да қуатты азық,оны сақтау да қиын емес. Бидай өнімі адамдар үшін ғана емес, сонымен бірге мал үшін де бағалы жемшөп. Бидай өнмдері кең көлемде өнеркәсіпте де қолданылады. Атап айтсақ, бидай дәнінен крахмал, май және клейковина алынады. Сондықтан қазіргі жақсы механикаландырылған және мамандандырылған ауылшаруашылығы жағдайында бидай түсімін арттырудың жолдарын жетілдірген жөн. Оның алғашқы алғышарты аса бағалы бидай сорттарын өсіріп шығару.

Барлық дәнді-дақылдар өнімінің 60%-ын жаздық бидай береді. Жаздық бидай-салқынға айтарлықтай төзімді дәнді-дақыл. Қазақстан жерінде жаздық бидайды өсірудің ежелгі кезеңіне көз жүгіртсек, ауыл шаруашылығы ғылымдарының академигі Мехлис Сүлейменовтың зерттеулерінде өлкемізде бұл дақылды өсіру біздің заманымыздан бұрынғы ІІ мың жылдықта қолға алыныпты. Ол кезде қазақтар масағын теріп, дәнін тоқпақпен бастырып, астығын алған. Алғашқы жаздық бидай сортын қожа бидай деп атаған. Жаздық бидай егісі Әулиеата жерінде ХХ ғасырдың басында қолға алынады. Кеңестік ұжымдастыру (1928-1930ж.ж) қара шаруаларды колхоздарға кіргізу кезеңінде жаздық бидай егісінің көлемі 3млн 800мың гектарға кеңейген.

Қазақстанда өндірілетін астықтың тоқсан пайыздан астамы жаздық бидай есебінен алынады. Статистика деректеріне жүгінсек, КСРО кезінде Қазақстандағы жаздық бидай егісі 25миллион гектарға орналасты. Жиналған барлық астықтың тоқсан пайызы жаздық бидайдан жиналды. Бидай селекциясының прогресі нәтижесінде бұл дақылдың суыққа төзімді, ылғал мен тыңайтқышты тиімді пайдалануға болатын мол өнім беретін сорттары өсіріліп келеді. Жаздық бидайдың Қызылбас, Ниратрикс-28, Скала, Алмаз, Шортанды25, Накат, Орал-52, Қазақстан-126, Қазақстан 4 сорттарын шығарып, егіншілікке енгізуге орай жаздық бидайдың өнімі артып,дақыл астығын экспортқа сату 5 көлемі кеңейді.Атап айтсақ,жаздық бидайдың егіс көлемі 19миллион гектарға жеткізілді, өнімі жыл санап көтеріліп келеді. Бұған жетуде селекцияның алатын орны ерекше. Қазіргі кезде селекционерлеріміздің тапжылмай тер төгулеріне орай жаздық бидайдың 49 сорты егілуде. Олардың ішінде жаздық бидайдың Безенчук 139, Омбы рубины, Орынбор 2, Светлана сорттары кең қолданылуда.

Бидайдың егістік көлемі мен оның жалпы түсімі бойынша біздің еліміз жер жүзінде бірінші орында. Бидайдың кең тарауына оның құрамында сумен қосылып сағызға айналатын ақуыздардың болуы себепші екен. Осындай жұғымдылығы ескеріліп, жаздық бидай дәнді дақылдар егістігінің 75-80%-да өсіріледі.

Топырақтың құрамы жеңіл болып келетін қуаңшыл аймақтарда жаздық бидайды сәуірдің соңы мен мамырдың басында сепкен дұрыс. Жаздық бидайдың тұқым себілгеннен

егін жиналғанға дейінгі қажетті ылғалдың мөлшері 390-400мм деңгейінде болғаны жөн. Қуаңшыл жылдары жаздық бидайды 5-6см,аса қуаңшыл маусымда 7-8см терендікте сепкен жөн. Жаздық бидайды тиімді себуге қажетті техника СЗС-2,1 аңыздық сеялка.

Астықтың сапасын анықтауда оның қазіргі нақтылы жағдайын білу өте қажет. Оған астық шаруашылығында: оның ылғалдылығы, тазалығы, емпературасы, пісу кезеңі тағы басқа агротехникалық талаптар жатады.

Астықтың басты өнімі жаздық бидай дедік жоғарыда. Жер жүзінде бұл дәнді дақылдың 27 түрі өсіріледі. Осы жаздық бидайдың селекциялық негізін қалаушы 1970 жылдан бері өмірін ғылыми ізденісін жалғастырып келе жатқан, Қазақ егіншілік ғылыми-зерттеу институтының бас маманы Оразалиев Рахым Алмабекұлы дер едік. Бұл ғалым бидайдың бірнеше сорттары мен түрінің негізгі биологиялық заңдылықтарын, қазақстандық агроэкологияны, бірнеше сорттарының биологиялық және селекциялық мәдениетін зерттеген.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан заман, 2009, 21 қараша.
2. Қостанай таңы, 2011, 15 қараша.
3. Вестник сельскохозяйственный науки Казахстана, 2003, №2, с.6

*Ғылыми жетекшісі*: **а.ш.ғ.к. Аманова Р.П.**

## ҚЫМЫЗ ПАЙДАЛЫ СУСЫН

**Дұрысбай А.Қ.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қымыз - жылқы сүтінен алынатын кышқыл сүт өнімі. Қымызсыз қазақ асханасын елестету мүмкін емес. Ежелден халықта емдік және жас нәресте тағамы ретінде қолданылған. Бие сүтінің белоктық және аминқышқылдық құрамын зерттеу, осы тұрғыдан қарағанда ғылыми және практикалық маңызы бар. Ал одан алынатын қымыз сапалы, шипалық емі бар тағам болып табылады.

Бие сүт өндірісіндегі, пайдаланудағы ең алғашқы отаны Қазақстан болса да, оның биохимиялық құрамы сиыр сүтіне қарағанда аз зерттелген. Жаңа биохимиялық және физика-химиялық әдістерді қолдану арқасында сиыр сүтінің құрамында бірнеше жүздеген химиялық заттардан, тек казеин комплексінің өзі жиырмаға жуық белоктық қосылыстан тұратыны анықталған.

Қазақтың ұлттық сүт тағамдарының (айран, қаймақ, құрт, қымыз, сүзбе, сүт, шұбат, ірімшік) адам денсаулығына тигізетін пайдасы орасан зор. Бабаларымыз қадірлеген жылқы малының сүті – қымыздың емдік қасиеті бар екендігі ежелден мәлім. Қымыз құрамында «С» дәрумені мол, сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Оның емдік қасиеттері, әсіресе құрт ауруын емдеу қасиеті жоғары. Оның адам ағзасын әлсірететін созылмалы ауруларға қарсы күресетін артықшылығын да айта кеткен жөн. Дәрігерлер қымызды безгек ауруына және жөтелге қарсы ішуге ұсыныс жасайды. Қымызбен емделгенде қан құрамындағы гемоглобин эритроцит көбейеді. Тамырдың соғуы жиілеп, қан айналымы жылдамдайды. Қан тамыры жұмысы мен жүрек соғысы жақсарады [1, 89 б].

Саумал қымызды ем ретінде буын ауруларына ішсе тіпті пайдалы, салданудың алдын алады. Жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Демек, емізулі балаға да пайдасы орасан. Ашыған қымыз шөлді басып, қантамырда қордаланған зиянды қалдықтардан тазартады. Іш қатудың алдын алады. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы. Адам денесінің күш-қуатын арттырады, бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды. Сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқаруын, бас

айналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит) сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз адамның физикалық жағдайын жақсартады, тәбетін ашады, ас қорытуды жақсартады. Қымыз құрамында 28 түрлі микроэлементтер, көптеген дәрумендер бар. Қымыз сапалы тамақ өнімі ғана емес, сондай ақ шипалы сусын деп те есептеледі [1, 90 б].

Дені сау адамның ағзасы бір тәулікте орта есеппен 50 мг С дәруменін қажет етсе, бір литр қымыз құрамында 200-260 мг С дәрумені бар екен. Қымызда сонымен қатар сөл бөлу және жүрек жұмысын жақсартатын В тобындағы және ағзадағы тотығу-тотықсыздану реакцияларына әсер ететін С тобы дәрумендері, сондай-ақ, А тобы дәрумендері кездеседі. Шіріткіш микробтарға, ішек таяқшаларына және сарғыш стафилококтарға қарсы жойғыш күші бар қымыз – туберкулез, сүзек, дизентерияға, дифтерия бактерияларына тосқауыл қояды [2, 120 б].

Арнайы емдейтін сауықтыру орталықтарындағы қымыздың жоғарыда айтылған аурулардың қоздырғыштарын жою қуаты дәріден еш кем түспейді. Қымыздың құрамында жыныс гармондарына жақсы әсер ететін ферменттер бар. Бұл әйелдерді бедеуліктен, ерлерді белсіздіктен қорғайды, қуаттандырады. Ал, осы күні жастар жағы қымыздың орнына шетелдік «Coco-cola», «Pepsi-cola» тәрізді сусындарды жиі тұтынады. Оның ағзаға зияндылығын ескеріп жүрген бірі жоқ. «Coco-cola»-ның бала денсаулығына ауыр зиян келтіретінін дүниежүзі біліп, жар салып жатыр. Тіпті жарнамалауға тыйым салынуда. «Pepsi-cola» сусынын да ішкеннен сақтану керек. Бұл сусын денсаулыққа өте қауіпті. Айталық, семіздік, диабет, жүрек, қан тамырлары ауруларына шалдықтырады. Сондықтан, тек қана ата-бабаларымыздың ізімен ұлттық тағамдарымызды бойымызға, ұлттық құндылықтарымызды жанымызға азық еткеніміз жөн.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Карнаухов М.Н. Кобылий кумыс – ценный лечебный напиток // Вопросы питания. - 1974. - №4. - С.89-90.

2. Жаксылыкова Р.Д. Влияние диет, содержащих цельное верблюжье и кобылье молоко, на лечение хронического гепатита. Алма-Ата. – 1988. - 148с.

*Ғылыми жетекші*: **б.ғ.к. Калиева А.К.**

## НЕЙТРАЛИЗАЦИЯ АЗОТНОЙ КИСЛОТЫ АММИАКОМ

**Жилкибаева А.А, Умарова Д.Ж.**
Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова

Процесс производства аммиачной селитры состоит из следующих основных стадий:

1. Получение растворов аммиачной селитры нейтрализацией азотной кислоты газообразным аммиаком или аммиаксодержащими газами.
2. Упаривание растворов аммиачной селитры до состояния плава.
3. Кристаллизация из плава соли в виде частиц округлой формы (гранул), чешуек (пластинок) т мелких кристаллов.
4. Охлаждение или сушка соли.
5. Упаковка в тару готового продукта.[1]

Процесс нейтрализации азотной кислоты аммиаком описывается простой реакцией:

$$NH_3+HNO_3=NH_4NO_3+Q \text{ ккал}$$

Образование аммиачной селитры протекает необратимо и сопровождается выделением тепла. Количество тепла, выделяющегося при реакции нейтрализации, зависит от

концентрации применяемой азотной кислоты и ее температуры, а также от температуры газообразного аммиака. Чем выше концентрация азотной кислоты, тем больше выделяется тепла. При этом происходит испарение воды, что позволяет получать более концентрированные растворы аммиачной селитры. Для получения растворов аммиачной селитры применяют 42-58%-ную азотную кислоту. [1]

Так как конечной целью производства является получения твердого нитрата аммония, то на стадии нейтрализации стремятся получить возможно более концентрированные растворы $NH_4NO_3$, чтобы в дальнейшем упростить и удешевить стадию выпаривания раствора до состояния почти безводного плава. Оптимальные условия для проведения процесса нейтрализации выбирают в результате анализа совместного влияния на этот процесс таких параметров, как концентрация азотной кислоты, температура и давление в реакторе. Для получения высококонцентрированных растворов необходимо применять азотную кислоту высокой концентрации, подогревать реагенты. В современных установках производства аммиачной селитры тепло реакции нейтрализации полностью используют для испарения воды из раствора аммиачной селитры. [2]

С повышением концентрации азотной кислоты при прочих равных условиях выделяется больше тепла, при использовании которого испаряется больше воды и получается более концентрированные растворы аммиачной селитры. Однако при использовании кислоты, концентрация которой превышает 58% $HNO_3$, в аппарате нейтрализации развивается высокая температура, что приводит к разложению азотной кислоты, и следовательно, к повышению потерь азота.[3]

Кроме того, при высоких температурах вследствие заметного увеличения давления паров аммиачной селитры создаются условия для ее уноса с соковым паром в виде трудно уловимого аэрозоля. С повышение температуры процесса нейтрализации растут требования к коррозионной устойчивости материала, из которого изготовлен нейтрализатор. При температуре в зоне реакции до 140 вполне устойчивым материалом для нейтрализатора является сталь 08Х18Н10Т; для диапазона температур 140-170 необходимо применять более дорогую низкоуглеродистую хромоникелевую сталь 03Х18Н11, а при более высоких температурах - титан. [2]

Температура в зоне реакции зависит от давления при котором производится процесс нейтрализации, поэтому с точки зрения целесообразности снижения температуры в зоне реакции, что является полезным из-за изложенных выше соображений, целесообразно проводить процесс нейтрализации при низком давлении и даже под вакуумом. Наиболее широкое распространение получили установки, в которых процесс нейтрализации осуществляют под давлением, близким к атмосферному. Преимуществом нейтрализации под атмосферным давлением является простота схемы, возможность использования газообразного аммиака, который из цеха синтеза аммиака выдается под давлением, как правило, не выше 200-300 кПа, без его сжижения и повторного испарения.

Проведение процесса нейтрализации с использованием вакуума имеет относительно ограниченное применение вследствие усложнения схемы стадии нейтрализации, а также невозможности полезного использования тепла сокового пара и, следовательно, снижения экономичности процесса. Такие схемы используются лишь в установках, где в качестве сырья применяют не чистый аммиак, а аммиаксодержащие газовые смеси, такие, как танковые и продувочные газы производства аммиака или газы дистилляции производства карбамида.

Нейтрализация азотной кислоты аммиаком под повышенным давлением позволяет уменьшить габариты нейтрализаторов, промывателей сокового пара, а также получать соковый пар с более высоким потенциалом. Однако обычно эти преимущества не окупаются из-за необходимости применять жидкий аммиак вместо газообразного, повышения температуры в зоне нейтрализации, а также из-за усложнения схемы и ограниченных возможностей использования сокового пара.

При использовании 47-49%-ной азотной кислоты можно дважды использовать тепло реакции нейтрализации даже при давлении сокового пара, близком к атмосферному, и получать растворы $NH_4NO_3$ концентрацией 82-85%. Использование более концентрированной азотной кислоты (58-60% $HNO_3$) с предварительным подогревом исходного сырья дает возможность при атмосферном давлении получить раствор высокой концентрации (до 92-95% $NH_4NO_3$). Поэтому в настоящее время нейтрализация под повышенным давлением не получила широкого распространения в промышленности.

Однако дальнейшее укрупнение единичной мощности агрегатов для получения аммиачной селитры, а также необходимость изыскания путей полезного использования тепла сокового пара, который в случае применения 58-60%-ной азотной кислоты получается в большом количестве и не может быть полностью использован в производстве аммиачной селитры, делают все более актуальной разработку рациональной схемы нейтрализации азотной кислоты аммиаком под повышенным давлением. Целью такой разработки должен явиться как выбор оптимального давления процесса нейтрализации, так и схемы очистки сокового пара от примесей аммиачной селитры, следов аммиака и азотной кислоты.[2]

**Использованные литературы**

1.М.А. Миниович., Производство аммиачной селитры. - М.:Химия, 1974, -240с.

2.В.М.Олевский., Технология аммиачной селитры. - М.: Химия, 1978, -310с.

3. В.А.Клевке., Технология азотных удобрений. - изд.2-е. Госхимиздат, Москва. 1963, 392с.

*Научный руководитель*: **д.т.н., профессор Нурлыбаев И.Н.**

## ВЛИЯНИЕ ТОКСИЧНЫХ ОРГАНИЧЕСКИХ ВЕЩЕСТВ НА СОСТОЯНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ОРГАНИЗМ ЧЕЛОВЕКА ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ ПЛАСТИЧЕСКИХ МАСС

**Калиев А.Ж., Айкенова Н.Е.**

Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова

В настоящее время уровень мировой экономики и экономики отдельных стран все в большей мере зависит от уровня развития производства и применения полимерных материалов, так называемых пластмасс. На сегодняшний день такие материалы как сталь очень активно заменяют напластмассы, однако следует учитывать тот факт, что при термических воздействиях высоких температур на полимеры и их производные приводят к выделению токсичных органических веществ.

Полимеры и суперконцентраты применяемые в производстве пластических изделий, при комнатной температуре не оказывают вредного влияния на организм человека. Работа с ними не требует особых мер предосторожности. Однако, при производстве пластических масс с воздействием высоких температур, близких к температуре разложения полимера, следует учитивать ряд важных факторов. Фактор контроля воздуха производственных помещений осуществляется по методикам, утверждённым органами здравоохранения с периодичностью по ГОСТ 12.1.005. Производство должно осуществляться в производственных помещениях, оборудованных приточно-вытяжной вентиляцией по ГОСТ 12.4.021, обеспечивающих чистоту воздуха с концентрациями летучих токсичных продуктов, не превышающими предельно-допустимыеконцентрации (ПДК).

Предельно-допустимые концентрации (ПДК) в воздухе рабочей зоны производственных помещений по ГОСТ12.1.005 и класс опасности по ГОСТ 12.1.007, а также действующие на организм человека на примере полипропилена представлены ниже [1].

Таблица 1 – Предельно-допустимые концентрации основных вредных веществ в атмосферном воздухе производства пластической массы полипропилена

| Наименование вредного вещества | Предельно допустимая концентрация, мг/м³ | Классопасности по ГОСТ 12.1.007 | Действие на организм |
|---|---|---|---|
| Формальдегид | 0,5 | 2 | Раздражение слизистой оболочки глаз и дыхательных путей, головная боль,судороги |
| Ацетальдегид | 5 | 3 | Раздражение слизистой оболочки глаз и дыхательных путей |
| Оксид углерода | 20 | 4 | Вызывает головокружение, в больших концентрациях удушье |
| Органические кислоты (в пересчете на уксусную кислоту) | 5 | 3 | Раздражение слизистой оболочки глаз и дыхательных путей |

Изделия из полипропилена при отсутствии высоких температур, равным температурам разложения не выделяют в окружающую среду токсичных веществ, не оказывают вредного воздействия на организм человека [2].

**Использованные литературы**

1. Оленев Б. А., Мордкович Е. М., Калошин В. Ф. «Проектирование производств по переработке пластических масс». М.: Химия, 1982 г.

2. ГОСТ 17.2.3.02-78 «Охрана природы. Атмосфера. Правила установления допустимых выбросов вредных веществ промышленными предприятиями»

## СУ ҚОРЛАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУДІҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ

**Ізбай А.Қ.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Жалпы мемлекеттік тұрғыдан алып қарағанда, еліміздің су шаруашылығы мәселелері көп жағдайда әлем қауымдастығымен бірлесіп, ауқымды әрі кешенді тұрғыдан шешім қабылдауды талап етеді. Бүгінгідей су ресурстарының тапшылығы өсіп отырған және әлемдегі климаттың жаппай өзгеруі жағдайында елді сумен қамтамасыз етуді арттыру ісіне бассейн аралық және бассейн ішілік ағысты қайта бөлу және соған сәйкес оларды тиімді пайдалану жолымен ғана жетуге болады. Осыған орай, экономика саласының одан әрі дамуы елдің су ресурстарын реттеу және басқару стратегиясының дұрыс таңдалуына тікелей байланысты [1, 80 б].

Су ресурстарын қорғау, сонымен бірге су қатынастарының заңға сүйеніп реттелуі едәуір дәрежеде олардың тиімді пайдалануына әсер етеді. Тап осы негізде су қорларының қолайлы, ұқыпты және тиімді қолдануына қамтамасыз етуге жағдай жасау керек. Ирригация мен гидроэнергетика аралығында ұтымды балансты іздестіру, өлкенің мемлекеттері арасында трансшекаралық өзендердің суын пайдаланудың шарттарын қамтамасыз етуде, басты міндет, су қорларын басқарудағы үйлесімді саясатты талап ететін жолдарды іздестіру. Сондықтан қойылған мақсаттың табысты болуы, су қорларын басқарудың төңірегідегі халықаралық заңдарға сүйене отырып, ұлттық заңдардың бір-бірімен жақындасуына тәуелді болады. Бұл салада мұндай заңды базаның жасалуы, халықаралық тәжірибеге сүйене

отырып, сөз жоқ аймақтық жағдайлар есепке алынуы тиісті. Шекарааралық өзендерді басқаруда, халықаралық тәжірибенің негізінде, аймақтық ынтымақтастықты нығайту керек. Халықаралық тәжірибені есепке ала отырып ұлттық және аймақтық деңгейлерде су қорларын бірлесіп пайдалану бойынша ортақ заңның механизмін жасау Орталық Азияның су қорларының пайдаланудағы көп қайшылықтардың шешуінің негізі болып табылады. Өлкенің орнықты экономикалық дамуы өзара мемлекетаралық қатынасқа және ынтымақтастыққа, су қатынастарының саласындағы тиімді заңға сүйенген базасыныңрнегізінерқатыстырболады [2, 120 б].

Қолданыстағы су қорларынның ұлғайтылуы оның тиімді пайдалануына, сонымен бірге су қоймаларының саны мен сапасының артуына тікелей байланысты. Ол үшін келесі мәселелерге назар аударылуы тиіс:

- Әлеуметтік және экономикалық салалар бойынша басты мәселелерді шешу;

- Су көздерінің күйін және оған қатысты экологиялық жағдайды жақсарту, ұйымдастыру, институционалдық, әкімшілік, техникалық және тағы басқа көп қаржы керек етпейтін шараларды іске асыру. Республикадағы тұрғындардың және өлкенің тіршілік әрекеті үшін маңызды қаржы керек ететін объекттер (сумен жабдықтау саласы) мемлекетпен қаржылануы тиісті;

- Өндіріс күштерді орналастыруға және дамытуға талдау жасау, шаруашылық маңыздылығы және өсіп келе жатқан су шаруашылық балансындағы дефицитті есепке ала отырып су тұтынудың деңгейі мен құрылымынраныктау;

- Сумен жабдықтау саласында жаңа су көздерін іздестіру және жабдықтауынржаңғыртурбойыншаржұмыстарржүргізу;

- Су қорларының сапасы және сандық үдеуін сақтап қалу бойынша шараларды іске асыру. Сулардың ластанумен белсенді күрес жүргізу су шарушылық балансының шиеленісуіне бермейді, оның шығын бөлігінің қысқартуынармүмкіндікртуғызартүседі;

- Өнеркәсіптегі суды қайтадан және бірнеше рет қолдануының енгізілуі, сонымен бірге материалдардың өңдеуінде қосымша суды талап етпейтін принципті жаңа, қалдықсыз технологиялық сұлбаларын іздестіру;

- Су қорларын басқарудың мемлекеттік жүйесін, олардың пайдалануын реттеу, экосистема әдістерінің қолдануын, бар су шаруашылық шараларын жоспарлаудыржетілдіру;

- Су сақтаудың мәселелерін кезеңді, біртіндеп және шешіміне барлық қатысушылардыруйлесімдіржолдарынренгізу;

- Тиімді су ресурстарын пайдалануды, оның ластануын сақтап қалуға бағытталған меншікті табиғи ортаны қорғау шараларының жұмыстарын ынталандыру,рмадақтау;

- Суды нормативтен тыс пайдалануды болдыртпау. Су пайдаланудың шарттары бұзылған жағдайда су пайдаланушыларға әсер ететіндей, құны табиғат қорғау іс-шараларының құнынан жоғары айыппұл салынуы керек;

- Сарқынды суларды тазартуынан және суды үнемдеуден түскен барлықрпайданыркәсіпорындардынрқарамағынарберу;

- Су үнемдейтін шарушылық жабдықтарға және экологиялық таза өнімгерқосымшаржәнермадақтаурбағаларренгізу;

- Су қорларының жағдайы және су сақтау туралы информациялық – үгіттеушіржұмыстарржүргізу;

- Ірі су шаруашылық ұйымдарда су саясатының іс-шараларын өңдеуге және жоспарлауға тікелей араласатын қоғамдық өкілдерден бақылаушы кеңестерркұру. [3, 120б].

Келешекте су қорларының ұлғаюы елдегі су шаруашылық объекттерінде жоғалтатын суды азайту арқылы қол жеткізілуі тиіс.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Карагаева И.Т., Шайсултанов К.Ш., Исмаилова А.А. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағасының өзекті мәселелері //Гигиена, эпидемиология және иммунология.- 2007.

2. Новиков Ю.В., Сайфутдинов М.М. «Вода и жизнь на Земле» – М; Наука, 1981.
3. Шпаков А.Е., Кулкыбаев Г.А., Омирбаева С.М., Белоног А.А. Су гигиенасы және елді мекендерді сумен қамтамасыз ету. Қарағанды, 2005.- 218 б.

*Ғылыми жетекші*: **б.ғ.к. Калиева А.К.**

## ҚҰНАРЛЫ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Қапан Л.С.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі жағдайларда тамақтану мәселесі бірқатар себептерге байланысты бірінші орынға шықты, атап айтсақ: экологиялық ортаның бұзылуы, организмге қажет компоненттердің жеткіліксіз түсуі, дұрыс тамақтанбау, сапасы төмен азықтар және т.б. Экология нашарлайды, ал соның нәтижесінде біздің денсаулығымыз бен күшіміз толық жойылады. Организмнің көбінесе, ондағы пайда болатын және оған тамақпен, сумен, ауамен және дәрі-дәрмек заттарымен баратын зиянды заттарды шығаруды қамтамасыз етуге күші жеткіліксіз. Сау адам жейтін асына жиі зейінсіз қарайды. Ал, ауырып, күнделікті жарнама беттерінен түспейтін ең жаңа препараттарды іздей бастайды, сонымен, тамақ сияқты сенімді және тұрақты емдеу құралы туралы ұмытады [1, 50-52 б.].

Зат алмасуының бұзылуының (семіру, қант диабеті және т.б) салдарынан пайда болатын аурулар жиі кездеседі. Осыған байланысты, қазіргі таңда, дұрыс тамақтану энергетикалық шығындарға және организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келу үшін тамақтану мәдениетін жоғарылату мәселесі өзекті бола бастады. Әрбір адамның азық-түлік заттарын дұрыс пайдалануы денсаулықты көп нығайтуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылады. Адамның физикалық жағдайы, оның қалай және қандай көлемде тамақ жейтініне байланысты [3, 35-36 б.].

Өсіп келе жатқан организмнің тамақтануында, ең алдымен, бала денесінің қалыптасып келе жатқан құрылымдарын құру үшін құнды белоктар оптимумы қажет. Белок жетіспеген кезде балалардың өсуіне кедергі пайда болады. Балалардың витаминдермен қамтамасыз етілуі қаншалықты маңызды екені белгілі. Жасы өскен сайын баланың энергия мен тамақ заттарының қажеттілігі де өседі. Жасөспірімдік жас бала өмірінің қиын кезеңіне жатады, онда оның бойы тез өседі, организмі өзгере бастайды. Бұл кезеңде баланың тамақтануы жоғары болады [2, 177-180 б.].

Энергия мен азық-түлік заттарының қажеттілігі белсенді физикалық белсенділікке байланысты дифференциалданады. Қарқынды дене еңбегі қосымша энергия көлемінің келуін талап етеді. Сонымен, ер адамдардың ауыр еңбек кезіндегі тәуліктік энергия шығыны 40 % артық ұлғаяды, сондай-ақ, ақуыз (30 %), май (63,5 %) және басқа да қоспалардың қажеттілігі көбейеді. Әйел адамдардың тамақ қажеттілігі ер адамдарға қарағанда аз, бұл олардың организмдеріндегі алмасу процестерінің төмен қарқындылығымен байланысты.

Азық-түлік заттарының химиялық құрамының организмнің физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес келуі – дұрыс тамақтанудың негізгі принципі. Күн сайын, белгілі бір көлемде және ара қатынаста организмге 70-ке жуық қоспа түсуі керек, олардың басым бөлігі организмде синтезделмейді және өмірлік қажетті болып табылады. Организмді осы азық-түлік заттарымен қолайлы жабдықтау түрлі тамақтану кезінде ғана мүмкін.

Тамақтану режимі дегеніміз тамақ ішудің жиілігі, еселілігі және алмасуы. Тамақтану режимі азық-түлік заттарына және энергияны қажет ету сияқты жасқа, өндіріс ерекшеліктеріне байланысты түрін өзгертеді. Дұрыс тамақтанудың көрсетілген негізгі принциптерін сақтау оны құнды етеді.

Тамақтанудың белгілі бір ережелері бар:

1) ұстамды жеу керек;

2) тамақ құнды болуы керек: онда жеткілікті көлемде белоктар, майлар, көмірсулар, минералды заттар, витаминдер бар болуы керек;

3) тамақтану режимін сақтау қажет.

Тамақтану режимінде төрт негізгі принципті ажыратқан дұрыс:

1. Жиілік, яғни, тамақты үнемі бір тәулік уақытында қабылдау.

Тәулік барысында тамақтанудың бөлшектілігі. Сау адамға үш немесе төрт фазалық тамақтану ұсынылады, атап айтсақ: таңғы ас, түскі ас, кешкі ас және ұйқы алдында бір стакан айран.

Әрбір тамақтанған кезде дұрыс тамақтануды барынша сақтау қажет. Бұл, тамақты әрбір қабылдаған кезде азық-түліктер жинағы организмге белоктарды, майларды, көмірсуларды, сонымен қатар витаминдер мен минералды заттарды қолайлы ара қатынаста жеткізу тұрғысынан ойланып істелінуі керек.

Бір күнде тамақ ішу бойынша физиологиялық негізделіп бөлінуі. Төрт мезгіл тамақтану едәуір жағымды: жұмысқа дейін тоқ тамақ (күндіз дұрыс тамақтанудың жалпы калориялылығының 25-30 %), жұмыс арасындағы үзілісте жеңіл екінші таңғы ас (жалпы калориялылықтың 10-15 %), құнарлы түскі ас (калориялылықтың 35-40 %), салыстырмалы жеңіл кешкі ас (жалпы калориялылықтың 15-20 %) [4, 500-503 б.].

Құнарлы тамақтанудың сөзсіз шарты тек жақсы ұйымдастырылған тамақтану тәртібімен бірге, тамақ мөлшеріндегі нәруыз, май және көмірсулар құрамындағы мөлшері қатынасы да маңызды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Давиденко Д. Основы здорового образа жизни. ОБЖ. - 2003. - № 4. - С. 50-52

2. Гаврильчук А. Здоровый образ жизни, его принципы и составляющие ОБЖ. - 2001. - № 5. - С. 35-36

3. Баранов А., Сухарева Л. Образ жизни и репродуктивное здоровье подростков //Народное образование. - 1998. - № 9-10.- С. 177-180

4. Мартинчик А.М., Маев И.В., Петухов А.Б. Питание человека. (Основы нутрициологии). Москва, 2002. – 572 с.

*Ғылыми жетекшісі*: **б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.**

## ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Қызылбаева А.Т.**
Тұран-Астана университеті

Қазақстанда туризм географиясының ғылыми зерттеу бастамасы 1970-жылдары Мемлекеттік жобалау институтынан (Казгипроград) басталды. Онда әртүрлі маман иелері Қазақстанның туризмінің аумақтық орналасу мәселелерімен айналысты. Алғашқы туристік зерттеулерге С.Р.Ердәулетовтің «Жамбыл облысыында 1990-2005 жж. туризм индустриясын даму және орналасу схемасы 1993 жылы ҚР туризм индустриясының ұлттық даму бағдарламасы жасалынды. Л.К. Чиковани М.К. Назарчук, Н.Н. Гировка, Т.Б. Байзаков, С.Н. Дудукалова.И.Л. Фишман, О.Е. Фирсова туристік карталары пайда болды. 2008 жылы Туризм және спорт министрлігі тапсырысымен Қазақстан республикасы туристік карта-схемасы құрастырылды, авторлары Т. Бекбергенов, Б. Кожахметов, Г. Парамонов. Алматы облысының ландшафт-экологиялық 1:600000 масштабтағы картасы М.К. Назарчук басшылығымен 2007 жылы алдымен орыс тілінде, соңынан О.Б. Мазбаев авторлық аудармасымен қазақ тілінде жарық көрді. 1990-жылдары география институты мамандары В.И. Попов (1997-1999 жж.) В.П. Благовещенский басшылығымен Солтүстік Тянь–Шань, Жетісу Алатауы рекреациялық табиғатты пайдалану мәселелерімен айналысты [1, б.111-

115]. Нәтижесінде рекреациялық аудандастыру принципі қаланды, картографиялық рекреациялық әдістеме негізделді. 2000 жылдардан бергі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің экономикалық географиядан қорғалаған кандидаттық диссертациялар туристік зерттеулерге өзіндік үлес қосты.

Соңғы 10 жылдықтағы зерттелулерде қосымша бірнеше терминдер «табиғи рекреациялық ресурстар», «рекреациялық мүмкіндіктер» және т.б.қолдануда. Жоғарыдағы көзғарастар, зерттеулер негізінде Қазақстан республикасындағы туристік-рекреациялық ресурстарды төмендегідей жүйелерге біріктіруге негіз болды (1-кесте).

Кесте 1-Туристік рекреациялық ресурстарды жіктеу

| Табиғи-географиялық | Тарихи-археологиялық | Әлеуметтік-мәдени | Экономикалық |
|---|---|---|---|
| Геоморфологиялық ландшафт түрлі:<br>1. климаттық<br>2. гидрологиялық<br>3. гляциологиялық<br>4. геологиялық | Көне тарих ескерткіштері:<br>1.мазарлар, қорымдар, балбалдар<br>2.тастағы жазулар<br>3. артефактілер | Мұражайлар<br>1.архитектура<br>2.құрылыс жәдігерлер<br>3.салт-дәстүр этнография т.б. | 1.Зауыт,<br>2.фабрикалар,<br>3.инженерлік-техникалық құрылымдар,<br>4.инфрақұрыдым т.б. |

Ғалымдардың осы бағыттағы жұмыстарын сараптай отырып олардың ойын тұжырымдауға тура келеді яғни: Л.А. Багрова, С. Мироненконың және т.б. айтуларынша рекреациялық ресурс - табиғи және табиғи-техникалық геосистеманың пішіні, рекреациялық ресурстардың құрам бөлік ретінде анықтауы және географиялық ортаның антропогендік объектілерінің істері бойынша осыларға қараған құрамы; тарихи не көркемдік байлығы, эстетикалық әдемілік және емделу-сауықтыру маңыздылығы.

Географиялық зерттеулердегі материалдар негізінде рекреациялық құндылығы жоғары ландшафтарды көре аламыз. Аймақты туристік рекреациялық мақсатта пайдалануда ландшафтылық бағалау туризм сферасының құрылымдық қалыптасып дамуына тікелей ықпалын тигізеді.

Туристік рекреациялық ресурстарды бағалау аумақтар бойынша қарастырыла бастады. Географтардың зерттеулерінде негізгі әдіснамалық қағида физикалық (аймақтық) географиялық кешендер аймақтардың әртүрлілігі және олардың қалыптасуы, даму үрдістерінің туристік рекреациялық аудандастыруға кажеттілігінен туындайды. Туристік рекреациялық аудандастыруды ресурстық потенциалды зерттеп географиялық жүйедегі кешендер құрамбөліктерінің, оның элементтерінің динамикалық, статистикалық тәуелділігі қарастырылады [2, б.31-35]. Туристік рекреациялық аудандастыру мәселелерін түсіну үшін физикалық -географиялық аудандастырудың анықтамаларына тоқталған орынды. Физикалық-географиялық аудандастыру табиғаттағы аймақтық физикалық-географиялық бірліктердің тіршілік ету көрінісі, олар ландшафтық құрылымы мен генезисі тұрғысынан бір-бірінен айырма жасайды Н.А. Гвоздецкий 1963 - 1964 жж, Колесник, В.Б. Сочавалар пайымдауынша географиялық бірліктердің топтасуы және жер бедерінің мақсат-міндеттеріне объективті жағдайларына қарай іріктелуін қарастырады. Туристік географиялық аудандастыру аумақтық зерттеулер әдісі ретінде тарихи объективті қалыптасқан. Табиғи аумақтық кешендерді анықтап, бөле отырып, оларға сандық және сапалық сипаттама беру деп санаймыз. Осы түсініктеме А.Г.Исаченко, В.Н.Мильков физикалық-географиялық аудандастыру анықтамасына жақындау. А.Г.Исаченко айтуынша, физикалық-географиялық аудандастыру жер бетін зоналылық, азоналдылық факторлардың жіктеулерінің тарихи қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері бар физикалық-географиялық әртүрліліктері, физикалық-географиялық аудандар табиғаттағы әртүрлі таксономиялық дәрежедегі ландшафт кешендерінің картографиялық көрінісі мен сипаттамасы.

Физикалық-географиялық аудандастыру проблемаларымен айналысқан географ ғалымдарының фундаментальді, қолданбалы зерттеулері барысында туристік рекреациялық аудандастырудың теориялық әдіснамалық деңгей көтеру кажеттілігі туындайды Н.Н.Михайлов, В.С.Преображенский зерттеулерінің барысында аудандастырудағы 4 топтық мақсатты: теориялық, методикалық, қолданбалы және аумақтық анықтап зерттеу кажеттілігі анықталып отыр [3, б.123-125]. Туристік рекреациялық аудандастыру барысында табиғаттың дамуы жер бетіндегі туристік рекреациялық ресурстарды жіктеп, оларды топтастырып бағалайды Нәтижесінде туристік рекреациялық аудандастыруға жататындар іріктелді:

- қоршаған орта табиғатындағы физикалық-географиялық кешендерді ландшафтылық тұрғыда топтастыру;
- туристік рекреациялық аудандастыру карталарын құру;
- туристік ресурстардың өзара байланыстылығын анықтап пайдалану дәрежесіне қарай жіктеп классификациялау;
- аумақтардың немесе аймақ бірліктерінің туристік әлеуетін анықтау;
- туристік іс-әрекеттер нәтижесінде қоршаған ортаға тигізетін әсерін ресурстық мүмкіншіліктерін бақылау.

Аудандастыру физикалық-географияның кешенді проблемалар және жеке табиғат құрамбөліктері - жер бедері, климат, су, топырақ, өсімдіктер, жануарлар дүниесін зерттеп туристік рекреациялық аудандастыруда географиялық аудандастырулардың әдіс-тәсілдері пайдаланады. Туристік рекреациялық аудандастыру барысында оның география ғылымының көптеген салаларымен тығыз қарым-қатынаста болуын В.С. Преображенский, В.Н. Мильков, А.Г. Исаченко, Н.А. Гвоздецкий зерттеулерінде физикалық-географиялық аудандастырудың теориясы мен методикасынан көрініс алады. Сондықтан да, туристік рекреациялық аудандастыруды физикалық-географиялық тұрғыда ғылыми проблема деп есептеуге болады. Туристік рекреациялық аудандастыру дегеніміз - физикалық-географиялық кешендер негізінде ресурстарға әлеуметтік-экономикалық тұрғыда нысандар мен туристік кәсіпорындарға құрылымдық сипаттама беріп, оларға бағалау әдісін қолдану.

Қазіргі таңда бүкіл ел жаңа тарих кезеңіне өтуде, сол себептен біздің өсіп-өнуіміз бен өркениетті дамуымыз үшін, экологиялық жағдай да жақсы болуы қажет. «Дубна» халықаралық адам, табиғат және қоғам университетінің зерттеулеріне сүйенсек, Қазақстан өмір сүру сапасы жағынан әлемде 78-орында екен. Ал еліміздің табиғи байлықтарды пайдалану тиімділігінің көрсеткіші -31 пайыз ғана. Бұл Жапония, АҚШ, Германия сияқты 133 елдің ішінде Қазақстан әлемдік экологиялық тұрақтылық индиксінде 70 орынға тұрақталған.

Дүние жүзіндегі туризм индустриясын саралай келе Қазақстанда туристік кластердің мына бағытын дамытқанымыз жөн: экотуризм, конгресс туризм және т.б. Қазіргі кезде Алматы қаласы және Алматы облысында туристік кластерді дамытудың жоспары жасалынды. Осыған ұқсас Қазақстанның басқа да облыстарында туристік кластерді дамытудың жобасы дайындалды. Қазақстанның қазіргі кездегі туризмін зерттеу жан-жақты кешенді талдауды қажет етеді [4, б.53-56]. Географиялық негізін кешенді зерттеулер барысында туристік іс әрекеттерді ұйымдастырудың инновациялық жолдарын пайдалану керек. Туризм - бұл мемлекет аумағындағы рекреакциялық жағдайды тиімді пайдалану. Бірнеше мемлекеттердің туризм саласына талдау жасау нәтижесінде, біз ішкі және сыртқы туризді дамытудың қысқа мерзімді арнайы бағдарламасын құру қажеттілігіне көз жеткіздік.

Қазақстан Республикасындағы туристік мамандарды даярлаудың географиялық тәжрибелік бағыттары нақты мәселе болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Ердавлетов С.Р., Алиева Ж. Жұмаділов А. Туризм географиясы. – Алматы, 2012. - 356 б.

2. Бессараб Д.А. География международного туризм: в 2 ч.Ч.1. Туристическое страноведения пособие. Минск. Тетр Системе, 2011. – 144с.

3. Мазбаев О.Б., Сергева А.М., Кубесова Г.Т., Әбденова А.Ж., Абдуллина А.Е., Айдарова А.З., Айгужина А.Ғ. Дүние жүзінің туристік-рекреациялық аймақтары. Оқу құралы. – Алматы, «Сөздік-словарь», 2013ж. – 536 бет.

4. Ердавлетов С.Р. География туризм: история, теория, методы, практика. –Алматы: Ғылым, 2000. -192 с.

*Ғылыми жетекшісі*: **г.ғ.к., доцент Аяпбекова А.Е**

## АУЫР МЕТАЛДАРДЫҢ ($CuSO_4$,$CdCl_2$ ) ЖҮГЕРІ ӨСІМДІГІНІҢ ДӘНІНІҢ ӨНІП-ӨСУІНЕ ӘСЕРІ

**Мәдениетова С.М., Байменова Ж.Қ., Абильмажинова Д.З., Кіршібаев Е.А.**
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Мақалада жүгерінің "Торгайская 5/87" сортына ауыр металдардың ($CuSO_4$,$CdCl_2$ ) әсері туралы деректер келтірілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей $CuSO_4$, $CdCl_2$ ауыр металдары өсімдіктің, яғни жүгерінің "Торгайская 5/87" сортының дәнінің өнуін тежеген. Дәннің өнгіштігіне мыс ($CuSO_4$ ) ауыр металының 3 мг/л және 5 мг/л концентрациясы минералды әсерін көрсетсе, екінші ауыр металл кадмий ($CdCl_2$) жүгері сортына улы әсерін байқатты. Бұл ауыр металдардың кері әсерінің екінші көрінісін жүгері дәнінің қор заттарының жұмсалуын азайтқанынан көреміз. Өз кезегінде $CuSO_4$, $CdCl_2$ ауыр металдары жүгерінің өсіп дамуына кері әсерін тигізді.

Өзектілігі: Қоршаған ортаға түскен ауыр металдар топырақта, суда және атмосферада кең таралып, тірі организмдердің тіршілік әрекетіне кері әсер етуде. Қазіргі кезде барлық табиғи орталарда бақыланып отырған ластаушы химиялық заттардың негізгілерінің бірі - ауыр металдар. Бұл бір жағынан металдардың биологиялық активтілігіне байланысты. Сонымен қатар, олар органикалық қосылыстар сияқты трансформацияға берілмейді, биохимиялық айналымға түскенде ұзақ сақталады [1].

Металдардың осы қасиеттеріне және қоршаған ортаның бақылаусыз ластануына байланысты, өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан кейін тірі организмдер жаппай улануы байқала бастады [2]. Көптеген ауыр металдар, олардың ішінде қорғасын, кадмий, хром, никель улы заттардың қатарына жатады. Олар тірі организмдерде жинақталып, ұзақ уақыт бойы сақтала алады және аккумуляцияланған улы зат ретінде әсер етеді. Бұл заттардың қоршаған ортадағы концентрациясы тірі организмдердегі мөлшерінен 100-деген есе жоғары [3].

Мыс - өсімдіктердің тіршілігіне қажетті микроэлемент. Бірақ, мыстың өсімдіктер организмінде артық мөлшерде жиналуынан тамыр системасының дамуы мен өсуінің тежелуі, өсімдіктердің жер үстіндегі бөлімдерінің баяу өсуі және жапырақ ұштарының бозаруы байқалады. Мыстың артық мөлшерінен туындайтын патологиялық өзгерістердің нәтижесінде мәдени өсімдіктердің өнімі күрт төмендейді [4].

Кадмийдің көп мөлшері автомобиль жолдары бойында өскен өсімдіктерде анықталған. Осындай жағдай қоршаған ортаны осы токсикантпен ластайтын өндірістердің жанында өскен өсімдіктерде де байқалады. Кадмийдің артық мөлшерінің жиналу белгілері өсімдіктердің жапырақтарының ұшы мен өркені қызыл-бурыл түске боялады. Жапырақтар жиырылып немесе түсіп қалады, өсімдіктердің өсуі баяулайды. Топырақта кадмий мөлшері 30 мг/кг–нан артса, өсімдіктер тіршілігін жояды. Кадмийдің көп мөлшері топыраққа мырыш рудаларын өндіру және өңдеу кезінде түседі. Кадмийдің әсерінен өсімдіктердің өсуінің тежелуі-фотосинтез процесінің әлсіреуіне байланысты. 1 кг құрғақ жапырақ салмағына шаққанда 96 мг кадмийдің болуы фотосинтез қарқындылығын 50% төмендетеді [5].

Жүгері (*Zea mays*) – астық тұқымдасына жататын бір жылдық дақылдардың бірі. Отаны-Оңтүстік Америка. Далалы аймақтарда кең таралуына оның мол өнім, көк балаусаны аса көп беруі де себепші болды. Бір жылдық астық тұқымдас, жылылықты сүйетін өсімдік.

Тәжірибеге қойылған әдістеме.

Зерттеу объектісі ретінде жүгерінің "Торгайская 5/87" сорты алынды. Тәжірибені бастамас бұрын алдымен таңдап алынған 100 шт. жүгері дәнін 1-2 рет ағынды сумен жуып, кейін қара сабынмен тазалап аламыз. Одан кейін дәнді 20 минутқа ($KMnO_4$) калий перманганаты ерітіндісіне салып қоямыз. Мұны қоюымыздың себебі тәжірибеге қойылатын дәндер барлық микробтардан, тағы басқа зиянды заттардан тазарып, оған тек арнайы дайындалған $CuSO_4$, $CdCl_2$ ауыр металдардың әсерін анық байқай аламыз. "Торгайская 5/87" жүгерінің дәнін 12-ден 8 ыдысқа арасын алшақ етіп орналастырдық. Әр ыдыстағы судың мөлшері-250 мл. Зерттеу жұмыстарына арнайы дайындалған ауыр металдардың 1мг/1мл ерітіндісінен 0,7 мг/л, 1,3 мг/л, 2,5 мг/л $CuSO_4$, $CdCl_2$ концентрациясы болатындай етіп есептеліп ауыр металдары пайдаланылды. Күн сайын табақшадағы судың мөлшерін тексеріп отыруымыз қажет. Жүгері дәні өнгенше оның бетін қараңғылап жауып қоямыз Сурет 1.



Сурет 1 – Зерттеу нәтижесін алу үшін "Торгайская 5/87" жүгері дәнінің 12 күндік өнген өскіндері.

Нәтижелер және оларды талдау

Жұмыс барысында ауыр металдардың ($CuSO_4$, $CdCl_2$) жүгері дәнінің өнуіне айтарлықтай әсері байқалды. Ондай нәтижелерді 1-ші кесте мәліметтерінен көруімізге болады.

Кесте 1- Ауыр металдардың жүгері дәнінің өнгіштігіне әсері

| Вариант | 4 күн, % | 7 күн,% | 10 күн,% |
|---|---|---|---|
| Бақылау | 100 | 100 | 100 |
| $CuSO_4$ 3мг/л | 250 | 100 | 100 |
| $CuSO_4$ 5мг/л | 150 | 100 | 116,6 |
| $CuSO_4$ 10мг/л | 150 | 100 | 83,3 |
| Бақылау | 100 | 100 | 100 |
| $CdCl_2$ 3мг/л | 66,6 | 85,7 | 87,5 |
| $CdCl_2$ 5мг/л | 33,3 | 85,7 | 75 |
| $CdCl_2$ 10мг/л | 50 | 57,1 | 62,5 |

Өскіннің өсіп дамуына, яғни дәнінің өнгіштігіне мыс ($CuSO_4$ ) ауыр металының 3 мг/л және 5 мг/л концентрациясы минералды әсерін көрсетті. Кестеден көрініп тұрғандай мыстың төменгі және орташа концентрациялары дәннің өнуін 4-ші және 7-ші күндері керісінше

арттыра түсті. Ал 10 мг/л концентрациясында бастапқыда оң әсер еткенімен уақыт өте келе 10 тәуліктерде керісінше, мыстың улы әсері байқалып отыр. Осындай концентрациядағы ауыр металл кадмий ($CdCl_2$) жүгері сортының дәнінің өнуіне бастапқы күндерден-ақ улы әсерін байқатты. Ол 3- және 5 мг/л концентрацияда 3 мг/л -де 66,6 дан 10 тәулікте 87,5 пайызға төмендетсе. Концентрация жоғарылағанда яғни, 10 мг/л концентрацияда 50-ден 10 тәуліктен соң ол тек 62,5 пайызды ғана құрады.



$CuSO_4$



$CdCl_2$

Сурет 2 – Ауыр металдардың ($CuSO_4$, $CdCl_2$ ) жүгерінің “Торгайская 5/87” сортының өсіп дамуына улы әсері

Екінші кестеден кадмийдің жүгері дәнін өндіруге қойған кезден бастап-ақ дәннің өнуін тежегенін байқай аламыз. Бақылау вариантында дәннің өнгіштігі 100% болса, кадмийдің 3 мг/л концентрациясында 66,6%, кадмийдің 5 мг/л концентрациясында 33,3% дейін төмендеген. Бұл дегеніміз - ауыр металл кадмий ($CdCl_2$) мысқа ($CuSO_4$) қарағанда өте улы екенін көрсетеді. Дән өнгіштігіне ауыр металдардың әсерін 2-суреттен анық көруімізге болады.

Осы алынған нәтижелерден қоректік ортадағы $CuSO_4$, $CdCl_2$ ауыр металдарының әсері өсімдік дәнінің өнуінен бастап әсер ететіндігін байқадық. Бұл жағдай өз кезегінде дәннің қор затының, яғни эндоспермінің жұмсалуына да әсері бар деген болжам жасауға болады. Себебі, дәннің өнгіштігі қор затының жұмсалуымен тығыз байланысты.

Екінші кестеде көрініп тұрғандай мыс пен кадмий жүгері дәнінің қор затының жұмсалуына да айтарлықтай әсерін тигізген. Бақылау вариантында эндоспермнің жұмсалуы 100% болса, мыстың ($CuSO_4$) 5 мг/л концентрациясында 0,5% қор затының жұмсалуы арта түскен болса, 5 және 10 мг/л концентрациялар кезегінде керісінше ол көрсеткіш 30,7 пайыздан 44,2 пайызға төмендеген. Бұл дегеніміз ауыр металдар әсерінен дәннің қор затының жұмсалуы төмендейтіндігінің айғағы. Бұл өсімдіктің ары қарай өсіп дамуына кері әсер етеді деген сөз. Мысалы дәл осындай концентрацияда кадмийдің ($CdCl_2$) әсері де айтарлықтай байқалды. Кестеден көрініп тұрғандай кадмийдің ең төменгі концентрацияның өзінде 55 %-ға қор затының жұмсалуы төмендеген болса, бұл көрсеткіш орташа және жоғары концентрацияларда 79,8 %–дан 83,4 ке дейін төмендеген. Бұл өз кезегінде ауыр металдардың улы әсері салдарынан өсімдіктің өніп өсуіне айтарлықтай кері әсер еткендігін көрсетеді.

Сонымен жоғары мәліметтерді қарай отырып ауыр металдардың улы әсері өсімдіктердің дәнінің өнуі кезінен бастап кері әсер ететіндігінің дәлелі болып табылады. Өсімдіктің өсіп-дамуы дәннің өнуінен басталатындығын ескерсек ары қарай өсімдіктің өсіп қалыптасуы барысында ауыр металдардың улы әсері қаншалықты кері әсер беретіндігін зерттей түсуді қажет етеді.

2-кесте. Ауыр металл мыс ($CuSO_4$) және кадмий ($CdCl_2$) элементтерінің жүгерінің "Торгайская 5/87" сорты дәнінің қор затының жұмсалуына әсері

| Вариант | 1 өсімдік дәнінің құрғақ массасы, % | Вариант | 1 өсімдік дәнінің құрғақ массасы, % |
|---|---|---|---|
| Бақылау | 100 | Бақылау | 100 |
| $CuSO_4$ 3мг/л | 95,5 | $CdCl_2$ 3мг/л | 155 |
| $CuSO_4$ 5мг/л | 130,7 | $CdCl_2$ 5мг/л | 179,8 |
| $CuSO_4$ 10мг/л | 144,2 | $CdCl_2$ 10мг/л | 183,4 |

Қорытынды. Жүгерінің "Торгайская 5/87" сортының дәнінің өнуіне және қор затының жұмсалуына ауыр металдар ($CuSO_4$, $CdCl_2$ ) кері әсерін тигізіп, өсімдіктің өсуін тежейтіндігі анықталды. Әсіресе, $CdCl_2$ ауыр металының $CuSO_4$ қарағанда улы екенін байқадық. Мыс бастапқыда оң әсер бергенімен коректік ортадағы мөлшері артқанда улы әсері көріне бастады. Ал, кадмийдің улы әсері бастапқы концентрацияда бірден көрініп, оның мөлшері жоғарылағанда улы әсері де арта беретіндігі белгілі болды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1.Тулебаев Р.К. Хроническая свинцовая интоксикация. - Алматы: Ғылым, 1995. С. 9-11.

2. Захидов С.Т. Антропогенный мутагенез и современные экологические катастрофы. Опасности преувеличения? // Вестник Московского университета. Серия 16 Биология. -1997. -№ 2. - С. 11

3. Бигалиев А.Б. Генетика и окружающая среда. - Караганда, 1987.

4. Битнерович А // Охрана природы и воспроизводства природных ресурсов М 1999 № 4 С. 45.

5. Дубинин Н.П. Засухина Г.Д. Защитные механизмы клетки в условиях загрязнения окружающей среды // Вестник АН СССР М. - 1975.- №11 С.76-77

*Ғылыми жетекшісі*: **қауым. проф.м.а. б.ғ.к. Кіршібаев Е.А.**

## ҚҰМАЙ ДАҚЫЛДАРЫНЫҢ ТАРИХИ ШЫҒУ ТЕГІ

**Мукашева Д.М., Жексембиев Р.Қ., Кіршібаев Е.А.**
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Құмай – көне мәдени өсімдіктердің бірі. Құмай Отаны болып, сонау неолит дәуірінен енгізілген Африканың орталық, батыс және шығыс аудандары саналады. Көне Мысырда бұл дақыл б.д.д. 2500-3000 ж. бұрын мәлім болған [1, 8 б]. Оның дәлелі ретінде неолит уақытынан бастап б.д.д. 2200-3000 жыл бұрын Африка құрлығында (Абиссиния және Египет) құмайдың алғаш рет өсірілгенін, археологиялық зерттеу материалдарының нәтижелері айқын көрсетеді. Осы кезеңде Африкамен қатар, егіншілік мәдениеті дербес дамыған Солтүстік Үнді мен орталық Қытайда құмай дақылы пайда болды [2, 19 б].

Мәдени өсімдіктердің шығу тегі жайындағы проблеманы шешуде академик Н.И.Вавиловтың мәдени өсімдіктердің шыққан орталықтары туралы ілімі басты рөл атқарады. Африка континентінде өзінше ерекше, ықшам орталық бар. Бұған Шығыс Африка тауларындағы, негізінен таулық Абиссиния жерлері енеді. Мұнда құмаймен бірге қатты бидай, арпа, кофе ағашы, май үшін өсірілетін ноқат, бананның бір түрі осы орталықтан тараған. Н.И.Вавиловтың зерттеу негізінде құмай қуаңшылыққа ерекше төзімділігінің арқасында өсімдіктер дүниесінің «түйесі» болып саналады [3, 12-22 б].

Еуропалық және Американдық континенттерге құмай кейінірек жеткен. Оңтүстік Африкадан тасымалданған астық құмайын Оңтүстік Американың Канзас штатында 1880 жылы алғашқы өсіру тәжірибесі сәтті жүргізілді.

Құмай дақылы ежелден Орталық Азиямен қатар, Ресейдің Қытаймен шекаралас орналасқан Примор және Қиыр Шығыс өңірінде кеңінен таралып, Ресейдің еуропа бөлігі мен Оңтүстік Украина жерінде XVII ғ. бастап таныла бастады. КСРО-ның белгілі құмайтанушысы А.Г. Шаповалдың 1930 ж. құмай дақылын насихаттау және ол туралы толыққанды деректерді жинауының арқасында егістік ауданы 100 мың га дейін жетті [2, 19].

Әртүрлі континенттерде құмайдың таралуы оның ең алдымен селекциялық бағалы қасиеттеріне сондай-ақ ыстыққа, құрғақшылыққа төзімділігіне және де топырақ түрін талғамайтындығына байланысты. Бұл дақыл барлық дәнді дақылдарға, соның ішінде жүгеріге де зиян жоғары температура мен ұзақ құрғақшылықты көтере алады. Сондықтан құмайды өңдеудің ареалы ауқымды [1, 8 б].

Қазіргі кезде құмай дүние жүзінің барлық бөлігінде орналасқан 86 елде малазықтық мақсат үшін өсіріледі, қуаңшылық аудандарда оның дәнінің бір бөлігі адам азығы есебінде пайдаланылады. Өсіру ареалы Солтүстік жарты шардың 50-ншы параллельінің оңтүстігінен және Оңтүстік жарты шардың 50-ншы параллелінің солтүстігін қамтиды [2, 10 б].

Егіс ауданы бойынша (75 млн. га дейін) құмай дүниежүзінде бидай, күріш, жүгері, арпадан кейін 5-і орын алып отыр. Ең ауқымды егіс аудандары Үндістанда (17 млн.га), Африкада (егіс аумағының 33%) және Америкада (егіс аумағының 15%). Азық-түлік дақыл ретінде Оңтүстік-Батыс Азия, Экваторлық және Оңтүстік Африкада үлкен маңызға ие. Жем-шөп дақыл ретінде негізінен Солтүстік Америкада – АҚШ және Оңтүстік Америкада – Аргентина мен Мексикада тараған [1, 8].

Құмайдың дәнінен ұн және крахмал, сабағынан тоқылатын заттар, сыпыртқы және қағаз жасайды. Құмайды Жер шарының құрғақ және жартылай құрғақ аймақтарында мақсатты түрде қолдану оның әмбебаптылығымен және жоғары өнімділігімен ерекшеленеді. Жасыл бөлігі мен дәндерін ауылшаруашылық малдарына жемтік ретінде қолдануға болады. Құмай жоғары өнім беретін культура ғана емес, оның құрамы көмірсуларға, белокқа, каротиндер мен жануарлардың өнімділігін арттыруға септігін тигізетін – дәрумендерге бай [4, 173 б].

Дүниежүзінің көптеген елдерінің ғалымдары (АҚШ, Израиль, Үндістан) топырақта ризосфералық микроорганизмдер болған жағдайда құмай атмосфералық азотты байланыстыра алатындығын және өсімдік-иесінсіз дами алмайтын эндофитті микроскопиялық саңырауқұлақтардың болуына байланысты фосфордың күрделі формаларын жеңілқозғалмалы түрлеріне ауыстыра алатындығын көрсетеді. Ол топырақтың тұзсыздандырылуына ықпал етеді, жаздың екінші жартысындағы жауын-шашынды эффективті пайдалана отырып, фитомассаның жоғарғы өнімділігін қалыптастырады [1, 9 б].

Ресейде құмай бойынша терең зерттеулер Ростов облысында - Бүкілресейлік құмай ҒЗИ, Ставрополь өлкесінде – Ставрополь жүгері ҒЗИ-ның селекциялық-тәжірибе стансасы, Краснодарда – Бүкілресейлік өсімдік шаруашылығы институтының Кубань тәжірибе стансасында жүргізілуде.

Құмай астық немесе қоңырбас *(Poaceae Barnhart)* тұқымдасына құмай *(Sorghum Moench)* туысына жатады және оған тропикалық, субтропикалық және қоңыржай белдеулерінде өсірілетін 33 мәдени және 30 жабайы түрлер жатады [2, 20 б].

Ресейлік өсімдік шаруашылық институтының классификациясы бойынша құмайдың келесі түрлерін ажыратады:

Гвинеялық дәнді (зерновое гвинейское) – S.guineense (Stapf.) Jakushev;

Негритяндық дәнді (зерновое негритянское) – S. bantuorum Jakushev;

Астық құмайы (зерновое хлебное - S.durra (Forsk) Jakushev, (Дурра – джугара – майло) оның өзі үш түр тармағына бөлінеді;

Қытайлық немесе гаолян (китайское или гаолян) - S.chinese Jakushev;

Қантты немесе жем-шөптік (сахарное или кормовое) - S.saccharatum Jakushev;

Сыпыртқы немесе техникалық (веничное или техническое) - S.technicus (Koern) Roshev;

Шөптік құмай – судандық шөп ( травянистое сорго или суданская трава) – S. Sudanense (Piper) Stapf [1, 9 б].

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында дәндік және қант құмайы өндірісінің көлемі ұлғаюда. Малазықтық мақсатта пайдаланылатын дәндік құмай негізінен елдің солтүстік өңірлерінде өсіріледі, қант құмайының аздаған көлемі Оңтүстік Қазақстан облысында егіліп, өндірілген өнім өңделеді [2, 13 б].

Қазақстанның оңтүстік аймақтары жерінің басым көпшілігі шөл және шөлейт болып келуіне байланысты, жақын болашақта осы өңірлерде ауыз су тапшылығы байқалып, жерлерінің әрі қарай құрғақшылыққа ұшырауы және топырақтарының эррозия әсеріне ұрынуы мүмкін. Бұл жағдайлар осы аймақтың жерлерін ауыл шаруашылығы қажеттілігіне игеріп егіс алқаптарын суғару мақсаттарына қажетті қосымша иррегациялық жүйелер салынуына, ал бұл ол жерлердің егіншілік тұздануына және соның әсерінен егін шығымдылығының төмендеуі мен осы суармалы алқаптардың пайдалану айналымынан шығып қалуына әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан осындай жерлердің құнарлылығын арттырып, тұрақты түрде жоғары өнім алу үшін, өсімдік шаруашылығын диверсификациялау мақсатында тұзды жерлерге төзімді өсімдіктерді пайдаланудың маңызы зор [5, 262 б].

Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілетін селекция жетістіктерінің Мемлекеттік реестріне сәйкес (2016 ж.) астық құмайының (Sorghum bicolor (L.) Moench) 5 сорты, қант құмайының (Sorghum bicolor (L.) Moench) -3, сүрлемдік (Sorghumv. (L.) Pers.) – 8, шәй (Sorghum technicum Roshev.) – 2, құмай-судандық гибридтері (Sorghum vulgare x S Sudanense) – 3 және судан шөбінің (Sorghum sudanense (Piper.) Stapf) – 11 сорт үлгілері Атырау облысынан басқа еліміздің табиғи-климаттық ерекшеліктеріне сәйкес тиісті өңірлерде түрлі шаруашылық мақсаттарда өсіруге рұқсат етілген.

Көптеген ғалымдар мен сала мамандарының есептеулері бойынша құмай өсіруге қолайлы өңірлер болып Украинаның оңтүстігі (1,8 млн.га), Молдова (0,2 млн.га), Солтүстік Кавказ (2,0 млн.га) және Волга бойы (1,0 млн.га), Орта Азия және Қазақстан (1,0 млн.га) табылады. Қазіргі таңда құмай дақылдарының егісі шығыс пен солтүстікке жылжыуына байланысты, бұл дақылдың егілетін көлемі алдағы уақытта едәуір кеңейетінін болжауға болады [2, 13 б].

Құмай дақылы жақсы иілгіштігі бар осыған орай ол өсірудің топырақ-климатты жағдайларына жеңіл бейімделеді.

Құмай – құрғақшылдыққа төзімді дақыл. Саңылаудың жұмысы тургормен бірге екі апталық құрғақшылдықтан кейін де қалпына келеді, ал жүгеріде мысалы, саңылаулы аппарат жетікүндік құрғақшылдықта зақымданады.

Құмай құнарлы топырақтарда, сазды және жеңіл құмды, жақсы аэрирленетін сазды (бірақ арамшөптен таза) топырақтарда өсе алады. Тамыр жүйесінің жақсы дамуына байланысты басқа дақылдарға жарамсыз топырақтарда өсіп, жоғары өнім бере алады. Құмай суық, балшықтанған жерлерді көтере алмайды, қышқыл топырақтарда нашар өседі; минералды тыңайтқыштарға оң жауап береді. Ең көп жасыл массасының жиналуы азоттың фосформен калий екеуімен біріктірген кезінде, есептеумен $N_{90}P_{60}K_{30}$ байқалған. Бола тұра дәндері өнімі суармалы егісті аудандарда 8-10 ц/га, жасыл массаның 90-100 ц/га көбейеді [1, 10 б].

Құмай тұзға төзімді өсімдіктердің бірі. Тамырлары тұздардың жиналу жерлеріне айналатындығы анықталған, оны бейімделгіш қасиеті ретінде қарастыруға болады. Құмай тұз концентрациясының 0,6-0,8 % көтере алады. Оңтүстік гидротехника және мелиорация ғылыми-зерттеу институты (ЮЖНИИ ГИМа) ғалымдары мәліметтері бойынша, ол сұрыптарына қарай 31-ден 75 т/га тұзды көтере алады.

Құмай сортаң топырақтарға себу кезінде жақсы мелиорацияланатын дақыл және екінші ретті тұздануға қарсы күресте сенімді әдіс болып табылады. Құмай дақылдары топырақтың 31-75 т/га тұздылығын, соның ішінде хлоридтер мен сульфаттар сияқты зиянды заттарды көтере алады.

Құмайдың құнды биологиялық ерекшелігі, өсімдіктің көптеген сорттарының сабақтары мен жапырақтары дәндерінің толық пісу кезіне дейін жасыл болып қала береді. Қысқамерзімді өсімдік бола тұра, ол ұзақ күн жағдайларында вегетация ұзақтығын арттырады. Тез пісетін сорттарында вегетация мерзімінің ұзақтығы – 90-105 күн, орташа пісетіндерде – 106-120, жайпісетіндерде – 120-130 күн [1, 11 б].

Құмай масақтану фазасында қарқынды өсуімен ерекшеленеді және осы кезеңде өсімдіктің қоректенуге мұқтаждығы артады.

Жапырақтарындағы синильды қышқылдың жоғарғы концентрациясы түптену кезеңінде байқалады. Жоғарықантты формалары оны аз мөлшерде жинайды, өйткені синильды қышқыл көмірсулармен әрекеттесіп одан аз улы қосылысқа айналады. Сонымен қатар фосфорлы қоректенуді жақсарту, оның мөлшерін азайтады.

Құмай – жарықсүйгіш және қысқакүндік өсімдік. Құмай алдымен баяу өседі сол себепті алқаптардың арамшөппен ластануынан жапа шегеді. Қуаң аудандарда орташапісетін дәнді құмайдың өнуі 10-15 күнде, ал 25-30 күннен кейін түптену фазасы басталады. Масақтануы – 55-65 күннен кейін байқалады. Гүлденуі масақтанудан кейін 5-6 күннен кейін басталады.

Жүгерімен салыстырғанда, құмайда тек жартылай беткейлік булану байқалады, яғни жүгеріге қарағанда буланумен суды сіңіру 4 есе қолайлы.

Құмайға ылғалды реттеудің бірегейлік механизмі тән.

Ауа температурасының жоғарылануындағы тыныс алуға жұмсалған өнімсіз, баяу шығымы;

Жапырақ аппаратындағы балауыз жабыны;

Ауа ылғалдылығының қатаң тәуліктік ауытқуларында тұрақты су режимін қамтамасыз ететін коллоидты-байланыстырушы формалардың жоғарылануына байланысты клеткалардағы суды қайта жасау қабілеті;

Суккулентті өсімдік түрлеріне айнымайтын стрессті мерзімде су режимін теңдестіруге көмектесетін, шырынның ерекше аккумуляторы болып табылатын шырынды сабақ;

Топырақтың терең қабаттарынан ылғал мен қор заттарды игере алатын күшті тамыр жүйесі [1, 12 б].

Құмай зиянкестермен ауруларға төзімді қасиеттерімен қатар, олардың көбісіне тұрақты. Вегетативті мүшелерінде балауыз жабынының болуы, дәнінде танин алкалоидының болуы, сонымен қатар жапырақтарындағы кремнеземмен гликозидтердің болуы – төзімділіктің жоғары дәрежесін қаматамасыз етеді. Алайда кей зиянкестермен аурулар құмайға елеулі зиян келтіреді. Аса қауіпті зиянкестеріне қара күйе, шалғын шатырқанаты, мақта көбелегі, сымтәрізділер, жалғансымтәрізділер жатады.

Кәдімгі дақылды қара күйе (Schizaphis graminum Rond.) – құмайдың ең қауіпті зиянкесі, өнімнің 85% құртуы мүмкін. Тұрақты формаларының селекциясы – фитофагпен күресуде түбегейлі жоюға әрі арзан және экологиялық қауіпсіз әдісі. Ресейлік селекциялық бағдарламаларында тек бір ғана тұрақты донорды (Сарваши сорты) пайдаланған, ол егістіктердің генетикалық біркелкілігіне, нәтижесінде насекомның бейімделуінің үдеуіне және насекомдардың микроэволюциясына алып келді. Қазіргі таңда Сарваши және оның туындылары қара күйемен қатты зақымдалады. АҚШ-та насекомның кей биотиптеріне тұрақты үлгілері Ресейдегі қара күйе популяцияларына қарсы тура алмайды.

Қара күйе құмайдың барлық даму фазасында зақымдай алады, бірақ өсімдіктің алғашқы өсу сатыларында ол жою қауіпін туғызады. Құмай өсімдігіне қара күйенің түсуі ақтеңбілдердің пайда болуымен сипатталады. Өсімдіктердің зақымдалуы, қара күйенің қоректенуі кезінде енген токсиндер әсерінен туындайды. [1, 13 б].

Сонымен, саралау нәтижесіне келсек құмайдың жер шарында кеңінен таралуын байқауға болады және құмай жетекші малазықтық әрі азық-түліктік дақылдар санатына енеді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Нагорный С.А. «Биологические особенности и селекционная ценность образцов сахарного сорго для создания сортов и гибридов с повышенным содержанием сахара»: дис... канд. с.-х. Наук - Санкт-Петербург, 2011.

2. Бекжанов С.Ж. «Арал өңіріндегі күріш жүйелерінің тұзды топырақтарында құмай (сорго) дақылының өсіру технологиясын әзірлеу»: дисс...философия докторы (PhD) – ҚР Қызылорда, 2016.

3. Вавилов Н.И. Избранные произведения, II том. Издательство «Наука» Ленинградское отделение. Ленинград, 1967.

4. Абилдаева Р.А., Елеманова Ж.Р., Оспанова А.А., Қалдыбекова С. Қант соргосының биологиялық ерекшеліктері. Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская. №2-2016.

5. Шарипов К.О., Парманкулова Т.Н., Мамырова Д.М., Сейтбаев К.М., Зияева Г.К. Құмай дақылының биологиялық ерекшеліктері және одан жасалған сусынның маңызы. ҚазҰМУ хабаршысы, №2-2017.

*Ғылыми жетекшісі:* **б.ғ.к., профессор Жексембиев Р.Қ.**

## АНТРОПОГЕНДІК ФАКТОРЛАРДЫҢ ОРМАНҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

**Нагиева М.А.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Дүние жүзіндегі ормандардың жалпы ауданы 4 млрд/га астам. Жалпы ормандардың ішінен таза ормандарды жеке бөледі. Оған орманды алаңқайлар, жолдар, шалғындықтар кірмейді. Таза ормандар шамамен 3 млрд/га алып жатыр. Бір адамға есептегенде жалпы орманды жерлер шама мен 0,8 га-дан келеді. Құрлықтың жалпы ауданына қатысты ормандар алып жатқан территориялардың пайызбен көрсетілген шамасын ормандылық деп атайды. Дүние жүзі бойынша бұл көрсеткіш 32,2%-ға тең.

Өзінің тарихында адам шама мен 2/3 орманды аудандардағы орманды жойған. Мұның нәтижесінде ормандылық бастапқы 75%- дан қазір 25-30%-ға дейін кеміген. Ормандарды аудандарының кему процесі қазір де жалғасуда. Бұл процесс тропиктік ормандар үшін өте қауіпті болып отыр.

Тропикалық ормандар 3-4 миллион тірі организмдер түрлерінің тіршілік ортасы. Мұнда белгілі өсімдіктердің 2/3 бөлігі өседі. Тропикалық ормандардың 33 пайызы Бразилия аумағында, 10 пайызы Заир мен Индонезия елдерінде еншісіне келеді. Соңғы кезде, әсіресе, шаруашылық қызметтің әсері тимеген немесе әлсіз болған ормандарды есепке алу мен қорғауға көп көңіл бөлінуде.

Ормансызданудың негізгі себебі - жаңа ағаштар екпей, ормандарды қырқу. Одан басқа ормандағы өрттер, қатты дауыл жел, су басу сияқты антропогендік әсерден де жойылуы мүмкін. Ормандардың азаюы жер шарының көптеген бөліктерінде өзекті мәселе болып табылады. Орманда алқаптардың жаппай қырқылуы биологиялық алуантүрліліктің азаюына, өнеркәсіптік пайдалану үшін ағаштардың қорына, тіршілік сапасына және фотосинтездің төмендеуінен парникті эффектіге алып келеді. Қоғамның дамуы мен орман ресурсына түсетін қысымы да күшейе түсті. Ормандарды құрту тоқтамай тұр. Жыл сайын олардың көлемі 200 мың км$^2$ кемуде. Әсіресе тропикалық ормандар.

Соңғы 50 жылда адамның қатысуымен Жер бетіндегі ормандардың 2/3 бөлігі, ал соңғы 100 жылда Жер бетінде орман массивтерінің 40 пайызы жойылған. Жыл сайын дүниежүзінде 15-20 млн.гектар (Финляндия) тропикалық ормандар жойылуда. Ең көп шығынға ұшырап жатқан елдердің қатарына Бразилия, Мексика, Үндістан, Тайланд жатады. Егер тропикалық ормандар осылай жойыла берсе, 30-40 дылдан соң Жер бетінде мұндай омандар қалмайды.

Ормандардың жойылуының басты себептері: орман алқаптарының ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру үшін өңделуі, ағаш отындарға сұраныстардың артуы, ормандарды өнеркәсіп қажеттілігі үшін қырку.

Тағы бір алаңдататын жайт – ормандағы өрттер. Космонавттардың айтуынша, Амазония оромандарының үлкен көлемдері түтінмен көмкерілген. Өйткені плантациялар үшін оларды көптеп өрттейді. Кейбір айларда өрттер 8 мыңға дейін жетеді. Ормандардың үлкен аумақтарын өртеу, бағалы ағаштар үшін, отын ретінде жағу үшін, жайылымдар және егіншілік мақсатта қырку Амазонияда, Африканың бірқатар елдерінде, Оңтүстік – шығыс Азия елдерінде кең  етек алып, үлкен масштабта жүруде.

Қазақстан аумағының 3,2 пайызы ғана орманды алқап. Мамандардың пікірінше, еліміздің орман қорғау ісі бойынша әлемдік тәжірибеден көп артта қалып қойған. Соңғы кездері ағашты заңсыз кесу әрекеті белең алды. Әсіресе, еліміздің орман қорының 40 пайызын құрайтын сексеуілді отау күшейіп барады. Ал сексеуілдің онсыз да экологиясы нашар, ылғалы аз, топырағы құнарсыз, құмды аймақтарда өсетіні бәрімізге белгілі. 1992 жылы орман көшеттерін отығызу ісі 80,7 мың гектар болса, он жылдан соң 2002 жылы бұл көрсеткіш 8,9 мың гектарға дейін қысқарған.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Ботолов Н.А. Лес в нашей жизни. – М: Лесная промышленность, 1986.

2. Жорабекова Ж.Т.Орман ресурстарын экономикалық-географиялық тұрғыдан бағалау мәселелері // ҚарМУ хабаршысы. Биология, география, медицина сериясы. Қарағанды, 2005. - № 2.

3. Сенов С.Н. Лесоведение и лесоводство, Москва, 2005. – 254б.

4. Аманбаев А.Қ. Орманды бағалап, күтіп сақтауымыз керек. Атамекен, 2001.- 1 – қаңтар.

*Ғылыми жетекші:* **б.ғ.к., аға оқытушы Калиева А.К.**

## ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ МЕДИЦИНЫ И ЖИВОТНОВОДСТВА В КОНТЕКСТЕ ГЕННОЙ ИНЖЕНЕРИИ

**Нурмагамбетов А.**

Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова

Введение: Генетически модифицированный организм (далее ГМО) - это организм, содержащий генотип, который был искусственно изменен методом генной инженерии. Центральным моментом в создании ГМО является введение в живую клетку конкретных генов или изменение уже имеющихся, таким образом изменив её геном в нужное человеку русло. В 1971 году были опубликованы результаты экспериментов лаборатории Гамильтона Смита по использованию годом ранее открытых рестриктаз - ферментов, с помощью которых мы изолируем отдельно взятый ген из общей массы нуклеиновой молекулы, а в 1985 года была опубликована работа Кэри Муллиса по полимеразной цепной реакции, позволившая более точно идентифицировать и изолировать небольшие участки ДНК методом их многократной репликации [1-2]. Открытые в 1967 года лигазы используются для вшивания изолированного гена в ДНК [3]. Также стояла задача выяснения способов прочтения информации, записанной в ДНК, за которую взялись английский и американский биохимики Фредерик Сенгер и Уолтер Гилберт. В 1977 году был открыт метод расшифровки первичной структуры молекулы ДНК (метод Сенгера), позволяющий секвенировать длинные последовательности ДНК быстро и точно.

Итак, мы уже можем вырезать и вставлять гены, а также выявлять их из общей массы генетического кода, но ещё не шла речь о том, как их доставлять до конечного места

назначения в клетке. Для этого необходимый нам ген, с использованием вышеперечисленных рестриктаз и лигаз, помещают в молекулу нуклеиновой кислоты, вектор, который может быть доставлен с помощью модифицированных агробактерий, вирусов, или даже генной пушкой, которая доставляет плазмидную ДНК на частицах тяжёлых металлов [4-6]. По окончанию процесса переноса, производят отбор успешно модифицированных клеток, которые потом используют в вегетативном размножении растений или вводят в бластоцисту суррогатной матери, потомство которых скрещивают и отбирают для получения уже полноценных ГМО [7]. Первым растением, выращенным по данной технологии, является устойчивый к антибиотику табак и дело было в 1983 году, а первой ГМ пищей, одобренной к массовому потреблению, стал помидор сорта Flavr Savr, в 1994 [8-9].

Медицина: Развитие генной инженерии идёт в ногу с развитием современной медицины. В 1972 году в журнале “Science” вышла статья, в которой шла речь о потенциальной возможности лечения некоторых болезней путём генной терапии [10]. Впервые данной методике дали зелёный свет в 1990 году, когда под руководством Уильяма Френч Андерсона шло лечение двух детей, больных тяжёлым комбинированным иммунодефицитом, вызванным нехваткой аденозиндезаминазы (ADA-SCID). Суть терапии состояла в ретровирусной передаче здорового варианта мутировавшего гена в Т-клетки. Эффекты, которые заключались в нормализации гуморального и иммунного ответов, были временными, но данный пример показал успешность дальнейшего продолжения исследований в данном направлении [11].

В 2013 году многообещающие результаты дала генная терапия метахроматической лейкодистрофии, прогрессирующего моторного и когнитивного расстройства, вызывающего смерть в течении нескольких лет после начала симптомов. В итоге наблюдений у пациентов не было выявлено прогресса данной болезни [12].

Данная глава начиналась с того, как удалось временно облегчить состояние детей, больных ADA-SCID. В 2014 году успешное лечение генномодифицированными стволовыми клетками прошло 18 детей [13]. В 2017 в США Управление по санитарному надзору за качеством пищевых продуктов и медикаментов (FDA) одобрила Тисагенглеклейсел (Tisagenlecleucel) - терапию генномодифицированными Т-клетками со специфичным химерным антигенным рецептором (CAR-T), распознающий раковые клетки. Данная методика лечения предназначена для В-клеточного лимфобластного лейкоза [14].

Жизни миллионов диабетиков зависят от ежесуточного введения инсулина. Раньше инсулин получали из поджелудочных желез свиней и коров, но получаемый продукт вызывал проблему с иммунной реакцией на чужеродный белок. Модификация свиного инсулина в человеческий решает эту трудность, но в связи с повышенной потребностью в препарате и недостаточной сырьевой базе не может рассматриваться перспективно. Обе эти проблемы смогла решить технология рекомбинантного инсулина. Как же его получают? Клетки E. coli или S. cerevisiae, геном которых модифицировали геном проинсулина человека, синтезируют его, после чего из проинсулина получают искомый полипептид, причём в промышленных масштабах и с любыми заданными свойствами [15].

Рыбоводство и животноводство: В 2015 году FDA дало добро на производство ГМ сёмги AquAdvantage, отличающаяся от природных сородичей наличием гена гормона роста чавычи и фрагментом ДНК бельдюги, которая необходима для работы данного гена. Благодаря модификации такая сёмга требует в 2 раза меньшее время для разведения - до полутора лет вместо трёх. До получения разрешения прошло 19 лет исследований [16].

В 2013 году, трудом профессоров из Уппсалы, вышел детальный обзор по теме этой части [17]. На данный момент большинство ГМ пород домашнего скота, птиц и рыб находятся на стадии исследования, но их можно будет увидеть на мировом рынке в самой ближайшей перспективе. Целью генетической модификации в данных отраслях сельского хозяйства является улучшение таких экономически важных черт как скорость роста, качество мяса, состав молока, устойчивость к болезням и выживаемость. Используя метод

микроинъекции ДНК, исследователи вставили гены гормона роста в свиней, что вызвало у них увеличение скорости роста, объёма мышц и процентного содержания постного мяса. Ещё одним направлением является улучшение питательных свойств свинины. Например, создание ГМ пород свиней, имеющих повышенное содержание ненасыщенных жирных кислот, по причине того, что диета, богатая ими, может снизить риск смертности от атеросклероза и ишемической болезни сердца.

В начале 90х была исследована возможность создания ГМ пород овец с содержанием в молоке человеческих протеинов. Для увеличения роста шерсти в геном овец также ввели ген инсулиноподобного фактора роста-1 (IGF-1). Было обнаружено, что при годовалой стрижке, примерно в 14-месячном возрасте, чистый вес овчины был в среднем на 6% больше у ГМ овец, чем у немодифицированных полусибсах, причём у баранов эффект проявлялся лучше, чем у овец. Проблемы со здоровьем отрицательно влияют на продуктивность овец и расходы на ветеринарные услуги увеличивают убытки фермеров, не говоря и вовсе о потере скотины. По этой причине, например, произвели манипуляцию с геном прионного белка (PrP), после которой подверженные изменению овцы стали невосприимчивы к губковидной энцефалопатии (оно же называется коровьим бешенством).

ГМ-курицы, экспрессирующие малые РНК, образующие шпильки (shRNA), препятствующие распространению птичьего гриппа (H5N1), невосприимчивы к летальной инфекции H5N1. Ген lacZ, который кодирует b-галактозидазу, позволит курицам использовать лактозу как источник энергии. Это положительно влияет на обмен веществ, в частности, на усвоение кальция: это предупреждает остеопороз и увеличивает прочность яичной скорлупы.

Продолжая тему улучшения качества молочных продуктов, было проведено клонирование ГМ-коров, экспрессирующих рекомбинантный лизоцим человека, придавая молоку бактерицидные свойства, что положительно повлияло на здоровье вымени.

Используя ген, кодирующий фоллистатин, который блокирует действие миостатина, можно значительно увеличить рост мышечной массы с образованием двух мышечных слоёв. Косвенно её можно увеличить, предотвращая потерю рыб от болезней, поскольку отдельные особи на ферме, в тесных резервуарах, легко передают друг другу инфекционные заболевания. Таким образом удалось вдвое увеличить выживаемость белого амура после воздействия бактерии Aeromonas и геморрагического вируса белого амура, модифицировав его геном лактоферрина человека. Ещё одним способом совершенствования производства является диапазон сред, в которых можно выращивать животных. Один из подходов такого рода предполагает включение генов некоторых костистых рыб, кодирующих антифризные белки. Это, потенциально, позволит заниматься аквакультурой в более холодном климате.

Вывод: Теперь подведём итоги всего вышесказанного. Какие же можно сделать заключения?

Во-первых, это открывает огромные возможности в развитии медицины. Ранее неизлечимых больных теперь можно спасти. Для фармацевтики же это означает массовое производство новых препаратов, в том числе рекомбинантный инсулин и фоллитропин.

Во-вторых, это принесёт неоценимую пользу животноводству и рыбоводству. Породы домашнего скота и рыб можно делать более здоровыми, более продуктивными, более питательными и менее затратными.

Всё, что было здесь упомянуто, далеко не весь список фактов, доказывающих пользу методов генной инженерии в дальнейшей жизни человечества.

**Использованные литературы**

1. J Roberts, Richard. (2005). How restriction enzymes became the workhorses of molecular biology. Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America. 102. 5905-8. 10.1073/pnas.0500923102.

2 . Saiki, R.K., Scharf, S., Faloona, F., B., Mullis, K., Horn, G.T., Erlich, H.A., and Arnheim, N. (1985b) Enzymatic amplification of beta-globin genomic sequences and restriction site analysis for diagnosis of sickle cell anemia. Science, 230:1350–1354

3. Weiss, B., & Richardson, C. (1967). Enzymatic Breakage and Joining of Deoxyribonucleic Acid, I. Repair of Single-Strand Breaks in DNA by an Enzyme System from Escherichia coli Infected with T4 Bacteriophage. Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America, 57(4), 1021-1028

4. Zambryski, Patricia & Joos, Henk & Genetello, Christiane & Leemans, Jan & Van Montagu, Marc & Schell, Jeff. (1983). Ti-Plasmid Vector for the Introduction of DNA into Plant-Cells without Alteration of Their Normal Regeneration Capacity. The EMBO journal. 2. 2143-50.

5. Zwaka Thomas P. “Use of Genetically Modified Stem Cells in Experimental Gene Therapies.” [stemcells.nih.gov/info/Regenerative_Medicine/2006Chapter4.htm]

6. T. M. Klein, E. D. Wolf, R. Wu & J. C. Sanford. (07 May 1987) High-velocity microprojectiles for delivering nucleic acids into living cells. Nature 327, 70–73

7. Barbara Hohn, Avraham A Levy, Holger Puchta. Elimination of selection markers from transgenic plants. Current Opinion in Biotechnology, Volume 12, Issue 2, 2001, 139-143, ISSN 0958-1669.

8. Bawa A, Anilakumar K. Genetically modified foods: safety, risks and public concerns—a review. Journal of food science and technology. 2013;50(6):1035-46.

9. G. Bruening, J.M. Lyons. (2000). The case of the FLAVR SAVR tomato. California Agriculture 54(4):6-7.

10. Theodore Friedmann, Richard Roblin. (1972). Gene Therapy for Human Genetic Disease? Science Vol. 175, Issue 4025, pp. 949-955.

11. R. Michael Blaese, Kenneth W. Culver, A. Dusty Miller, Charles S. Carter, Thomas Fleisher, Mario Clerici, Gene Shearer, Lauren Chang, Yawen Chiang, Paul Tolstoshev, Jay J. Greenblatt, Steven A. Rosenberg, Harvey Klein, Melvin Berger, Craig A. Mullen, W. Jay Ramsey, Linda Muul, Richard A. Morgan, W. French Anderson. (1995). T Lymphocyte-Directed Gene Therapy for ADA -- SCID: Initial Trial Results After 4 Years. Science Vol. 270, Issue 5235, pp. 475-480.

12. Alessandra Biffi, Eugenio Montini, Laura Lorioli, Martina Cesani, Francesca Fumagalli, Tiziana Plati, Cristina Baldoli, Sabata Martino, Andrea Calabria, Sabrina Canale, Fabrizio Benedicenti, Giuliana Vallanti, Luca Biasco, Simone Leo, Nabil Kabbara, Gianluigi Zanetti, William B. Rizzo, Nalini A. L. Mehta, Maria Pia Cicalese, Miriam Casiraghi, Jaap J. Boelens, Ubaldo Del Carro, David J. Dow, Manfred Schmidt, Andrea Assanelli, Victor Neduva, Clelia Di Serio, Elia Stupka, Jason Gardner, Christof von Kalle, Claudio Bordignon, Fabio Ciceri, Attilio Rovelli, Maria Grazia Roncarolo, Alessandro Aiuti, Maria Sessa, Luigi Naldini. (2013). Lentiviral Hematopoietic Stem Cell Gene Therapy Benefits Metachromatic Leukodystrophy. Science Vol. 341, Issue 6148, 1233158.

13. UCLA Eli and Edythe Broad Center of Regenerative Medicine and Stem Cell Research. "Gene therapy cure for children with 'bubble baby' disease." ScienceDaily. ScienceDaily, 18 November 2014.

14. FDA approval brings first gene therapy to the United States www.fda.gov/NewsEvents/Newsroom/PressAnnouncements/ucm574058.htm

15. Филатов О.Ю., Малышев И.Ю. "Клеточные биотехнологии в эндокринологии", Москва 2010

16. AquAdvantage Salmon www.fda.gov/AnimalVeterinary/DevelopmentApprovalProcess/GeneticEngineering/GeneticallyEngineeredAnimals/ucm280853.htm

17. F. Forabosco, M. Lohmus, L. Rydhmer, L.F. Sundstrom. (2013). Genetically modified farm animals and fish in agriculture: A review. Livestock Science Volume 153, Issues 1–3,

*Научный руководитель:* **старший преподаватель Абдукаримов А.М.**

## ТАЗА АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Сарина П.А.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Су баға жетпес табиғат байлығы, тіршіліктің нәрі. Жер бетіндегі тіршілік атаулының барлығы суға байланысты. Сусыз өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан суды үнемдеу, ысырапшылдыққа бармау әрбір адамның парызы.

Адамзат баласының жылдан-жылға суға деген қажеттілігі артып келеді. Мәселен, ғалымдардың есептеуінше соңғы 50 жылда мұнай бағасы 10 есе, тұрмыстық қажеттіліктегі су 100 есе, ауыз су бағасы шамамен 1000 есеге артқан. Табиғи ауыз су маңызды байлық көзіне айналып отыр. Оның себебі елімізде ауыз су пластмасса құтыларда дүкен сөрелерінде толып тұр. Дегенмен, бұл сулардың сапасына кім кепілдік бере алады? - деген сұрақ туындайды. Елімізде таза ауыз су мәселесі өзекті болып отыр.

Қазіргі дүниежүзінде орташа шамамен алғанда тәулігіне әр адамға шаққанда 1500-2000 литр су қолданылады. олардың ішінде 100-150 литр су тұрмыстық – коммуналдық қажеттіліктерге жұмсалынады. Судың негізгі бөлігі өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық мақсатында қолданылады.

Су – түсі, иісі және дәмі жоқ сұйық зат, жақсы ерітуші, үстіңгі кернеуі өте жоғары, айқын капиллярлық қасиеті бар. Ауыз су – органолептикалық қасиеттері (иісі, дәмі, мөлдірлігі, т.б.) және химиялық құрамы адам организмі үшін қауіпсіз болып табылатын табиғи су. Адам денсаулығы ауыз судың сапасына тікелей тәуелді. Ағын сулар, көлдер мен бөгендердің ластануына, олардың табиғи гидрологиялық және гидрохимиялық режимдерінің антропогендік өзгеруіне байланысты Қазақстанның көптеген өлкелерінің (Арал өңірі, Батыс, Орталық Қазақстан) тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі өткір қойылып отыр [1].

Мемлекеттік стандарт бойынша, қышқылдық реакцияның көрсеткіші pH – 6,5 – 8,5 болуы керек, ауыз судың құрамында хлорид (тұз қышқылының тұзы) 350мг/л – ден аспауы керек, сульфаттар (күкірт қышқылы тұзы) 500 мг/л, темір 0,3мг/л – ге дейін (жер асты суларында 1 мг/л – ге дейін), мырыш 5 мг/л; фтор – 0,7 – 1,5 мг/л аралығында (егер 1,5 мг/л – ден артық болса, денсаулыққа зиянын тигізеді) болуы қажет. Судағы иодтың құрамы көбірек болса (0,0001 мг/л) да, эндимикалық зоб (тамақтағы ұра) ауруына шалдығады, жер асты суларының құрамында күкіртті сутек ($H_2S$) болса, суда иісі пайда болады және темірден жасалған құбырлардың тот басуына әкеледі, сондай–ақ басқа заттардың көрсеткіштерімен бірге судың ластануына әкеліп соғады.

Барлық сулардың құрамында еріген заттар болады. Судағы көп кездесетін элементтерге кальций, натрий, хлор, калий жатады [2].

Бүгінгі таңда халықтың ішіп отырған суының сапасы да әртүрлі. Бір жерде су тұзды, екінші жерде суда хлордың мөлшері көп, енді бір жерде су құбырларының ескіруіне байланысты су лас т.с.с. Сондықтан да қазіргі таңда қалтасы көтергендер сүзгіден өткізіліп, тазартылған ауыз суын сатып алып пайдаланғанды жөн көреді немесе үйде шүмектен ағып тұрған суға сүзгі орнатады. Өзіміз тұтынып отырған ауыз су мәселесіне тоқталсақ.

Қазіргі таңда Ақтөбе облысында 375 елді мекен, оның ішінде 367 ауыл және 8 қала орналасқан. 170 елді мекеннің тұрғындары орталықтандырылған су жүйесімен қамтылған. Сондай-ақ, 202 ауылдың тұрғындары құдықтан су тартып ішсе, үш ауыл — Ырғыз ауданындағы Нұра мен Дүкен, Байғанин ауданындағы Қазақстан тұрғындары тасып ішіп отыр. Қалалар сапалы ауызсумен 100 пайыз қамтылса, облыс тұрғындарының сапалы ауызсумен қамтылу көрсеткіші 90,5 пайызға жетті.

Өзге қалалармен салыстырғанда біздің Ақтөбе өңірі ауыз су үшін негізінен жерасты суларын пайдаланады. Жерасты сулары 20-260 метр тереңдіктен алынады екен. Ақтөбеліктер тұтынатын ауызсу негізінен Құндақтықыр, Тамды және төменгі Қарғалы су тоғандарынан алынады [3].

Қаламызда бұлақ суын тасып ішетіндер де бар. Айта кетейік, көлігі бар ақтөбеліктердің кейбірі бұлақ суын тұтынады. Атап айтсақ, Қобда тасжолы бойындағы Маржанбұлақ селолық округі территориясында «Асыл су» бұлағы бар. Маржанбұлақ ауылының тұрғындары да, жолаушылар да осы тұстан өтіп бара жатып, бұлақ суынан қанып ішуге құмар-ақ. Кейде бұл жерде бұлақ суына кәдімгідей кезек күтіп тұратындар болады. Кейбірі арнайы апарған 10-20 шақты бес литрлік пластик құтыларына толтырып алып кетіп жатады.

Жол шетінде орналасқан бұлақтың айналасын қоршап, абаттандырумен «Қазавтожол» мекемесі айналысқан, бұл жердегі үлкен қоқыс жәшігін де солар қойыпты. Ал Маржанбұлақ ауылының тұрғындары тазалықтың екі айлығында осы маңды қоқыстардан тазартып тұрыпты. Қазір де тұрғындар бұлақ маңы тазалығын қадағалап тұрады екен.

Ақтөбе қаласындағы Махамбет ауданының тұрғындары мен Қисық көл маңындағы бау-бақша егушілердің кейбірі осы маңдағы бір бұлақтан су тасып ішкенді ұнатады. Әрине, көлігі барлар. Бұл жерде бұлақ барын көп адам біле бермейді екен. Бұлақ басына баратындар бұл маңның таза екенін, ауасы мен суы керемет екенін айтады. Бірнеше жылдан бері бұлақ суын тұтынып келе жатырған қала тұрғындарының айтуынша, Маржанбұлақтағы «Асыл су» бұлағы мен Мәртөк ауданындағы «Ислам» бұлақ суының айырмашылықтары бар екендігін айтады. Екі бұлақтың суының дәмі екі түрлі. «Асыл су» бұлағының суы шөлінді қандырады, рахаттанып, қайта-қайта іше аласың, дәмі жақсы. Ал «Ислам» бұлағының суы да жақсы, жұмсақ болғандықтан ба, оны көп іше алмайсың. Қала тұрғындарының кейбірі суды кәдімгі үйге кіріп тұрған құбырдан тура ағызып алып ішсе, тағы бірі тұндырып, енді бірі қайнатып ішеді. Тіпті қазір үйдегі кран шүмегіне сүзгі қойып беретін компаниялар мен 19 литрлік құтыдағы суларды үйге немесе кеңсеге жеткізіп беретін шағын кәсіпорындар көбейді. Одан бөлек дүкен сөрелерінде суды тазартатын сүзгісі бар «Аквафор» маркалы ыдыстар да бар. Қаламыздағы кейбір дүкендерде арнайы аппараттар тұрғанын көріп жүрміз. Ол жерлерде таза судың бір литрін 10-15 теңгеден сатып алуға болады.

Таза су ішем десеңіз. Халық тұрмыста суды түрлі тәсілмен тазартады. Алайда, көбі оны қалай тиімді жасауды және жағымсыз әсерлерге қалай ұрынбау керектігін біле бермейді. Су сүзгімен және сүзгісіз тазартылады. Сүзгісі бар түрлі ыдыстар бар, сондай-ақ, сүзгі кран шүмегіне де орнатылады. Тазартудың бұл түрі кеңінен таралған. Сондай-ақ, суды сүзгісіз тазартудың қарапайым мынадай тәсілдері де бар.

Қайнату. Қайнамаған суды ішуге болмайтынын бала кезімізден білеміз. Қайнату әдісі судағы вирустар мен бактериялардан, микроорганизмдерді өлтіріп, ондағы төмен температуралы радион, аммиак секілді газдар мен хлордан арылу үшін қолданылады. Бұл әдіс белгілі бір дәрежеде суды тазартады, бірақ, бұл процестің бірқатар жағымсыз әсерлері бар.

Біріншіден, судың құрылымы өзгереді, яғни, қайнаған кезде оттегі буланып шығып кетеді де, өзі «өлі» суға айналады. Көбірек қайнатсақ, құрамындағы патогендер де көбірек өледі, адам ағзасына да титтей де пайдасы болмай қалады.

Екіншіден, қайнаған кезде, булану процесі жүріп, тұздардың концентрациясы да көбейе түседі. Олар шәйнек қабырғаларына қақ боп тұрып, қолданған сайын адам ағзасына түсіп отырады. Ал адам ағзасында жиналған тұздар, түрлі ауруларға буын ауруларынан бастап, бүйрекке тас жиналу мен бауырдың тасқа айналуы (цирроз), артериосклероз, инфаркт ауруларына шалдықтырады. Сонымен қатар, көптеген вирус қайнау процесінен жеңіл өтеді, оларды жою үшін өте жоғары температура қажет. Оған қоса су қайнағанда одан газ тәрізді хлор бөлініп шығады [4].

Қорытынды: Қайнатқаннан кейін біз механикалық бөлшектер мен ауыр металл тұздары, хлор мен вирустары бар «өлі» су ішеміз.

Тұндыру. Бұл процесс суды хлордан ажырату үшін қолданылады. Ол үшін су құбырынан шелекке су құйып алып, бірнеше сағатқа қойып қояды. Араластырылмаған шелектегі судың түбінде, шамамен су бетінен 1/3 тереңдікте газ тәрізді хлор тұнады.

Қорытынды: Бұл тәсілдің тиімділігі сол, одан да жақсы болуын тілейміз. Тұндырылған суды қайнату қажет!

Мұздату. Бұл әдіс суды тиімді тазарту үшін қайта кристалдандыру көмегімен жүзеге асады. Көпшілік бұл әдістен мынаны түсіне алады: ыдысқа су құйып, тоңазытқышқа салып, мұз болғанша қоямыз. Ыдысты тоңазытқыштан алып, қатпаған бөлігін бөлек құйып аламыз да, мұзды ерітіп барып, ішуге қолданамыз. Қорытынды: Қайнату әдісінен гөрі тиімдірек.

Адам ағзасы бір тәулікте шамамен 1,5-2 литр су жоғалтады. Сондықтан адам күніне сонша су ішіп отыруы қажет. Жалпы, ағзадағы су құрамының тепе-теңдігін сақтау үшін адам дене салмағына қарай бір килограммға 30-40 грамм су ішуі керек. Таңертең бір стакан су ішуді әдетке айналдырған дұрыс. Зиянды микроорганизмдер болмауы үшін суды қайнатып ішкен абзал. Қайнаған судың құрамындағы кальций, магний сияқты элементтер – ағзаға ерекше пайдалы. Қайнатылған қатты су жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алуда пайдалы. Тұзды су зиян. Тұзды су ағзаны сусыздандырады және қан қысымының көтерілуіне ықпал етеді. Сондай-ақ таңертең тұрғанда мұздатқыштағы суық суды да ішуге болмайды. Таңертең аш қарынға суық су ішу ішектің, асқазанның жұмысын тежеп, ауру пайда болуына себепші болуы ықтимал. Ең дұрысы, таңертең тұрғанда үй температурасымен бірдей қайнаған су ішкен жөн [5].

Ғұлама Ибн Сина «Ауру көбіне ішкен астан, әсіресе, ауыз судан пайда болады» деп ескерткен. Таза су ішу – денсаулық кепілі. Сондықтан да халық үшін сапалы ауыз суға қолжетімділіктің маңызы өте зор.

**Қолданылған әдебиеттер**


1. Ә. Бейсенова, А.Самақова, Т.Есполов, Ж.Шілдебаев. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Алматы, 2004ж.
2. Г.С.Оспанова, Г.Т.Бозшатаева «Экология», Алматы 2009ж.
3. Суды қайдан ішесіз? Ақтөбе газеті, 29 маусым, 2016ж.
4. Ішіп жүрген суымыздың сапасы қандай? Ақтөбе газеті, 16 қыркүйек 2010ж.
5. Қуатбаев А.Т. Экология және қоршаған орта проблемалары. Алматы, 2011ж.


*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к., доцент Альмуратова Қ.К.**

## КҮРІШ ӨСІРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТЕХНОЛОГИЯСЫ


**Сұлтанғали П.Н. Бірлік Т.Ә.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Алдын ала су қаптатылған егістікке тұқым себу үшін алғаш рет 1929 жылы самолеттерді қолданған Калифорния күріш өсірушілерінің тәжірибесін сипаттай келіп, дүние жүзі ауыл шаруашылығының жетік білгірі Н.И. Вавилов былай деп жазды: «механикаландырылған егіншілік жағдайында күріш мүлде жаңа дақыл болып келеді».

Күріш егіп өсірудің дәстүрлі технологиясы мен қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасын қатар пайдалануға келмейтіндігі бірден-ақ көрінді. Ғалымдардың және күріш өсіруші практиктердің бірлескен еңбегі арқасында Кубаньда мүлде жаңа күріш дақылы шығарылды. Оны егіп өсіру үшін тракторлар, комбайндар және самолеттер қолданылады.

Күріш егістіктерінде осы заманғы ауыл шаруашылығытехникасын пайдалану мүмкіндігінің өзіне суландыратын инженерлік жүйе негіз болды. Бірақ жаңа жағдайда күрішті егіп-өсіру әдісі де елеулі өзгерістерге ұшырауы тиіс. Ал ол әдістерді қайта жасап жақсарту ісі күні бүгінге дейін аяқталмай келеді.

Күрішті көшеттеп егіп өсіру. Бұл технология Оңтүстік Шығыс Азия және Қиыр Шығыс елдерінде мыңдаған жылдар бұрынғы кезеңнен бастап қолданылып келеді. Мысалы, күрішті көшеттеп өсіру Қытайда соңғы Хань дәуірінде пайда болған. Қазіргі кезеңде көшеттеп өсіру егіншілігі жетілдірілген және де әр елде әр түрлі көлемде қолданылуда. Мысалы, Индонезияда күріш 90%, Үндістанда 75-80% , ал Қытай мен Жапонияда барлық күріш

көшеттеп егіп өсіріледі.Қазақстанда, соның ішінде Қызылорда облысында күрішті көшеттеп егіп өсіру 1998-2000 жылдары Арал өңірі агроэкологиясы және ауыл шаруашылығы ҒЗ институтының тәжірибе шаруашылығында зерттелінді және 2001-2003 жылдары өндіріске енгізіле бастады. Зерттеу нәтижесіне қарағанда,осы тәсілмен өсірілген жағдайда күріш өте мол өнім береді. ТМД елдері территориясында күрішті көшеттеп егу технологиясы Өзбекстанда, Әзірбайжанда зерттеліп өндіріске енгізілуде. Мұндағы негізгі мақсат жоғары әрі жылына екі рет өнім алуды іске асыру.

Күріш тұқымын суға бөрттіріп себу. Қазір бұл тәсіл көптеген елдерде қолданылады. Қазақстанда, соның ішінде Сыр өңірінде 1940-1955 жылдары Ы.Жақаев және оның шәкірттері күріш тұқымын негізінен осы әдіспен сепкен.

Жиырмасыншы ғасырда өндіріске ғылым мен техника жетістіктерін енгізу нәтижесінде жаңа күріш егіншілігі интенсивті, өнеркәсіптік технология пайда болды. Бұл әр түрлі формада ТМД елдерінде, АҚШ-та, Австралияда және Еуропаның кейбір елдерінде таралған. Осы технологияның негізгі элементтері төмендегідей:

А) инженерлік типтегі күріш жүйесін салу. Яғни, бұл дегеніміз инженерлік типтегі суару және қашыртқылу жүйесі, инженерлі дайындалған суармалы жерлердің игерілуі;

Б) ғылыми негізде зерттеліп тұжырымдалған ауыспалы егісті игеріп, топырақты өңдеу жұмыстарын сапалы әрі уақтылы жүргізу;

В)негізгі технологиялық операцияларды (топырақты өңдеу, себу, егісті орып жинау, өнімді тасымалдау және тазалау т.б.) толық механикаландыру;

Г) күріш егіншілігін химизациялау (минералды тыңайтқыштар мөлшерін, енгізу мерзімін және тәсілдерін оңтайландыру, гербицидтер, инсектицидтер, фунгицидтер,өсу реттегіші заттарын қолдану);

Д)жасалынған қолайлы жағдайларға қайтарымы мол, жоғары өнімді, жаңа типтегі сорттар шығару;

Е) күріш өсірудің сорттық технологиясын тұжырымдап, өндіріске енгізу.

Тағы бір принципті айырмашылығы тұқым құрғақ топыраққа 0,8-1,5 см тереңдікте сіңіріледі немесе топырақ бетіне шашылып, сосын атыз суға бастырылады. Арал өңірінде күріш 1895-1896 жылдардан бастап өсірілді, ал 1940-1965 жылдары тауарлы күріш егіншілігі қалыптаса бастады. Ол кездегі күріш егіншілігінің технологиялық базасы атыздары кішкене, инженерлік дайындалмаған, жабайы күріш жүйесі болатын. Сыр өңірінде күріш егіншілігінің интенсивті, өндірістік технологиясы 1966-1990 жылдары қалыптасты. Бұл кезеңде краснодарлық типтегі инженерлік күріш жүйесі салынып, ауыспалы егіс игерілді. Егіске көп мөлшерде тыңайтқыш беріліп, арамшөптермен, ауру және зиянкестермен күресу үшін гербицидтер мен улы химикаттар жеткілікті мөлшерде қолданылады. Топырақты өңдеу, себу, күтіп баптау, орын жинау жұмыстары толық механикаландырылып, күріш егіншілігі интенсивтендірілді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. В.Б.Зайцев Күріш жайлы сұхбат. «Қайнар» Алматы – 1982. 125-143бб.

2. Қазақстан агроөнеркәсібі, 1990, №4, 7 бет.

3. «СЫР ЕЛІ» Қызылорда облысы: Энциклопедия/Бас редактор:Б:Ғ:Аяғин. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы»ЖШС,2005. – 226бет.

*Ғылыми жетекшісі*: **а.ш.ғ.к. Аманова Р.П.**

# ОБАНЫҢ ТАБИҒИ ОШАҚТЫ АУМАҚТАРЫНДАҒЫ ИКСОДТЫ КЕНЕЛЕРДІҢ ТАРАЛУЫ

**Төрахметова А.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ресей Федерациясының бізбен шекаралас облыстары аумағында кейінгі жылдары боррелиоз, кене энцефалитінің ареалы кеңеюіне байланысты, осы індеттердің таратушысы – иксодты кенелердің сапалық және сандық құрамының облыс аумағындағы өзгеруін зерттелуде [1, 46-51б]. Сонымен қатар көршілес Батыс Қазақстан облысының оңтүстігінде Волга -Жайық өзен аралығында АРПЛ (Астраханская риккетсиозная пятнистая лихорадка) мен Конго-Қырым қанды безгегінің (ҚҚҚБ) қоздырғыштарының бөлінуі [2, 89-93б].; Қызылорда облысының станция қадағалау аумағымен шекаралас жерлерінде ҚҚҚБ-нің таралу аясының кеңеюі, облыс аумағындағы Кішіқұм, Ұлықұм, Солтүстік Үстірт, Ырғыз-Торғай ланшафтты аудандарында ҚҚҚБ-нің таратушысы және сақтаушысы *Hyalomma asiatica және Hyalomma anatolicum* кенелері санының жоғарылауы бұл мәселенің уақыт талабына сай зерттелуін қажет етуде [3, 226-228б].

Қазіргі уақытта облыс аумағында иксодты кенелердің 5 тұқымдастығына жататын 8 түрі кездеседі (кесте 1).

Станцияның қадағалау аумағында тіркелген иксодты кенелердің түр құрамы мен пайыздық көрсеткіші

Кесте 1 – Иксодты кенелердің түрлері

| № | Кене түрлері | Пайыздық көрсеткіштері |
|---|---|---|
| *1* | Ixodes laguri | 0,01 |
| *2* | Ixodes ricinus | 2,4 |
| *3* | Ixodes crenulatus | 0,05 |
| *4* | Dermacentor marginatus | 56,0 |
| *5* | Rhipicephalus schulzei | 21,0 |
| *6* | Haemophisalis numidiana | 6,9 |
| *7* | Hyalomma asiatica | 11,0 |
| 8 | Hyalomma anatolicum | 2,7 |

Иксодты кенелер обаның негізгі сақтаушылары – үлкен құмтышқан мен кіші саршұнақтан, осы індеттің қосалқы сақтаушылары – ұсақ кеміргіштерден (кіші, қызылқұйрық, жыңғыл құмтышқандар, қосаяқтар, т.б.), ұсақ жырткыштардан (сасық күзен, шұбар күзен,аққалақ) және кеміргіш індері мен илеулерінен жиналды. Кейінгі жылдары аталған нысандармен қатар үй жануарларынан (түйе, ірі қара мал, қой-ешкіден) да кенелер жиналып тексерілді.

Кесте 2 – Үй жануарларынан жиналған иксодты кенелердің орташа көрсеткіші

| Үй жануары | 2015 | | 2016 | | 2017 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | И.о | И.в | И.о | И.в | И.о | И.в |
| Түйе | 5,2 | 43,2 | 5,9 | 91,0 | 18,4 | 77,0 |
| Ірі қара малы | 2,1 | 71,3 | 3,9 | 59,5 | 4,0 | 78,0 |

Конго-Қырым қанды безгегінің (ККГЛ) табиғаттағы айналысын іздестіру мақсатында обаның Солтүстік Арал маңы. Үстірт, Алдыңғы Үстірт дербес ошақтарында бар Шалқар, Ырғыз, Байғанин аудандары аумағындағы елді мекендердегі жеке шаруа қожалықтарындағы

түйеден, ірі қара малдан иксодты кенелер (негізінен *Hyalomma asiatica, Hyalomma anatolicum*) жиналып, ИФА әдісімен зерттеуден өткізілді. Зерттеу қорытындылары (кесте 3)төмендегі кестеде көрсетілген:

Кесте 3 – Зерттеу қорытындылары

| № | Тексерілген нысан | Саны | Сынама саны | Оң нәтиже | Залалдануы (сынамалар бойынша) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | *Hyalomma asiatica* | 9220 | 256 | 32 | 13,6 |
| 2 | *Hyalomma anatolicum* | 3719 | 124 | 4 | 3,2 |
| Барлығы | | 12935 | 380 | 36 | 9,5 |

Тексерілген аумақтың оңтүстігінде орналасқан обаның Солтүстік Арал маңы, Арал маңы Қарақұмы, Үстірт, Алдыңғы Үстірт дербес ошақтарында тексерілген нысандарда негізінен *Hyalomma asiatica, Hyalomma anatolicum Haemophisalis numidiana, Rhipicephalus schulzei* тіркелді. Шөлейтті зонаға жататын Темір, Ойыл аудандары аумақтарында *Haemophisalis numidiana* кенелерінің жиі тіркеледі. Бұлар тексерілген уақытта жиналған кенелердің 6,9 пайызына дейін құрады. Осылардан кейін облыс территориясының барлық жерінде кездесетін және саршұнақтардың негізгі сыртқы қансорғыштары Rhipicephalus schulzei кенесі, көрсетілген территорияда олар 21,0 пайызды құрап отыр. Ал аумақтың оңтүстігінде, Матайқұм ландшафтты-эпизоотологиялық ауданында үлкен құмтышқандардан және басқа кеміргіштерден *Ornithodorus tartacovskj*i кенесінің ұшырасатынын айтуға болады. Үлкен құмтышқандағы (*Rhombomis opimus*) иксодты кенелердің молшылығы (индекс обилия) 0, - 2,8 аралығында болса, обаның қосалқы сақтаушылары деп есептелетін кіші құмтышқандарда *(Merones libicus, Meriones meridianus, meriones tamariscinus, Spermophilus pygmaeus, Sp.fulvus*) 0,02-ден 1,0-ге дейін. Басқа ұсақ кеміргіштерде (*Allactaga elater, A.saltator. Cricetulus migratorius, Microtus alvaris, Sorex minutus, sorex araneus*) 0,01-0,9 аралығында. Ұсақ жыртқыштарда *(Mustela eversmanni,Mustella nivalis*) кенелер жиі және көп мөлшерде кездеседі және олардың саны күзге қарай жоғарылайды (кейде бір сасық күзендегі кенелердің молшылығы 245-ке дейі барады).

Облыстың солтүстік батысындағы обаның Орал-Ойыл далалық дербес ошағының шығыс бөлігінде індеттің негізгі сақтаушысы – кіші саршұнақтың үстінен және індерінен *Rhipicephalus schulzei* кенелері көбірек жиналады. Сонымен қатар осы ошақтың кейбір бөліктерінен *Haemophisalis numidiana*-ның жиі кездесулері тіркеліп отыр. Бұған қоса ерте көктемде шабындықтар мен өзен жайылмаларынан, қараған мен шөптесін өсімдіктер басынан жиналатын *Dermacentor marginatus* кенесінің туляремия індетінің қоздырғышын сақтап, таратынын айтып кетуге болады. Соңғы аталған кенелер жиналып тексерілетін осы сыртқы масылдардың 90-95 пайызын құрап отыр.

Станцияның қадағалау аумағында туляремия індетінің табиғи ошақтары Ойыл, Қобда, Ырғыз аудандарының аумағында орналасқан. Туляремияның негізгі сақтаушысы және таратушысы - *Dermacentor marginatus* кенесі болғандықтан, жайылым кенелерін ерте көктемде өзен жайылымдарынан, қараған бұтасының және шөп басынан жиналады. 2016 жылдың күзінде Елек өзені салаларының бойынан (Хромтау ауданы) жиналған *Ixodes ricinus* кенесінен туляремияның 2 қоздырғышы бөлініп, бұл індеттің жаңа ошақты бөлігі анықталды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Бурделов Л.А., Альжанова А.Г. О состоянии дезинфекционной службы в Республике Казахстан Вторая Межгосудар.научно-практ.Конфер. по взаймодействию государств-участников СНГ в област санитарной охраны территорий. - Алматы, 2001.-46-51с .

2. Бидашко Ф.Г., Гражданов А.К., Медзыховский Г.А. и др.О некоторых итогах изучения численности блох жилья человека на очаговых по чуме территориях Западно-Казахстанской области Карантинные и зоонозные инфекции в Казахстане.-Алматы, 2001. - Вып.4 .- 89-93с.

3.Бурделов Л.А., Канагатова А., Кулымбет М., Утешова Р. О росте численности блох Риіех іггііапз в населенных пунктах Кызылординской области Роль ветерин. науки в развитии животноводства: Матер.междунар.научно-произв.конфер., посв.75-летию КазНИВИ. Алматы, 2000.-226-228с.

*Ғылыми жетекшісі:* **б.ғ.к., Калиева А.К.**

## ВРЕДОНОСНОСТЬ БРОНЗОВКИ ОБЫКНОВЕННОЙ (*CETONIA AURATA*) В ПОСЕВАХ ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ

**Турганбаева Д.А.**
Казахский государственный женский педагогический университет

Бронзовка золотистая или бронзовка обыкновенная – *Cetonia aurata* – представитель отряда жуков (*Coleoptera Linnaeus*) семейства пластинчатоусых (*Scarabaeidae*) является довольно широко распространенной группой насекомых в большей части Европы, в Северной Африке и Азии, а также в умеренных широтах юга России и Казахстана [1, 2]. Представитель данного семейства является лесным обитателем, поскольку биологически связан с древесной растительностью, но, так как они светолюбивы и теплолюбивы, то находятся в основном на открытых пространствах: на полянах, опушках и в степях, при наличии там зарослей кустарников [3]. Бронзовка золотистая большой вред наносят цветочным и декоративным культурам. Жуки очень прожорливы, уничтожают цветки плодово-ягодных и декоративных культур, высасывают из растений соки, оставляя после себя пожелтевшие участки, обгрызают листья. Повреждения лиственных насаждений, в частности, дубов и различных лиственных древесных пород в парках города Алматы листьев грызущими вредителями, в частности, жуками бронзовками снижают естественную сезонную декоративность и привлекательность древесных насаждений [4-6].

Бронзовка не является серьезным вредителем для листьев древесных пород и культурных растений. Но при их массовой численности они могут нанести ощутимый вред лиственным насаждениям, подгрызая листья по краям, а также большой вред наносят цветочным и культурным растениям [5, 7, 8].

Материалы и методы исследований.

Основным материалом для исследований были бронзовка золотистая или бронзовка обыкновенная – *Cetonia aurata* и посевы яровой пшеницы и их колосья. Сборы материалов производились в экспериментальных посевах ТОО “КазНИИЗиР”. При сборе бронзовок были использованы различные стандартные энтомологические методики: кошение сачком, встряхивание насекомых с веток в энтомологический сачок, ручной сбор материала с помощью пинцета.

Результаты исследований. В последние время бронзовка золотистая часто встречается на посевах колосовых культур. *Cetonia aurata* на посевах пшеницы появляется уже после цветения. Проникая внутрь колосья активно питаются клеточным соком формирующихся тычинок, пестиков. В связи с этим целью работы было изучение сезонной активности бронзовки золотистой на посевах яровой пшеницы ТОО “КазНИИЗиР” на юго-востоке Казахстана.

В результате наблюдения динамики бронзовки золотистой была выявлена частота встречаемости жука. Максимальное распространение или пик активности бронзовки золотистой было отмечено в разное время. В начале мая и до конца июня на фазе цветения

яровой пшеницы встречаемость была максимальной. В эти месяцы было собрано 38 особей *Cetonia aurata*. Наибольшая численность насекомых отмечена с третьей декады мая и до конца июня. Активные процессы бронзовки проявили при жаркие и солнечные дни. Атмосферный температура с мая и до конца июня оказался благоприятным для развития бронзовки золотистой (таблица 1, рисунок 1)

Таблица 1 – Распространение бронзовки золотистой на посевах яровой пшеницы

| Погодные условия | Средняя температура воздуха, $^0$C | Осадки, «мм» | Встречаемость |
|---|---|---|---|
| Май | 21,0 | 18,7 | +++ |
| Июнь | 24,0 | 13,4 | +++ |
| Июль | 28,3 | 7,0 | |

Примечание. «+» – низкая активность; «++» – высокая активность, «+++» – гиперактивность; « - » – не активны.





Рисунок 1 – Бронзовка золотистая на посевах пшеницы
Примечание: а) питание бронзовки зеленой колосом пшеницы
б) колос пшеницы после питания бронзовки зеленой

В результате исследовании распространения бронзовки золотистой выявлено, что она вредит не только декоративным культурам, но и зерновым культурам. Бронзовка не является опасным вредителем для зерновых культур. Однако при оптимальных условиях их массовой численности они могут нанести больше вреда. Поэтому энтомологический и фитосанитарный контроль распространения бронзовки золотистой необходимо проводить ежегодно.

**Использованные литературы**

1. Шмарина Я.Г, Ряскова К.А. Бронзовки (*Cetoniinae*): биотопическое распределение и сезонная активность // Материалы Международной научно-практической конференции 26 ноября 2016 г. Часть 3. – С.21-25.

2. Ахметова Л. А., Фролов А. В. Обзор пластинчатоусых жуков (Coleoptera, Scarabaeidae) фауны России и сопредельных стран. - Энтомологическоеобзорение, 2008. - Т. 87.–410 с.

3. Белицкая М.Н., Богодухов П.М. Биоиндикационные возможности жесткокрылых // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 11. Естественные науки 2015. №2(12). - С. 22.

4. Медведев С.И. Семейство Scarabaeidae (Subfam.Cetoniinae, Valginae). Фауна СССР// Насекомые жесткокрылые. – Вып. 5. – Т. 10. – 1964. – 375 с.

5. Мыркасимова А.С. Вредоносность бронзовки золотистой (Cetoniaaurata (Linnaeus, 1758)) и бронзовки зеленой (Potosiaaeruginosa (drury, 1770)) в парках города Алматы // Известия национальной академии наук республики Казахстан института биологии и биотехнологии растений. Серия биологическая и медицинская. – 2017. – №1 (319). – С.136-144.

6. Медведев С.И. Семейство Scarabaeidae – Пластинчатоусые. «Определитель насекомых европейской части СССР» в пяти томах (под ред. Г.Бей - Биенко.) – Москва-Ленинград, 1965. – Т.2. – 668 с.

7. Определитель насекомых европейской части СССР. Т. II. Жесткокрылые и веерокрылые / под общ. ред. чл. - корр. Г. Я. Бей - Биенко. – Москва-Ленинград: «Наука», 1965. – 668 с.

8. Плавильщиков Н.Н. Определитель насекомых - М.: Топикал. 1994. - 544 с.

*Научный руководитель*: **к.б.н. Тилеубаева Ж.С.**

## ҚАНТ ҚҰМАЙЫНЫҢ СОРТТАРЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Тілеу Ә.Ж., Умарова А.А., Кіршібаев Е.А., Байсеитова Г.А., *Қамұнұр М., Сәрсенбаев Б.Ә**

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Аңдатпа: Мақалада Қант құмайы сорттарының Қазақстанның оңтүстік-шығыс климат-топырақ жағдайындағы биологиялық ерекшеліктері туралы мәліметтер берілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей сорттар арасындағы айырмашылықтар айқын байқалды. Ростовский сорты дәнінің өнгіштігі және құрғақ биомассасы жоғары болғанымен, ең кеш пісетін сорт болып есептелді. Ал, Шиан, Ас-79 сорттары ерте пісетін сорт болғанымен биомассасы төмен, қанттылығы өте аз пайызды көрсетті. Ал, қалған сорттар осылардың арасынан кезектесіп орын алды.

Өзектілік: Құмай – дүниежүзінде кең ареалға ие маңызды жемдік, техникалық және өндірістік дақыл болып табылады. Оның африка елдерінде таралуы, сонымен қатар осы континентте кездесетін жабайы өсетін формалардың алуантүрлілігі астықты құмайдың отаны Африка екендігін көрсетеді.

1989 жылы әлемдік егін шаруашылығында астықты құмайдың ауданы 44,5 млн. га болды, ал астықтың жалпы түсімі 60 млн. тоннаға жуық. Құмай бидай, күріш, жүгері, арпадан кейінгі бесінші орынды алады, ал жемдік дақылдар арасында үшінші орынға ие. Мұнда қантты құмайдың өнімі мен құмай - суданды гибридтері кірмейді [1].

Соңғы жылдары континентте, әсіресе Африкада, құмайдың егістік алқабының кеңеюі құрғақшылық пен ыстыққа төзімділік, күн сәулесіне төзімділік және аса құнарлы топырақты қажет етпеу себептерімен байланысты. Міне, сол үшін оны егу ареалы Солтүстіктегі 50-ші параллельден оңтүстікке және Оңтүстік жартышардағы 50-ші параллельден солтүстікке қарай орналасқан үлкен территорияны алып жатыр. Құмай жемдік мақсатта әлемнің барлық континенттерінде өсіріледі, ал шөлді аймақтарда оның астықтарының жартысы адамдарға азық ретінде қолданылады. Азия және Африка елдерінде жыл сайын алынатын құмай

астығын жыл бойы азық ретінде 200 млн.-ға жуық адамдар қолданатындығы анықталған. Ол жақта құмай – ежелгі уақыттан бастап біздің күндердегі миллиондаған адамдардың өмірін сақтайтын негізгі азық көзі болып табылатын өсімдік [2].

Қазіргі кезде құмайды әлемнің 85 елінде өсіреді. Соның ішінде Үндістан, АҚШ, Аргентина, Мексика, Нигерия, Судан, Қытай және Эфиопия елдеріндегі егістік алқабы өте үлкен. Соңғы 30 жылда әлемдік алқаптарда 50% құмай өсіп шықты, өнім беру қарқындылығы екі есе жоғары. ТМД елдерінде астықты құмайдың егістік алқабы 1999 жылы 130 мың га-ны, ал астықты өндіру 155 мың тоннаны құрады. Ставропольск аймағында 60%-ға жуық егістік алқаптар құрғақ аудандарға бағытталған. Сондықтан құмайды егу жұмыстарын жүргізуге үлкен мүмкіндіктер бар [1,2,3].

Шалғай Шығыс, Сахалин, Оңтүстік Урал аудандарында аз ғана алқапқа құмайды егеді. Орловская, Курская, Белгородская, Воронеж облыстарында жеке шаруашылықтар жасыл масса өнімділігін 35-60-тен, ал астықты 3т/га-дан алады. Башкортостан және Орынбор облыстарында бұл дақылды терең зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Жасыл масса өнімділігі мұнда 40, ал астық 3 т/га. Батыс Сібірдің оңтүстік облыстарында, Челябинск облысында және басқа да аймақтарда кеңінен таралған сортты дақылдарды алады [4].

Ресейде құмай егістігі ұлғаюда. Болашақта оны Солтүстік Кавказдың және Төменгі Повольжьенің құрғақшыл аймақтарында көптеп өсіру көзделуде [5]. Жоғары агротехника көмегімен құмайдың жоғары сапалы астығын және құмай-суданды гибридтер алады: жасыл массаның 1 гектарынан суарылмайтын егістіктерде 49-60 т-ға дейін, суарғанда 90-145 т-ға дейін. Әлемдік егін шаруашылығында құмайдың егістік алқабы 43,7 млн. га-ды (ФАО, 2002 ж.) құрайды, оның алқаптың жартысы Азияда, 21 млн. га-ры Африкада, 5,4 млн. га-ры Америкада, 138 мың тоннасы Еуропада, 24 мың га-ры Ресейде (негізінен Солтүстік Кавказдың және Поволжьенің құрғақ жазық аймақтарында)[6].

Жұмыстың мақсаты:

Еліміздің оңтүстік топрақ-климат жағдайында Қант құмайы сорттарының биологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу материалдары және әдістері

Зерттеу нысаны ретінде Қант құмайының 8 сорттары (Алга, Виктория, Карабош, Шиан, Сориз, Ростовский, Карлик, АС 79) алынды.

Зерттеуді жүргізу барысында қант құмайының биологиялық ерекшеліктерін құрылымдық анализ бойынша анықтадық.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттеу жұмыстары басталғанға дейін қант құмай сорттарының дәні тазартылып арнайы бөлмелерде сақталды. Алғашқы тәжірибелік жұмыстар құмай дақылының сорттарының дәнінінің өну көрсеткіші анықтаумен басталды. Тәжірибе нәтижелері көрсеткендей сорқа байланысты дәннің өнуі өте айырмашылық көрсетті. Мысалы:

Кесте 1 - Қант құмайы сорттарының дәнінің өну көрсеткіші

| Сорт | Өну көрсеткіші (%) |
|---|---|
| Алга | 83 |
| Виктория | 93 |
| Карабош | 60 |
| Шиан | 43 |
| Сориз | 77 |
| Ростовский | 96 |
| Карлик | 93 |
| АС79 | 30 |

1-ші кестеден көріп отырғанымыздай, сорттардың өну көрсеткіші бойынша ең жоғары көрсеткіште Ростовский, Карлик және Виктория сорттары болып анықталды. Ал ең төменгі

дәннің өну көрсеткіші бойынша Ас-79 (43%), Шиан сорты (43%) ең төменгі көрсеткішке ие болды.

Қант құмайы сорттарының биологиялық ерекшеліктерін және фенологиялық бақылауын зерттедік.

Кесте 2 - Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі жағдайларына байланысты Қант құмайы сорттарының биологиялық сипаттамасы

| Сорт | Сабақ | Сабақтың ұзындығы (см) | Масақтың ұзындығы (см) | Буын аралық саны | Бүйір өркеннің саны (дана) | Масақтың құрғақ массасы (г) | Сабақ пен жапырақтың құрғақ массасы (г) | Еріген қанттың мөлшері (%) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Шиан | Негізгі | 230,7 | 51,0 | 9 | 3 | 100,0 | 176,7 | 0,0 |
| | Жанама | 198,7 | 41,7 | 6 | | 37,2 | 183,3 | |
| Виктория | Негізгі | 117,3 | 21,0 | 8 | 3 | 110,0 | 113,3 | 7,0 |
| | Жанама | 146,8 | 15,1 | 8 | | 70,5 | 106,7 | |
| Карабош | Негізгі | 218,0 | 28,0 | 9 | 3 | 65,0 | 215,0 | 14,0 |
| | Жанама | 204,0 | 22,5 | 9 | | 25,0 | 111,7 | |
| Ростов-ский | Негізгі | 217,0 | 21,0 | 11 | 6 | — | 310,0 | 17,0 |
| | Жанама | 219,5 | 15,2 | 11 | | — | 172,5 | |
| Сориз | Негізгі | 88,0 | 35,0 | 6 | 1 | 120,0 | 45,0 | 8,0 |
| | Жанама | 108,0 | 26,0 | 6 | | 65,0 | 28,0 | |
| Карлик | Негізгі | 110,0 | 20,0 | 11 | 2 | 135,0 | 90,0 | 10,5 |
| | Жанама | 145,0 | 19,5 | 10 | | 50,0 | 47,5 | |
| Алга | Негізгі | 206,5 | 29,0 | 11 | 2 | 102,5 | 262,5 | 12,0 |
| | Жанама | 216,9 | 25,3 | 10 | | 80,0 | 235,0 | |
| АС79 | Негізгі | 126,7 | 24,7 | 7 | 4 | 91,0 | 168,0 | 7,5 |
| | Жанама | 155,2 | 19,3 | 7 | | 38,7 | 129,0 | |

Тәжірибе нәтижесіне жүгінсек, екінші кестеде сорттардың биопараметрлік көрсеткіштері бойынша анықталды. Негізгі сабақтың ұзындығы бойынша жоғары көрсеткішті Шиан сорты (230,7 см), ал жанама сабақтың ұзындығы бойынша Ростовский сорты (219,5см) ең жоғары көрсеткіш көрсетті. Сабақ пен жапырақтың құрғақ массасы бойынша негізгі және жанама сабақтарда ең жоғары көрсеткіш Алга сортына (негізгі–262,5 г., жанама–235,0 г.) тән. Ал төменгі көрсеткішті Сориз сорты (негізгі–45,0 г., жанама–28,0 г.) көрсетті. Еріген қанттың мөлшерін есептегенде, бірінші орынды Ростовский сорты (17 %) иеленді. Ал, екінші орында Карабош сорты (14%) тұр. Кесте нәтижелері бойынша құрғақ биомасса және сабағындағы ерігіш қанттылықтың жоғары пайызымен Ростовский сортты алдынғы орынды алса, Шиан сортының құрамында қант жоқ екендігі анықталды (2 кесте) .

Ал, Виктория, Ас-79 және сориз сорттарында қант мөлшері төмен көрсеткіш көрсетті және бұл сорттарда құрғақ биомасса бойынша да ең төменгі көрсеткіштер. Дегенмен, бұл сорттардың масақ биомассасы басқа сорттарға қарағанда жоғары болып келетіндігі байқалып тұр. Басқа сорттар орташа қанттылықпен 14-12% және биомассасының орташа болуымен сипатталады.

Зерттеуді жүргізу барысында қант құмайының биологиялық ерекшеліктерін құрылымдық анализ бойынша анықтадық.

Кесте 3 - Қант құмайының фенологиялық сипаттамасы

| Сорт | Себу мерзімі | Өну мерзімі | 4 ші жапырақтану | 6 шы Жапырақ | Түптену | Түтік-тену | Масақ-тану | Гүлдену | Сүттену | Балауыз-дану | Толық пісіп жетілу | Вегетативтік кезең |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| Шиан | 06.05 | 17.05 | 23.05 | 11.06 | 19.06 | 15.07 | 22.07 | 29.07 | 05.08 | 19.08 | 28.08 | 115 |
| Виктория | 06.05 | 15.05 | 23.05 | 11.06 | 19.06 | 25.06 | 02.07 | 09.07 | 15.07 | 22.07 | 19.08 | 106 |
| Карабош | 06.05 | 15.05 | 20.05 | 19.06 | 19.06 | 15.07 | 22.07 | 29.07 | 05.08 | 19.08 | 28.08 | 115 |
| Ростовский | 06.05 | 15.05 | 20.05 | 27.05 | 11.06 | 22.07 | 25.07 | 29.07 | 05.08 | 19.08 | 04.09 | 122 |
| Сориз | 06.05 | 15.05 | 20.05 | 04.06 | 19.06 | 09.06 | 15.07 | 22.07 | 29.07 | 19.08 | 28.08 | 115 |
| Карлик | 06.05 | 15.05 | 23.05 | 04.06 | 19.06 | 15.07 | 22.07 | 29.07 | 19.08 | 28.08 | 04.09 | 122 |
| Алга | 06.05 | 15.05 | 23.05 | 14.06 | 11.06 | 15.07 | 22.07 | 29.07 | 05.08 | 19.08 | 02.09 | 120 |
| АС79 | 06.05 | 17.05 | 23.05 | 11.06 | 19.06 | 09.07 | 15.07 | 22.07 | 29.07 | 05.08 | 28.08 | 115 |

Анализдің нәтижелерінің қорытындысында, өсімдіктің жерүсті мүшелерінің құрғақ массасы бойынша сабағында қанттың мөлшерінің жоғары көрсеткіші Ростовский сортына тән. Алайда, сорттың толық вегетативтік кезеңі 122 күнді құрайды.

Биомасса жинақтауы және сабақтың ұзындығы бойынша жоғары көрсеткішті Шиан сорты иеленді (230,7см), бірақ бұл сорттың вегетативтік даму кезеңі – 115 күн. Виктория сортында қант мөлшері (7%) аз болғанмен, оның вегетативтік кезеңі 106 күнді құрап, ерте пісетін сорттар қатарынан орын алды (3 кесте).

Қорытынды. Қорыта айтқанда, алынған сорттардың ішінде бірнеше биопараметрлік көрсеткіштері бойынша Ростовский сорты ең жоғарғы көрсеткіштерге ие болды. Ал, Шиан, Ас-79 сорттары төмен биологиялық параметрлік көрсеткіштегі сорттар болып саналады.

**Қолданылғын әдебиеттер**

1. Шорин П.М. Перспективы возделывания сорго в предгорьях Северного Кавказа //Кукуруза и сорго 2001. - № 5. - С. 14-15.

2. Серегин В. И., Шрестиев С. С., Макаров В.М. Сорго на юге Нечерноземной зоны .// Кормопроизводство.- 2004.- №1.- С.10-13

3. Моисейченко В.Ф. Основы научных исследований в агрономии /В.Ф. Моисейченко, М.Ф. Трифонова, А.Х. Заверюха, В.Е. Заверюха, Е. Ещенко. М.: Колос, 1996. - 336 с.

4. Милюткин А.А. Агротехнические опыты с сахарным сорго в совхозе им. Фрунзе Большеглузицкого района Ульяновского СХИ /А.А. Милюткин, В.Н. Огурцов // Тр. Ульяновского СХИ. 1976. - Вып. 11. - С. 6366.

5. Орлов, В.М. Особенности агротехники сорго в Актюбинской области // Сорго. М., 1961. - 51 с.

6. Орлов, В.М. Сорго в США // Земледелие. 1963. - № 1. - С. 80-90.

## ПЕРЕРАБОТКА ОТХОДОВ ПРОИЗВОДСТВА ФОСФОРНЫХ УДОБРЕНИЙ

**Умарова Д.Ж., Жилкибаева А.А., Муратқалий Ә.М**

Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова

Сегодня наша страна нацелена на освоение новых видов производств с целью повышения эффективности производства и получения экономической выгоды. Имея значительный потенциал для обеспечения эффективного развития промышленных предприятий, Казахстан находится на начальном этапе инновационной модернизации промышленности. Основные проблемы отечественной промышленности связанны с низким спросом на произведенную продукцию, моральным и физическим износом основных фондов, особенно инфраструктурных объектов, технологической отсталостью, высокими издержками на единицу продукции.

Не последнее место в Государственной программе индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы (далее - Программа) занимает развитие химической промышленности. Данная Программа разработана в соответствии с долгосрочными приоритетами Стратегии «Казахстанский путь - 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» от 17 января 2014 года, в реализацию ключевого направления «Ускорение диверсификации экономики». Химическая промышленность, наряду с нефтехимическим и горно - металлургическим комплексами, электроэнергетикой оказывает решающее влияние на социально-экономическое развитие Казахстана, ведь химическое производство включает целый комплекс отраслей производства.

Основное количество добываемых фосфатных руд служит сырьём для производства фосфорсодержащих минеральных удобрений. Наиболее важны апатитовые и фосфоритные руды, содержащие минералы апатитовой группы с общей формулой

$3M_3(PO_4)\cdot CaX_2$

где М - ионы кальция, натрия, стронция и других элементов, а Х - ионы фтора, хлора и группа ОН-.

В зависимости от состава руд и ряда других факторов применяют различные методы химической переработки природных фосфатов. В большинстве случаев руду предварительно размалывают и подвергают обогащению различными способами. Процессы обогащения руд сопровождаются образованием больших количеств твердых отходов в виде хвостов и пыли, уносимой с воздухом аспирационных систем и с газами сушильных установок. Концентраты фосфатного сырья перерабатывают химическим путем двумя группами методов. К первой группе относится прямая кислотная или термическая переработка сырья с непосредственным получением готовых продуктов: суперфосфатов, обесфторенных фосфатов и др. Вторая группа - это разложение фосфатов с получением термической и экстракционной фосфорных кислот, которые служат для производства различных продуктов, в том числе и минеральных удобрений.

Основные отходы, образующиеся при изготовлении удобрений из фосфатного сырья – это соединения фтора и аммиака. Они выделяются из сушильных, выпарных аппаратов и реакторов, со стоками от промывки газов и оборудования, с твёрдыми отходами (фосфогипсом) и удобрениями. Наиболее токсичными являются фтороводород и фторид кремния. Используемая газоочистная аппаратура позволяет улавливать большую часть фтористых соединений. Они потом перерабатываются во фториды и кремне-фториды различных металлов и аммония для последующего применения в ядерной энергетике, цветной металлургии, стекольной промышленности, органическом синтезе.

Остаточные количества фтора улавливаются с помощью щелочной абсорбции, сорбции на ионообменных фильтрах, конденсации парогазовой смеси в сочетании с другими способами. Для ряда производств фосфорной кислоты и комплексных удобрений разработаны технологические схемы с циркуляцией газов в замкнутом контуре с попутным извлечением и использованием ценных компонентов и теплоты.

Сточные воды производства ЭФК кислые, их количество в зависимости от типа технологии колеблется от 2,9 до 28,4 $м^3$ на тонну $P_2O_5$. Они содержат соединения фтора и фосфора в значительных концентрациях. При нейтрализации сточных вод образуется фторфосфатный шлам, содержащий в пересчёте на сухое вещество 25 % $P_2O_5$ и 5-10 % фтора.

С целью ликвидации возможных загрязнений окружающей среды на современном этапе ведутся работы по утилизации фтора уже во время подготовки сырья, по созданию процессов обесфторивания экстракционной фосфорной кислоты с очисткой её от примесей перед переработкой на удобрение и кормовые фосфаты.

В производстве ЭФК одним из крупнотоннажных отходов является фосфогипс (сульфат кальция с примесями фосфатов). На 1т кислоты образуется до 5,8т фосфогипса. Транспортировка фосфогипса в отвалы, устройство экранов, нейтрализация сточных вод, образующихся при его хранении, и предотвращение поступления фтора и фосфора в почву и подземные водные горизонты связаны со значительными капитальными затратами. Так, удаление и хранение фосфогипса в отвалах оценивается в 20 долларов США на 1т производимого $P_2O_5$ с учётом эксплуатационных затрат.

Наличие в фосфогипсе таких элементов, как сера и кальций, присутствие в нём фосфора, фтора, редкоземельных элементов и других примесей позволяет вовлекать его в хозяйственный оборот с целью устранения загрязнения окружающей среды.

Как показывает отечественный и зарубежный опыт, фосфогипс может использоваться в сельском хозяйстве для гипсования солонцовых почв, промышленности строительных материалов и изделий (производство цемента, строительного гипса и других вяжущих материалов), в автодорожном строительстве, в качестве сырья для получения серной кислоты. После предварительной обработки фосфогипс может найти применение в качестве наполнителя вместо каолина и других материалов, используемых в производстве бумаги,

пластмасс, резинотехнических изделий, лакокрасочной и другой продукции. В настоящее время на различные цели используется ежегодно около 4 % образующегося фосфогипса.

На основе ЭФК производится значительное количество минеральных удобрений, среди которых ведущее место занимают суперфосфаты, аммонийные фосфаты, сложносмешанные и комплексные удобрения. При их производстве в атмосферный воздух и сточные воды поступают фтор, сера, кремний, кальций, железо, оксиды азота, селена, мышьяка и т.д. При производстве 1т удобрений в окружающую среду поступает 3-5т твердых отходов, 20-25 кг вредных веществ с отходящими газами, 25-60 $м^3$ сточных вод различной степени загрязненности. Так, например, основными источниками вредных выбросов в производстве двойного суперфосфата являются реакторы разложения, барабаны грануляторы-сушилки (БГС), сушильные барабаны, холодильники готового продукта (аппараты КС). Концентрация пыли в пылегазовых потоках этих аппаратов составляет 0,12-12,0$г/м^3$, а фтористых соединений 0,08-3,4 $г/м^3$. При сушке суперфосфата в отходящих газах наряду с фтористыми соединениями содержатся оксиды фосфора.

Все газовоздушные выбросы производства минеральных удобрений подвергаются очистке. Например, при производстве аммофоса отходящие газы проходят двухступенчатую очистку. На первой ступени используются кислые растворы фосфатов аммония при $pH \leq 5$ и в отношении аммиак / ортофосфорная кислота <1,2. Для улавливания фтора на второй ступени рекомендуется известковое молоко с замкнутым циклом орошения через станцию нейтрализации.

**Использованные литературы**

1.https://www.kursiv.kz/news/kompanii/khimicheskaya_promyshlennost_rk_vzglyad_v_budushchee/

2. Государственная программа индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 годы

3.Т.Е.Гридэл « Промышленная экология»,перевод Э.В.Гирусов,изд-во Юнити-Дана, 2004г. - 145 с.

*Научный руководитель:* **д.т.н., профессор Нурлыбаев И.Н.**

## АТМОСФЕРАНЫҢ АНТРОПОГЕНДІК ЛАСТАНУЫ

**Унайбекова Г.К.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Атмосфера табиғи жолмен және адамның іс-әрекеті нәтижесінде ластанады. Атмосфераның табиғи жолмен ластануы, тау жыныстарының үгітілуіне, шаңды дауылдардың тұруына, орман өрттеріне, теңіз тұздарының желмен аспанға көтерілуі мен ауадағы су ерітінді тамшыларының құрғауына, тірі организмдердің іріп-шіру процестеріне байланысты.

Атмосфералық ластанудың антропогендік көздеріне өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу энергетикасы, тұрғын үйлерді жылыту жүйелері, ауыл шаруашылығы т.б жатады. Тек өндірістік кәсіпорындардың ғана қоршаған ортаға әсер етіп ластауын мынадай негізгі түрлерге бөлуге болады: шикізат, материалдар, құрал-жабдықтар, отын, электр энергиясы, су, қалдықтар, өнімдер, атмосфераға таралатын шығарындылар, энергетикалық шығарындылар, шу, инфродыбыс, ультрадыбыс, діріл, электромагнитті өріс, жарық, ультакүлгін, лазерлі сәулелер және т.б. Ауаны ластайтын компоненттердің химиялық құрамы отын-энергетика ресурстарының түріне, өндірісте қолданылатын шикізатқа, оларды өндейтін технологияға байланысты келеді. Атмосфераға тасталатын 52 Гт әлемдік антропогендік шығарындының 90% -ын көмір қышқылгазы мен су буы құрайды. Техногенді

шығарындылардың құрамында бірнеше мыңдаған қосылыстар кездеседі. Біракта, олардың ішінде ең көп мөлшерде, яғни тонналап атмосфераға шығарылатындарға қатты бөлшектер көміртек оксиді, күкірт оксиді, азот оксидтері, әртүрлі ұшпа көмірсутектері, фосфор қосылыстары, күкіртті сутек, аммиак, хлор, фторлы сутек жатады.

Атмосфераның ең көп ластанатын жері өнеркәсіпті аймақтар, атап айтқанда, ірі кәсіпорындар орналасқан және көлік жүйесі дамыған қалалардың ауа бассейні.

Атмосфераға антропогендік әсер тікелей немесе жанама түрде болуы мүмкін. Жанама әсер биосфераның басқа компоненттерінде экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу салдарынан атмосфераның жағдайына әсердің тиюі. Бұған ормандар, жойылған алқаптар, жыртылған егістік жерлер, ұйымдастырылған үлкен су қоймалары, өзгертілген өзен ағыстары, мелиоративтік жұмыстар, пайдалы кен қазбаларын ашық әдіспен жаппай алынуы жатады. Жер бетінің қасиеті мен сипаттамасының өзгеруі жер-атмосфера энергиялық жүйесіндегі алмасу процестеріне, альбедо шамасына, жер бетінің жылу сипаттамасына және осыған сәйкес атмосфераға берілетін жылу мөлшеріне, атмосфераға өтетін ылғалдылыққа әсерін тигізеді. Ал тікелей әсерге мысал, ретінде өндірістерден шығатын тастанды заттектерді: күлді, металл оксидтері мен тұздарын, күкірттің газды қосылыстарын, аммиакты, көмірсутектерін, радиоактивті газдарды, шаңдарды, озондарды, сутекті қосылыстарды және тозаңды келтіруге болады. [1, 192б]

Жалпы зиянды заттектердің шығарындыларында негізгі үлес автокөліктерге келеді, мысалы, Алматыда шамамен 80-90%, Шымкентте 60-65%. Жалпы соңғы жылдары ауаға автокөліктен шығарылатын зиянды заттектердің көлемі 2 млн. тоннадан асып отыр.

Қазіргі кезде атмосфераға қолайсыз физикалық әсер тигізетін факторға дыбыстар жатады. Техниканың дамуына байланысты жылдан жылға әртүрлі күшті дыбыстар шығаратын көздер көбеюде. Ғалымдардың ғылыми зерттеу арқылы алған мәліметтері бойынша естілмейтін тенселісі 20 Гц төменгі дыбыстар да адам денсаулығына қолайсыз әсер етеді екен. Инфрадыбыстар және тағыда басқа жағдайларда пайда болады. Әсіресе транспорттан және өнеркәсіптен пайда болған инфрадыбыс адам организіміне қолайсыз әсер тигізеді. Инфрадыбыс толқындары компрессорлар, турбина, дизель қозғалтқыштары, электровоздар, кондициерлік жүйелер, желдеткіштер т.б. үлкен көлемді машина мен механизмдер жұмыс істегенде пайда болады. Мысалы, шулар үйде де, өндіріс мекемелерінде де, көшелерде де мазалайтын болады. Бұл шулар жұмыс істеуге, ойлауға, дем алуға қолайсыз әсер етеді және адамдардың денсаулығына тигізетін зияны мол. [2, 192б]

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек шу тағы басқа да физикалық ластағыштар адам мен қатар өсімдіктерге де, жануарларға да әр түрлі әсер етеді. Мысалы: реактивтік ұшақтардың шуынан аэродром аймағындағы өсімдік түрлерінің өсіп-өнуі тегжеліп, олардың кейбір түрлері жойылып кеткен жағдайлар да кездеседі.

Ауадағы қоспалардың ішінде ең қауіптісі радиоактивті заттектер. Олар жер бетіне жауын немесе қар арқылы немесе құрғақ түрде атмосферадан түседі. Барынша қарқынды радиоактивті шөгінділер Қазақстан жерінде 1950 жылдардың басы мен соңындағы және 1960 жылдардың басындағы ауада және жер үстінде жүргізілген ядролық сынақтар топтамасынан байқалады. [3, 27б]

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Фурсов В.И. Экологические проблемы окружающей среды – Алматы 1991-192 б.

2. Бордский А.К. Жалпы экологияның қысқаша курсы. Оқу құралы Алматы ғылым 1997 -192 б.

3. Әлімбаев Т. Адам мен қоршаған орта. Қазақ тарихы 2003 ж. №3.- 27б.

*Ғылыми жетекшісі:* **б.ғ.к. Қалиева А.Қ.**

# БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

**Үттібаева З.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Бруцеллезбен күрес аса өзекті мәселе. Әлемнің көптеген елдерінде бруцеллезді бақылау мемлекеттік деңгейде жүргізіледі. Біздің елімізде жануарларды иммунизациялау мәселелері өңірлер құзырына берілген.

Көптеген жылдар бойы жануарлар бруцеллезі адам денсаулығы үшін қауіпті патологиялардың бірі болып келеді. Мемлекет тарапынан аталған аурумен күресу үшін орасан зор қаражат қорлары бөлінуіне қарамастан, бруцеллез жылдан жылға таралу ауқымы кеңіп барады.

Бруцеллезбен күресу аясында елімізде арнайы диагностикалық қызмет яғни – ветеринариялық зертханалар жүйесі мен ветеринариядағы ұлттық референттік орталық пен ғылыми-зерттеу зертханалары жұмыс жасайды. Бруцеллезбен күресу және оның ағымын бақылауда ұстау үшін өңірлерде аумақтық ветеринариялық инспекциялар, облыстық және аудандық әкімшілік құрамындағы ветеринариялық қызметтер, облыстардағы індетке қарсы бөлімдер мен шаруашылықтардың ветеринариялық қызмет мамандары, ғылым өкілдері аянбай қызмет етіп келеді [1, 20-22 б]. Әртүрлі ветеринариялық құрылымдар болуы мен алуан түрлі қызметтер өткізілуіне қарамастан шаруашылықтардың бруцеллезден сауықтырылуы, ауруды профилактикалау жұмыстары әлі күнге дейін төменгі деңгейде.

Қазіргі уақытта ел ветеринариясы саласында әлі шешімін таппаған даулы мәселелер көп, олар бруцеллезбен күресу шараларын тежеуші басты бөгет болып отыр. Оларды тізіп айтып кетейік:

- Бруцеллезді диагностикалау мәселесі қазіргі уақытқа дейін нақты, тұшымды жауабын таппай келеді, яғни қандай әдіспен сенімді түрде бруцеллезді анықтау керектігі бір шешімге келмей отыр. Далалық немесе вакциналық штаммға байланысты бруцеллезді дифференциациялау жүргізілмейді. Осы кезде ішек таяқшалары мен зертханаларда дифференцирленбейтін өзге микроорганизмдер ушықтырушы рөл атқаруы әбден мүмкін.
- Бруцеллез таралуының себебі бруцеллезбен күресу Ережелерінің болмауы, ол орын алған уақытта шектеу шараларының, мерзімді анықтау Ережелерінің болмауы жиі кездесетін оқиғаларға айналып отыр.
- Толық құнды табындар құру, жануарларды есепке алу, селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізу бруцеллезге қарсы жануарларды вакцинациялау бойынша бақылаудың болмауына орай үлкен қиындықтар тудыруда [2, 120-122 б].

Қалыптасып отырған қиындықтарға қоса соңғы жылдары жануар иелерінің бәрі бірдей бруцеллезбен ауырған жануарды (ІҚМ) еріксіз сою немесе күштеп жоюға орай туындалған шығын өтемін ала алмай отыр. Малдар тұратын қора-жайларды мұқият дезинфекциялау жұмыстарымен қатар, ауру жануар ұшаларын пісірілген шұжық, бұқтырылған ет өнімдері т.с.с. сатылымға жіберу сияқты мәселелерінің де шешімін іздестіру керек.

Жануарларды иммунизациялау әдісін, тәсілін таңдау кезінде бруцеллез ауруымен күресте белгілі бір нәтижелерге қол жеткізген, иеліктеріндегі жануарларды вакцинациялау арқылы аталған ауруға қарсы сенімді қорған жасаған шаруашылықтар тәжірибесіне сүйенген жөн.

Диагностикалық жұмыста бруцеллез ауруын өзге аурулардан дифференциалды (ажыратып балау) диагностикалау жұмыстарын күшейту қажет. Бруцеллезді жою, онымен күресу үшін барлық жіберілген олқылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, кешенді бруцеллезбен күресу бағдарламасы құрастырылған жағдайда ғана мүмкін болатынын есте ұстауға тиіспіз [3, 25 б].

Бруцеллез елдің ұлттық қауіпсіздігінің басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы қажет. Бруцеллез ағымын бақылауда ұстау, басқару, түзетулер енгізу, мониторингтеу ісін қазіргідей әр өңірдің құзыретіне беріп қоймай, бірегей басқару органы

тарапынан жүргізу керек. Бруцеллезбен күрес бойынша Ережелерді ескеріп, өңірлердегі эпизоотиялық ахуал ерекшеліктерін, зерттеулер барысында жылдың әр мезгіліндегі жануарлардың физиологиясы мен жағдайын ескеріп, жануарлар бруцеллезінен сауықтыру, оны диагностикалау, дифференциациялау бойынша бірігей мәмілеге келе отырып, толықтыру аса маңызды шара. Өткізілетін шаралардың тиімділігінің төмен болуына байланысты, жыл сайын жануарлар бруцеллезімен күресу шаралары өзекті болып қала бермек.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Н.Шәріпбаев «Мал шаруашылығы комплекстерінде мал ауруының алдын алу». Алматы, 1982.

2. Қазақстан Республикасындағы аса қауіпті жұқпалардың эпидемиологиялық және эпизоотологиялық жағдайының 2001-2010 жылдардағы талдауы. Республикалық санэпидстанциясының 2001-2010 жылдардағы есептерінің топтамалары.

3. Амиреев С.А., Муминов Т.А., Черкасский Б.Л., К.С.Оспанов «Стандарты и алгоритмы мероприятий при инфекционных болезнях». (практическое руководство). Том Алматы, 2007.

*Ғылыми жетекшісі:* **б.ғ.к. Калиева А.К.**

## МӘРТӨК АУДАНЫНДАҒЫ АСТЫҚ ТҰҚЫМДАСТАРЫНА ФОСФОРДЫҢ ЖАҒЫМДЫ ӘСЕРІ

**Шамуратова Г.Б.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Мәртөк ауданы – Ақтөбе облысының солтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. Аудан аумағында құрғақ дала белдеміне тән топырақ жамылғысы қалыптасқан. Далалы және құрғақ далалы аймақта орналасқан. Аудан территориясының топырақ жамылғысы қаратопырақты және қоңыр-каштанды.

Ауданда 300-ден аса өсімдік түрі бар,оның ішінде боз, бетеге, қара жусан, ши, қамыс, құрақ, бұталы өсімдіктер өседі. Аз кездесетін, жойылып кету қаупі бар өсімдіктердің 61 түрі кездеседі. Мысалы: бидай,сұлы,орман бүлдіргені, алтай қошқаргүлі, таушымылдық және т.б.

Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін топырақта оларға қажетті минералдық және органикалық заттар жеткілікті мөлшерде болу керек, ал топырақтағы қоректік заттардың мөлшері шексіз емес, олар жыл сайын өсімдіктің өніміне қарай жұмсалып, белгілі бір шамасы кемиді. Сондықтан егістік жерден тұрақты және жоғары өнім алу үшін ол жерлерге қосымша тыңайтқыш енгізу агротехникалық маңызды шара болып саналады.

Тыңайтқыштарды қолдану дақылдың өнімін арттырып қана қоймай, оның сапасына да елеулі әсер етеді[1-2].

Мысалы, фосфор мен калий тыңайтқыштары қант қызылшасының тамырындағы қант мөлшерін шамамен 0,5 пайыздан 1,2 пайызға дейін арттырады. Азот тыңайтқышы бидай дәнінің құрамындағы белокты көбейтеді.

Фосфор өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігінде аса маңызды рөл атқарады. Ол РНҚ, ДНҚ және аденозинтрифосфаттың, соңында организмге берілу үшін жинақталатын энергия қорының құрамына енеді. Жануарлар мен адамдардың сүйектерінде 90% дейін, бұлшық етте - 10% дейін, ал жүйкеде 1% дейін фосфор жинақталады.

Фосфор бұлшық ет пен сүйектік тіннің құрылымына қатынасады. Ол жетіспеген жағдайда жалпы жұмысқа қабілеттілік төмендейді төмендейді, жүйке ауруы асқынып, зат алмасуы бұзылады.

Өсімдіктер фосфорды фосфат түріндегі жерден (топырақтан) алады, организмдер өлген соң фосфор жерге оралады. Фосфордың мөлшері жеткілікті болу үшін егіндікке фосфор тыңайтқыштарын береді. Құрамында фосфоры бар қосылыстар ауыл шаруашылығында, медицинада, өнеркәсіптерде, құрылыста, металлургияда, техникада және де күнделікті тұрмыста қолданылады.

Фосфор – өсімдіктер қорегінде маңызды элементтердің бірі, сондай-ақ ақуыздың құрамына кіреді. Егер де азот топырақта ауамен толықтырылуы мүмкін жолмен бекітілсе, фосфаттар – топыраққа тек тыңайтқыш түрінде салынады.

Фосфор жеткіліксіз болып, өсімдіктің азот корегі шамадан тыс көп болса, онда ол керісінше өсімдікке кері әсер етеді, яғни өсімдіктің пісуі кешеуілдейді және бәрі бір мезгілде тегіс піспейді, өсімдік масағы, жапырақтары жығыла бастайды, ауа райының қолайсыз жағдайына қарсыласу мүмкіндігі кемиді. Оның үстіне, мысалы, күздік бидай қысқы суыққа төзімсіз болады. Қант қызылшасының қанттылығы азаяды. Фосфор протоплазма мен клеткалар ядросының құрамына кіреді. Оның азоттан айырмашылығы ақуыздың құрамына тікелей кірмейді, бұл нуклеин қышқылының бір бөлігі болып саналады және жай ақуызға қосылып, күрделі нуклеопротеид ақуызын түзуге ықпал етеді, биологиялық реакцияны тездететін көптеген ферменттердің құрамына кіреді, өсімдіктерде көмірсулардың пайда болуына қатысады. Өсімдік организмінің тіршілік етуіне қоректік элементтердің бірде-біреуі фосфордай жан-жақты қатыса алмайды. Олардың қорегін реттей отырып, өсімдіктің өсіп даму қарқынын және өнімнің сапасын өзгертуге болады. Фосфордың кейбір органикалық қосылыстары өсімдік организмінде энергияны бір жерге жинақтайтын аккумулятор рөлін атқарады. Күзде астық дақылдары егісіне сапалы фосфор тыңайтқышы енгізілсе, олардың қысқы суыққа төзімділігі артады, өсімдік қынабының түсуі азаяды, сөйтіп, сабағының бойлап өсуіне жағдай жасалады.

Күл элементтерінің ішінде фосфор ерекше орын алады. Әдетте күл элементтері астық дақылдарының сабанында, ал фосфор астықтың көбінесе дәнінде (тұқымында) болады. Азот сияқты, фосфор да өсімдіктің репродуктивті органдарына (жеміс салатын органдарына) жиналады, өйткені өсімдіктің репродуктивті органдарында органикалық заттар синтезделеді. Өсімдік тіршілігінің бастапқы кезеңінде және өсімдік өсіп дами бастаған мерзімде фосфор тыңайтқышының үлкен маңызы бар. Фосфор тыңайтқышы өсімдіктің тамыр жүйесінің дамуын тездетеді. Өсімдіктің тамыр жүйелерінің дамуы арқасында өсімдік қоректік заттарды жақсырақ пайдаланады, ылғалды бойына көбірек сіңіреді, ал бұл өсімдіктің жер бетіне өсіп шыққан бөлшектерінің қаулап өсуіне қолайлы әсер етеді. Өсімдікке фосфор жетіспей, зәрушілікке ұшыраса, онда өсімдіктің сабағы мен жапырағының өсуі тоқтайды, тұқым құрамайды. Сонымен бірге өсімдіктің жапырақтарының шеткі жиектері ширатылады, жапырақтарда күрең теңбілдер пайда болады, зақымдалған жерлерінің ұлпалары түсе бастайды. Фосфорды өсімдік топырақтан фосфат күйінде қабылдайды. Ал ол өсімдік денесінде пайда болатын эфирдің және басқа да органикалық қосындылардың, кейбір ферменттердің, нуклеопротеидтердің және т.б. құрамына енеді.

Фосфор ұны - құрамында $P_2O_5$ 17 пайыз болатын тікелей әсер ететін тыңайтқыш. Фосфор ұны ГОСТ 5716–74 ұлттық стандартына сәйкес келеді. Минералды шикізат құрамында фосфордан басқа кальций, күкірт, магний және кремний кездеседі. Олардың ауылшаруашылық дақылдарының өсуіне ықпал ететіні белгілі. Фосфор ұнын көптеген сынақтан өткізу оның дәнді дақылдардың өнімділігін 50 пайызға, ал майлы дақылды 80 пайызға арттыратыны дәлелденген[3].

Фосфор оксидіне $P_2O_5$ есептегендегі жалпы фосфордың массалық үлесін анықтау

Фосфатты минералдар және жыныстарды құрайтын басқа да минералдар концентрлі,сондай-ақ әлсіз минералды және органикалық қышқылдарда жеңіл ыдырайды. Қышқылдарда фосфатты минералдардың ыдырауы мына реакцияға негізделген:

$Ca_{10}P_6O_{24} \bullet F_2 + 20\ HC1(HNO_3) = 10\ CaCl_2(NO_3)_2 + 6H_3PO_4 + 2HF$

*Әдістің мәні*

Әдіс фосфат-ионды магний-аммоний-фосфат түрінде магнезиалды қоспамен тұнбаға түсіруге негізделген. 700–800° С температура кезінде магний пирофосфатына алмасып күл ретінде тұнбаға түседі,әрі қарай 1000-1050°С температурада магний пирофосфатын күйдіреміз және өлшейміз.

Реагенттер:

ГОСТ 4461-77 бойынша *азот қышқылы,* тығыздығы 1,40 г/см;ГОСТ 3118-77 бойынша *тұз қышқылы*, тығыздығы 1,15т- 1,19 г/см$^3$; *Лимон* қышқылы — талдау үшін таза;*Вагнер реактиві* (магнезиалды қоспа)

Дайындау:

55 г $MgCl_2 \cdot 6H_2O$ және 70 г $NH_4C1$ аз ғана су мөлшерінде ерітеміз, 100 мл 25% аммиак қосамыз және ерітінді көлемін дистилденген сумен 1 л дейін жеткіземіз. Алынған ерітіндіні 3-4 күн қойып, сосын фильтрлейміз.

ГОСТ 5850–72 бойынша *фенолфталеин* (индикатор), массалық үлесі 0,1 % фенолфталеиннің спирттік ерітіндісі.

*Негізгі ерітіндіні дайындау*

Фосфорит үлгісін алдын ала келіде ұсақтап, 0,5 мм електен өткіземіз. Өлшендінің шамамен 1 г жылуға төзімді көлемі 100 мл стақанға салып,аз ғана су мөлшерімен ылғалдаймыз және 50 мл «патша шарабын» (1 көлем концентрлі азот қышқылы және 3 көлем концентрлі тұз қышқылы) қосамыз.Стақанды сағаттық шынымен жауып, 30 минут плиткада қайнатамыз.

Оттан алып, көлемі 250 мл өлшегіш колбаға күлсіз фильтр («көк лента») арқылы сүзіп, қалғанын ыссы сумен шаямыз.Ерітінді көлемін 250 мл дейін жеткіземіз.

*Талдау жүргізу*

Алынған ерітіндіден 20-25 мл аликвота алып, 250 мл стақанға құямыз.Оған шамамен 1 г лимон қышқылын, 2-3 тамшы фенолфталеин, 20-25мл Вагнер ерітіндісін және аммиак ерітіндісін фенолфталеиннің түсі ашық көк түс болғанша қосамыз.Түскен тұнбаны түнге қалдырамыз.Ертеңіне күлсіз фильтр («көк лента») арқылы сүзіп,тұнбаны сумен жуамыз (жуатын су мөлшері 100-150мл), фильтрді тұнбамен бірге 700-800°С температурада алдын ала қыздырылған тигельге салып, электрлік плиткада күлге айналдырамыз. Одан соң тигельді муфельді пеште тұрақты салмаққа дейін 1000-1050°С температурада қыздырамыз (тұнба қара нүктелерсіз ақ болуы тиіс), эксикаторда суытып,сосын өлшейміз.

Фосфор пентаоксидіндегі ($P_2O_5$) фосфордың массалық үлесін процентпен есептейміз:

$$X = \frac{0,6379 \cdot a \cdot V_1 \cdot 100}{n \cdot V},$$

мұндағы a – қалдық салмағы, г; V – ерітіндінің жалпы көлемі, мл; $V_1$- аликвоталық бөлік, мл; n - өлшенді, г; 0,6379 - $Mg_2P_2O_7$- тын $P_2O_5$-не есептеу коэффициенті (1-кесте).

Кесте 1 – $P_2O_5$-тің жалпы массалық үлесін анықтау

| № үлгілер | n, г | a,г | V, мл | $V_1$, мл | X(%) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1,0000 | 0,0286 | 250 | 25 | 18,2 |
| 2 | 1,0000 | 0,0297 | 250 | 25 | 18,9 |
| 3 | 1,0000 | 0,0279 | 250 | 25 | 17,8 |
| 4 | 1,0000 | 0,0291 | 250 | 25 | 18,5 |
| Орташа мәні | | | | | 18.4 |

Алынған нәтижелерді әртүрлі ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру үшін қолдануға болады.

**Қолданылғын әдебиеттер**

1.Жакирова Н.К., Нұрлыбаев И.Н. Аммофосфаттардың ерігіштігін зерттеу //Химиялық технология бойынша халықар. конф. тез. баянд. - М, 2007. - Т.5. - Б.110-111.

2.Будков В.А., Адрианов С.Н., Шаброва Е.В. Құрамында фосфор бар органо-минералды тыңайтқыштарды дайындау технологиясы //Құнарлық. – 2009. – № 5. – Б. 24-25.

3.Жакирова Н.К., Нұрлыбаев И.Н. Химия и технология низкотемпературных полифосфатных удобрений. Алматы,2015г.-с.242.

*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., доцент Имангалиева Б.С.**

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСАРТУ МАҚСАТЫНДА, КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ

**Икрамов И.Ғ.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қала Ақтөбе облысының солтүстік бөлігінде, Жайық сағасы Елек өзенінің жағалауында, Қарғалы өзені келіп құятын тұсында, теңіз деңгейінен биіктігі 250 - 400 м жазықтық болып келетін Орал асты платосының орталық бөлігінде орналасқан. Ақтөбе – Қазақстандағы ауасы ең лас бес қаланың ішінен ойып орын алады дейді жергілікті экологтар. Ауада формальдегид, азот, күкірт қышқылы жылма-жыл көбейіп келе жатқандығы соншалық, осы қауіпті газдардың жиынтығы қалыптағыдан 4 есеге ұлғайып кеткен.

Тұрғындар денсаулығына хроммен ластанудың экологиялық заңдылықтарын табу үшін оның параметрлерін анықтап, өңір кәсіпорындарының, қоршаған орта компонеттерін және халық денсаулығына әсерін модельдеуге негізделген.

Ақтөбенің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар 2018 жылы да жалғасады. Бұл туралы қала әкімдігінің ғимаратында Ақтөбе қаласының әкімі Ілияс Испановтың төрағалығымен өткен кеңес барысында облыстың бас экологы Жақсығали Иманқұлов баяндады. Шаһар басшысы Ілияс Испанов айтып өткендей, Ақтөбеде қыс мезгілінде айтарлықтай экологиялық мәселе жоқ. Дегенмен, өткен жылы басталған істер аяқсыз қалмауы тиіс.

Жиында сөз алған экология департаментінің басшысы Жақсығали Иманқұлов атқарылып жатқан жұмыстар, атмосфералық ауаның жағдайы жөнінде баяндады. Облыстың бас экологының айтуы бойынша, жұмыс негізі сәуір айында басталады.

Жұмыс жүріп жатыр, алдағы уақытта да жалғасатын болады. Біз барлығын зерттеп, белгілеп отырмыз. 2016-2017 жылдары экология департаменті мамандарына тапсырылған көп жұмыстың бірі қаладағы жағымсыз иістің көздерін анықтау еді. Зерттеу нәтижесі бойынша иістің қайдан шығатыны белгілі болды. Бұл күнде жағымсыз иістің тұрақты және жергілікті екі көзі бар екенін анықтадық. Өткен жылдан бастап, осы екі бағыт бойынша қала әкімдігі мен «Ақбұлақ» акционерлік қоғамы жұмысқа кірісіп кетті. Облыс әкімінің төрағалығымен өткен жиналыста тиісті органдарға нақты тапсырмалар беріліп, қаржыландыру көздері айқындалды. Сондықтан 2017 жылы басталған жұмыстар аяқсыз қалмайтындығын баса айтқым келеді, - дейді Жақсығали Иманқұлов.

Өткен жылдың жазында Ақтөбеде атмосфералық ауадағы күкіртсутегінің шамадан айтарлықтай асып кеткені және соның салдарынан жағымсыз иістің пайда болғаны баршаның есінде. Ол кезде мамандар жағдайды температураның күрт көтеріліп кетуіне байланысты деп түсіндірген болатын. Бұл мәселені облыс әкімі Бердібек Сапарбаев басты назарға алып, нақты шаралар қолдануды тапсырған еді.

Бүгінде ағынды суларды кәріз жүйелеріне төгетін 4790 кәсіпорын болса, оның 319-ы өндірістік кәсіпорындар екен. Кездесуді қорытындылай келе, қала басшысы Экологиялық жағдайды одан әрі жақсарту жөнінде тапсырма берді.

Экологиялық ахуалды жақсарту және қала тұрғындарына жайлы демалыс пен жақсы көңіл күй сыйлайтын бірден-бір игілікті іс, қоршаған ортаны жасыл желекке айналдыру. Экологиялық мәселелерге келгенде, жастар да қарап қалмай өз үлестерін қосу керек деп есептеймін. Себебі экологиялық проблемаларды шешу жаппай халықтық іс. Мен бұл мақалада қолайлы экологиялық жағдай жасау мақсатында көгалдандыру жұмыстарының ерекшеліктерін айтқым келеді. Жұмысымның негізгі мақсаты аймақты көгалдандыру болғандықтан, негізгі обьект ретінде өзім білім алып жүрген Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетін алдым.

Көгалдандыру мақсатында отырғызылатын ағаштар мен бұталарды таңдағанда алдымен олардың адамға пайдасын, әсері, сәндік мақсатта отырғызылатын орны, биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Әр ағаш әр түрлі болып келеді.

*Научный руководитель:* **к.м.н, доцент Жулаева А.И.**

# ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС ФОРМАЛАРЫ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ

**Арыстан А.М.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта девиантты мінез-құлық әрбір әлеуметтік қоғамның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Девиантты мінез-құлықтың негізгі түрлеріне қылмыс жасаушылық, ішімдік қолдану, нашақорлық, сонымен қатар өзіне-өзі қол жұмсау және т.б. жатады. Ортада қабылданған нормалардан ауытқыған мінез-құлық көбіне жасөспірімдер арасында көптен кездеседі. Жасөспірімдік шақта балалардың қызығушылығы арта түседі, әртүрлі әрекетке бейімделгіш келеді, мінезі ерекшеленіп, өзінің өмір жолына көз жіберіп, ой елегінен өткізуге тырысады, оқудың мәнін, мақсатын түсініп, ұжымдағы өз орнын білгісі келеді. Белгілі психолог Л.С. Выготский жасөспірім жастағы кезеңде екі үлкен өзгеріс болады: ол ағзадағы жыныстық жетілу және өзінің «Мен» мәдениетінің ашылуы, тұлғасының және дүниетанымының қалыптасуы. Әр жас кезеңнің адамның тұлғалық қалыптасуында алатын өзіндік орны бар. Бұл баланың «мені» қайта құрылып, айналасындағыларға сыни көзқарас қалыптасатын кезең. Егер ғылыми анықтамаларға сүйенетін болсақ девиантты мінез-құлық бұл:

– осы қоғамдағы нақты бекітілген немесе тарихи қалыптасқан нормалар мен ережелерге сай келмейтін адамның әрекеті;

– осы қоғамдағы нақты бекітілген немесе тарихи қалыптасқан нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін адам әрекетіндегі жалпыға қатысты және тұрақты формада көрініс беретін әлеуметтік құбылыс [1].

Девиантты мінез-құлық және қиын балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастаған. Бастапқыда ғылым саласында емес, күнделікті өмірде қолданылған. Біраз уақыт ұмтылып, 1950-1960 жылдардың басында қайтадан қолданысқа енген. П.П. Блонский ең алғаш бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген, ол өз зерттеулерінде девиантты деп мінез-құлқы шамасынан ауытқыған, кәмелетке толмаған балаларды қарастырды. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықты мәселесін қазақстандық педагог-психологтар мен әлеуметтанушылар да қарастырып жүр. Зерттеушілердің пікірінше девиантты сияқты жағымсыз қасиеттің қалыптасуына әлеуметтік педагогикалық факторлар әсер етеді. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлықтарын спорт, өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру, мектепке деген ықпалды күшейту, бойындағы белсенділікті арттыру, ұжымдағы әрекеттерге араластыру арқылы жеңудің әртүрлі жолдарын көрсетіп берген. Жеткіншек арасындағы қылмыстың үдей түсуіне байланысты мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік қызметкерлер мен әлеуметтік педагогтардың алдына қойылған негізгі мақсат – олармен жұмыс формалары, әдістері мен тәсілдері, технологиясының жаңа, ұрымтал түрлерін іздеп тауып, жаман мінезді, түзетуге және қалыбына келтіруге, бейімдеуге, қатарға қосуға көмектесу. Әлеуметтік педагогикада кең қолданып келе жатқан әдістердің бірі – алдын алу. Оқушылар мен жасжеткіншектердің қылмысқа баруын болдырмау, алдын алу шараларын жүзеге асыру және ол нәтижелі болу үшін жұмыс түрлері ұйымдастырылады [2].

Әлеуметтік педагогтың девиантты мінез-құлықты балалармен жүргізілетін жұмыстары өте ауқымды. Негізгі жұмыстар басты үш бағытта жүргізілуі тиіс:

– Мектептегі жұмыс;
– Мемлекеттік, қоғамдық және қоғамдық емес ұйымдармен жұмыс;
– Оқушының тұрғылықты жеріне байланысты жүргізілетін жұмыстар.

Сондықтан бұл қызметке әлеуметтік арнайы білімі бар, тәжірибесі мол, баланың жан-дүниесін түсіне алатын, оның болашағына жауапкершілікпен қарайтын білікті мамандар ғана тартылуы тиіс.

Әлеуметтік педагог мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын жүргізіп отыру керек. Бұл карта әлеуметтік педагогтың, мектеп директорының, оның оқу және тәрбие жөніндегі

орынбасарларының, мектеп психологының, әрбір сынып жетекшісінің жұмыс үстелінде болуы тиіс. Бұл картада төменгідей мағлұматтар тіркеледі:

- Жетім балалар, жартылай жетім балалар;
- Көп балалы отбасынан шыққандар;
- Әлеуметтік көмекке зәру оқушылар;
- Тәртібі мен мінез-құлқында ауытқушылықтары бар оқушылар.

Әлеуметтік-педагогикалық келіс. Ол девиантты мінез-құлықты баланың тұлғалық қасиеттерін, әсіресе, тұлғаның адамгершіліктік және еріктік қасиеттерін коррекциялау және қайта қалпына келтірумен байланысты сипатталады. Жеткіншекте ұнамды еріктік сапаларды қалыптастыруды ерік туралы дұрыс көзқарасты қалыптастырудан бастаған жөн. Бұл процес бірнеше кезеңдерде жүзеге асырылады.

Бірінші кезең – жекелеген еріктік сапалардың мәнін ашу, олардың мысалдарын көрнекілік тұрғысында дұрыс жеткізу;

Екінші кезең – жеткіншектердің еріктік сапалары туралы көзқарастарын қорыту, батырлық пен тәкаппарлық, бірбеткейлік пен қырсықтық, өз бетінше еңбектенуге қабілеттілік пен өзгелер пікіріне деген құрметтің төмендігі түсініктері арасындағы айырмашылықтарды айқындау. Бұл кезеңдегі тәрбиешілердің ең бірінші кезектегі міндеті жеткіншектердің ерік туралы мифологиялық көзқарастарын өзгерту болып табылады. Бұл жеткіншектерді қайта тәрбиелеудің бастамасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жеткіншектердің өзіне және өз ісіне сын көзбен қарап, баға беру дағдыларын қалыптастыру қажет.

Үшінші кезең – жоспарлы түрде өз кемшілігін іздеу, оны түзетудің жолдарын қарастыру және өзін-өзі тәрбиелеу кезеңі. Бұл кезеңде әлеуметтік педагог жеткіншектің қалыптасуында өзіне дұрыс баға бере білуіне жеке кемшіліктеріне төзбеу сезімін оятуға көмектесуі тиіс.

Төртінші кезең – өзін-өзі дамытуға деген қажеттілігін іске асыру кезеңі. Бұл кезеңдердің бірізді жүруі жеткіншектің өз құқығын сыйлайтын азамат ретіндегі әлеуметтік-қолдаушылық рөлін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы тұста ғалым М.А. Галагузова қытайдың мынадай: «Шешуі жоқ жағдай болмайды, тек дұрыс шешім қабылданбаған жағдай болады» деген аталы сөзін келтіре отырып, тәрбиеде де түзелмейтін бала болмайтынын, барлық балаларды тәрбиелеу мүмкін екендігін тұжырымдайды. Девиантты мінез-құлықты балалармен жұмыс жүргізудің келесі түрі – қоғамдағы қалыпты мінез-құлыққа бейімделмеген балаларды әлеуметтік педагогикалық реабилитациялау. Реабилитацияны кең ауқымды міндеттерді шешуге бағытталған, бала бойында қарапайым дағдыларды қалыптастырудан адамды қоғаммен толық интеграциялау дейінгі шаралардың жүйесі ретінде қарастыруға болады.

Реабилитацияның бірнеше түрлері анықталған. Олар: медициналық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік-экономикалық, кәсіби және тұрмыстық. Медициналық реабилитация бала организмінің бұзылған функциясын толық немесе ішінара қайта қалпына келтіруге бағытталады. Психологиялық реабилитация девиантты мінез-құлықты жеткіншектің өзін тұлға ретінде ешікмге керексіз сезіну сапасын психологиялық тұрғыдан жеңуге бағытталады. Кәсіби реабилитация жеткіншекті өзінің қолынан келетін еңбек формасына, қысқартылған жұмыс күнімен жеңілдетілген еңбек жағдайы жасалған жұмыс орнын іздестіруге оқыту немесе қайта оқытуды қарастырады. Тұрмыстық реабилитация жеткіншектің қалыпты өмір сүру жағдайына қол жеткізуін қарастырады. Әлеумметтік реабилитация әлеуметтік ортада баланың өмірлік тіршілік ету қабілеттерін қайта қалпына келтіру процесі. Сонымен қатар, қандай да бір себептерге байланысты бұзылған немесе шектелген баланың өмір сүретін ортасын өзі мен жағдайын қайта қалпына келтіру процесі. Әлеуметтік-экономикалық реабилитация баланы заңды түрде қорғау мен оған тиісті қаржылық төлемдерді қамтамасыз етуді мақсат еткен шаралар кешені деп түсіндіріледі. Әлеуметтік-педагогикалық реабилитация баланың белсенді өмірлік позициясында, өмірлік әрекетінде үлкен маңызға ие болатын тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған

тәрбиелік сипаттағы шаралардың жүйесі. Бұл шаралар баланы қоғамға енуге, өзіне-өзі қызмет етуде қажетті біліктер мен дағдыларды және ұнамды әлеуметтік рөлдерді игеруге, қоғамдағы мінез-құлық ережелерін меңгеруге, қажетті білім алуға мүмкіндік туғызады. Девиантты мінез-құлықты жеткіншектерді өмірге қайта бейімдеу реабилитациялық орталықтар деп аталатын мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылады.

Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жүргізілетін жұмыс бағыттары:

– девиантты мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау;

– девиантты мінез-құлқы бар оқушылардың тобын және оның айналасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;

– мәселе бойынша басқа мамандарымен өзара әрекеттесу;

– білім беру мекемесінің барлық оқушыларымен бірге өмірлік құндылықтарды үгіттейтін тәрбиелік жұмыстарға қатысу.




1 сұлба - Қиын балалармен жұмыс бағыттары


**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қоянбаев Н. Педагогика. Алматы, 2009.

2. Ақажанова А.Т., Садырова А. Девиантты мінез-құлықтың кейбір теориялық сапаттамалары. Алматы, 2007.


*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., профессор Қаңтарбай С.Е.**

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН КӨРНЕКІ ҚҰРАЛ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ


**Аралбаева Г., Сыдық К.К.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Тәуелсіз мемлекетіміздің болашағы жас ұрпақтың дүниетанымын, өмірлік бағдарын дамытып, оларды жан-жақты жетілген азамат етіп қалыптастыру. Еліміздің ертеңгі ұрпағының рухани байлығы, мәдениеті ұрпағымыздың игерген біліміне, іскерлігіне, сөйлеу тілі мен сөйлеу мәдениетіне, ойлау қабілетіне байланысты. Бала осы кезеңде білімді игеруге қажетті іскерлік пен дағдыларды бойына сіңіре бастайды. Мектеп жасына дейінгі балалардың өзін қоршаған дүние көзқарастарын қалыптастыра отырып, болашақтағы алған білімінің жеткілікті дәрежеде қалыптасуының бірден-бір кепілі - сөйлеу тілі, яғни сөйлеу әрекетін игеруі және сөздік қорының молаюы.

Сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорды дамыту, сөйлеу мен ойлаудың өзара байланысы туралы педагогикалық және психологиялық зерттеулерде (Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев,

А.Р Лурия, В.В. Лубовский) қарастырылып, адамдардың өзара әлеуметтік әрекетке түсуі, тұлғаның дамуы, сөйлеудің іс-әрекетінің теориясын құрайтындығы айқындалған [1].

Отандық зерттеушілердің еңбектерінде (Л.С. Выготский, А.В. Запорожец, А.Н. Леонтьев, М.И. Лисина, В.С. Мухина, С.Л. Рубинштейн, А.Г. Рузская, Е.О. Смирнова, Д.Б. Эльконин т.б) сөйлеу және сөздік қордың дамуы баланың жалпы дамуын қамтамасыз етуші факторлардың бірі екендігі бағыты қарастырылған [2].

Л.С. Выготский, А.Н. Люблинская, А.Р. Лурия баланың сөздік қорын қалыптастыруда балалардың психикалық процестерін дамыту, олардың түрлі іс-әрекеттерін жетілдіруге сөздің әсері туралы, сөздің дыбыстық құрамын меңгеру ерекшеліктері жөнінде, Н.В. Ихвачкин, А.В. Гвоздев грамматикалық ерекшеліктердің бала тілінде қалыптастыру үрдістері мәселелерін, Ф.А. Сохин, И.Н. Попова сөздік қорды меңгеру заңдылықтарын өз зерттеулерінде жан-жақты қарастырған [3].

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі - тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Бала басқа адамдармен қарым-қатынасты айналадағы қоршаған ортаны бақылап білуі, тануы арқылы сөздік қорды меңгереді. Тілді игеру екі мақсатта іске асырылады; бірі - сөздік қорының дамуы мен ойлау қабілетінің жетілуіне байланысты болса, екіншісі - сезімі мен саналы игеруге жалғаса отырып жүргізіледі. Мектеп жасына дейінгі балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге көрнекі құралдарды қолдану арқылы үйретеді.

Мектепке дейінгі ұйымның оқыту үдерісінде балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым- қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән беріледі. Балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып оны ұғынуға болмайды.

Мектепке дейінгі балалық шақта бала дамуының қорытындысы тек осы белгілердің алғы шарттары болып табылады. Олар баланың мектеп жағдайына бейімделуіне, жүйелі оқуға кірісуіне жеткілікті болуы қажет. Мұндай алғы шарттарға ең алдымен оқушы болғысы келу, маңызды іс-әрекетті орындау, оқуға деген ниеті жатады. Мұндай ниет мектепке дейінгі шақтың соңында көптеген балаларда болады.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулармен қатар, көрнекі құралдардың орны ерекше. Көрнекі құралдарды пайдалану арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Баланың шығармашылығын дамытуда да ең тиімді әдістердің бірі – көрнекілік әдісі болып табылады[4].

Көрнекілік – педагогикадағы дидактикалық тәсіл. Ол ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әр қайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды. Адам қоршаған ортаны, дүниені, құбылыстарды бес сезім мүшесі арқылы түйсінеді. Оның ішінде ақпаратты ең көп қабылдайтын сезім мүшесі – көру түйсігі. Құбылыстардың мәнін адам санасында ойлау, пайымдау қабілеті ғана бейнелейді. Көрнекіліктің нәтижесінде қоршаған өмір құбылысын және заттарды салыстыра ойлап, пайымға салып қабылдау арқылы оқушылардың мәселені түйсіну дәрежесі артады және сана-сезімі қалыптасады. Сонымен бірге, қабылданған ақпараттар оқу міндеттеріне байланысты талданып, қорытындыланады. Ұлы ғұлама Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі – көрнекілік» -деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін түсіндіру,

әсерлендіру, есте қалдыруды ұсынады. Оқу материалын меңгеру көп жағдайда оқыту процесінде қолданылатын көрнекі және техникалық құралдарға байланысты.

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады. Құбылыстармен, объектілермен балалаларды таныстырғанда олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, объектілердің символдық бейнелерін көру арқылы оларды табиғи күйінде қабылдайды. Қазіргі білім ұйымдарында осы мақсатпен экрандық және техникалық құралдар кең қолданылады.

Көрнекілік әдістерін шартты түрде екі үлкен топқа бөлуге болады: иллюстрация және демонстрация. Иллюстрация әдісі арқылы балаларға иллюстрациялық құралдар атап айтқанда, кесте, картина, карта, тақтадағы суреттер, үлгілер көрсетіледі. Демонстрацияның оқыту әдісі ретіндегі ерекшеліктерізаттар мен құбылыстар тәжірибе жасау арқылы және техникалық құралдар, кинофильмдер, диафильмдер пайдалану арқылы көрсетіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда да оқу процесіне теледидар, видеомагнитофондар сияқты техникалық құралдарды енгізу оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазіргі уақытта көрнекі құралдың жаңа түрі – жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, электронды-есептегіш техникасы кабинеттерін құру міндеті шешілуде, оқу процесіне белгілі бір жағдаяттарды және процестерді үлгілеуге мүмкіндік беретін компьютерлерді енгізу міндеті де қолға алынып келеді. Бұл техникалық мүмкіндіктер меңгерілген көптеген оқу материалдарын қозғалыста және көрнекі түрде көруге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі шақта балалардың сөйлеу тілін дамту және сөздік қорын молайтуда оқытудың көрнекілік әдісін қолдану нақты мынадай шарттарға негізделеді:

– көрнекіліктің балалар жасына сәйкестігі;
– көрнекілікті сабқтың керек сәтінде қолдану;
– демонстрацияланған затты барлық балалардың көруі;
– иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу;
– құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
– демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;
– көрнекі құрал мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға балаларға мүмкіндік жасау.

Бұл жас шағындағы балалар үшін де көрнекі құралдарды бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, олардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру, сөздік қорларын молайту үшін қолданылады. Олай болса мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту жұмыстарында көрнекіліктерді пайдалану және көрнекілік әдістерін қолдану дидактиканың басты қағидаларының бірі болып саналады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Алматы – 2001 ж.
2. Тіл дамыту. Дидактикалық материалдар. Алматы: Атамұра, 2000. - 145 б.
3. Носкова Л.П. Методика речи дошкольников, учебное пособие для студентов высших учебных заведений/ Л.П. Носкова, Л.А. Головчиц, изд. Центр ВЛАДОС, 2004.-344 с.
4. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. М., 2002. - 324 с.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.д., профессор Туребаева К.Ж.**

# ҚИЫН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ТАЛДАНУЫ

**Асхатова Ә.Е., Қаламқанова.А.Ж., Канапиянова К.Д.**
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жеткіншектік кезеңдегі бейімделе алмаушылық әртүрлі себептермен түсіндіріледі: девиантты және деликвентті мінез-құлықтың себептерін зерттеу (Буянов М.И., Змановская Е.В., Игошев К.Е., Райский Б.Ф., Фельдштейн Д.И. және т.б.); бейімделе алмаған жеткіншектің әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын жасау (Братусь Б.С., Заика В.И., Крейдун Н.П., Личко А.Е., Ячина А.С.және т.б.); мектепке бейімделе алмаушылықтың ерте диагностикасын жасау, алдын алу шараларын жүргізу және ескерту (Алемаскин М.А., Беличева С.А., Миньковский Г.М., Невский И.А., Потанин Г.М. және т.б.); арнайы мекеме жағдайларында қайта тәрбиелеу жүйесінің ерекшеліктері (арнайы мектептер және арнайы кәсіби техникалық мекемелер) және кәмелетке толмаған құқық бұзушыладың пеницитарлық педагогикасы (Башкатов И.П., Манапова Е.И., Фельдштейн Д.И. және т.б.).

Девиантты мінез-құлықты жеткіншектермен коррекциялық жұмыстың көптеген түрлері жүзеге асырылады. Көптеген психологтар девиантты мінез-құлықты жеткіншектермен коррекциялық жұмыс жүргізу барысында арттерапияның тиімділігін көрсетіп, психологиялық практикасында арттерапияның көптеген түрлерін жүзеге асырады: Панфилова А.С., Зеленкова И.В. (изотерапия); Гребенщикова Л.Г. (куклотерапия); Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Вачков И.В. (сказкотерапия); Дрешер Ю.Н. (библеотерапия); Карпова Н.Л., Данина Н.В., Шувиков А.И. (фильмотерапия) және т.б. Арттерапияны психологиялық коррекцияның бір түрі ретінде Рудестам К., Осипова А.А., Кораблина Е.П., Слюсарева Е.С., Козловская Г.Ю. және т.б. өздерінің ғылыми еңбектерінде қарастырады. Девиантты мінез-құлық ұғымына қатысты көптеген анықтамалар бар. Психологтар да, әлеуметтанушылар да девиантты мінез-құлықты «норма» ұғымымен байланыстырады. Әлеуметтанушы Я.И. Глинский девиантты мінез-құлықты «адам іс-әрекеттінде топтық бейнеленетін, ресми бекітілген немесе қоғамда қалыптасқан нормаға сәйкес емес, әлеуметтік құбылыс» ретінде анықтайды [1, б. 74].

Ал психолог Е.В. Змановская девиантты мінез-құлықты «жалпы қабылданған және ресми орнатылған әлеуметтік нормаларға сәйкес келмейтін мінез-құлық» ретінде тағайындайды. Көптеген девиантты мінез-құлыққа берілген анықтамалар оның негативті жақтарын көрсетеді. Л.Б. Шнейдер девиантты мінез-құлықты «әлеуметтік патологиялық сенім жүйесіне негізделген уақыт контектінде қарастырылатын тұлғалық-сахналық өмір іс-әрекетін құрудағы табыссыздық» ретінде қарастырады [2, б. 5].

Б.Г. Мещерякова және В.П. Зинченко ұсынған «Үлкен психологиялық сөздікте» берілген анықтамада девиантты мінез-құлыққа өте теріс қатынас байқалады және «берілген қоғамда ресми қалыптасқан моральдық және құқықтар нормаларға сәйкеспеушілік, бұзушыны (девиантты) оқшаулауға, емдеуге, түзетуге немесе жазалауға әкеледі» деп анықталады [2, б. 105].

Бірақ биологиялық эволюция ауытқушылықсыз мүмкін емес – мутациялар, сол стяқта әлеуметтік даму да девиациясыз мүмкін емес. О.С. Осипова шығармашылық ауытқуды бөліп көрсетеді, оның пікірінше, «қуаттылық бойынша прогрессивті, яғни, бейімделушілікте қоғамның эволюциялық даму векторы» бағыттайды және «қоғам икемді және өзгерістерге дайын болуы үшін қажет». Г.В. Апинянның көрсетуінше, ауытқушылық жүйені өзгерту арқылы оның сақталуын және тұрақтылығын қамтамасыз етеді және девиация жайлы «әлеуметтік норма арқылы тотальдік өмірлік іс-әрекеттегі алдыға жылжу» ретінде көрсетеді [3, б. 122]. Ал Э.В. Снимщикова позитивті девиацияларды мәдени қолпашталатын ауытқушылық ретінде сипаттайды, мысалы ретінде «шығармашыл адамдар, тұлғалар, данышпандар, көшбасшылар, батырлар, халық қалаулылары анықтамасына жататын

адамдар» [3, б. 113].

Сонымен, психологиялық ұғымдардың кез келгенінің салыстырмалығы жайлы айта отырып, *біз девиантты мінез-құлықты әлеуметтік маңызды нормаларды жүйелі бұзу нәтижесінде индивидке, қоғамға конструктивті және деструктивті әсер ретінде қарастырамыз.*

Жеткіншектердің девиантты мінез-құлық ерекшеліктерін түсіну үшін, жеткіншектерде девиантты мінез-құлықтың пайда болуына әсер ететінін себептерді анықтау керек.

Жеткіншектердің девиантты мінез-құлықтарының пайда болуына жиі жағдайда әсер ететін: психофизиологиялық сипаттағы себептер; әлеуметтік және психологиялыық сипаттағы себептер; жеткіншектік кезең дағдарысымен байланысты себептер.

Психофизиологиялық сипаттағы себептерге келесіледі жатқызамыз: ақыл-ой даму кемістігі; жүйке жүйесінің зақымдануы; есту мен көрудің кемістігі; сөйлеу кемістігі; сыртқы тартымдылық, адамның конституциялық-соматикалық бітіміндегі кемшіліктер [4, б. 200].

Психикалық бұзылыстар және физиологиялық кемшіліктер жеткіншектердің девиантты мінез-құлықтарының негізі болуы мүмкін екендігіне қарамастан, олар тек бала дамуы үшін жағымсыз әлеуметтік және психологиялық жағдайларда ғана көрініс береді. Е.В. Змановскаяның пікірінше, «әлеуметтік жағдайлар, ағзада өз өздігінен өзгерістер тудыра алады, мысалы жүйке жүйесінің реактивтілігі немесе гормондардың фоны» [4, б. 37] Біздің ойымызша, жеткіншектердің девиантты мінез-құлықтарының қалыптасуына әлеуметтік-психологиялық микродеңгейдегі себептер: жағымсыз отбасылқ қатынастар, мектептегі беймделе алмаушылық, жеткіншектің асоциалды бағыттылықтағы формальды емес топтарға жатуы және т.б. күшті әсер етеді.

Отбасы – бұл баланың негізгі әлеуметтенуді алатын орны, ересектердің әсерінен оның құндылықтары, бағдарлары, мінез-құлық үлгілері қалыптасады. Отбасындағы қатынастан жетіліп келе жатқан тұлғаның жағымды дамуы тікелей тәуелділікте болады. Сондықтан «функционалды қалыптаспаған, толыққанды адамды тәрбиелеуге қатысты өзінің жетекші функционалды міндеттерін орындамайтын немесе формальді орындайтын отбасыларда» жеткіншектік кезең дағдарысы ауыр өтеді [4, б. 103].

Көптеген психологтар ауытқушылық мінез-құлықтың қалыптасуына отбасының әсері орасан зор екенін айтады. Э. Эриксонның пікірінше, баланың ерте даму кезеңдерінде ананың қомкорлығын алмауы, мадақтаулардың болмауы, белсенділікті және дербестікті басып-жаншу, жеткіншектік кезеңде рөлдердің ауысуына, салдарында мінез-құлықтың бұзылуының көріс беруіне әкеледі [5, б. 16]. Ал А. Адлердің ойынша, ата-ананың баланы тым еркелетуі немесе шеттетуі балада толымсыздық кешенінің туындау себебі болуы мүмкін, ал ол өз кезегінде жеткіншек тұлғасының арттықшылықтарының пайда болуына әкеліп, оның салдарынан әлеуметтік қызығушылық бұзылып, мінез-құлқы әлеуметтік нормаларға адекватты емес болады [5, б. 118]. И.В. Фатеевтің көрсетуінше, баланы ата-ананың ұнатпауы немесе шартты қабылдауы «жалған меннің» пайда болуына әкеледі, «көрсетілетін реалистік емес идеалданған және керемет МЕН-нің бет пердесінің астында – әлсіз және жәрдемсіз, бірақ шынайы аутентті Мен көрініс береді» [6, б. 26]. Мұндай жағдайларда девиацияның агрессия, өзіндік бекітілу және суицид сияқты түрлері пайда болады. Отбасының дұрыс құрылмауы, оның сәтсіз болуы, ондағы жанжал, ұрыс-керістер мінез-құлықтағы қиындықтың пайда болуына, оның тәрбиесіне елеулі әсерін тигізеді. Мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалардың психологиялық ерекшеліктерінің пайда болу себептерін Р.Г. Илимешова өз зерттеулерінде 4 топқа бөледі [6, б. 6].

Зерттеу жұмысында біз девиантты мінез-құлықты әлеуметтік мәнді нормаларды жүйелі түрде бұзушылық, индивидтің құндылықтарына қарама-қайшы ретінде анықтадық. Жеткіншекке тұтастай қоғамға конструктивті және деструктивті әсер етеді. Біздің жұмысымызда психологиялық коррекция пәні ретінде жеткіншекке дамуына әсер ететін девиантты мінез-құлықтың теріс жақтары қарастырылды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Гилинский Я.И. Социология девиантного поведения как социологическая теория // Социологические исследования. - 2001.

2. Апинян Г.В. О понятиях «девиация», «девиантность», «девиантное поведение» // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. – 2009.

3. Змановская Е.В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): М.: Издательский центр «Академия», 2003.

4. Клейберг Ю.А. Психология девиантного поведения: Учебное пособие для вузов. - М.: ТЦ Сфера, при участии «Юрайт-М» 2001.

5. Шнейдер Л.Б. Девиантное поведение детей и подростков. - М.:, 2005.

6. Фатеев И.В. Делинквентность как один из факторов социальных рисков // Вестник Краснодарского университета МВД России. 2009.

## ҚОЛДАНБАЛЫ ІС-ӘРЕКЕТТІ ТАЛДАУ ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ АУТИЗМІ БАР БАЛАНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

**Ахсотова Г., Кармысова А.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру заңын қарастыратын болсақ, Қазақстан Республикасы 11.07.2002 жылғы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» №343 Заңын іске асыруда дамуында ауытқушылығы бар балалардың оқу тәрбие үрдісін жан-жақты қарастырудың қажеттігі маңызды. Бұл Заң кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістерін айқындайды. Дамуында кемшілігі бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

– арнаулы білім беру бағдарламалары-кемтар балаларды оқытуға арналған бағдарламалар; (1-тарау. Жалпы ережелер, 1 бап, 14 бөлім);

– арнаулы білім беру – кемтар балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып білім беру (15 бөлім);

– арнаулы білім беру жағдайлары - техникалық және өзге де көмекші құралдарды, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және кемтар балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын өзге де қызметтерді қоса алғанда, арнаулы білім алу үшін жасалатын жағдайлар (16 бөлім);

– арнаулы білім беру ұйымдары - кемтар балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, бала-бақшалар, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар (17 бөлім).

Бұл заң актісінің қабылдануы мемлекет пен қоғамның дамуында бұзылысы бар балаларға оң көзімен қарай бастағанын көрсетеді.

*«Аутизм* дегеніміз – баланың *«экстремалды» жалғыздығы*, эмоционалды байланыс пен коммуникация орнату қиындығы мен әлеуметтік даму қабілетінің төмендеуі. Л. Каннер, аутизмнің негізгі белгісі ретінде, «экстремалды жалғыздықты» атайды, сонымен бірге ондағы сөйлеудің бұзылуын немесе мүлдем болмауын, өзіндік әдет-ғұрып формаларына ұмтылуды, сенсорлық стимулдарға әдеттен тыс реакция жасауды тізбектей келіп, бұл ауытқу түрін, *конституционалды генезді* даму ауытқуының өзінше бір түрі деп атайды.

Аутизм - (гр. *autos* - өзім) - адамның сырткы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып,

іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл күйі. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блэхер адамның ішкі эмоциялық кажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі шамалы аффективтік саланың айрықша түрін белгілеу үшін енгізген. Аутист балалардың есте сақтау қабілеті жоғары болады. Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Бірақ бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек байқалады. Сондықтан да бұндай балалар арнайы интернаттарда емес, кәдімгі жанр ортасында тәрбиеленуі қажет. Аутист бала ерке, тәртіпсіз сияқты әсер береді, бірақ диагнозды ерте қойып, ерте емдесе баланы жалпы білім беретін мектепке беруге болады.

«Оңтүстік рабат» журналының (24.04.2013) басылымында Айша Керейдің мақаласында былай деп жазылған: аутизм – бала дамуындағы ауытқушылықтың ауыр түрі, ол әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жоқтығын білдіреді. Симптом ретінде аутизм көптеген психикалық ауруларда кездеседі, бірақ кейбір жағдайларда ерте жастан байқалып, бала дамуына кері әсерін тигізеді. Бұл жағдайды ерте балалық аутизм (ЕБА) синдромы дейді. Ол болса психикалық даму зақымдалуының бір нұсқасы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар бала бойында аутизмнің кейбір клиникалық көріністері байқалса оны аутистикалық тұлғалық қасиеттер деп атайды. Нақты симптом ретінде 2-3 жасқа қарай қалыптасуы мүмкін.

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері анық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша аутизммен ауырған балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан болады. Тұқым қуалаушылық фактордың әсері мол екенін көптеген зерттеушілер мойындайды. Сонымен бірге мидың органикалық зақымдалуы да аутист балаларда жиі кездеседі.

Аутизмнің алғашқы белгілері: бала туған кезде ерекше болады солғын, тамақ сұрап мазаламайды, жөргек суланса және бір жері ауырса сезбейді, өскен кезде ештеңеге қызықпайды, кейбір сөздерді немесе сөйлемдерді қағып алып, түсінбей қайталай береді. Жақын адамдармен анасымен байланысты симбиотикалық, сондықтан жақын адамдарды түсіну, аяу, көну деген ұғым жоқ. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін. Өзге балалармен де ойнамайды. Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншық та оны қызықтыра алмайды. Яғни, мұндай балада қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық сияқты адами сезімдердің ешқайсысы болмайды. Өз әлемінде, өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін. Ештеңені қажет етпейді.

Жанысбаева Р.М., Асқарова А.Б. мақаласындағы белгіленгендей, «қазіргі уақытта дүние жүзі бойынша аутисттік проблемалары бар балалар саны өсуде. Мысалы, 10-20 жыл бұрын 10 мың баланың 3-4тен 10-15 оқиға тіркелген болса, ал қазіргі кезде мысалы АҚШ-та орта есеппен алғанда 200 баланың 1-і, ал кейбір елдерде бұдан да көп «Англияда орта есеппен алғанда 80 баланың 1-і.», - таратылған мәліметтерде айтылады.

Сондай-ақ, «әлемде аутизмнің өсуі эпидемия түрінде қарастырылады. Қазақстанда да, аутист балалар көбеюде. Облыстық психо-медико-педогогикалық консультациялардың мәліметтері бойынша 2002 жылы 93 бала болса, 2009 жылы -326 ға жеткен».

Әлемдік ғалымдардың мәліметтері бойынша уақытымен түзетушілік көмек көрсетілген жағдайда аутист балалардың 60 пайызы жалпы білім беру бағдарламалар бойынша, 30 пайызы арнайы білім беру бағдарлама бойынша оқуға қабілетті, ал 10 пайызы отбасында әлеуметтенуге мүмкіндіктері бар. Бірақ түзетушілік көмексіз қалған жағдайдағы балалардың 75 пайызы әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды, 22 -23 пайызы шамалы бейімделеді,тек 2-3 пайызы әлеуметтік бейімделудің жеткілікті деңгейіне жетеді.

Аутизмі бар балалардың сөйлеу тілін дамытуда қолданбалы іс-әрекетті талдау терапиясының ерекше орын алады деп айтуға болады. Қазіргі таңда қолданбалы іс-әрекетті талдау әлемінің көп елдерінде ең белсенді тәсіл болып табылады. Сонымен қатар, оның әсері ғылыми зерттеулерде дәлелденген жалғыз тәсіл. Бірақ қиындығына қарамастан тәсіл, тек аутизмі бар балаларға ғана емес басқа да дамуында ауытқуы бар балаларға көмектеседі сонымен қатар спорт, медицина, білім, бизнес сияқты басқа салаларда да сәтті қолданылады.

Қолданбалы іс әрекетті талдау дегеніміз- бұл іс әрекетті зерттейтін және іс-әрекетті жақсы, әлеуметтік қолайлы жағына өзгерту үшін базалық қағидалар қатарын пайдаланатын

ғылыми пән.

Қолданбалы іс-әрекетті талдау терапиясының мақсаты іс-әрекетті нысан ретінде зерттеу. Қолданбалы іс-әрекетті талдау терапиясының қағидаларын пайдалана отырып, біз дамуында бұзылысы бар , соның ішінде аутизмі бар балаларды жағымсыз іс-әрекетті қоюға, қарым-қатынасқа түсуге, сөйлеуге, өзіне–өзі қызмет көрсете білуге, әр түрлі дағдыларға және әлеуметтік ортаға бейімделуге үйрете аламыз.

Аутистикалық спектр бұзылысы бар бала өзінің ерекшелігіне қарамастан оқуға, дамуға, жаңа дағдыларды үйренуге, адамдармен қарым-қатынасқа түсуге үйрене алады. Біздің міндетіміз - оларға осы айтқандарымыздың бәрін үйрету.

Жұмыстағы ең маңызды қадамның бірі - мақсатты анықтау. Жұмыстың мақсаты аутизмнің белгілері, эмоциалық жағдайы баланың мінез-құлқы емес іс-әрекеті болу керек.

Ең түсінікті тілмен айтқанда іс-әрекет дегеніміз - адам істейтін кез-келген қимыл қозғалыс. Мысалы, тамақ жеу, су ішу, ұйықтау, жылау, сурет салу т.б. Қолданбалы іс-әрекетті талдау терапия маманының көзімен қарағанда іс-әрекет дегеніміз не екенін дұрыс түсіну үшін іс-әрекетке не жатпайтыны туралы айтайық. Мысалы, бала ата-анасының айтқанын тыңдамайды, көзге қарамайы, бір жерін соғып алса жыламайды. Бұл мысалдарда баланың істеу керек заттарды істемеуі. Сонымен қатар, баланың мінезін: еркелігін, қырсықтығын, жалқаулығын іс-әрекетке жатқыза алмаймыз.

Біздің негізгі мақсатымыз аутизмі бар баланың сөйлеу тілін, адамдармен қарым-қатынасын қалыптастыру. Ол мақсатты жүзеге асыру үшін біз қолданбалы іс-әрекетті талдау терапиясының карточкамен алмасу арқылы тілдесу құралын қолданғымыз келіп отыр. Аутизм диагнозы қойылған балалардың тілдерін дамыту мақсатында, оларға коммуникативті балама қатынас жүйесін меңгерту арқылы баланың тіршілігінің сапасын жақсартып, басқалармен тілдесуге, өзіне керек затын сұрай білуге мұмкіндік береді. Коммуникациялық дағдыларды меңгермеген аутист бала жағымсыз, өрескел қылықтар көрсетеді. Өзіне керек затын сұрап ала алмаса ашуланып, маңайындағыларға, кейде өзіне зиян келтіруі мүмкін. Сондықтан балаға ең тиімді әдіс- суретті карточкамен алмасу арқылы тілдесуді (PECS) үйретіп, сол арқылы өз ойын айта білуді меңгертсек, баланың жағымсыз іс-әрекетін азайта аламыз. Карточкалардың негізгі мақсаты - балаға қалаған затын сұрап алуға, адамдармен қарым-қатынас орнатуға көмекші құрал болады.

Қорыта келсек, әлі де үмітімізді үзбей, алдағы уақытта қолданбалы іс-әрекетті талдау терапиясының әдісімен аутист балаларды емдеуге мүмкіндігіміз көп болатынына сенімдіміз.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Тебенова Қ.С., Рымханова А.Р. Арнайы психология: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 264 бет.

2. Мелешкевич О., Эрц Ю. Особые дети. Введение в прикладной анализ поведения (АВА): принципы коррекции проблемного поведения и стратегии обучения детей с растройствами аутистического спектра и другими особенностями развития. - Самара: Издательский Дом «Бахрах-М», 2015. - 208 с.

3. Фрост Лори. Система альтернативной коммуникации с помощью карточек (PECS) Руководство для педагогов/ Лори Фрост и Энди Бонди. - М.: Теревинф, 2011. - 416 с.

4. Жанысбаева Р.М., Асқарова А.Б. Аутизм. Қарағанды «Болашақ» университеті.

5. Айша Керей. «Оңтүстік Рабат» редакциясы, 2013.

*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., доцент. Туретаева Г.И.**

# ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**Дүкенбай С.Б.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан халқына Жолдауында төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін айтып қана қоймай, нақты 10 бағыт бойынша маңызды міндеттерді атап көрсеткен болатын. Солардың ішіндегі жетінші бағыты «Адами капитал – жаңғыру негізі» білім берудің жаңа сапасына арналады, яғни мұнда білім – басты бағдар болып табылады.

Жолдауда «білім» сөзі 24 рет кездеседі екен. Бұл білім саласы басты назарда екендігін көрсетеді. Жолдаудың бір ерекшелігі – мұнда білім саласының барлық сатылары бойынша нақты міндеттер айқындалған. Орта білім беру саласының жаңартылған мазмұнға көшкендігі жайлы да атап өтті. Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керектігіне және үш тілді қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруге ерекше назар аудару керектігін айтты [1].

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой деместің бәрі бекер» - деген ұлы ақын Абай сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Әрқашан білімді, ақылды, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге барынша атсалысуымыз қажет, себебі, озық ойлы білімдар оқушылар заманның дамуына өз үлесін қосары сөзсіз.

Дарындылықты данышпандылыққа айналдыру үшін қажымай-талмай еңбектену қажет. Әр ұстаз алдында отырған шәкіртінің табиғи дарынын танып, оны одан әрі дамытуға күш жұмсауы керек. Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін келесідей жұмыс түрлерін орындауымыз керек:

– дарынды оқушылардың қызығушылығын анықтау;
– дарынды оқушылардың қызығушылығына байланысты оқу жоспарын құру;
– дарынды оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешім қабылдауына ықпал ету;
– шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды іріктеу;
– дарынды оқушылардың білім деңгейі мен олардың өз мүмкіндіктерін пайдалану көрсеткішін арнайы әдістемелер бойынша жүйелі түрде тексеріп отыру;
– сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін жұмыстарға, пәндік олимпиада мен ғылыми конференцияға, интеллектуалдық турнирлер мен шығармашылық байқауларға дайындық жұмыстарын жыл бойы жоспарлы түрде жүргізу [2].

Дарынды балалармен жұмыс істеу дарындылықты айқындаудан басталады. Ол үшін алдымен бала бойындағы қабілеттілікті, бейімділікті тани білуіміз қажет. Ғылыми зерттеулерде баланың әр кезіндегі қабілеті, белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі жас кезінен белгілі бола бастайтыны дәлелденген. Бейімділік – бұл адамның белгілі бір іс-әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оянып келе жатқан қабілетінің алғашқы белгісі. Ал қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Қабілет-дәреже әр адамда әртүрлі деңгейде болады. Іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттің түрін дарындылық деп атайды. Оқушылардың субьект ретінде дамуы және қалыптасуы үшін оның зерттеу – ізденушілік жұмыстарға үйренуі танымдық іс-әрекетінде маңызды орын алады. Адам өмірі үшін зерттеу – ізденушілік дағдылар тек ғалымдарға ғана емес, адамға кез келген сферада жұмыс жасағанда керек. Жеке тұлға бойындағы негізгі дағды ретінде ізденушілік қасиеттің қалыптасуы қазіргі заман адамының стилі болуы қажет. Оқушыны зерттеу іс-әрекетіне үйрене отырып, оның субьектілігін қалыптастыратын қасиеттерін дамыту.

Дарындылық – табиғаттан берілетін ерекше қабілет. Өмір сүретін орта, берілетін білім мен тәрбие осы ерекше қабілеттің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлдем өшіреді. Дарындылық – көпқырлы. Ағылшын ғалымы Ж. Рензуллидің анықтамасы бойынша: «Дарындылық – бала бойындағы интеллектуалдық қабілеттің, шығармашылық қабілеттің

және табандылықтың болуы».

Дарындылықты анықтау – өте күрделі процесс. Ол психологиялық-педагогикалық шаралар арқылы жеке тұлғаның болашақтағы табыстарын үздіксіз бақылау мақсатында жүргізіледі. Дарынды оқушыларды анықтау үшін өзара тәуелді үш көрсеткішке назар аударылады: дарынды оқушының ішкі сезімі жағынан, дене бітімдік тұрғыдан және әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі.

Дарынды оқушының ішкі сезімі жағынан өзгешелігі: дарынды оқушы толыққанды, аңғарлы болады; өзінің қабылдау мүмкіндігімен ерекшеленіп, өзін қоршаған ортаға өте сезімтал келеді.

Дене бітімдік тұрғыдан ерекшелігі: дамудағы шапшаңдық дарынды оқушының бойында энергиясы мол болады, ол мөлшерден аз ұйықтайды; психомоторикасы танымдық қабілетіне қарағанда баяу болады.

Әлеуметтік тұрғыдан ерекшелігі: дарынды бала әділетсіздікке төзімсіз болады, жоғары моральдық қасиеттерге ие, алдына қойған мақсатқа ұмтылу белсенділігі жоғары болады, өзіне өзгелердің және қоршаған әлеуметтік ортаның назар аударуын қалайды, жағдайларға байланысты іскерлік қатынасы мен өз басы қажеттілігі, үлкендерден қалыспау, әлдебір нәрсені бірдей атқаруға деген құштарлығы басым келеді [3].

Дарынды балаларды анықтау – баланың дамуын талдаумен байланысты ұзақ процесс. Дарындылықты қандай да бір әдіспен анықтау мүмкін емес. Дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында біртіндеп, сатылап анықтау қажет.

Дарынды балаларды анықтау – арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады.

Дарынды балаларды дамыту жолдары:

– сабақта ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану;
– бейнетаспаларды, филмьдерді кеңінен қолдану;
– техникалық құралдарды кеңінен қолдану;
– шығармашылық тапсырмаларды орындау;
– сабақты инновациялық технологиялар арқылы өткізу.

Жасырын дарыны бар балалар өз қабілеттерін ашық көрсете алмайды. Бірақ сәйкес ынталандыру шараларынан кейін (ойындар, байқаулар, жетістікке жететініне сендіру және т.б.) мұндай балалар өз қабілеттерін көрсете бастайды (белгілі бір оқу пәні, тәжірибе жұмыстарында, спорт және т.б.). Көп жағдайда (психофизиологиялық, арнайы сипаттағы себептерге байланысты) дарындылық кеш байқалуы мүмкін.

Бала дарындылығының негізгі белгілерін Ү.Б. Жексенбаева өз еңбектерінде былай көрсеткен:

– арнайы психометриялық тест;
– баланы бақылаудың түрлі тәсілдері (оқу және оқудан тыс әрекеттерінде, зертханалық жағдайларда);
– арнайы бағдарлама аясында сынақ сабақтарын өткізу;
– педагог тарапынан оқушының іс-әрекеті мен мінез-құлқын эксперименттік бағалау;
– әр түрлі зияткерлік жарыстар, байқаулар, олимпиадалар т.б. өткізу;
– оқушы шығармасының туындыларын экспертік бағалау;
– арнайы психодиагностикалық тренинг.

Дарындылық – жеке тұлғаның өте күрделі, көп аспектілі қыры. Сондықтан оларға тән ортақ көрсеткіштерді белгілеу мүмкін емес. Әйтседе, Ү.Б. Жексенбаева өз еңбектерінде дарындылықтың бірнеше көрсеткіштерін берген. Олар – психомоторлық, интеллектуалдық, академиялық, шығармашылық және әлеуметтік дарындылық.

Демек, дарынды баланы анықтау – арнайы бағдарлама мен білікті мамандардың қатысуын қажет ететін өте күрделі мәселе және дарынды балалармен жұмыс істеудегі қажетті кезең болып табылады. Оқушының дамуы мен тәрбиелік деңгейін

диогностикалаудың барлық түрлері сияқты бала дарынын анықтауда бала оқитын сыныптың сынып жетекшісімен және психологпен ата-ана пікірлерін ескеріп, мүмкіндігінше педагогикалық кеңестер жүргізген дұрыс [4].

Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жалпы білім беретін мектеп бағдарламасынан ерекше өздерінің жеке тұлғалық қасиетін ашып көрсете алуын қамтамасыз ететін бағдарламалар негізінде оқытылуы қажет. Сондықтан дарындылыққа берілген шетел зерттеушілерінің анықтамаларында оларды оқытудың арнайы бағдарламасының қажеттігі туралы мәліметтер берілген. Мысалы, Барбара Кларк: «Дарынды балалар деп – қандай ортада болмасын кез-келген істі жоғары деңгейде атқара алатын, күнделікті қарапайым мектеп бағдарламасынан өзгеше оқыту бағдарламасын қажет ететін балаларды айтады. Бұл оқыту олардың қабілеттерінің төмендеуін емес, керісінше одан әрі дамуын, өсу ықтималдығын қамтамасыз етеді» - дейді [5].

Дарындылықты зерттеген Дж. Рензулли дарынды балалардың дамуы негізінде ақыл-ойларының жұмыс жасау ерекшеліктері мен биологиялық жетулуіне ерекше назар аударылмайтындығын айтты. Оның пікірі бойынша, дарындылық адамға мінез-құлықтың үш негізгі «кластерінің» өзара байланысы арқылы беріледі: орта деңгейдің жалпы мүмкіндіктері, жоғары деңгейдің «тапсырма беріктілігі» және үшінші деңгейдің шығармашылық мүмкіндіктері. Дж. Резулли: «Шығармашылық дарындылық мүмкіндіктері байқалатын балалар стандартты оқыту бағдарламасынан тыс кеңейтілген деңгейде оқыту мүмкіндіктерін қажет етеді», - деп көрсетеді [6].

Соңғы онжылдықтағы зерттеушілер талант пен дарындылықтың өзінен-өзі пайда болып, жол табатындығы туралы пікірлердің қателігін көрсетті. Дарынды балаларды оқытып, ерекше көңіл бөлмесек, оларды жоғалтып алу қаупі пайда болады. Дарындылықты ашудың қажетті шарттары туралы А. Владимиров: «Бізге туғаннан берілген дарын өңделмеген алмазға ұқсайды. Сібір кеңінен алынған мөлдір, қатты тас тәріздес (бірақ алмаз қаншалықты тамаша болса да, маржан тас екеуінің айырмашылығы жер мен көктің айырмашылығындай). Маржан тас деп – ерен еңбекті қажет ететін тегістелмеген алмазды айтамыз», - деп жазды [7].

М. Жұмабаев: «Жаңа алынған білім мен ескі білімнің қатынасы болсын. Яғни білім бергенде, жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшсін, жаңа білімді ескі біліммен байлап беру керек» деп жазды. Олай болса, мектеп қабырғасынан бастап оқушылардың өздігінен ізденулеріне басшылық жасап, бағыт беріп отыру керек [8].

Дарындылықты дер кезінде анықтап, оны дамыту үшін және болашақта кезігетін проблемалардың алдын алу үшін оқушыларды еңбекке, уақытты бағалауға тәрбиелеуіміз керек және бала бойындағы ерекше қабілетті дер кезінде танып, соған байланысты жүйелі жұмыстар жүргізіліп отыру керек. Дарындылықты анықтауда және дамытуда оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын тиімді қолдана білгенде ғана қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлға қалыптастыруға болады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты: http://www.akorda.kz. Қазақстан Республикасының Президенті.

2. Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.

3. Имашева Ш. Дарынды оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру. //Қазақстан мектебі журналы. Ақтөбе – 2014 - №5 (1061) мамыр.

4. Нурахметова Ж. Дарынды оқушыларды анықтау. //Білім технологиялары журналы. Ақтөбе – 2015 - №4 (шілде-тамыз).

5. Бұлақбаева М.К., Жакеева Ж.Е., Омирбекова А. Дарындылық: әлеуметтік маңызы мен диагностикасы: монография. – Алматы, 2015.

6. Кларк Б. Основания физиологической психологии. – М.: 2007.

7. Рензулли Дж. Модель обогащающего школьного обучения: практическая программа стимулирования одаренности детей. – М.: Молодая гвардия, 2005.

8. Шумакова Н.Б. Обучение и развитие одаренных детей. – М., 2009.
9. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Рауан, 1999. – 112 б.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к. Тағанова А.М.**

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

**Ерғалиқызы Ж.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Адамдағы агрессия мәселесі қазіргі таңда біздің қоғам үшін маңызды мәселелердің бірі, себебі біз онымен күнде көшеде, транспортта, мектепте кездесеміз. Қоғамда болып жатқан террор, жәбірлеу, суицидтің өсуі сияқты әлеуметтік құбылыстартың қатты белең алуына байланысты агрессия мәселесі бүкіл әлем психологтарының өзекті зерттеу бағытына айналып отыр. Бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары жасөспірімдерді агрессивті әрекеттерге еліктіріп, үйретуде. Батыс мәдениетінің біздің қоғамға енуі жастар мен жеткіншектерде девиантты мінез-құлықтың пайда болуына, нашақорлыққа, сексуалды құмарлыққа және т.б. жайсыз жағдайлардың өсуіне әкелді [1].

Қазіргі таңда көптеген психологтар агрессия – бұл өзіне мұндай қатынасты қаламайтын тірі жанға басқа біреудің зиян келтіруі немесе мақсатты түрде жәбірлеуді білдіретін мінез-құлықтың кез-келген формасы деген анықтаманы қолдады.Сонымен қатар, өз-өзіне бағытталған мінез-құлық әрекеттерін білдіретін – аутоагрессия деген бар дейді [2].

Барлық қасиеттер сияқты агрессия да индивидтерде әртүрлі дәрежеде көрініс табады, біреулерде мүлдем жоқ болса, басқаларда шексіз болады. Агрессияның болмауы енжарлық пен конформдылыққа, ал оның шектен тыс дамуы қақтығысқа, қоршағандармен өзара түсініспеушілікке әкеледі. Агрессия адамда белгілі бір мөлшерде болуы керек, себебі ол адамда болмаса, адам дамымайды, енжар болады. Жасөспірімдер үшін әлеуметтік қоршаған орта маңызды роль атқарады, ерекше орын алады, себебі ол айналадағы ортасымен қарым – қатынысқа түсу арқылы дағдыларды игереді, дамиды [3].

«Агрессия» термині қазіргі кезде кең контентте қолданылады.Адамдар неге агрессивті әрекет етеді екен, осындай деструктивті мінез-құлықты болдырамау үшін қандай іш – шаралар қолдану керек? Бұл сұрақтар көптеген ғасырлар бойы филосифия, поэзия, дін сияқты позицияларда карастырылып келеді. Біздің мыңжылдықта бұл мәселе жүйелі зеттеудің пәні болып отыр, бірақ агрессия проблемасына байланысты сұрақтардың бәріне жауап табылып жатқан жоқ [4].

Тұрмыстық тілде агрессия былайша түсіндіріледі: «Жауласуды тудыратын ашық жағымсыздық», ал «агрессивтілік» зиянды өзара әрекеттесудегі жауластықты тудырушы ретінде ретінде жүреді. Яғни агрессия ашық түрде жауласу болса, аргссивтілік адамның өзара жауласуына әкеледі. Жалпы агрессия термині зорлық әрекеттерін күшейту мағынасына ие. Агрессия мен агрессорлар дөрекі күштерді көрсетуші ретінде жағымсыз түрде бағаланады.

Жалпы адам онтогезінде күрделі кезеңдердің бірі болып, жасөспірімдік кезең (15-18 жас) кезең болып табылады. Бұл кезде бұрыс қалыптасқан құрылымды қайта құрып қана қоймай, сонымен бірге мінез құлықтың негізгі саналық құбылысы пайда болады. Отандық психологияда адам эгоист немесе қарапайым не мақтаншақ болып тумайды деп тұжырымдайды. Жасөспірімдер тек құрдастарының ішінде ғана емес, сонымен бірге үлкендердің ортасында да белгілі бір рөлді ойнауға тырысады. Үлкендерде мына ұстаным қалыптасып қалған – ол бала, сондықтан үлкендерді тыңдау керек деген. Нәтижесінде екіжақты барьер өседі. Мұндай мінез-құлық себептерін тереңрек қарастырсақ, онда бұндай жасөспірімдерде эмоционалды сферасы мен тұлғалақ кризистік бұзылулар болады.

Агрессивті мінез-құлық қарсы шығу сипатына ие, эпизоттық түрде пайда болады да олардың қоршаған ортамен өзара қатынасын бұзады. Ол жоғары тұлғалық әлеуметтік – психологиялық қасиеттерінің сандық жетіспеушілігінің салдары болып табылады. Яғни мынадай психологиялық қасиеттер: мінез-құлықтың жүйкелік ұстанымдар, қоғамдық сананың әлсіздігі, құндылықтың бағдарлану жүйесінің бұрмалануы болып келеді. Жасөспірімдік кезең – бұл адам дамуының күрделі кезеңдерінің бірі. Бұл кезеңде ерте орныққан психологиялық құрылымдар түбірімен қалаптасады, жаңа білімдер пайда болады, әлеуметтік мінез-құлық негіздері қаланады, әлеуметтік ұстанымдар мен адамгершілік көзқарастар қалыптасуында жалпы бағыттылығы көрінеді. Бір жағына бұл күрделі кезеңде баланың негативті көріністерінің көрсеткіші болып, тұлға құрылымындағы үйлесімсіздік болып табылады.Ересек адамдармен қарым-қатынасы қарсыласу сипатында болып, бұрынғы қалыптасқан қызығушылықтар жойылады. Екінші жағынан, бұл кезең көптеген жағымды факторларға толы: баланың өз беттілігі жоғарылайды, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынасы әртүрлі мәнде және жан-жақты бола бастайды, іс-әрекет шеңбері сапалы және мәнді өзгереді, өзіне және басқа адамдарға деген жауапкершілігі артады. Жасөспірімдердің мінез-құлқындағы мазалайтын бір жайт – ол әдетте түрлі ортада стихиялы топтық қарым-қатынас процесінде тұрақты мінезге айналатын – мазасыздық, қаталдық, агессивтілік болып табылады [5].

Жасөспірімдік кезеңде тұлғалық мінез қалыптасуы жүреді. Бұлар: балалық шақтан ересектікке өту, әдеттегі мектептік оқудың басқа іс-әрекеттік түрлеріне ауысуы немесе ағзаның қайта құрылуы баланы ортаның жағымсыз әсеріне енжар етеді. Бұл кезде ең маңыздысы отбас тәрбиесі мен бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

Егер балада агрессивтілік сияқты тұлғалық қасиет болса, онда оның мінез-құлық стратегиясының сипаттамасы мынадай болады:

Мұндай балалар өз қызығушылықтары мен позицияларын қорғауға тырысады, қарым-қатынаста эмоционалдық және агресивтілік көрсетеді;

Оларға өздерін эмоционалды тұрғыда қабылдау тән, өздерін жеткіліксіз сынау, өз сапаларының қасиеттерін бағаламау;

«Мен» образын ұстаушылық тән, бұл эгоизмді білдіреді, оқшаулану сезімінен қорықпай, лидерлікке ұмтылу тән.

Жанұя, мұғаліммен қарым-қатынас орнатуды конфликт ретінде бағалайды;

Өз қызығушылықтарын қорғаудағы агрессивтілік конструктивті шешім қабылдауға кедергі келтіреді.

Қазіргі ғылыми мәліметтерге сүйенетін болсақ, агрессивті бала – ең бірінші бұл балаға тән тұқымқуалаушылық. Ал агрессивтіліктің қырларын, сапасын тәрбие жұмыстарында аяқталмай қалған істерден оны қоршаған орта әсерінен көруге болады. Сонымен қатар жас өспірімдерде агрессивтіліктің қалыптасуына табиғи ерекшеліктер, оның темпераменті әсер етеді. Ғылымда жасөспірімдердегі агрессивті мінез-құлықтың себебін кей ғалымдар психодинамикалық бағытқа сүйенсе, басқалары психоәлеуметік даму ерекшеліктерін негізге алу керек дейді. Бұл жерде бірнеше типологиялар қалыптасқан. Мұндай типологияға мысал ретінде төмендегі топтарды көрсетуге болады:

Бірінші топ – мінезінде психопатиялық қырлары бар жасөспірімдер;

Екінші топ – ақыл-ойдың дамуы арта қалған жасөспірімдер;

Үшінші топ – патологиялық ауытқулары жоқ, бірақ дұрыс тәрбие көрмеген, адамгершілігі жоқ жасөспірімдер.

Бала тұлғасында агрессивті қасиеттердің көрінуіне негіз болатын жанұялық қатынастармен тәрбиелеу ерекшеліктерінің бір қатар түрлері бар (Е.Е. Копченова):

Ата-ана тарапынан мейірімнің жетіспеуі;

Балаға деген қызығушылықтың жоқтығы, селқостығы;

Ата-ананың баламен қарым-қатынасқа түсуден қашуы, қатыгездік.

А.Е. Личко жанұядағы 4 қолайсыз жағдайды көрсетті:

Әртүрлі деңгейдегі гиперқамқорлық: баланың бүкіл ішкі өміріне қатысушы тілегінен

(оның ойын, сезімдерін, мінез-құлқын) жанұялық жанжалға дейін. Балаға шектен тыс қамқорлық көрсету, оны бүкіл өмірін бақылау – енжарлыққа, өз бетімен әрекет ете алмаушылыққа, құрдастарымен қарым-қатынаста қиыншылыққа әкеледі.

Қараусыздыққа айналған шектен тыс қамқорсыздық. Бала ойына не келсе соны істейді, оның жұмысын ешкім сұрамайды. Бақылаусыз, қараусыз қалады.

Жанұя «кумирін» құрайтын жағдай – үнемі баланың кез-келген әрекетіне зейін қою және қарапайым қарапайым табыстарына шектен тыс мақтау айту.

Жанұядағы «золушканы» құрайтын жағдай – ата-аналары балаларынан гөрі өздеріне көп көңіл бөледі.

Балалар айналасында болып жатқан нәрселерді көріп соны үйренеді.

Егер баланы жиі сынаса, ол сынауды,кінәлауды үйренеді;

Егер балаға жиі дұшпандық сезімін көрсетсе, ол төбелесуді үйренеді;

Егер баланы жиі мазақтаса, ол қорқақ болып өседі;

Егер баланы жиі ұятқа қалдырса, ол өзін кінәлі сезінуді үйренеді;

Егер балаға түсінікпен қараса, ол шыдамды болуға үйренеді;

Егер баланы жиі мақтаса, ол бағалауды үйренеді.

Жасөспірімдердегі агрессивті мінез-құлықтың бастаулары жанұяда, оның мүшелерімен қарым-қатынаста, құрдастарымен, мұғалімдермен қарым-қатынаста жатыр. Сондықтан баламен кішкентай кезінен бастап дұрыс қарым-қатынас жасап, дұрыс тәрбие беріп, дұрыс көңіл бөлу қажет.

Э. Фромм: «Жанұя – бұл өз кезегінде қоғамның «психологиялық делдалы» болып табылады. Сондықтан, жанұяда бейімделу процесінде баланың бойында кейін түрлі әлеуметік мәселелерді шешуге және қоғамға бейімделудің негізі болатын мінез қалыптасады», – деген. Яғни жанұя – тәрбиелеудің дәстүрлі негізгі институты. Бала балалық шағында жанұяда не алса, соны бүкіл өмір барысына дейін сақтайды. Онда бала өмірінің маңызды кезеңін өткізеді, сондықтан тәрбие институты ретінде жанұя өте үлкен рөлді атқарады. Қорыта келе, жасөспірімдік шақтағы ең маңызды өзгеріс – ол «*тұлғалық күйзеліс*» немесе «*тұлғалық түсінбестік*». Балалық шағында психологиялық және жыныстық тұрғыдан дұрыс қалыптаспаған жеткіншектер жаңа тұлғалық қалыптасу кезеңінде күйзеліске ұшырайды. Жасөспірімге балалық кезде туындаған қақтығыстар арқылы өмірдің ащы-тұщысына бейімделіп, ересек жаста кездесетін қиындықтарды болжамдау міндеті жүктеледі. Бұл кезең әр жасөспірім үшін болып жатқан оқиғаларды түсініп, келешекте не болатындығы туралы ой жүгірте бастайды. Жеткіншек тәжірибе жинақтау үшін өзін еркін және саналы сезінуі керек.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. СПб: Питер 2001.

2. Райс Ф. Психология подросткового и юношеского возраста. – СПб: Питер 2000.

3. Бандура А., Уолтерс Р. Подростковая агрессия. Изучение влияния воспитания и семейных отношений. М, 2000.

4. Лоренц К. Агрессия. М, 1994.

5. Жас ерекшелік психологиясы: Оқу құралы. Алматы: «Отан» баспасы, 2016.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к., профессор Тасимова А.А.**

# ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ КӨРНЕКІЛІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

**Әмірханова Л.Ә.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Заман ағымына сай білім беру саласында болып жатқан өзгерістер әрбір педагог-психолог жұмысына жаңа талаптар қоятыны белгілі. Сонымен қатар, сәт сайын, секунд сайын келіп жатқан мәліметтер мен жаңа ақпараттық заманда ашылып жатқан жаңалықтар көзі өте көп. Көптігі соншалық білім алушылар мағлұматтарды қорытып үлгере алмай жатыр. Осы орайда педагог-психологтар білім алушыларға білім алудың оңай жолдарын қарастырып, жаңа интербелсенді әдістер мен техникалық  құралдар арқылы тиімді жеткізу көздерін ұсынуда. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдаған: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген «Болашақ бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы арқылы ұштасатын психология пәнін оқытудың маңызы ерекше [1]. Адам жанын түсінудің қыр-сырын үйрету мен түсіндіру, оны меңгерту мен игерту жаһандық, ауқымды бағдарды орындауға кішкене болсын үлес болмақ.

Қазіргі психологтардың, психолингвистердің, педагогтардың және басқа мамандардың зерттеулері бойынша басты құндылықтардың бірі, бірегейі - жоғары қабылдау деңгейі және берілген мәліметті бар ойымен барлық қабылдау жүйелері арқылы: көру, есту, кинетикалық, т.б. арқылы қабылдау болып табылады. Педагог-психолог үшін білім алушыны оқыту мен дамыту барысында мәліметті қабылдаудың барлық жүйесін қосуды үйренуі өте маңызды [2-188 б]. Сондықтан, жалпы білімдену процесінің табысты болуы көбіне қолданылатын оқыту әдіс-тәсілдеріне тәуелді болып келеді. Оқыту әдіс-тәсілдерінің түрлерін зерттей келе психология пәні үшін тиімдісі - білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, олардың қабылдауын жоғарлататын «көрнекілік» әдісі таңдалынды. Сол секілді Шығыс ойшылы Әл-Фараби «оқытудың негізгі әдісі - көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) оқыту процесінде қолдануды ұсынады [3-405 б]. Көрнекілік әдістерін пайдалануға Ы. Алтынсарин зор көңіл бөліп, «Қазақ жастары ғылым-өнерді кітап сөзі деп қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білуін» мақсат етіп қойды деген [ 4 ].

Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, объектілермен білім алушыларды таныстырғанды олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі сурет, көшірме, сызба арқылы құбылыс, процесс, заттардың символдық бейнелерін немесе оларды табиғи күйінде қабылдайды. Көрнекілік әдістерін шартты түрде екіге бөледі: иллюстрация және демонстрация. Кейбір деректерде көрнекілік әдісінің 3 түрін қарастырады. Үшінші түріне бақылау әдісін жатқызады [3- 405 б].

Демонстрация (көрсету) білім алушыларды құбылыстар, процестер және заттардың нысанасымен табиғи жағдайда таныстыру барысында қолданады. Әдістің бұл түрі оқылып отырған құбылыстың қозғалысын анықтау, заттың ішкі құрылысы және сыртқы көрінісімен немесе бірыңғай заттардың орналасу жағдайымен таныстыруды көздейді [4- 170 б].

Демонстрация әдісі арқылы заттар мен құбылыстар тәжірибе жасау немесе техникалық құралдардан, кинофильмдерден, диафильмдерден көрсетіледі [3- 405 б].

Оқытуды бұлай ұйымдастыру білім алушылардың оқу материалын жеңіл әрі терең ұғынуына мүмкіндік туғызады, олардың ойлау әрекетін жандандырып, қосымша ақпараттар береді.

Білім алушылардың құбылыстарды, процестерді және нысандарды өздері белсенділік танытып оқып үйренсе, шын мәнісінде бұл әдіс нәтижелі болмақ. Олар тарапынан мұндай қарым-қатынас оқуда проблемалық және ізденушілік жағдайға итермелейді.

Иллюстрация – демонстрация әдісімен тығыз байланыста болады. Бұл әдісті иллюстративті құралдарды (плакаттар, картиналар, суреттер, чертеждер, портреттер, картограммалар, модельдер) көрсетуде қолданады. Әдістің нәтижелі болуы оның қолдану тәсілдерін педагогтың қаншалықты меңгергеніне байланысты болып келеді [4- 171 б].

Оқу процесіне жаңа техникалық құралдарды енгізу (теледидар, видеомагнитофондар) оқытудың көрнекілік әдісінің мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қазіргі таңда көрнекі құралдың жаңа түрі - жеке тұлғалар қолданатын компьютерлерге ерекше көңіл бөлініп, түрлі оқу ғимараттарында (мектеп, лицей, колледж, университет) электронды тақталар кабинеттерге орнатылып, оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері туып отыр. Алысты жақындататын бұндай техникалық құралдар білім алушылар үшін білім алудың таптырмас көзі және әдістің оқыту процесіндегі мүмкіндіктерін кеңейтуші.

Оқытудағы көрнекілік әдісінің шарттары:

– көрнекіліктің білім алушының жасына сәйкестігі;
– көрнекілікті сабаққа керек кезінде қолдану;
– демонстрацияланған затты барлық білім алушының көруі;
– иллюстрацияның ең бастысын, мәндісін нақты бөлу,
– құбылыстарды демонстрациялау кезінде берілетін түсініктерді мұқият ойластыру;
– демонстрацияланатын көрнекіліктің оқу материалы мазмұнымен сәйкес келуі;
– көрнекі құралдар мен демонстрациялық қондырғылардан керекті мәліметтерді табуға оқушыларды қатыстыру [3- 406 б].

Көрнекілік әдістерінің тиімділігі білім алушылар үшін жоғары болмақ. «Жүз рет естігенше, бір рет көр» деген халық нақылы көрнекілік әдісін қолданудың тиімділігінің жоғарылығының дәлелі.

Я.А. Коменский өзінің «Ұлы дидактикасы» және «Суреттегі сезімдік заттар әлемі» кітабында ұсынған «Алтын ереже» арқылы «Қабылдауға болатынның барлығы сезім арқылы болады. Көрнекіліктерді көру арқылы, естілетіндерді құлақпен, иістер иіс сезумен, дәм дәм сезумен, сипап сезу қолмен, ұстау, сипап сезу жолымен жүзеге асады» деп көрсеткен [5- 126 б].

Қорыта келе, оқу-тәрбие процесінде көрнекіліктердің алатын орны мол екенін байқаймыз. Сонымен, оқуда көрнекілікті қолдану арқылы білім алушылардың білімі нанымды, дәлелді болады, ойлауы тереңдей түседі. Көрнекіліктермен өтетін сабақтарда заттардың негізгі белгілері мен ерекшеліктерін білуді жеңілдетеді. Көрнекіліктер мәліметтерді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Мақала. - 2018.01.11.
2. Карандашев В.Н. Методика преподавания психологии: Учебное пособие. – Питер, 2006.
3. Әбиев Ж.Ә., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика. Оқу құралы. Алматы. - 2006.
4. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы. Ана тілі, 1992. – 170 – 171 б
5. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. Алматы, 2006.

*Ғылыми жетекшісі:* **Досмырза Р.Ж.**

# ЖАСӨСПІРІМДІК ШАҚТАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТІҢ РӨЛІ

**Жанатова С.Ж.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Жасөспірімдер - 16-18 жас аралығындағы балалар. Бұлар ересек жасқа әлі жетпегендігімен, жеткіншек жастағы қылықтарын қойып, өзгелерге дұрыс қатынаса бастайды. Сырттай қарағанда мәдениетті, көмектесуге даяр тұрады. осы уақытқа дейін ойнап, тапсырмаларды дұрыс орындамай жүрсе, осы жаста келешегін ойлап, мамандық таңдауға кіріседі, оқуға салмақты қарайды. Жақсы оқуға тырысады. Ақыл-ойы едәуір дамып, өз ісіне, ойына дәлелді талдау жасап, рефлексиясы дамиды. Негізгі әрекеті оқу мен еңбек. Кейбіреулері мектепте қалса, енді біреулері мамандық таңдап, қалаған оқу орындарына барып оқиды. Жауапершілігі ұлғаяды, өздері, туғандары және өззгелер жайлы ойлап, қамқоршы болады [1, 290 б.].

Баланың психикалық, анатомо-биологиялық дамуына оның әлеуметтік орны да көп әсерін тигізеді. Сонымен қатар, оның айналысатын жұмысы да өз әсерін тигізбей қоймайды. Мысал үшін, 50 жыл бұрын өмір сүрген бала мен қазіргі бала арасында көп айырмашылық табуға болады.

Ең алдымен біз жасөспірімдерді азамат деп атаймыз, себебі олар осы жасқа жеткенде есея түседі. Және бұлар жеке тұлға бола алады. Психолог мамандардың айтуынща өз істеріне өздері жауап бере алады, өзбеттерімен шешім қабылдайды, психикалық тұрғыдан сау. Ал, психикалық мүгедек адамдарды біз жеке тұлға деп атай алмаймыз [2, 152 б.].

Жасөспірімдерді өмір ортасының қарама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі - өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатынасын, әлемдегі өзінің орнын табу. Ал бұл қажеттілік басқа адамдармен қарым-қатынастары қанағаттандырады. Бұл қажеттілікті қанағаттандыруда әдебиет пен өнердің атқаратын рөлі ерекше. Әдебиет жасөспірімнің алдына адамзаттық қарым-қатынастардың, мінез-құлықтардың, сезімдердің аса бай да күрделі мәнін ашып береді: ол әрбір кейіпкерден өзін көретін болады, өзінің сезімдері мен құмарлық-құштарлықтарының дұрыстығына жауап іздейді. Ал музыка - адамның сезімдерінің әміршісі. Оның тілі толқу үстіндегі адамға түсінікті. Сондықтан да жасөспірімдердің тыңдайтын музыкасына қатты көңіл бөлу керек.

Жасөспірімдер қоғамдық - өндірістік еңбекке қатысады. Ол тек еңбек арқылы ғана қоғамдық өмірде өз орнын таба алады, өзін бекітеді. Білім жасөспірім үшін еңбектің бастысы болып табылады. Өкінішке орай, кейбір жасөспірімдердің оқу пәндеріне деген ықыласының төмендеуінің әсерінен сабақ үлгерімі нашарлайды. Ғылым мен мәдениеттің әртүрлі саласымен қызыға айналысу негізінен жасөспірімдерге тән.

Жасөспірім өзіне дос болатын адамды өз ұжымындағы жолдастарының арасынан табады. Жасөспірімнің досы - ол тек бірге ойнайтын, жанжалдасып қалатын, татуласатын, бірге сапарға шығатын жолдас қана емес, ол -жасөспірімнің екінші өзі, ол оның ойын білетін, қызығушылықтары мен сезімдерінің куәгері және жақсы ниеттегі сыншысы. Ал жасөспірімдік шақтың орта тұсында қыз балалардың бойында ер балалар арасынан, ер балалардың бойындағы қыз балалар арасынан дос табуға деген қажеттілік оянады. Осылайша, ақылға салынған мақсатты қарым-қатынастағы достық қалыптасады, осыдан келіп жастық шақтық махаббаты да оянуы мүмкін.

Жасөспірімдермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идея: іс-әрекет түрлеріндегі жетістікке жағдай жасау, бұл сынып ұжымы алдында өзін-өзі ұстауына мүмкіндік береді; құндылықтарын қалыптастыру; мінез-құлқы мен рухани дамуына қарым-қатынастарын ұлғайтады [1, 300 б.]

Жасөспірімдік шақтағы қиыншылықтармен күресудің ең оңтайлы әдісі педагогикалық психологиялық тренингтер деп ойлаймын. Осыған орай, назарларыңызға бірнеше тренигтер жиынтығын ұсынамын:

«Өзін-өзі тексеру»

Мақсаты: Өзі туралы, өзінің қоғамда алатын орны туралы өз ойын дамыту; жеке позициясын түсіну.

Әрбір қатысушы бір парақ қағаз алады және оны төрт бөлікке бүктейді.

Нұсқау: «Мен кіммін?» деген сұраққа 10 жауап жаз. Оны жылдам жаса, басыңызға бірінші қандай жауап келсе, соны жазыңыз. Оны жылдам жаса, басыңызға бірінші қандай жауап келсе, соны жазыңыз. Оны бірінші бағанға жаз. Екінші бағанға сол сұраққа ата-ананың пікірі сеніңше қалай, соны жаз (нақты әкеңді немесе шешеңді таңдап ал). Үшінші бағанға сенің сол жағыңда отырған топтың мүшесі қалай жауап берер еді, соны жаз.

Сенің жазғандарың көрінбейтіндей етіп, парақты бүкте де, сол жақтағы көршіңе бер. Парақты алып, бос бағанға «Осы парақты саған берген адам қандай?» деген сұраққа 10 жауап жаз. Осыдан кейін жүргізуші парақты жинап алады да, араластырады. Ең соңғы бағандағы мінездеме кезекпен дауыстап оқылады , ал топ кім туралы екеніні анықтьау керек. (жазған ойыншы үндемей отыру керек) Осы берілген мінездememен топтың қаншалықты келісетіні талқыланады.

Талдау: Содан кейін парақ қатысушыларға таратылады, ал олар өздері 4 бағандағы жауаптарды салыстырады, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын талдайды.

Нәтижесінде жасөспірім тұлға өмірдегі өз орнын нақты айқындай алады.

Жаттығу: «Әр түрлі көзқарастағы әңгіме».

Мақсаты: Проблеманың шешімін табуда әр түрлі рөлдік көзқарастарға кіру.

Әр қатысушы қандай да өзінің проблемасы бойынша әр түрлі рөлдік көзқарастарға кезекпен «кіре» отыра (шыншыл, қиялшыл, күмәншіл) өзімен-өзі іштей диалог жүргізеді. Осындай 10 минуттық ішкі диалог аяқ астынан проблеманың шешімін табуға әкеледі. Қандай да бір алдында кездескен жағымсыз фрустрациялық жағдайларға қатысын өзгерту үшін, нейролингвистикалық жүйелеу (НЛП) техникасын қолданған пайдалы.

Талдау: Әр түрлі рөлдік көзқарасқа кіру жеңіл болды ма? Қандай қиындықтар болды? Не туралы ойладыңыздар? Қазір не сезінудесіздер? [3].

Нәтижесінде жасөспірімдер ьбойында өзіндік көзқарас, өмірге деген бағыт-бағдары өзгеріп, өзін тұлға ретінде сезінуге мүмкіндік туындайды.

Жасөспірімдер тәрбиесі, бірінші кезекте, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне ықпал етеді. Жасөспірімдердің физиологиялық даму ерекшеліктерін және бұл ерекшеліктердің баланың жетілуінде көрініс табуын, жақсы ортаның, мектеп ұжымындағы достар мен жолдастарының болуын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы және отбасындағы жағдайы арқылы жасөспірімнің жеке тұлғасын қалыптастыруға педагогикалық басшылықтың шамасы жетеді.

Демек, осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті тәрбиешілердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Жасөспірімдер өмірінде, әсіресе, тоғызыншы сыныпта, яғни, толық орта білім алу жолына таңдау жасайтын кезде, олардың бойында әртүрлі мамандықтарға, мектеп пәндерінің ішіндегі белгілі бір пәнге деген қызығушылығы пайда болады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество: Учебник для студ. вузов. - 4-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 1999. - 456 с.

2. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы, - Алматы: Дарын. 2004. 452 б.

3. https://infourok.ru/trening-zidi-tani-zgeni-ora-293269.html.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к., доцент Жусупова Ж.А.**

# МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛ (АҚПАРТТЫҚ) ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**Жаныбекова С., Бекмұрат А., Джарыева К.**
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта тәуелсіздік алған біздің елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарға деген көмек көрсету жүйесі түбегейлі өзгеріп, жаңа бағытқа қарай бет бұруда. Осы салаға байланысты ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050, Бір мақсат, бір мүде, бір болашақ» атты жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға көбірек көңіл бөлуде, олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуі тиіс – бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз» деп атап көрсетті. Қазақстан Республикасының мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеумен айналысатын, көптеген арнайы мекемелер үшін «ерекше балаларды» қоғамға біріктіру ең маңызды мәселенің бірі болып табылады.

Оларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, әлеуметтік ортаға бейімдеудің көптеген түрлері қарастырылуда, яғни арнайы оңалту орталықтары, түзету мекемелері ашылып мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленіп, әлеуметтік қызмет түрлерін алуда.

Осындай ілгерлеу процестерінің бірі, ерекше балаларды қоғамға және білім ортасына интеграциялау. Әлеуметтендіру процесі түрлі даму проблемалары бар балалар үшін қиын. Мүмкіндіктері шектеулі адамның әлеуметтік оңалтудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы барлық адамдардың тең өмір сүрудің барлық түрлеріне және әлеуметтік қызмет түрлеріне толыққанды қатысу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Қоғамдағы проблемалары бар балалардың интеграциясы:

- қоғамның және әлеуметтік ортаны баланың жеке басына әсері;
- осы процесте баланың белсенді қатысуы;
- қоғамның өзін-өзі жетілдіру.

Бірақ та мән беріліп ескеретін жәйт, мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға еңгізудің қиындығы, бір жағынан бала дамуындағы дене және психологиялық ауытқулары болса екінші жағынан әлеуметтік жүйенің дұрыс қалыптаспағандығы, мүмкіндігі шектеулі баланы қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді. Мүмкіндігі шектеулі баланың негізгі проблемасы - оның әлеммен қарым-қатынасының бұзылуы, құрбы-құрдастармен және ересектермен қарым-қатынастың кедейлігі, табиғатпен шектеулі қарым-қатынас, мәдени құндылықтардың қолайсыздығы, кейде бастауыш білім алуы. Бұл проблема тек физикалық және психикалық денсаулығының жай-күйі болып табылатын субъективті фактордың ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік саясат пен қазіргі қоғамдық сананың нәтижесі болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеудің негізгі міндеттері: ақыл-ойы дамымаған балалар қалыпты балаларға қарағанда қоршаған ортаның биологиялық және психологиялық зиянды жақтарын басқаша қабылдайды. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жылдам өзгеріп отыруына қарай,өмірдің әр түрлі жақтарына байланысты балалардың икемділігін қалыптастыру және әр бір баланы өмірде айналасындағылардың көмегіне тәуелді болмай өз бетінше өмір сүруге дайындау,өз тұрмысын өздігінен ұйымдастыра алатындай жағдайда болуға үйрету. Белгілі орыс ғалымы Л.С. Выготский бала бойындағы кемістігін толықтырудың екі түрлі ерекшелігі бар, оның бірі бала психикасының даму шамасына орай тәрбие талаптары, екіншісі – кемістігі қалпына келтірудегі өз бойындағы ерекшеліктері мен мүмкіндіктері деп көрсетеді. Сол «ерекшеліктері» мен мүмкіндіктерін түсіне отырып тек қана қоғам емес әр бір адам сол тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеуде белсенді рөл атқаруы керек. Әр адам қайталанбас тұлға, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы.

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі өзгерістер мен жаңалықтар соның нәтижесі. Бүгінгі білім беру үрдісінде жаңа

ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Және бұл қуат көзін «ерекше балаларғада» қолданамыз әрі айтарлықтай нәтиже беруде.

Ақпараттық-комуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқу құралдарын пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылық жұмыс жасауына жағдай жасайды. Орташа ақыл-ой кемістігі бар балалардың оқыту бағдарламасында көрсетілген ерекше талаптарды қанағаттандыру мақсатында естіп қабылдау мен қабілетін дамыту, дыбысқа еліктеу және дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтылуын қалыптастыруға өте тиімді құрал. «Әліппе» және «Сиқырлы қалам» сияқты электронды оқу құралдары арқылы түрлі суреттер, бейне көріністер көрсетуге, дыбыс және әуен тыңдауға болады. Үйден білім алатын балалардың және жеке мүмкіндіктерімен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютермен және қосымша жинақтармен қамтамасыз етіліп, қашықтықтан ата-анасымен, оқушымен үздіксіз байланыс орнатады. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды үйден оқыту жағдайында жаңа технологиялар көмегімен ұйымдастыру - оқу материалдарын түрлендіре отырып оқушының назарын бір бағытқа шоғырландыру, сабақтың түсіндірілуін жеңілдетіп, оқушының сабаққа деген белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы балалар үшін жаңа технологиялар көмегімен білім беру арқылы білім, білік және дағдыларын қамтамасыз етуге болады. Оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде яғни, жаңа материалдарды түсіндіру кезеңі, бекіту кезеңі, қайталау кезеңі және білімін іскерлігімен дағдыларын пысықтағанда компьютер қолданылады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларды электронды оқу құралы арқылы оқыту барысында сергіту сәттерін, саусақ, тыныс алу және көзге арналған жаттығуларды өткізу пайдалы.

Жаңа технология үдерістерінің талабы - оқушыларға білім беруде белгіленген мақсатқа жету, оқушылардың іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын, оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіре отырып, сабақтағы үш мақсатты жүзеге асыруға қол жеткізу. Даму мүмкіндіктері шектеулі балаға білім беру жүйесі қазіргі таңда түбегейлі өзгерістерді талап етеді. Ол талаптар әдістемелік тәсілдер мен жаңа технологиялар қолдану, білімнің сапасымен қатар оқуға қызығушылық негізін қалыптастыруды ұсынады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру - білім беру саласының болашағына үлкен әсерін тигізеді. Мұғалімнің ақпараттық құзырлығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі. Электронды оқу құралдарының тиімді жақтары өте көп. Оқыту үрдісінде жеке тұлғаға бағыттауға, бақылау және қателіктерді ескере отырып қарама-қарсы байланыс жасауға, өзін-өзі тексеруге, оқу үрдісін түзетуге, әр түрлі ситуацияларда ең тиімді шешім қабылдауын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тәжірибеде, бірінші бөлім бағдарламасы бойынша оқытылатын оқушы математика сабағында компьютерді қолдануы оның белсенділігін арттырып, логикалық ойлау қабілеті мен есептеу дағдыларын жетілдіруге пайдасын тигізеді. Арнайы мектептің екінші бөлімі бастауыш сыныптар оқушыларының оқу, жазу және тіл дамыту сабағын оқыту үрдісінде электрондық оқу құралын тәжірибеде жиі қолданамыз. Оқыту үрдісінде балалардың сөздік қорларын молайтуда және сөйлеу тілін дамытуда презентация-тапсырмаларды пайдалану үлкен нәтиже береді.

Сабақтарды компьютерлік технологиялардың негізінде ұйымдастыру арқылы мүмкіндіктері шектеулі балаларға берілген білім тиімді жолдармен бекітіліп, қабылдау үрдісін ауқымды, есте сақтау функциясын жетілдіріп, ойлау әрекетін дамытып, тіл кемшіліктерін түзетіп, оның потенциялды мүмкіндіктерін нығайтады. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар балалардың сөздік қорын байытады, ойын түрінде және экран арқылы берілетін түрлі-түсті ақпарат, ауызша мен қағаз көрнекіліктерінен гөрі жақсы меңгеріледі. Мазмұны қиын емес шағын мәтіндерді тыңдау, буындап оқу, суреттер және сұрақтар бойынша мазмұнын және тыңдағанының айта білу, ашық, тұйық буындарды ажырату, екі буыннан тұратын сөздерді құру және оқу. Таныс буындық кешендерді тұтастай

қабылдауды бекітуге ықпалын тигізеді. Бүгінгі күні білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты - ерекше білім беруді қажет ететін балаларды ақпараттық қоғам жағдайында әлеуметтік, тұрмыстық, қоғамдық және басқа да салалардың іс-әрекетіне толық әрі тиімді араласу болып табылады. Білімді болумен қатар ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында өз біліміңді қажетіңе пайдалана білу – өте маңызды. Ақпараттық технологияларды жетілдіру - білім берудің бір бөлігі деп те айтуға болады. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқу құралдарын қолдану оң нәтиже беруде. Мұғалім аталған технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке тіл табыс алатындай жолмен жүргізетін мүмкіндікке ие болады. Электронды оқу құралдарымен сабақ берудің тиімділігі:

- оқушы жеке жұмыс жасау арқылы өз белсенділігін арттырады;
- оқушынының танымдық қызметтері арта түседі;
- мұғалім оқушының жағдайын және қабілетін бақылап, өзіндік жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Мұғалім оқушылардың қабілеттерін дамытып, танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыратыны анық. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану бір жағынан оқушының білім, білік және дағдыларын толық меңгерту құралы болса, екінші жағынан, баланың сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын жетілдіру құралы болып табылады.

Қорыта келгенде, бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда әрбір мұғалім озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек. Сонау XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен.

Білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілген «ҚР- нда білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше мән берілген. Бағдарлама барлық балаларға тең дәрежедегі білім беру мен оларды сапалы тәрбиелеу кепілі ретінде айқындалып, мүмкіндігі шектеулі балалардың да білім алуына қажетті негізгі мақсаттарды атап көрсеткен. Осы мақсатта мүмкіндігі шектеулі жандарға білім жүйесін ақпараттандыру және пәндерді заманауи ақпараттық технология негізінде оқыту мақсаттары алға қойылып орындалуда.

«Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым ауыр болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болуы керек» деп неміс педагог-дефектологы П. Шуман айтқандай, оқу-тәрбие үрдісін түзету бағытыда жүргізу мұғалімердің шығармашылық ізденістерін, кәсіби біліктіліктерін жетілдіруді талап етеді. Әрі мүмкіндігі шектеулі баланың келешегі, оның тағдыры, әлеуметтік ортаға бейімделуі - ата-аналар мен педагогтардың, әлеуметтік қызметкерлердің бірігіп қажырлы жұмыс жасаудың нәтижесінде деп білеміз.

Егеменді еліміздің заманауи қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қамқор болу, көмек көрсету, оларды оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтік ортаға бейімдеу екендігін естен шығармағанымыз жөн.

**Қолданыған әдебиеттер**

1. Мудрик, А.В. Социальная педагогика./ А.В. Мудрик. - М., 2012 - 378 с.

2. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл 31 қаңтар.

3. Шилова М.И. Социализация и воспитание личности школьника в педагогическом процессе: Учебное пособие: Изд. второе, переработанное и дополненное. - Красноярск: РИО КГПУ, 2012. - 218 с.

4. Основы обучения и воспитания аномальных детей / Под ред. А.И. Дьячкова; Академия пед. Наук. - М.: Просвещение, 2012 - 387 с.

*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., доцент Туретаева Г.И.**

# БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНЫНЫҢ МОДЕЛІН ҚҰРУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жармұханбет Н.Е.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Бүгінгі Қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын, заман талабына сай ойлайтын, ғылыми-әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны жетік меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалімнің кәсіби тұлғалық жетілуінен көрінеді. Басқаша айтқанда, білім беру үдерісі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамандық сапасына үлкен талап қояды. Ол мұғалімнің өзін-өзі дамытуына, өзіндік білім алуына және өздігінен шығармашылық түрде қызметтерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Педагог – бүгінгі студент – ертеңгі қоғамның, елдің тірегін өмірге дайындаушы. «Қазақстан 2050» жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда болашақ мамандарға айрықша жауапкершілік жүктеліп отыр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру болып отыр» [1] – дей келе, қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту бағытын дәйекті жүргізу басымдықтарын нақтылауды тапсырды. Осы орайда, болашақ педагогикалық мамандардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың ерекшеліктерін айқындаудың маңызы зор.

Кәсіби маман даярлаудың өзектілігі елімізде болып жатқан қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өзгерістермен анықталады. Осыған байланысты, кадрларды қайта даярлау мен әзірлеудің мақсат, міндеттері құрылуда. Ең алдымен алдыңғы қатардағы кәсіби маман дайындау Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарымен бекітілген [2].

Болашақ мамандарды кәсіби даярлау, педагогтардың жекелеген қасиеттерін қалыптастыру мәселелері Ш.А. Абдраман, Қ.М. Арынғазин, Б.Ә. Әбдікәрімов, К.Б. Дүйсенбаев, С.Т. Каргин, К.М. Кертаева, С.З. Қоқанбаев, О. Сыздықов, Ә.Ә. Усманов, Н.Д. Хмель, Л.А. Шкутина, т.б. еңбектерінде қарастырылады.

Жоғары білімі бар болашақ маман тұлғасының әр-түрлі жақтары қарастыру барысында, соның ішінде мынадай өзекті аспектілері көтеріледі: қазіргі тұлға қалыптасуының факторлары, өз шығармашылық мүмкіншілігін дамытуға бағытталған тұлғаның дайындығын қалыптастыру мәселесі, болашақ гуманитарлы бағдарланған маманның моделін жасау проблемасы.

«Психологиялық сөздікте» «Модель» - үлгі, сұлба, өң, кейіп, таныс бейне деген ұғымдарды да білдіреді [3]. Сондай-ақ, ғылыми зерттеулерде «модель» ұғымының орнына түрлі ұғымдар қолданыс табуда. Ал, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Модель – бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы» ретінде қарастырылса, «модельдеу – шамалау, жобалау,» үдеріс, әрі әдіс ретінде қарастырылады, қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді [4, 300 б.].

Белгілі психолог А.К. Маркова болашақ педагог-психолог мамандарының моделі құрамын төмендегідей көрсетеді:

- педагог-психолог іс-әрекетінің кәсібилігі;
- кәсіби-лауазымдық талаптар (білімдер мен іскерліктер орындау кезінде белгілі бір кәсіптік міндеттерді жүйелі атқару);
- кәсіби біліктілік (білім және білік, дағыларын жүзеге асыру) [5, 59 б.].

Болашақ маманның моделін жасауға кірісу барысында тұлғаның кәсіби іс-әрекетінің пәндік және қызметтік жақтарынан басқа тұлғалық жағын ескеру маңызды болады, сонымен бірге маман іс-әрекетінің шығармашылық жақтарын. Шынында, қазіргі білім берудің міндеті ұрпақтан ұрпаққа түрлі ғылымдарды жеткізу, технократиялық бағдарланған білімдер, біліктер мен дағдылардың қалыптасуын қамтамасыздандыру деп танылмайды. Білім беру сферасы «материалды және рухани әлемның тұтас суретін қалыптастыруға, рухани, мәдени,

адамгершілік құндылықтарды олардың ұлттық және жалпыадамзаттық түсінуіндегі» міндетті шара болып қалмақ. (Б.С. Гершунский) [6, 220 б.].

Болашақ маман моделінің компоненттері (сауаттылық; біліктілік; кәсіби құзырлылық; мәдениет; менталитет) кіреді:

1. Сауаттылық, оқытушылық деңгейі деп түсініледі, қазіргі адамның әрекеттенуі үшін қоғамда талап етілетін және оған қосқанда қажетті білімдерді, белгілі бір ғылым мен техникада, өнердегі және т.б. мағлұматтарды білуді қамтиді.

2. Біліктілік - қажетті кең ой-өрістің және түрлі мәселелерді түсіну тереңдігі бойынша белгілі бір таңдаушылықтың болуын қамтитын жүйе.

3. Кәсіби құзырлылық дегеніміз өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен, тұлғаның жеке ерекшеліктерімен, оның білім алуға ұмтылыстарымен, шығармашылыққа қабілеттілігімен, іске жауапкершілігімен анықталатын жүйе.

4. Мәдениет дегеніміз белгілі бір іс-әрекетті немесе білімдер кәсібін меңгеруде қол жеткізген жетілудің деңгейі.

5. Менталитет дегеніміз әлемді қабылдаудың терең негіздерін, мінез-құлық пен дүниетанымдық негіздерін, адамның қылығы мен оның қоғамның өміріне түрлі жақтарын қамтитын жүйе.

Педагогика ғылымында модельдеудің бірнеше үлгілері кездеседі. Осы модельдеудің өлшемдері мен көрсеткіштерінің арақатынасының әр түрлі дәрежеде көрініс беруіне байланысты, педагогикалық бағыттағы пәндерінің материалдарын меңгерудегі білім мен практикалық біліктері және әлемнің біртұтас ғылыми бейнесінің қалыптасуының мүмкін болатын төрт шартты деңгейі анықталады:

Жоғары деңгей – болашақ педагог-психологтың кәсіби іс-әрекеті және жаңа педагогикалық технологиялар бойынша білімді жетік меңгерген, оларды кез-келген білім беру мекеме практикасында еркін іске асыра алады, жаңашылдық тұрғысынан шығармашылыққа және өзін-өзі жетілдіруге деген тұрақты ынтасы менжүйелі мүддесімен сипатталады. Олардың істері мен мінездері ішкі серпіліс пен жауапкершілік негізінде жүзеге асады. Қиыншылық туындай қалса болашақ педагог-психологтар жағдайды тек түзетіп қана қоймайды, сонымен бірге оның ықтимал өзгерістерін сараптайды, қиыншылықтан шығудың жаңа, тапқыр шешімдерін жасайды.

Жеткілікті деңгей – болашақ педагог-психолог кәсіби іс-әрекеті және жаңа педагогикалық технологиялар бойынша білімі жеткілікті, оларды іс жүзінде асырудың әдіс-тәсілдерін, жолдарын, құралдарын, әдістемесін меңгерген, теория мен практикадан алған білім, білік, дағдыысын практикада мүмкіндігінше пайдалануға тырысады. Жұмысына шығармашылдық көзқарас танытады. Икемділіктерін тек белгілі бір жағдайда ғана табыспен, жүйелі және саналы түрде қолданады.

Орташа деңгей – бұл деңгейдегі болашақ педагог-психологтардың теориялық білімі бар, бірақ оларды іс жүзінде іске асырудың әдіс-тәсілдерін, жолдарын, құралдарын, әдістемесін толық меңгермеген, теориядан алған білім, білік, дағдысын практикада анық көрсете алмайды. Олардың іс-әрекеттері толық көлемінде тұжырымдалмаған, психологиялық-педагогикалық қабілеттері шыңдалмаған. Туындаған қиындықтарды өз бетімен шешуге бейім емес.

Төмен деңгей – болашақ педагог-психолог өзінің кәсіби іс-әрекетінің мәнін жете түсінбейді, іс-әрекетінің мазмұнын және ерекшеліктерін жете түсінбейді. Бұл деңгей болашақ педагог-психологтардың оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыруға дайын емес екендігін сипаттайды.

Аталған модель бізге болашақ педагог-психологтардың кәсіби бағыттылығымыздың қалыптасу деңгейін зерттеп білуге, принциптер жүйесін анықтауға және педагогикалық шарттарды айқындауға мүмкіндік береді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан-2050 Стратегиясы » ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына

Жолдауы: «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. //«Егемен Қазақстан», 15 желтоқсан 2012 жыл.
2. Закон Республики Казахстан. Об образовании. Астана: Акорда // http:// www. edu.gov.kz
3. Большой психологический словарь /сост. и общ.ред. Мещеряков Б., Зинченко Б. – СПб.: Прайм – ЕВРОЗНАК, 2003. – 672 с.
4. Қазақ тілінің сөздігі / жалпы ред. басқарған Жанұзақов Т. Алматы: Дайк – Пресс, 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркестері – 1999. – 776 б.
5. Маркова А.К. Психология труда учителя: Книга для учителя. – М.: Просвещение, 1993. – 189 с.
6. Гершунский Б.С. Философия образования: Учебное пособие для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. - М.: Московский психолого-социальный институт, 1998.- 432 с.

*Ғылыми жетекшісі:* **Досмырза Р.Ж.**

## СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫ

**Зинешова А.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Сөйлеудің бұзылу түрлері:

*Дислалия* - дыбысты дауыстап айтудың бұзылуы. Дислалиялық дыбыстық бұзылулар артикулярлық аппарат құрылымының ақауларымен, сондай-ақ сөздік тәрбиенің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

*Ринолалия* - артикулялық аппарат құрылысының туа біткен анатомиялық дефектілерімен байланысты пайда болатын дыбыс шығарудың және дауыс тембрінің кемістіктері.

*Дауыстың бұзылуы* - Бұл деффект дауыс аппаратындағы патологиялық өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Дауыс бұзылуының екі түрі бар:

- Дисфония яғни дауыстың ішінара бұзылуы (дауыстың жоғарылық деңгейі, күші, тембрі бұзылады);
- Афония – дауыстың мүлдем жойылып кетуі.

*Дизартрия*- сөйлеу аппаратының иннервациялық жетіспеушіліктерінен болатын дыбыс шығарудың және сөйлеудің мелодиялық және интонациялық тұрғыдан бұзылуы.

Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен дер кезінде мамандар түзету жұмыстарын жүргізуі қажет.

Баланың сөйлеу тілін жетілдіруде саусақтарды жаттықтыра отырып бас миының жұмыс істеу қабілетіне күшті ықпал етеміз. Сондай-ақ қолдың жазуға икемділігін арттырамыз. Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету жұмыстарына кіріспес бұрын, оның жеке тұлғалық белгілерін міндетті түрде білу қажет. Кейбір балалардың сөйлеу тілінің бұзылуымен қатар, нервті-психология саласында да психологиялық ауытқушылықтар болатына да назар аудару қажет. Сол себепті де балалармен күнделікті жұмыста әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, жалпы және арнайы моторикасын дамыту үшін ойындар мен тапсырмалар беріп отыру қажет.

Тіл кемістігі бар балалардың ұсақ қол моторикасын дамытуда әртүрлі массаж қолданады. Оның негізгісі сылау, сипау, қысу, сілкілеу, қозғалту, дірілдету арқылы босаңсыту және қатайту массаждары. Сондай-ақ биологиялық активті нүктелерге әртүрлі вибро-массажер, зонд, дөңгелек, массаж доптар, спанжер және өз-өзіне массаж түрлері жасалады. Біз өз тәжірибемізде алақанға Су-Джок массажері мен саусақ буындарына

сақиналары пайдаланамыз. Жалпы массаж жасауға қажетті ұсыныстар.

1) Массаж балаға қолайлы жағдайда мүмкіндігінше жақсы музыкалық сүйемелдеумен өткізілгені дұрыс.

2) Баланың терісі-құрғақ, таза болуы керек. Массаж жасаушының қолы таза, жылы, жарақатсыз болу тиіс.

3) Массаж ұзақтығы 10-12 процедур бір цикл, күн сайын немесе күн аралық. Алғашқы уақыты 2-3 минуттан басталады.

Қол моторикасын дамытуға арналған графикалық диктант баланың тіл мүкістігін, жазу бұзылуын түзетуде айтарлықтай ықпал етеді. Жаттығудың бір түрі мынадай: Алдымен қолды суық және ыстық суға салып алмастыру керек. Осыдан кейін ермек саз, сурет салу немесе графикалық жаттығуларды жасаймыз. Қамырмен жұмыс жасау да пайдалы. Қамырды домалату, сығу, содан кейін үш саусақпен кішкентай бөлшектерге бөлу арқылы саусақтарды жазуға дайындауға болады. Немесе моншақты, түймелерді жіпке тізу. Мұндай жаттығулардың баланың дамуына септігі көп.

Саусақ ойындары мен жаттығуларын орындату үшін де әр түрлі тәсілдер қолданылады. Саусақ қозғалыстары әртүрлі қысқа ырғақты тақпақтарымен айтылады.

Ол екіге бөлінеді:

- Отырып ойнайтын саусақ ойындары;
- Қолдың нәзік бұлшек еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып, секіру бір орында жүгіру, қол, аяқ, бас қимылдары да бірге орындалады.

Логопедтің алдына қойған мақсатына байланысты логопедиялық сабақта да олардың аралығында да әр түрлі ойындар қолданылады. Бірінші жағдайда ойын дұрыс сөйлеу туралы білім алуға, оларға қажетті дағдылар мен білімдерді тәрбиелеуде ұжымға деген дұрыс қарым-қатынас қалыптастыруда көмектессе. Екінші жағдайда баланы іс-әрекеттің бірінші түрінен екінші түріне ауыстыруға, сондай-ақ демалуына, сабақ барысында алған білімін еш мәжбүрсіз бекітуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы логопедия бойынша әдістемелерді мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстарда ойынды қолдану ұсынылған. Авторлар ойынды сөйлеу тілін дамыту және түзету мақсатында қолдануды ұсынған.

Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдебиеттерде ойынның түрлерін бөлген:

- Дидактикалық;
- Қимылды;
- Шығармашылық құрастыру;
- Драматизм-ойындары;
- Рөлдік-мағыналық.

*Дидактикалық ойындар.* Бұл ойынды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша үлкендер ұйымдастырады. Дидактикалық ойындардың міндеті - балалардың бағытталған және ортақ іс-әрекетін ұйымдастыру. Бұл ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамай қажетті білімдерді алады. Балалар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау.

5 жастаға бала дидактикалық ойын барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларды, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренеді. 6 жастағы бала ойын тапсырмасын сапалы шешуге қызығушылығы арта түседі. Ал 7 жасқа таман бұрынғысынша ойын әрекеті қызықтырады, бірақ көбіне ойынның нәтижесі қызықтау болады. Бұл кезде өзіндік ұйымдастыратын, бағалау, өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар қолданылады. Бұл жастағы балалар үшін аспапты таны, дыбыстарды қайтала, өзің сүйетін әуенді орында деген сияқты музыкалық дидактикалық ойындар қолданылады.

Логопедиялық сабатардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шыңдалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

*Қимылды ойындар.* Сөйлеу тілінде кемшілігі бар балаларда қимыл бұзылысы жиі

кездеседі: қимылдың епсіздігі жинақылық емес ебедейсіз, әр түрлі қимыл икемсіздігі. Сол үшін қимылды ойындардың алатын орны ерекше. Балалар қажет қимылды шыңдайды, ұжымдық ойындар ойнауды үйренді. Олар үшін дыбысталған қимылды ойындардың маңызы зор, логопедияда бұл ойындар логопедиялық ритмика деген атаумен таныс. Бұл ойындар алада дұрыс тыныс өлең мен дыбыстауды, қимылды сөзбен ұштастыруды тәрбиелеуге әсер етеді.

*Шығармашылық ойындар.* Бұл ойында балалар өз ойын қиялын, қоршаған әлемнен алған әсерін өз білімі мен тәжірибесін көрсете алады. Шығармашылық ойынның бір түрі құрылыс заттарымен ойнау. Бұл ойынға баланың кеңістікте бағдарлануына көлем мен сан, сапа туралы түсінігін дамытуға әсер етеді.

*Құрылыс ойындарында* кубиктер, қораптар, баулар, құм, сазбалшық, т.б. қолданылуы мүмкін және де құрылыс ойындарын сондай-ақ түзету мақсатында да қолданады: баланың байсалды мінезіне, сабаққа өзгерту енгізу үшін. Құрылыс ойындарын бірінші логопедиялық сабақтарда ғана қолдануға болады. Бұл баланың сөйлеуімен байланысты. Жеке заттарды атайды, сұрақтарға жауап береді.

*Драммалық ойындары* өте қызықты өтеді. Бұл кезде балалар сүйікті ертегілерін айтады, ертегі кейіпкерлерін салады, диалог жүргізеді. Егер қажетті киімдер мен бетперделер дайындалса ойын одан әрі қызығырақ болады. Драммалық ойыны бала бақша қуыршақтары мен де жүргізіледі. Бұл ойын бала дұрыс сөйлеуге үйренгеннен кейін ғана ойнатылады. Ойынды өткізу үшін жақсы дайындалу керек. Алдымен балаларға ертегіні оқиды, сұрақтар қояды, қимылдарды бейнелейді. Осыдан кейін ғана барып ойынға кірісуге болады.

*Мағыналық-рөлдік ойындарда* баланың өмір туралы түсінігі кеңейеді. Мағыналық - рөлдік ойындардың тақырыбы әртүрлі әрі балаға жақын болуы керек. Логикалық сабақтарда рөлдік ойындар бала еркін сұрақтарға жауап бере алғанда ғана ойнатылады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Логопедия: Учебное пособие для студентов педагогических институтов / Л.С. Волкова Р.И. Лалаева, М. Мастюкова и др.; Под ред. Л.С. Волковой. - М: Просвещение, 1989. -528 с.

2. Филичева Т.Б. Особенности формирования речи у детей дошкольного возраста. Монография. М., 2000. - 314 с.

3. Цейтлин С.Н. Язык и ребенок: Лингвистика детской речи: Учебное пособие для студентов высших учебных заведений. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2000. - 240 с.

*Ғылыми жетекшісі:* **Сұлтанғалиева О.Қ.**

## МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ МӘНДІ САПАЛАРЫ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ.

**Иманчиев Ж.Е., Рысқұлова А.Ә., Имаганбетов С.А., Төремұратова А.Ж.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Жоғары педагогикалық оқу орны магистранттарының кәсіби мәнді сапаларын дамыту мәселелерін қарастыруда кәсіби мәнді сапалардың мәнімен мазмұнын зерттеп, талдаудың қажеттілігі артады.

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау педагог тұлғасы, оның тұлғалық, кәсіби қасиеттері мен сапаларының, құрылымының жан-жақты қарастырылғанын көрсетті.

Р.Ж. Аубакированың диссертациялық зерттеуінде гумандылық болашақ мұғалімнің кәсіби мәнді сапасы тұрғысынан қарастырылса [1], К.С. Успановтың докторлық диссертациясында болашақ мұғалімнің кәсіби мәнді сапалары қатарында гумандылық,

елестетушілік, жете ұғынушылық, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық мәдениет, қоғамдық белсенділік, ұжымшылдық жан-жақты негізделеді [2].

Ал Ж.А. Жүсіпованың еңбегінде педагог тұлғасының арнайы қасиеттері мен сапалары бөліп қарастырылады: әрекетшілдік сапа (жауапкершілік, ар, намыс, еңбексүйгіштік, нақтылық); рефлексивті сапа (ұқыптылық, тиянақтылық, өзіне сын көзімен қарау, білімпаздық); коммуникативік сапа (шыншылдық, сенімділік, ұстамдылық, талап қоя білушілік, міндеттілік); эмпатиялық сапа (өзін түсіну, қайырымдылық, өзгелерді түсіну, қайғыға ортақтаса білу қабілеттілігі) [3].

Ж.Р. Бәшірова, Н.С. Әлқожаева пәндік білімнің жүйесін, ғылыми білімнің әр саласы бойынша білік пен дағдыны игеріп қана қоймай, оқыту технологиясының жүйесін, оқу қызметінің біліктілік пен өмірлік дағдыларды игеруіне бағытталған құралдары мен әдістерін игерген маман ғана жаңа дәуір педагог бола алатынын айтады [4].

В.Н. Сорока-Росинский [5] педагогтың кәсіби типтерін білім алушы тұлғасына бағытталу деңгейіне қарай айқындаса, Н.А. Тарасова педагогты «пән оқытушысы» немесе «тәрбиелеуші» деп екі типке бөледі. Г.С. Абрамова педагогикада оқытушыны үш типке бөліп қарастырады. Ол оқытушының бірінші типі бойынша оқушының педагогикалық іс-әрекеттінің құралы деп қарастырылуы десе, екінші типте білім алушы мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің қажетті шарты деп санайды. Үшінші тип бойынша мұғалімнің білім алушыны өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты тұрғысынан қарастыруы есепке алынады [6].

Осы айтылып өткендер ғалымдардың мұғалім тұлғасының нақты бір сапасын алмайтындығын, керісінше тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткіштеріне қарай топтастырылатынын байқатады. Мәселен, тұлғаның жалпы сипаттамалық көрсеткішінің біріне қарым-қатынас жасау стилі көрсетілсе, екіншісінде білім алу үдерісіне қатысушылар арқылы жүзеге асырылатын қарым-қатынастар алынады. Алайда, зерттеушілер педагогтың кәсіби іс-әрекетіне қарай «педагог-оқушы» жүйесіндегі барлық қарым-қатынастардың оның кәсіби мәнді сапалары қатарында қарастырылу қажеттілігін жоққа шығармайды.

Зерттеу барысында магистранттардың кәсіби мәнді сапаларының құрылымын анықтау мақсатында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ғалымдардың анықтаған педагогтардың кәсіби мәнді сапаларының көрсеткіштеріне және жіктемелеріне талдау жасаймыз. Өйткені біз зерттеуімізде магистранттарды болашақ ғылыми-педагогикалық кадрлар тұрғысынан қарастыратынымызды айтқан болатынбыз.

Ғалымдар еңбектеріндегі педагогтардың кәсіби мәнді сапаларының көрсеткіштері саны жағынан әрбір зерттеушіде әр түрлі екендігін 5 пен 55 сандарының аралығын қамтитындығын көрсетті. Ал олардың әрбіріндегі (бір бірінде қайталанатынын қоспағанда) педагогтың кәсіби мәнді сапаларының 80-ге жуық көрсеткіштері анықталғандығы туралы айтуға болады. Сондай-ақ осы көрсеткіштерге қоғамның дамуына сәйкес заман талабынан туындаған қазіргі педагогтарға қойылатын талаптардан толеранттылық, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі көкейкестендіру, өзін-өзі белсендіру, ұтқырлық, лидерлік, аналитикалық іскерлік, зерттеушілік қабілет, имандылық, ізеттілік және т.б. мұғалімнің маңызды сапалық көрсеткіштерін өз тарапымыздан қосатын болсақ олардың саны жүзден асатынына күмәніміз жоқ.

Ал енді осы сапалық көрсеткіштерді ғалымдардың топтастырғанына назар аударатын болсақ:

- қоғамдық, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағытын анықтайтын арнайы қасиеттер мен сипаттар (В.А. Сластенин[7]);
- кәсіби бағыттар кеңістігі, яғни адам қызметінің кәсіби аясы; тұлғалық кеңістік - адами құндылықтар (Л.В. Меньшикова [8]);
- тұлғалық кәсіби-педагогикалық сапалар, педагогикалық және ерекше қабілеттер (Э.А. Гришин [9]);
- тұлғаның мотивациясы (тұлғаның бағыттылығы және оның түрлері); тұлғаның сапалары (педагогикалық қабілеттер, мінез және оның сипаттық көрсеткіштері, психикалық үдерістер және тұлғаның қалыптары); тұлғаның кіріктірілген сипаттары (педагогикалық

өзіндік сана, тұлғааралық стиль, шығармашылық әлеует ретіндегі креативтілік (А.К. Маркова);

- жалпы азаматтық қасиеттер; адамгершілік-педагогикалық қасиеттер; әлеуметтік перцептивті ерекшеліктер; жеке психологиялық қасиеттер (А.И. Щербаков);
- кәсіби бағыттылық - түрткілер, құндылық бағыттар, кәсіби ұстанымдар (мамандыққа деген қатынас, мақсаттар, педагогикалық дамуға даярлық), әлеуметтік-кәсіби мәртебе; кәсіби құзыреттілік - кәсіби білімдер, икемділіктер, дағдылар, біліктер; кәсіби маңызды сапалары - ықыластылық, байқағыштық, креативтілік, батылдық, өзін-өзі бақылау, дербестік, мақсатқа ұмтылушылық; кәсіби маңызды психофизиологиялық қасиеттер (Э.Ф. Зеер);
- кәсіби сапалар; тұлғалық сапалар; қабілеттер; іс-әрекет (Н.С. Ахтаева);
- құндылық-адамгершілік қасиеттер; эстетикалық сапалар; коммуникативтік сапалар; мотивациялық сапалар; эмоционалды-еріктік қасиеттер;
- дара тұлғалық-топологиялық, сенсорлық, перцептивті, аттенционды, психомоторлық, мнемоникалық, ойлық және еріктік қасиеттер;
- іс-әрекет субъектісінің мотивациясы, темпераменті, эмоционалды еріктік сфера ерекшеліктері;
- арнайы-педагогикалық, әдістемелік, әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық, аутопсихологиялық.

Ғалымдар берілген жіктемелерде педагогтың кәсіби мәнді сапалары құрамына кәсіби қабілеттерді, психофизиологиялық ерекшеліктерді, икемділіктерді және тұлғалық қасиеттерді жатқызады. Сондай-ақ, олар кәсіби мәнді сапаларды дамыту барысында эмпатияның, яғни өзгенің жанын түсіну қажеттігін көрсетеді. Жалпы болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің тиімді жүзеге асыру үшін оны меңгеруге деген мотивация мен рефлексия, өзін-өзі көкейстендіру мен өзін-өзі белсендірудің маңыздылығы басым болатындығына мән береді. Осыған орай А.И. Щербаков педагогтың кәсіби маңызды қасиеттері мен жеке психологиялық қасиеттерінің бір-бірімен өзара тығыз байланыста дамитындығын негіздейді. Ал Ж.Ы. Намазбаеваның авторлық бірлестікте анықтаған оқытушының кәсіби мәнді тұлғалық сапаларының негізіне ұлттық ерекшеліктер, мәдени салт-дәстүрлер, тіл және тарих алынған. Бұдан оның жас ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталғандығы көрініп тұр. Ал, оқытушы тұлғасының әлеуметтік белсенділігінің дамуы яғни, тәрбиелік жұмыстарды және ұйымдастыруды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік маңызды білікті игеруі тиіс [10].

Қазіргі таңда маманның жаңа әлеуметтік жағдайларға адекватты жауап бере білуі, кәсіби өзін жетілдіруге қабілетті болуы, шығармашыл, ұлтжанды болуы қажет. Құзыреттілікке кәсіби біліммен, іскерліктермен қатар белсенділікті, ынтымақтастықты, бірлестікте әрекететуді, коммуникативтік қабілеттерді, ақпаратты іріктеу мен қолдануды, логикалық ойлай білуді, ізденімпаздықты жатқызуға болады.

Өмірдің өзгермелі жағдайында құзыретті тұрғы білім берудің практикасы мен теориясының дәстүрлі мақсаты ретінде алға шығады. Құзыретті болу мен құзыретсіз болудың себептері бірдей, ол адамның жеке тұлға ретінде ахуалы. Немесе құзыреттіліктің бар-жоғын анықтау үшін қарым-қатынас, педагогтік еңбек нәтижелері мен адами қарым-қатынаста, оның қорытындыларына қарап пайымдау қажет. Мұның мағынасы педагог мамандар өз әрекеті мен орындаған жұмысы кәсіби іс-әрекеттің белгіленген талаптарына жауап беретін және орындай алатын болса, кәсіби құзыретті болып саналады.

Магистрант магистрлік дайындық субъектісі ретінде белгілі кәсіби құзыреті, тәжірибесі, орнатылған көзқарасы бар тұлға; магистрлік білімді не үшін қажеттілігін жие түсінеді, кәсіби дайындық үдерісіне ұғынып қатысады; кәсіби іс-әрекетте алған білімдерді, ептіліктерді, тәжірибені қолдануға қызығушылықпен қарайды. Білім алу үдерісіне қатысып, ересек адам онда белсенді позиция алуға ұмтылады, оның тәжірибесі басқа адамдарға қажет болатындай білім ұйымдастыруын қалайды. Магистранттың шешімдерінің өз бетімен және жауапты қабылдауы магистранттарды білім алу үдерісінде өз бетімен білім алу іс-әрекетіне жақындатады. Ересек адамның дербестігі оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрін, оқудың

мерзімін және жағдайын таңдауға мүмкіндік бере отырып, кәсіби дайындықта оның белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Болашақ маман заманауи талаптарға сәйкес кәсіби мәнді сапалары дамытылған, психологиялық-әлеуметтік толығуымен ерекшеленіп, әлеуметтік сұранысқа ие болуы қажет.

В.И. Абрамованың тұжырымдауынша, жоғары білімнен кейінгі білім алушылардың кәсіби даярлығын және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін төмендегідей міндеттерді шешу қажет.

Оқыту үрдісіндегі міндеттер:

- оқуға деген мотивацияны, ынтаны қалыптастыру;
- жалпы білім беру стандартында берілген талаптарға сай оқу пәндерін меңгеруді қаматамасыздандыру;
- оқу іскерлігін шыңдау, дағдысын дамыту;
- шығармашылық тұрғыдан ойлауын дамыту.

Тәрбие үрдісіндегі міндеттер:

- тұлғаға бағдарланған жекелік қарым-қатынасты жүзеге асыру;
- өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіруін қолдау;
- адамгершілік, жігерлілік, эстетикалық қырларын дамыту;
- өзіне сенімділігін, сыйластығын арттыру;
- өзін-өзідамытуға мүмкіндік беретін білім беру- тәрбиелеу ортасын құру.

Психологиялық даму саласындағы міндеттер:

«Мен – тұжырымдамасын» жүзеге асыру.

- өзін-өзі бағалау,  өзін-өзі басқару, өзін-өзі реттеуге дағдыландыру;
- өзін-өзі жетілдіруге арналған бағдарламаның мазмұнын жасау және оныіске асыру.

Сонымен ғалымдар психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі «адам - адам», «іс-әрекет – қарым-қатынас - тұлға»; «Мен - тұжырымдамасы» жүйесі негізінде маманның, соның ішінде педагогтың кәсіби-мәнді сапаларына тұлғалық қасиеттерді, зерттеушілік қасиеттерді, іскерлік сапаларды: ұйымдастырушылық-іскерлік (әдіснамалық) қасиеттерді, креативтік қасиеттерді жатқызады.

Оларға жекеше тоқталатын болсақ, тұлғалық қасиеттер әлеуметтік ортада коммуникабельділік; адамдармен араласуға икемді болу; қоғамдағы түрлі мәселелерді шешуді білу іскерліктерін; өзін-өзін дамыту сапаларын қамтиды.

Зерттеушілік қасиеттерқатарында экспериментке бейім, болжам құра білу, зерттейтін объектке нақты қызығушылық; оқиғаны объективті тұрғыдан қабылдау және ойын ашық айту, білмеген нәрсені анықтай білу; зерттеу үрдісінде мақсатқа жету үшін объектінің байланыстарын білу, соған байланысты проблемаларды іздеп табу; кез келген объектілер мен құбылыстардың мәнін білудің жалпы тәсілін меңгеру біліктерін атауға болады;

Іскерлік сапаларбелгілі бір істің мақсатын сезіну және түсіндіруді, онда өзін қалай көрсетуді білуді;жоспармен жұмыс жасауды, уақытты қадағалау және нақтылықты; өзінің жасаған ісіне сыни көзқарасты және бағалай білуді; әр түрлі сын-пікірге шыдамды болуды және сол ескертулерден нәтиже шығаруды; топта жұмыс жасай білуді, басқа мамандармен тәжірибе алмасуды білдіреді.

Ұйымдастырушылық – іскерлік қасиеттергемінез-құлық ерекшеліктері, табандылық, мақсатты қоя білу,мақсатқа жету, жоспарлау;іс-әрекет нәтижелерін болжау; жоспарды орындау; нәтиже алу және оны сезіну; өзіндік ұйымдастыру біліктері, жекелік, еркіндік, талаптаушылық, шешімділік, коммуникативтілік; идеяларды тану және туғызу; ми шабуылын ұйымдастыра алу, оған қатысу; идеяларды талдау, дискуссияға түсе алу және т .б. жатады.

Креативтік қасиеттер – шабыттылық, эмоциялық өрлеу; байқампаздық, елестетушілік, ішкі күйзелісті жеңушілік, эмпатияға қабілеттілік, зеректік, ойдан шығара алушылық; ойлап табушылық; өткірлікболжаушылық, тәуелсіздік, тәуекелге бейімділік; ойлаудың биік шыңына шығушылық, бейстандарттық идеялар табушылық және т .б.

Шетелдік және отандық ғалымдар еңбектеріне жасаған талдау ЖОО оқытушыларына

мынадай талаптар қойылатындығын көрсетті:
– кәсіби құзыреттілігінің жоғары болуы;
– педагогикалық құзыреттіліктер;
– әлеуметтік-экономикалық құзыреттіліктер;
– коммуникативтік құзыреттіліктер;
– кәсіби және жалпы мәдениетінің жоғары деңгейі.

Еуропалық кеңестің ұсыныстарында оқытушылардың тұрақтану тұжырымдамасының бес негізгі топтан тұратын талаптарды ескеру қажеттілігі туралы айтылған:

– әлеуметтік – шешім қабылдауда өзіне жауапкершілік сезімін алумен байланысты саяси және әлеуметтік құзыреттіліктер;

– көпмәдениеттілік – көпмәдени қоғамның өміріне қажетті құзыреттіліктер (мысалы, толеранттылық);

– тіл – бірнеше тілді игеру, сауатты сөйлеу, өзара түсіністік, қарым-қатынасшылдық;

– ақпараттық – ақпараттық технологияларды игеру, БАҚ-ын сын тұрғысынан бағалау;

– ілеспелі – өмір бойы оқуға деген қабілеті, ұмтылуы (кәсіби және тұлғалық тұрақтанудың үздіксіз белсендендіруі).

Сурет 1-де педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларының құрылым көрсетілген.




Сурет 1 – Педагогикалық мамандықтар магистранттарының кәсіби мәнді сапаларының құрылымы

Әрбір сапаның өзінің құрылымдық мазмұны бар. Біздің ұсынып отырған болашақ ғылыми-педагогикалық кадрдың кәсіби мәнді сапалары мұнымен шектелмейді, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген ғалымдар топтамасына қайшы келмейді. Әрине осы топтаманы шартты түрде топтастырып отырмыз. Олай дейтініміз болашақ магистрдің бойында көрсетілген сапалар кәсіби мәнді сапалар тұрғысынан дамытылуы үшін осы көрсетілген барлық топтағы сапалар біргелікте, бірін бірі толықтыра отырып жүзеге асырылуы тиіс.

**Қолданылған әдебиеттер**

*1. Аубакирова Р.Ж. Педагогические основы формирования гуманности как*

*профессионально-значимых качеств будущего учителя: автореф. канд. пед. наук. – А., 1998. – 22 с.*

2. Байденко В.И. Болонские преобразования проблемы и противоречия // Высшее образование в России. – 2009. - № 11. - С. 26-40.

3. Жүсіпова Ж.А. Педагогикалық шеберлік. - Алматы: Экономика, 2011. – 316 б.

4. Бәшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 175 б.

5. Сорока-Росинский В.Н. Педагогические сочинения. - М.: Педагогика, 1991. – 239 с.

6. Абрамова Г.С. Практическая психология. - М.: Академический Проект, 2001. - 480 с.

7. Сластенин В.А. Педагогика: уч. пособие. – М.: Академия, 2004. – 576 с.

8. Меньшикова Л.В. Психологические закономерности развития индивидуальности студентов в вузе: автореф. док. психол. наук - Новосибирск, 1998. - 46 с.

9. Гришин Э.А. Социально-психологические и педагогические проблемы подготовки учителей. -М., 1996. - 152 с.

10. Намазбаева Ж.И. Развитие личности учащихся вспомогательной школы: дис.док.психол.н. −М., 1986. –278с.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ

**Исаева Г.Т.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс - әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар коллективінің дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған. Жинақтағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні зор. Кіші мектеп жасындағы оқушыларға арналған әдістемелік құрал болып табылады.

Аса көрнекті үздік педагог Н.К. Крупская қимылды ойын жөнінде былай деп толғанады: «Ойын – өсіп келе жатқан бал организмінің қажеті. Ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдала түседі, көзі қырағыланады, зеректілігі, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдылары қалыптасып шыңдалады» [1].

Ұлттық ойындарымыз балаларға тәрбиелік мәнімен, дене бітімінің әсем де сымбатты болып бітуге пайдасы зор. Бір-ақ мысал келтіріп кетейін: «Қуыр-қуыр, қуырмаш» ойыны балалардың саусақ моторикасын дамытуға, тіл байлығын жетілдіруге, көңілін көтеруге қолдануға болады.

Балаларды қазақ халқының ұлттық ойындарымен, ойната отырып жан-жақты тәрбиелейміз. Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады.

Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекет- терде кеңінен тарады. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады. [2].

Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фəниден бақиға дейін, - Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен жəне адамға жастайынан дене тəрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. əдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мəн-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, бала-лардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мəн берген. Нəтижесінде дəстүрлі бала тəрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған» [3].

Ұлтық ойындар-қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дəстүрлі ойын-сауықтырудың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қоғамдық қауымда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде əр халық түрлі-түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығын жақсартуда пайдасы зор. Ұлттық ойындар ата-бабаларымыздан қалған байлығымыз,асыл қазынамыз. Сондықтан,үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманға сай ұрпақ тəрбиелеуде пайдасы орасан зор.

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына əсер ететін фактордың бірі, дəстүрлі мəдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата-бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату əдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып бір жүйеге келтіретін тəрбие құралы деп санаған. Ұлттық ойын балалар өмірінің нəрі, яғни оның рухани жетілуімен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты жəне халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылыстарын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділікпен тапқырлықтарын дамытады. Ұлттық ойын арқылы балалар қоғамды тəжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, баланың жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз болып табылады.

Ойында өмірдің еркіндігі, кедергісі мен мақсаты анықталынады. Ойын-сауық — жеке адамның даму қажеттілігін арттырады, қарсыласпен татуласу немесе оны жеңу жолдарын іздестіреді. Шаруашылықтағы қимыл-əрекетті осы биік мақсатқа көтерді. Ойын — адам ойлану жəне дене қабілетінің бəсекесі, қарсыласпен ашық жарыс. Оның мақсаты — жеңіске жету, ойындағы адамның қабілет күшінің үстемдігін көрсету, дəлелдеу [4].

«Ойын ойнап əн салмай, өсер бала болар ма?» ,- деп Абай Құнанбаев атамыздың нақыл сөзіне сүйенсек

Мектеп жасына дейінгі жас ұрпақтың қалыптасуына əсер ететін фактордың бірі, дəстүрлі мəдениетіміздің бір бағыты халықтың ұлттық ойындары. Ата – бабамыз ойынды тек баланы алдандыру, ойнату əдісі деп қарамай, ол халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, баланың көзқарасы, мінез-құлқын қалыптастырып, бір жүйеге келтіретін тəрбие құралы деп санаған [5].

Жалпы, қазақтың ұлттық ойындарының қай-қайсысының да қоғамдық жəне əлеуметтік мəні зор. Бұған қоса, ұлттық ойындар қазақ халқының о бастан ерекше мəдениеті болға- нын айқындайды. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Шындығына келсек, адамның өмір сүруінде қазақтың ұлттық ойындарының атқаратын маңызы ерекше. Басқаны былай қойғанда, əр ұлттық ойын оған қатысушыны өмір сүруге бейімдеп ғана қоймай, қиындықтан қорықпай, қарсы тұра білуге үйретеді. Мысалы, бір ойын шеберлік пен ептілікке, енді бір ойын талғампаздыққа, ал енді бір ойын қиын-қыстау кезеңде тез шешім қабылдап, оңтайлы жол таба білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық ойындардан спорт пен патриоттық тəрбие айқын аңғарылады. Мұның өзі қазақтың ұлттық ойындарының бала тəрбиесінде маңызы зор екендігін дəлелдейді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Крупская Н.К. Вопросы народного образования. - М.; Петроград: Коммунист, 1918. - 286 с.

2.https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/43388/

3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9.

4. «Қазақтың ұлттық ойындары» – Алматы "Рауан" 1991 жыл.

5. «Мектепке дейінгі балаларға арналған ұлттық ойындар» жинағы.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к. Бахтиярова Г.Р.**

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАР – ҚОҒАМНЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ МҮШЕСІ

**Каримова. Г.М., Ильясова Ж., Жақсылықова А.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Бұл өмірдің қиындықтары көк мұхиттың бетіндегі толқындар секілді. Дауыл соқса жағаның ана бетінен мына бетіне еріксіз соғылып келіп ұрады.

Дүниеге іңгәлап келген әрбір сәби өмірдің махаббатына бөленіп келеді. Кінәсіз періштенің жүрегі шіркін -ай махаббатқа толып тұр ғой. Сәби болғандықтан, білместікпен ыссы суға күйіп, көзін жарақаттап, биіктен құлап кететін жағдайлар өте көп кездеседі. Біз бұл жағдайларды теледидардан күнделікті жаңалықтардан естіп, көзімізге еріксіз жас алып жатамыз. Кейбір осындай мүмкіндігі шектеулі жандарды жан жағындағы адамдар қоғамнан шектеп жатады. Ал сәбидің ата-анасы балам ешкімнен кем болмасын, қатарынан қалмасыншы деп шырылдап жүреді.

Сонда қазіргі қоғамдағы адамдардың жүрегі мұзға айналғаны ма ? Бір мезгіл болсын, сол жанның орнына өзіңізді қойып көріңізші. Жүрегіңіз қанталап, өмірден түңіліп кететіңіз рас қой. Ал олар өте қайсар жандар, мейірімді көздері «мені жаңа өмірге жетелеші» деп тұрғандай көрінеді.

Неге оларға көмек қолын созып, болашаққа жетелемеске?! Егер үлкендер жақсылық жасап, көмек қолын созса, келешек ұрпақтың жастары да көргенін жасайды емес пе?!

Қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз. Бұл жас ұрпақтың ішінде қарапайым балалар да, даму мүмкіндігі шектеулі балалар да бар. Мүмкіндігі шектеулі балалар - ерекше жаратылғандар. Мүмкіндігі шектеулі деген сөз,ол қазіргі қоғамнан алшақ немесе шектеулі деген сөзді білдірмейді.

Кез келген қоғамда, даму дәрежесі қаншалықты жоғары болғанына қарамастан, әлеуметтік қиындықтар болып тұрады. Осындай себептердің салдарынан, қазіргі кезде әлеуметтік көмекке мұқтаж болып отырған мүмкіндігі шектеулі балалар күннен күнге көбеюде. Әрине, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп, әлеуметтік тұрмысқа баулуда, ата-ана мейірімімен қатар, мұғалім және психологтың тарапынан шексіз, мейірімділіктің қажеттілігі бірден айқын байқалады. Бұл жұмыста үлкен жауапкершілік, төзімділік, тәжірибе қажет. Қазіргі озық технология заманында мүмкіндігі шектеулі балаларды заман талабына сай, түрлі әлеуметтік жағдайлардан адаспай, дұрыс жол таба алатын, еңбекқор азамат етіп қалай әзірлеп шығаруға болады деген сұрақ осы салада қызмет атқарып келе жатқан мамандарды шығармашылық жұмыстар мен инновациялық технология әдіс тәсілдерін іздеуге итермелейді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік психологиялық түзету арқылы қолдаудың маңызы зор. Себебі, тұрмыс тіршілігіндегі шектелуді жою үшін жағдай жасауды қамтамасыз етіп, оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатысу мүмкіндіктерін жасау керек деп ойлаймын. Біздің Отанымызда да осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді. Орталықтардың негізгі міндеттері мүмкіндігі шектеулі балаларға комплексті көмек, медициналық, психологиялық,

педагогикалық, әлеуметтік көмек көрсету, оларды оңалту, және кәсіби бағдар беру болып табылады. Мұндай орталықтар тек мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, сондай-ақ олар тәрбиеленіп жатқан отбасыларына да комплексті көмек көрсетеді.Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себетерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек. Егер, әлеуметтік педагогикалық үдерісте мүмкіндігі шектеулі балаға алғашқы сәттерде көмек беру үшін оның отбасын, ол өмір сүріп отырған ортасын зерттей алсақ, онда баланы өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаға араластыру, бейімдеу, әлеуметтендіру мәселелеріне белсенді қатыстыру мүмкіндігі туады. Тек осыдан кейін әлеуметтік психологиялық үдерісін дұрыс ұйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергілерге қарсы тұра алатын, білімді, мәдениетті, еңбеққор және тұлғаны қалыптастыру мүмкіндігі туар еді. Бұл қасиеттерді бала бойына дарыту үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясын терең, жетік меңгеруіміз керек. Мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу үшін психолог, емдік физкультура, логопед, олигофренопедагог мамандарының арнайы тапсырмалары өте қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделудегі, тәрбиелудегі кемшіліктерді жеңу үшін ата-аналар мен бірігіп арнайы түзету жұмыстарын ұйымдастыру қажет және оны неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым әлеуметтік бейімделуде нәтижелі болады.Яғни,адам мен қоғам әрқашан байланыста болады.

Ал мүмкіндігі шектеулі адамдар сол қоғамның ажырамас бір бөлшегі болмақ. Олар еліміздің толыққанды азамат және азаматшалары. Мемлекет және заң алдында барлығы тең құқықта. Ешқандай адам өзге адамнан ешқашан артық немесе кем болған емес бұл біздің қоғамымызда таңбадай басылған заңдай.Ендеше бұл балаларды бөліп жармай, бәріне бір көзқараспен қарап,олардың болашағына жол ашуға көмектесейік. Әрине бұны жеңіл деп айта алмаймын. Бірақ бір сәт даму мүмкіндігі шектеулі балалардың орнында болып көрейікші,бізге қандай ауыр болса,оларға бізден аса ауыр.Сондықтан,даму мүмкіндігі шектеулі балалардың, мүгедек балардың толық көлемде өмір сүруі үшін біздің еңбектенуіміз керек. Біз ол бейкүнә жандарға үміт сыйлай білу керекпіз!

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Шеримова А.С. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы [Текст] / А.С. Шеримова, А.Н. Елюбаева // Молодой ученый. - 2015. - №8.1. - С. 41-44.

## АТА ДӘСТҮР ЖӘНЕ БІЗ

**Ідіріс Л.**
Қ. Жұбанов атындағы өңірлік мемелекеттік университеті

*Туысында қанша зеректік болсада,*
*Ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді.*
М. Дулатов

Әжем екеуміз кеш батқанда көп әңгімелесетінбіз, әжемнен не сұрасамда бәрін түсіндіруден талмайтын, менде білмеген нәрсемді сұраудан жалықпайтынмын. Әжем әрқашанда үлгі етіп көрші ағамыз Саламаттың иманжүзді екенін айтып отыратын. Көп ойланып әжемнің не айтқысы келгенін “иман” деген сөздің астарында қандай мән жатқанын іздей бастадым. Осыған орай Иман-араб тілінен алынған сөз екен, төл тілімізде “сенім” деген

ұғымды білдіреді. Адамгершілігі аса жоғары кісіні халық иманды деп құрметтейді. Адамгершілігі, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі жарқын, биязы, өзі парасатты келеді. Адамгершіліктің ең жоғары түрі-бауырмалдық-бүкіл адам баласын бауыр, дос тұту, тату болу. І. Кеңесбаевтың Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен іздегенде, онда “иман жүзді” ол инабатты, жүзі жылы деп түсінік береді.

Университет кітапханасына келіп ғылыми мақалалар оқыдым, сонымен бірге биылғы жылы этнопедагогика сабағы басталып көптеген нәрселерді біле бастадым. Қарап отырсаң бұрынғы тәрбие мен қазіргі тәрбиені салыстыру мүмкін емес екен. Бұрында ес кіргенше әженің ертегісін тыңдап, ананың бесікте жатқан балаға бесік жырын айтып өскен бала баршылық. Қазірге заманға тоқталайық керісінше әже ертегісін тыңдамай, бесік жырын естімегей өсіп келе жатқан баланы да естіп жатырмыз. Олардың болашақта өз балаларына беретін тәрбиесі қандай болмақ?!Ойлануға тұрарлық!

Осыған орай Бауыржан Момышұлының ой –пікірлері ерекше дәлел, атамыз былай дейді:

Біріншіден, бесік жырларын айта алатын аналардың (келіндер, жеңгелер) азайып бара жатқанынан қорқамын;

Екіншіден, өздерінің немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын;

Үшіншіден, салт-дәстүрлерді құрметтемейтін ұрпақтың өсіп келе жатқанынан қорқамын, - дегендей осындай ата-бабаларымыздың дәстүрін бойына сіңірмеген ұрпақты көзге елестететіп, болашақта қандай тұлға болатыны мені алаңдатады.

Қазіргі заманда өзекті мәселе жас ұрпақтың имандылығының, мейірімділігінің, адамгершілік құндылықтар арқылы жастарды тәрбиелеу.

Қазақ халқында бұрынғы заманнан бері ешқандай қағазға жазылмаса да, бала тәрбиелеудің белгілі бір жүйесі болған. Ол ғасырдан-ғасырға, ата-анадан балаға, баладан оның ұрпақтарына жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыптар мен салт-саналар. Тәрбие бірінші отбасында қалыптасса, екінші мектеп қабырғасында қалыптасады. Ата – бабаларымыздан қалған салт дәстүр былай тұрсын, тіпті қазіргі заманда адамдардың бір-біріне деген дөрекі сөйлеуі, үлкендерді құрметтемеуі, адамгершілік қасиеттің жоғалуы міне осыған көп көңіл бөлінуі тиіс сияқты. Күнделікті өмірден мысал келтірсем сабақтан шығып үйге қайтарда автобус ішінде жастар отырып, жасы келген үлкен адамдардың, солардың қасында тұрып тұруы менің ішімді қынжылтады. Міне біздеөзіңнің үлкен әжеңмен- атаңдай үлкендерді сыйлаудың қандай дәрежеде екені. Халық даналығында ‘’Атаңа не етсең, алдыңа сол келеді’’, - дейді. Бұның барлығы бірінші отбасыдағы тәрбиенің дұрыс берілмеуі. Өскін ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, олардың жан дүниесін дамыту жайында ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский “Әрбір халық пен ұлт өз ана тілі мен салт-дәстүрін қастерлеп, тарихи даму жағдайына орай білім алып, тәрбиелеу керек” деген өзінің ұлағатты ойын “Родная речь” атты еңбегінде ерекше атап айтады [2,126]. Ұлы педагог ғалымның осы пікірі әлі күнге дейін өміршеңдігін жоймады. Халқымыздың ұлы перзенті Ы.Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, “бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тәрбиеленетін болса, оның сана сезімінің дамып жетілуі де ұлты мен халқына қызмет ететін ояу, салауатты азаматтар болып өседі” – деген ой түйген болатын. [3,127]

Сонымен қатар тәрбие отбасында ғана емес, мектеп қабырғасында, әр адамның жүрген ортасынада байланысты екенін ұмытпаған жөн. Өмірде кейде сыртқы ортаның да адамға қатты әсер етіп кететін кездері болады, жүрген ортаңа да байланысты. Адамның жақсы тәрбиелі, тәжірибелі болуы өмір бойы қалыптасса, ал оны жоғалту қазір-ақ. Сондықтан ең біріншіорында отбасы басты рөлде болуы қажет.

Менің ойымша бала тәрбиесінің дамуындағы басты рөл атқарушы ол-отбасы. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен шаңырақ болса, баланың ең басты ұстазы, тәрбиенің тұнып тұрған қайнар көзі – ата-анадан басталмақ. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы тәрбие көзін ата-анасынан алады. Қарап отырсақ сәби ең алғаш дүние есігін ашқан кезі оның өмірі құдды бір

ақ бет қағаз секілді, не жазссаң соны көресің, сол секілді ата-ата өз баласының өз баласының өмірін тәрбие арқылы баланы қалыптастырушы.

Осыған орай ұлы ғалым, ұстаз, жазушы А.С Макаренко тәрбие туралы «Балаларды тәрбиелей отырып, қазіргі ата-аналар еліміздің болашақ тарихын, демек, дүниенің тарихын да тәрбиелейді» деген екен бір сөзінде.

Қазақ халқында қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Халық даналығында”Қыз баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз”, -деп бекер айтпаған. Сонымен қатар Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Шығыс халықтарының арасында, жалпы мұсылман елдерінде әйел затын бөлекше бағалайтын, қарындасты қатты қастерлейтін халықтың бірі де, бірегейі де – біздің қазақ», деп еліміздегі нәзік жандылардың орны бөлек екенін атап өтті.

Ұлы ғалым Эпиктет “Кереметтің кереметі жақсы тәрбиеленген адам”, - демекші 21 ғасырдағы қыз балалардың тәрбиесі, жүріс-тұрысы, әдемі киінуі кімге ұнамайды?!Адам көркі –шүберек. Мәдениетіміз киім киюден басталады десек те, оның да талғамы бар ғой. Заман талабы осындай деп біздің жас өспірім қыздарымыз, оларды былай қойғанда өз алдына отау тігіп, бір-екі бала тәрбиелеп отырған келіншектердің өзі белі жоқ, денемен дене болып тұрған тар шалбар, қысқа көйлек киіп көшеге шыққандарының куәгері болып жүреміз. Кейде қолдарына шөлмектегі сырасы, езуінде темекісі бар жап–жас қыздардың жандарынан үнсіз жерге қарап өтуге мәжбүр боламыз. Қарап тұрсақ сонда қыз баланың осындай күйге түсуі сырт көзге оғаш көренеді.Бұл адамгершілік қасиеттің төмендігі.

Ал адамгершілік қасиеттің жоғары түрі ар-ұят сақтау. Халық мақалдарында жастарды сабырлы, адал, арлы азамат болуға үндеп отырады. Халқымыз “Малым жанымның садағасы, жаным-арымның садағасы”, “Өлімнен ұят күшті”, - депар-ожданды қастерленген, оны адамгершіліктің туы қып көтерген, арды жаннан да қымбат қасиет деп есептеген. Бұрын ақ жаулықты анамыз, жас қыз келіншектер қандай еді киіну үлгісі тамаша ,ұзын шашты бұрымы таң қаларлықтай әдемі, жарасымды қазақтың қызы болып ерекшеленіп тұратынды.

Қорытындылай келе, бұл тек салт-дәстүрдің бастауы тәрбие екенін айтқым келеді. Жалпы салт-дәстүрдің түрі өте көп, бірақ сол салт дәстүрдің тұнып тұрған тәрбие екенін ұмытпағанымыз жөн. Қазақ халқында бізді шет елден ерекшелеп тұратын ата-бабамыз қалдырған салт –дәстүр, сана-сезім, сондай бір имандылықтықтың, адамгершіліктіңбар екендігі мені қуантады. Менің ойымша осы қасиетімізді жоғалтпай,дәріптеп келер ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе: оқу құралы. - Алматы: - Қазақ университеті, 2013. -254 бет.

2. Б.Мұқанова, Р.Ильясова “Этнопедагогика”: оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2008. - 440 бет

3. Даналардан шыққан сөз. Алматы, мектеп-1987

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.қ. Досмырзаева А.С.**

## ДЕФЕКТОЛОГ МАМАНДЫҒЫ – ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЙТІН МАМАНДЫҚ

**Каримова Г.М., Болат А.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

*«Баланың психикалық немесе (және) дене дамуы негұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет»,* деп жазған ХХ ғасырдың басында атақты неміс-педагог-дефектологы П.Шуман. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір

сүруіне бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім-біліктілік дағдысын, тәртібін, әлеуметтік ортаға бейімделуін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. *«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырғы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұғу болып табылады»,* -деп атап көрсетеді В.А. Сухомлинский. Әсіресе ұстаздық шеберлік әрекеті қалыпты, дені сау баламен жұмыс кезінен гөрі, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен қарым-қатынас кезінде көбірек қажет. Педагог-дефектологтың кәсіби әрекеті дәстүрлі ұстаздың әрекетінің белгіленген шеңберінен әлде қайда кең болып келеді өйткені әлеуметтік-педагогикалық, оңалту, консультативтік-диагностикалық, психотерапиялық жеке коррекцияның көптеген түрлерімен бағытталған, яғни мүмкіндігі шектеулі тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне және арнайы білім алуына ықпал ету.

Қазіргі уақытта арнайы педагогиканың түрлі мамандықтарын игеруге болады. Педагог-дефектологтың кәсіптік іс-әрекетінің шеңбері маман дайындау бағытына, олардың жұмысы мазмұнына тәуелді ерекшеленеді. Дефектология мамандығы бойынша: логопед, сурдопедагог, олигофренопедагог, түзете-дамыту оқытудың оқытушысы, тифлопедагог, түзету мекемелердегі педагог-психолог.

Арнайы педагогтың кәсіптік қызметтің бағыты; арнайы оқытуды қажет ететін адамдарға емдеу және алдын алу көмегін көрсету; ерте жастан көмек көрсету; мектепке дейін тәрбиелеу; мектепте білім беру; кәсіби-оқыту; әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік көмек. Арнайы педагогтың кәсіптік қызметтің мазмұны: мүмкіндіктері шектеулі балаларға түрлі түзету-педагогикалық, әлеуметтік және емдік көмекті ұйымдастыру: дамуында пайда болған ауытқулардың түрлеріне ерте анықтау, арнайы мектеп жасына дейінгі және мектеп мекемелерін, оңалту орталықтарын толықтыру, ерте араласу және мектепке дейінгі тәрбие, мектеп білімі; кемтар балаларға әлеуметтік және арнайы білімді қажет ететін адамдарға әлеуметтік көмек және қызмет көрсету, дәрігерлік мекемелерінде денсаулық сауықтыру орталықтарының жұмысы, емдік мекемесіндегі логопедиялық кабинеттерінде кеңестік және түзету жұмысы. Арнайы мектеп мұғалімін білім, медицина мен әлеуметтік салаларында мүмкіндіктері шектеулі балалармен оқыту–тәрбиелеу және нақты арнайы білім беру ұйымдарында ғылыми-әдістемелік мекемелерінде типтік номенклатураға сәйкес жоғары білімді мамандарының орнын басатын бастапқы қызметтерді атқара алатындығына бағыттайды.

Қоғамның даму деңгейіне сәйкес маманның кәсіби дайындығы, демократиялық және гуманистік сенімдері, жалпы адамзаттық рухани байлығы жоғары дәрежеде болуы қажет. Қазіргі маман кең фундаментальді және тәжірибелік дайындыққа ие болу, өз мамандығын жетілдіре ала білу, өз білімін өрістете білу, іс жүзінде қызмет ұйымдастыру принциптерін қолдана алу, сонымен қатар педагогикалық процесті басқару озық әдістеріне ие болу қажет. Арнайы педагогтың кәсіптік қызметінің сферасы: педагогикалық, әлеуметтік, медициналық. Ал кәсіптік қызмет нысаны болып әлеуметтік-мәдениеттік және педагогикалық феномен арнайы оқытуды қажет ететін балаларға арнайы білім беру. Жалпы арнайы педагог- бұл жан дүниесі өте кең ерекше рухани құндылықтарға ие, мейірімді, аққөңілді, жан-жақты кәсіби құндылықтар жүйесін меңгерген, өзінің кәсіби әрекетін нәтижелі әрі сәттіболатынынасенімдітұлға. Оның кәсіби әрекеті соншалықты кең, тіпті оған әлеуметтік-мейірімділік акциялардың жетекшісі және белсенді қатысушысы болуына тура келеді.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи әлеуетке бейімдеу туралы ҚР-ның көптеген заңдары бар. Мысалы: ҚР-ның «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңында І - тараудың 3- бабының І – тармақшасында «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» баланың туғанынан басталып, ол кәмелет жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық-психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі»

делінген. Осыған сәйкес әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары бар. ҚР-ның «Білім туралы» заңындағы 6-бапқа сәйкес: «Білім беру саласындағы жергілікті уәкілетті атқарушы органдардың құзіреті-мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету» туралы айтылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуынан тіршілік тынысының шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиды. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы педагогикада жаңа тенденцияларды даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалар медициналық, педагогикалық және әлеуметтік сипаттағы кешенді көмек алатын мекемелердің көбеюімен байланыстыруға болады. Мұндай балалардың ұзақ уақыт бойы оңалту орталықтарында болуы күнделікті өмірінде өз-өзіне қызмет етуде қолданатын әлеуметтік бейімдеудің қарапайым және күрделірек дағдыларын меңгеруіне әсерін тигізеді. Мүгедек балаларды қоғамға қосудың екі жолы бар екенін атап өтуге болады. Алғашқысы, мүгедек балаларды қоғамға қосуды және қоғамның мүгедек балаларды өздеріне қабылдауға деген дайындығын қарастырады. Біздің мемлекетімізде бұл жағдай енді қолға алынып келеді. Ал, екіншісі, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоршаған ортаға бейімделуін қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда мүмкіндігі шектеулі тұлға қоғамға қосылудың объектісіне айналады, яғни олардың әлеуметке үйлесімді түрде ену мүмкіндіктерін шектейді. Қоғамға қосудың бұл екі жолы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсету жүйесінің даму тарихымен тікелей байланысып өзкөрінісін табады.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде қоғамдарынды қабілетті адамдарды қажет етеді. Тиімді жұмыс атқару үшін маман өзінің беретін пәні әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуі, оқушылармен қарым-қатынаста болуы ш. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес әртүрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Жеке тұлғаның өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиет сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру. Жас нәресте сау болса, отбасына зорқуаныш пен бақытәкеледі. Еліміздің өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азамат пен азаматшалар тәрбиелеу керек.

Өмірден түңілген жандарға және олардың отбасына қолдау көрсету, толыққанды, еркін өмір сүруге үміт беру, ойнау, күлу, оқу, қатарлас құрбыларменараласу, мектеп немесе балабақша сахнасында өнер көрсету, қолөнер жасау және сурет салу, ересек өмірге дайындау, өз еліне халқына қажетті азамат болу мүмкіндігін сыйлай алатын маман-арнайы педагогтар.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердердегі бастауыш сынып бойынша педагогика кадрларынын біліктілігін арттыру курсының білім бағдарламасы МАН / Екінші басылым / 2015 жыл.

2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім бағдарламасы мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы / Үшінші басылым / 2015 жыл.

# ТОПТЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

**Куандыкова Д.Б.**

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұрпақ келешегі мен ел болашағы үшін құзіретті мұғалім мен табысты мектептің рөлі зор»-дегенді әр сөзінде тілге тиек етеді. Ел болашағы үшін ұстазға артылған міндет ауыр, қызмет күрделі. Бірақ осы бір өзім таңдаған қиыншылығы мен қызығы мол мұғалімдік мамандығымды ерекше құрмет пен ереше ықыласпен жақсы көремін. Қоғамның қарқынды дамуының нәтижесінде, оқушыларға берілетін ақпараттар легі көп. Осы орайда оқушының басты бағдаршысы, оқушының жетекшісі, өмір сүруге қабілетті, көшбасшы болуға дайын етіп тәрбиелеуде ұстаздың орны ерекше. Қазіргі таңдағы сындарлы оқытудың мәні оқушының өздігінен білім алуға және алған білімін бағалауға үйрету. Осы мәселерді курста қарастыра отырып қазіргі таңдағы білім жүйесіндегі өзгерістерге бойлай отырып, өз-өзіме сұрақ қойып, мен не түсіндім? Қандай әдіс үйрендім? Алған білімінің нәтижесі қандай? – деген сұрақтарды өзіме қойып, курс барысындағы әр қадамыма кері байланыс беруге үйрендім және бұл өз кезегінде оқушыларыма да кері байланысты үйретуіме септігін тигізді.

Жоғарыда атап өткенімдей курс барысындағы көзқарасым өзгеріп, МАН-ның мазмұнына үңілген сайын, өзіме тың жол ашылып, оқушыларымды қызықтыру мен сабағымды түрлендірудің жаңа әдістерін көре отырып, өз сабағымда қолдануды жалғастырдым. Жаңа заманның баласына сол өз биігінде қарау арқылы әсер етуге болады. Мен бастауыш сынып мұғалімі болғаныммен барлық пәндерден ғана емес тек әдебиеттік оқу пәнінен алған себебім, осы бағдарламаның мәніндегі «оқушы уәжі, диолг, метатану, сын тұрғысынан ойлауға үйрету» барлығы жаңа бағытқа оқушыны икемдеуде аузызша сөйлесім әрекетін дамыта отырып, оқушының өзіндік көзқарасын қалыптастыруға, өз ісіне кері байланыс беруге оң ықпал етеді. Екіншіден, әдебиет шығармашылықтың сабағы. Бұл пәнде оқушы қиялы, шығармашылығы, қабілет, дарыны, өзіндік көзқарасымен оқушы еркіндігіне басқа пәндерге қарағанда кеңінен мүмкіндіктер беріліп, тереңнен бағаланады. Әрине жеңілден күрделіге қарай оқыту жүйесі оқушы үшін қолайлы. Сондықтан да өздіктерінен білім алу дағдыларының бастапқы деңгейлерін қалыптастыруда да әдебеиттік оқу пәні ыңғайлы деген шешімге келдім.

Алғашқы топттық жұмыстарды ұйымдастырғанда, сыныпта 21 бала болғандықтан, яғни оқушы санының көптігі және жаңа әдісті алғашқы тәжірибеме еңгізгендіктен бірнеше кедергілерге тап болдым. Ең алдымен топтық жұмыста топ оқушылары шулап кетіп, бір топ өз жұмысын көрсетіп, сараптап жатқанда келесі топттар тыңдамай кедергі келтіп отырды. Басқалардың жауабы ескерусіз қалып, өз жұмыстарымен айналысып отыратын. Екіншіден, топ ішінде ынтымақтастық қағидасы ескерілмей, топтың алтын ережесі ұмытылып қалып отырды. Үшіншіден, топты мүшелеріне емес жалпылама бағалау кезінде үздік, көшбасшы оқушылардың ықпалында орташа оқитын оқушылар жақсы баға алып отыруы кездесті. Яғни әр оқушының нақтылы бағасын қоя алмау кедергісіне тап болдым.

Дегенмен, атап өтетін ең басты жетістік-сабақты шаттық шеңберіне жиналып, топқа бөліну сәті менің оқушыларыма ерекше ұнайды. Себебі, сабақ басынан бір-бірен шын көңілден жақсы ілебіздерін айтып, қандай топтарға кімдермен бірге түсетіндерін асыға күтеді. Осының өзінен жаңаша ойлау тәсілдерінің оқушыға оң әсер беретінін байқауға болады. Топтық жұмысты ұйымдастыруда менің көздеген мақсатым, аталған кедергілерді жеңе отырып, орташа оқитын оқушыларымның білім мен белсенділіктерін көтеру болды. Сондықтан мен өз тәжірибемдегі кедерегілерімді тренер мен курс барысында ақылдаса отырып, бірігіп шештім. Бірінші кедергі бойынша, топтар бір-бірінің пікірмен, сараптамаларын тыңдау үшін қалған топтарды бағалаушы етіп қойдым. Екінші кедергі бойынша, топ жақсы баға алуы үшін топтағы әр бір оқушының сөйлеуі міндеттелді, яғни топттық жұмысқа топтың әр мүшесі қатысуы қажет дедім. Үшінші кедергіні шешу үшін, бір

- бірлерінің ынтымақтастыққа жұмыс істеу қағидаларын әр кез естеріне түсіріп отырдым. Бұл жұмыстар өз нәтижелерін беріп отырды.

Жыл басынан курстың әр сабағында үйренген әдістерімді сабақтарымда қолданып отырдым. Жиі қолданып, әрі өз нәтижесін берген әдіс «Ыстық орындық» болды. Бұл менің оқушыларымның қызығушылығын арттырған әдіс. Бұл әдісті мен үй тапсырмасын тексеру үшін кейде, сабақты қорытындылау үшін сәтті пайдаланып жүрдім. Сондай бір сабақта оқушылар мұғалім сіз отырыңызшы «ыстық орындыққа» -деген ниеттерін білдіргесін өзім отыра қалдым.



«Ыстық орындық» әдісі

Сыныптағы үздік оқушы Монтай Жаннұр «мұғалім сіз бізге неге көп ұрса бересіз?» - деген сұрақ қойды, әрине сұраққа жауап бергенмен, бұл сұрақтан кейін мен терең ойға қалып, өз кемшілігімді байқап, қорытынды шығардым. Бұл мен үшін осы жаңа тәсілдің арқасында оқушыларымен мұғалім арасындағы ашықтық пен қатар сыни көзқарас қалыптасқандығын яғни өз пікірлерін еркін айта алатындықтары мені қуантты.

Сабақта қолданған тағы бір әдісім «Ашық микрофон» болды. Ертегі немес әңгіме оқығаннан кейін бір-бірімізге сұрақ қойып, пікір алмасу үшін ашық микрофон алаңына оқушыларым қызығушылықпен келетін болды. Бұл әдіс арқасында оқушылар ойларын обрзға кіре отырып,  еркін білдіреді. Сәттілік әкелген тұсы, ұяң оқушылардың микрофон алдында сөйлеуіне мүмкіндік туып, ерекше сұрақтар мен қызықты жауаптар алынып отырды.





«Ашық миркофон» әдісінен оқушылар іс-әрекеті

Жалпы топттық жұмыстың барлығын жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру үшін «Шаттық шеңберінен» бастап отырдым. Әр күнгі сабақта оқушылар бір-біріне жақсы ілебіздер арнауға үйреніп қалды. Бұл әдістің сәтті жағы бір-біріне жақсы сөздер айтып

жүруге дағдыланды.

Сабақ барысында тағы бір маңызды кезең бастауыш сыныптары үшін сергіту сәті. Осы курс барысында сергіту сәтінің жаңаша бірнеше түрін қолдануды үйреніп, өз сабақтарымда оң нәтижелерін көрдім. Мысалға, зейінді шоғырландыру, есте сақтау қабілеттерін арттыру үшін «Екі ұқсас,бір өзгеше» қасиеттерімімзді атау туралы шеңберде жұптасып әңгіме өткізгенде оқушыларымның арасынан Ғалымжан мен Жақсылық «екеумізде көп ескерту аламыз»- деп шынайы жауап берді. Осындай кезеңдерде тәртібі нашар немесе мінезі ауыр оқушылардың ашылып сөйлегені кеңінен байқалды. Бұл әдістің сәтті шыққан тұсы оқушының шынайы ашылуын, өз-өзін бағалуына қол жеткізуім болды. Сондықтан сергіту сәттерінің түрлері менің тәжірибемде оқушыларым үшін табысты болды, мені оларға бір қадам жақындатуға мүмкіндіктер берді.





Сергіту сәті

Жаңаша ұйымдастырылған сабақтардың тиімді жақтарының бірі оқушыларды «кері байланыс» пен «рефлексияға» дағдыландыру сатылары болды. Жоғарда өзім атап кеткендей курс барысында мен өзім кері байланыс пен рефлексияның мәнін түсінбей жүргенімді және де өз сабағыма не жетіспейді деген сұрағымның жауабын таптым. Менің жұмысым мен сабағыма кері байланыс пен рефлексия жетіспейтіндігін түсіндім. Ал оқушыларымды осы кері байланысқа баулу барысында бірте-бірте оқушылар кез-келген іс әрекетке кері байланыс беруге үйренді. Өз сабақтарымда оқушылар берген кері байланыстарды оқи отырып өзімнің сабақ барысында жіберген олқылықтарымды байқап, біле бастадым. Сол арқылы келесі сабақта ескеріп, қадағалауды әдетке айналдырдым. Оқушыларымның ішінде кері байланыс беруде тиянақты әрі ұяң оқушым Зере «мұғалім бүгін мен тақтаға неге шықпай қалдым»- деген өз ойы, оқушы уәжін жазғанын оқып, терең ойға баттым. 45 минут сабақта мұғалім әр оқушыны назардан тыс қалдырмауға, әр сәтті бақылауға, әр оқушының көңіл-күйімен санасуға міндетті. Мен осы оқушымның кері байланыстағы бір ауыз сөзінен кейін, мен қаншалықты құзіретті мұғаліммін?- деген сұраққа қайтадан ойлана бастадым. Мұның өзі осы курстағы алған білімімнің нәтижесі. Кері байланыс дегеніміз Абай айтқандай «өз-өзіңе есеп беру» екен бір сөзбен айтқанда. Не сәтті шықты, нені жетілдіру керек? Нені өзгертуге болады? –деген сұрақтарға жауап беру.





Кері байланыс

Курс барысында оқыған «БЛУМ» таксономиясы мен «Бағалау критерилерін» өз сабақтарымда қолдану барсында кедергілерге кездестім. Оның басты себебім өзімнің дұрыс түсінбеушілігім мен өзім бағалаған оқушылардың бағасы не кем не арттық болмады ма деген күмәнім жиі болады. Сабақ мақсатын «БЛУМ» таксономиясы сүйеніп жоспарлап, яғни нақты, нәтижеге бағытталған болуын ескердім. Оқушыларды бағалауда бағалау парақшалын пайдалану мен бірге саралап оқыту технологиясына орай яғни біледі, түсінеді, қолданады, зерттейді, жинақтайды, бағалайды оқушылардың деңгейлерімен сабақ барысындағы алған білімдерін қолдануларын байқап отырып, өзім жоспарлаған сабақ мақсатының деңгейлерінен шықты ма немес неліктен нәтижеге жете алмағаныма рефлексия жасап қорытуды өз сабағымда толықтай болмағанмен элементтерін пайдаланып жүрмін. Мысалға мынау тұрған фотодағы адамның бес саусағы бағалау парақшасының қызыметін атқарады. Бұл саусақтарға жүзіктерге шартты белгілер қойып отырдым, үш бұрыш, төрт бұрыш, жұлдызша оқушылар жауабының тапсырмаға орай қойып отырдым әр оқушының жанына барып, сабақ соңында өздерінің ортақ бағаларын өздері шығарып алады.

Тренерімізбен өткізілген курстың бір сабағы «Бағалау критерилері» сағатында тренеріміз айтқан болатын «быйылғы жаңартылған бағдарламамен оқып жатырған бірінші сынып оқушылары былтырғы оқушылармен салыстырғанда әлде қайда озат»-деп. Мен осы сөзді тыңдап отырып алдағы оқу жылында осы курстан алған білімім мен тәжірибемді пайдаланып өз сыныбымның оқушыларының белсенділігі мен сыни көзқарастарының қалыптастырып, өздіктерінен білім алуларына жағдай жасауға жұмыс істеймін деп өз-өзіме мақсат, міндет қойдым. Бұл быйылғы жылдың мен үшін табысты да тың серпінге ілескен, өз көзқарасымның өзгерген оқу жылы болғанын атап өтуге болады. Әрине менің бұл табысыма курс тренері мен курста бірге оқыған әріптестерімнің қосқан үлесі зор.



Бағалау парағы

**Қолданынған әдебиеттер**

1. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2016 ж ДББҰ.

2. Бақзыбекова.Н. Саралап деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың білім деңгейін арттыру.-А: Қазақ тілі, №4, 2007.16 б.

3. smk.edu.kz.

## МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**Қайырова Д.П.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының Пррезиденті Н.Ә. Назарбаев Республика білім және ғылым қызметкерлеріне ІІ съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалауда стратегиялық міндеттердің бірі шығармашылық тұрғыдан ойлай білетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеу екендігіне баса назар аударып, жалпы білім беретін орта мектепте білім берумен қатар адалдық, адамдық, Отан сүйе білу сияқты гумандық сезімдерге тәрбиелеу қажеттігі өзекті мәселе болып отырғандығын ерекше атап өтті. Оқушының шығармашық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар-дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік [1, 35 б.]

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы,құзіреттілігі арқылы айқындалса,сол құзіреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді.Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық көріністі талап етеді.Осы мәселе соңғы жылдар ішінде ғалымдардың зерттеу нысаналарына алынумен қатар, мектеп мұғалімдерінің тәжірибесінде мектеп оқушыларын тұлға етіп дамытуда олардың шығармашылық қабілетін дамыту басты нысанға айналған. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» - дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады [2].

Оқушыны шығармашылыққа баулу, өз еңбегінің нәтижесін көруге, оны бағалауға бағыттау-өте күрделі үрдіс. Оқушының шығармашылық мүмкіндігі оның жеке тұлға ретінде қалыптасу үрдісінде пайда болады.Егер шығармашылық оқушының жас кезінде бағалы бағдар болып қалыптаспаса онда болашақта да оның қалыптасуы екіталай.[3, 51 б.].

Оқушылардың оқуын қалыптастыруда мұғалімнің шеберлігіне, өтілетін тақырыптың мазмұнынан байланысты кітаппен жұмыс істеудің әр түрлі тапсырмалар беру арқылы іске асырады. Бұл жөнінде педагог Н.Н. Крупская «Ең маңыздысы оқушыны оқуға үйрету, мұның өзін ол үшін басқа біреу істеп береді, деп үміттенбеуге үйрету.Үйретіп қана қоймай, өздері жұмыс істеуге оқуға, оқығандарын түсінуге, көп нәрсені зерттеу жолымен түсінуге үйрету керек»- деген.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен құбылыстардың әрқайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр-сипатын сезім мүшелері арқылы байқауға, қабылдауға баулитын дидактикалық қағида. Көрнекілік – білудің, танудың, ұғынудың басты құралы.

Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың көзімен көріп, нақтылы түсіндірілуіне мүмкіндік береді. Жаңа сабақты түсіндіру, өткен материалды қайталау, не бекіту, жаттығу жаздыру кездерінде пайдаланылған көрнекілік әрбір сабақтың әсерлігін және мазмұнын арттырып, оқушыға білімді қызықты, жалықтырмай игеруге септігін тигізеді.

Көрнекілік белгілі бір ұғым жөніндегі бастапқы түсінігін қалыптастыру үшін де, оны кеңейту үшін де, жас ұрпақ ойын дамыту үшін де қажет.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ мұны тек көрнекі құралда пайдаланып оқыту деп түсінбеу керек. Көрнекі құралды жоғары бағалаумен және оны кеңінен қолданумен бірге, оның мақсат еместігін ұмытпау керек, ол тек негізгі мақсатқа жету үшін, білімді берік ұғыну үшін, оқушылардың ойын дамыту мақсатында қолданатын құрал.

Көрнекілік құралдар оқу материалдарын, әсіресе теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

Көрнекілік - білудің, танудың, ұғынудың басты құралы болып табылады. Көрнекілікті қолданғанда оқушының жас ерекшеліктері ескерілуі керек. Айталық, төменгі класс оқушылары құбылыстарды тұтас күйінде жөндеп қабылдай алмайды. Сыртқы белгілерін ғана көреді. Талдау жағы жетпейді. Сол үшін көрнекі құралдарды модельдер мен суреттерді, коллекциялар мен кестелерді пайдалану керек.

Көрнекілікті Я.А. Коменский – «Алтын ереже» деп қолданған. Ал К.Д.Ушинский оған ғылыми негіздеме берген. К.Д. Ушинский көрнекілік принципі туралы « Көрнекілік оқытудағы мақсат- оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру, қорытынды жасауға үйрету» - деп көрсетті.Сонымен қатар Я.А.Коменский « Алтын ережесінде», « бала сезімі қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғызып білдірген жөн, көруге болатынды көруге, естуге болатын нәрсені құлақ қойып тыңдасын, иісін иіскеп білсін дәмін татып көрсін, жұмсақтығын т.б байқасын», - деген болатын.«Мың рет естігеннен бір көрген артық» дегендей, көрнекілік белсенділік, тану, білу қабілетін дамытатын, саналылықты арттыратын құбылыстың сырт бейнесін ғана емес, сонымен бірге ұғымдарды қалыптастырудың құралы. Әр түрлі көрнекілікті қолдану нәтижесінде сабақ әрі түсінікті, әрі қызықты өтеді [5].

Көрнекіліктің түрлері алуан түрлі. Тақтаның жартысына жазылған жазудан бастап, әр түрлі ойыншықтар, суреттер оқу жабдықтары. Заттың сынын білдіретін сөздерге - түрлі қарындаштар, т.б заттай көрнекіліктер. Бейне көрнекіліктер. Мәселен, А.Байтұрсынов ауызша, әңгімелеу, түсіндіру, әңгіме, индуктивтік және дедуктивтік әдіс, практикалық, шығармашылық әңгіме, мақалалар, М.Дулатов ауызша, әңгімелеу, түсіндіру, әңгіме, көрнекті тұрмыстық пәндер, М.Жұмабаев әңгімелеу, түсіндіру, индуктивтік, дедуктивтік, Ж.Аймауытов ауызша, ауызша әңгімелеу, диалог, өзіндік жұмыс, тәжірибелі көрнекілік сияқты оқыту әдістерін атап көрсетті .

Қазақ халқының ағартушысы Ы.Алтынсарин: «...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің – көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру баланың барлық қабілетін көрнекілік арқылы жаттықтыру арқылы жұмыс істеу керек ...»- деген болатын.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. «Қазақ әдебиеті»./35-бет/
2. «Қазақстан мектебі»2003ж.№6-51-бет
3. Қ. Тасболатов «Оқушылардың таным белсенділіктерін арттыру».
4. «Оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту»Білім шапағаты газеті
5. zharar.com›kz/4623-mektep-damytu.html

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к. Бахтиярова Г.Р.**

## ӘЛІППЕНІҢ АРҒЫ ЖАҒЫ - БІЛІМ БҰЛАҒЫ

**Қалмырза Ұ.**
Қ. Жұбанов атындағы өңірлік мемелекеттік университеті

Мұғалім - теңдесі жоқ мамандық. Бұл туралы Л.Н.Толстой: «Мектептің жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Мақала жазу барысында ғалымдар А.Б. Ынтықбаева, Ж.Р.Бәшірова мұғалімнің іскерлік пен біліктіліктерін оқушылар мен ортақ тіл таба алуын ұстаздың оқушыларға деген ықыласын көрсетеді деп айтатындығын білдік. Педагог-жаңа ұрпаққа ғасырлар бойы жинақталған барлық бағалы дүниелерді беріп, жалған сенімдерді, кінәраттар мен кеселдерді бермеуге тиісті адам. Олай болса мұғалім мамандығын меңгерудің қыр-сыры көп екендігін байқаймыз.

Еліміздің әлеуметтік – экономикалық дамуын жетілдіру мәселесі осы қоғамдағы адами фактор мәселесімен тікелей байланысты, себебі жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті жастар мен құзіретті мамандар ғана қоғамның өркендеп дамуына елеулі үлес қоса алады. Қоғамымыздың қарқынды дамуы үшін бәсекеге қабілетті, әлеуметтік белсенділіктері дамыған жас мамандар қажет. Ал осындай азаматтар тұлғасын қалыптастыруда олардың ата-аналарымен қатар білім беру мекемелеріндегі мұғалімдердің ерен еңбектері мен игі істерінің алатын орны зор [1,98].

М.Жұмабаев атамыз айтқандай: «Ұстаз болу-өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау». Сондықтан ұстаз адам – кәсіби мамандығына құштар, оны жан -тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнауы тиіс. Олай болса мұғалім еңбегінің сан қырлылығы осыдан өрбиді. Мұғалім адамның өз пәнін терең меңгеруі оның ең алғашқы қыры, кәсіби шеберлігін үздіксіз ұштай, шындай түсуі:

- мұғалімнің тілді меңгеруі-тіл шеберлігі. Сөзді жетесіне жеткізе сөйлей білудің өзі-өнер. Себебі, тіл-тәрбие құралы.
- байқағыштық сезімі-көрегендігі.
- әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаздық.
- жан-жақты дарындылығы.
- үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы.
- үлгі-өнегесі, мұғалім мәдениеті, қарым-қатынасы, өзін-өзі басқаруы, бақылауы, сөйлеу мәдениеті, үздіксіз жаңарып, өзгеріп, үнемі жаңа сипатқа ие болып отыруы мұғалімдік мамандықтың ең басты этикалық сапалық белгісі [1].

Осы қасиеттер әр ұстаздың бойынан табылуы қажет. Себебі мұғалім қай сабақта болмасын оқушысын еркіндікке баулиды. Сондықтан да мұғалімнің міндеті талап пен еңбекті оқушыдан талап етеді, білімнің теңізінен маржан тергізеді. Оқушы сабағынан ешқашан жалықпау керек деп ойлаймыз.

Педагогика оқулығының авторы Ш.Әленұлы мұғалім қызметінің оқу процесіндегі қызметін мынадай деп көрсетеді:

1) мұғалім балаларды ынталандыра алатын болсын, оларға оқудың қоғам үшін және оқушылардың өздері үшін қандай маңызды болатынын көрсетсін;

2) мұғалім оқушылардың таным-білім мүмкіндігін жақсы біледі және оқытуда солардың шама-шарқына қарай міндеттер қойып, бұл міндеттерді балалардың ақыл-ой дәрежесіне қарай күрделендіріп отырады;

3) мұғалім балалардың назарын басты міндетін шешуге шоғырландыра алады және жұмыс басынан-ақ оқушының ойын негізгі мәселеден алаңдататын нәрсенің бәрін жойып отырады;

4) мұғалім – оқушылардың таным-білім әрекетін жақсылап ұйымдастырушы, балалардың табысқа жетуіне, олардың рухани жағынан өсуіне барынша мүдделі болып

отыратын ыждағатты әрі қамқоршы адам деп ой түйеді [2, 37].

Мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қабілеттерді байқап, мысалы сурет салу, ән айта білу, қоршаған ортаға қызығушылығы (өзен, тау, жер асты қазбаларына т.б.) дәл байқап әрі қарай өз бетінше дамытуға жағдай жасайды.

Тәрбие ісі екі бағытта жүретінін білеміз. Мұғалім оқушысына қоғамға қажетті қасиеттерді дарыту болып табылса, екінші бағыты оқудан тыс уақытта тәрбие беру. Ә.Тәжібаев атамыз тәрбие жөнінде «мұғалім деген ат – қасиетті ат. Мұғалім деген аттан таза еңбекті сүйетін мамандық иесі деген сөзді ұғынады. Елдің надандығымен алысатын адам мұғалім» деген екен. Оқу процесінде мұғалім рөлі өте жоғары өйткені ұстаз білім бере отырып тәрбиелейді. Қазіргі қоғамда оқушылардың, студенттердің алдында тұрған мақсат біреу – ол қоғамымыздың қай саласында жүрсе де тәрбиелі болу. Өзіміз білетіндей қазіргі оқушылар басқаша: олардың талабы, ақпарат алу деңгейі, тұрмыс бейнесі мен іс әрекеті өзгерді. Егер мұғалім оқушылармен, студенттермен ынтымақтастықта болғысы келсе, жеке бас арасындағы өзара сыйластық түсіністік келісімділік болуы керек деп ойлаймыз.

Бұл мәселеде мұғалімнің де, оқушылар мен студенттің де абыройы, беделі, адами қасиеті арта түседі. Біздің өмірімізде мұғалімнің ішкі көңіл- күйін түсіне бермейтін сынып ұжымы да кездеседі, ал мұғалімнің көңіл күйі сыныпқа бірден әсер ететіні белгілі. Қ.Аманжолов өз сөзінде «мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интелектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек» деген. Осы орайда біз ұстазым Жалғасбаева Рысты Шамшадинқызының еңбегін ерекше атап өтер едім. Ол тарих пәнінің оқутышысы. Ол кісі үй жағдайында, қызмет жағдайында болған келеңсіз, көңілін түсіретін жайытты бізге білдірмейтін.

Ауылымыз шағын болғандықтан, әр ұстаздың отбасылық жағдайынан хабардар болып жүретінбіз. Ұстазым өте еңбекқор, жаны жайсаң, әрдайым шәкіртінің жүрегіне жол табатын нәзік жанды адам. Сабақ кезінде бізге оқулықта берілген оқу материалынан басқа елімізде болып жатқан саяси-экономикалық, мәдени-ағарту істері жөнінде сабақта өтілетін тақырыптар мен байланыстырып қызықты өткізетін. Ғалым М.П. Драгоманов өз сөзінде былай деген:«Тәрбиелеушінің өзі-ақылдың, үлкен ұстамдылықтың, мейірімділіктің, биік адамгершілік көзқарастың иесі болуға тиіс». Осыған орай мұғалімнің бойындағы мынандай асыл қасиеттерді айтқым келеді.




Сан-алуан мамандықтардың ішінде мұғалім мамандығы «адам-адам» жүйесіне қатысты мамандық. Бірақ осындай жүйеде адаммен тығыз жұмыс істейтін басқа да мамандық иелері жеткілікті. Мысалы, дәрігер, заңгер, өнер адамдары (әншілер, бишілер, әртістер), сатушылар т.с.с. мамандар да адамдармен тығыз қарым –қатынаста болады ғой.

Педагог мамандығының маңыздылығы оның қоғам дамуындағы рөлімен анықталады. Педагог мамандығында жетекші идея, негізгі міндет – қоғам дамуының мақсаттарын түсініп, басқа адамдарды сол мақсаттарға жетуге бағыттау. Яғни, мұғалім өскелең ұрпақты қоғамның болашақ азаматтары ретінде тәрбиелеп, оқушылардың өмірде өз орнын таба білуіне, қалаған мамандықтарына қол жеткізуге байланысты жұмыстар атқарады.

Ол үшін тәрбие сағаттарында белгілі мамандық иелерін тәрбиелі отбасыларын, ардақты аналарды, мектеп түлектерін шақырып, мәнді де мазмұнды әңгіме өткізеді. Мұғалімдер қоғамдағы ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік тәжірибені саралап ең дұрыс және ең қажетті жақтарын жасөспірімдердің бойында қалыптастыруға тырысады.

Сонымен қатар мұғалімдер жасөспірімдердің дүниетанымдарын, ұлттық сана

сезімдерін, салауатты өмір салтына деген көзғарастарын қалыптастырады. Яғни, мұғалімдерді баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуін, әлеуметтенуін басқарушысы ретінде қабылдауға болады. Мақала жазу барысында ұлы гректің ойшылы Сократ: «Ұстаздың биігі ойлана қарасаң биіктей береді, үңіле қарасаң, тереңдей береді, қол созсаң алдыңда, айналсаң артыңда тұрғандай» дегені мұғалім тұлғасына дәл айтылғандай деп түсінеміз [3, 240].

Мұғалім-зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі секілді. Сондықтан қай елде болмасын мұғалім көп таралған мамандық. Мысалы, өзіміз дәріс жүргізіп жүрген Қ. Жұбанов атындағы өңірлік мемелекеттік университетін жанындағы Педагогикалық институтта бірнеше мамандыққа оқитын студенттер баршылық екенін атап айтуға болады. Бейнелеу өнері және кәсіптік оқыту, дене шынықтыру және спорт, физика және математика т.б. Қазіргі кезде біз 2-3 ай оқу барысында бірнеше мамандық иелерінің дәрістерін тыңдаудамыз. Айтатын болсақ мата өңдеу практикумынан Айнұр Маратқызы практика өткізеді. Ал сызу сабағынан Ақбота Зейнешқызы дәріс өткізеді.

Орыс тілі пәнінен Кулайым Жубанқызы сабақ өткізеді. Көріп отырғанымыздай бізге дәріс беретін ұстаздардың да әр түрлі мамандық екенін білеміз. Міне осы сияқты мұғалім кәсібі де әр түрлі мамандық саласынан хабар болатынына көзіміз жетті.

Біздің бұл пікірімізді ғалым А.Е. Берікқанованың мынадай сөздері дәлелдейді. «Бұл нені білдіреді? Бұл дегеніміз педагог мамандығының қоғам дамуы үшін аса қажеттілігінің, зор маңыздылығының көрсеткіші, себебі егер бұл мамандыққа қоғам тарапынан сұраныс болмаса, мұндай көп мамандарды даярлау қажеттілігі де болмаушы еді. Бұл мамандық мәңгілік ескірмейтін мамандықтардың бірі».

Ғылымды күшті меңгерген және оны сүйетін мұғалім ғана өз шәкірттерінің бәріне жемісті ықпал жасайтын болады. Сондықтан біз таңдаған мамандығымызды мақтан тұтамыз және ұстаздарымызбен мақтанамыз.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. А.Е.Берікханова «Педагогикалық мамандыққа кіріспе» Алматы 2009ж 240б

2. Ш.Әленұлы «Педагогика» Алматы «Рост» 2002ж 304б

3. «Тіл өмірі, өмір-тілде» Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университенінің 50 жылдық мерей тойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық семинар материалдары Ақтөбе 2016 ж.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.қ. Досмырзаева А.С.**

## ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚАРАСТЫРУЫ БОЙЫНША ПСИХОТЕРАПИЯ ТҮСІНІГІ

**Құрмантаева Г.А., Теңгебекова Ж.Б.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Психотерапия психология және медицина ғылымындағы әлі де толық зерттелмеген мәселе. Қазіргі таңда әлемде «психотерапия» түсінігіне сәйкес бірыңғай көзқарас жоқ. Бірақ Европалық психотерапия ассоциациясының арқасында Европа елдерінде Страсбург декларациясы аясында, психотерапияны анықтауға сәйкес үлкен жұмыс жүргізілді. Бұл құжат психотерапияның заманауи тұжырымдамасын дәл анықтайды. Бұл декларацияда:

1. Психотерапия – бұл еркін әрі тәуелсіз әрекетті қажет ететін арнайы пән.

2. Психотерапиялық білім теориялық және клиникалық дайындықтың жоғары деңгейін талап етеді.

3. Психотерапияда қолданылатын түрлі психотерапевтік әдістер кепіл бола алады.

4. Психотерапиялық әдістер жайлы білім біртұтас интегралды болуы шарт: ол теорияны, жеке терапевтік және бақылау тәжірибесін қамтиды. Сонымен қатар, оның өзге де

әдістемелер туралы түсінігі қалыптасуы қажет.

5. Мұндай білім алу түрлі гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардан алдын-ала дайындықтарды қажет етеді.

Жалпы психотерапия ұғымы ерте кезден көптеген ғалымдардың зейінін аударған (мысалы, Эпикур, Цицерон), ал біздің заманымызда З. Фрейд, А. Адлер, А. Маслоу, П.Б. Ганнушкин, А.Е. Личко, Б.С. Братусь және т.б. зерттеуіне ілінген. Психотерапия (грек. psyche - жан және therapeia - емдеу) – психология мен медицина аралығындағы, адамдарға іс жүзінде әсер ету әдістері мен теориялық білімдер саласы. Психотерапия адам әр түрлі психикалық ауруға, жүйке ауруына және т.б. эмоциялық тұрақсыздық күйіне ұшырағанда, оның көмескіленеген ойлау жүйесі мен сана-сезімін ауызша және әсерлі қимыл-әрекетпен ықпал ету арқылы емдеудің жүйесі. Белгілі ғалым Р. Бастин психикалық сипаттағы мәселелер немесе қиындықтар туындағанда науқасқа психологиялық құралдар арқылы кәсіби көмек көрсетілетін өзара жеке әрекет етудің ерекше түрін айтады [1, с. 384].

П. Ледер психотерапияның жан-жақтылығын белгілей отыра, психотерапия туралы келесідей тұжырымдарды атайды:

1) психикалық және тәндік қызмет саласында ағзаның жағдайы мен қызметіне ықпал ететін емдеу әдісі ретінде;

2) үйрету үдерісін қозғалысқа келтіретін әсер ету немесе ықпалын тигізу әдісі ретінде;

3) әлеуметтік бақылау мақсатына қызмет ететін құрал қимылы әдісі ретінде;

4) адамдардың өзара әрекеттесу мен қатынасу барысында болатын құбылыстар кешені ретінде [2, с.320].

«Психотерапия» терминін алғаш ғылымға 1872 жылы енгізген Д. Тьюк болды. Ол - бұл ұғымды өзінің «Иллюстрации влияния разума на тело» атты еңбегінде ашып көрсетті. Психотерапия термині гипнозтехникасының дамуына байланысты XIX ғ. 90 жылдарынан бастап қана жалпы қолданыла бастады.

Штротц пікірі бойынша: «Психотерапия — бұл психологиялық құралдармен мінез-құлықтың бұзылуын немесе аурушаң жағдайды нақты белгіленген мақсатпен және қалыпты және ауытқушылық тәртібінің теориясы негізінде оларға таныс тәсілдер арқылы емдеу мақсатында бір немесе бірнеше науқастың және бір немесе бірнеше психотерапевттердің (тиісті оқыту мен дайындықты өткен) өзара әрекеттесуі». Ал Ю.В.Каннабих пікірінше: «Психотерапия дегеніміз – ауру адамдарды емдеуге психикалық әдістерді жоспарлы түрде қолдану», - дейді. Бұл пікірге сәйкес психотерапияда ауруға себепші болатын психикалық әсерлер аурудың түріне, адамның ерекшелігіне қарай жоспарлы, жүйелі және біртіндеп жүргізілуі керек.

Ағылшын әдебиеттерінде психотерапия термині кең және тар мағынаны да білдіреді. Бұл ұғым *психикалық талдау* амалдарын қолданбайтын және ауру психикасының терең қабаттарын зерттеу талпынысынан бас тартуымен терапияның психоаналитикалық тәсілдерінен ерекшеленетін емдеу әдістерін белгілеу үшін қолданылады.

Білімі немесе қызмет түрі бойынша дәрігерлер болып табылмайтын психотерапевттер «жанмен емдеу» бастапқы мағынасына негізделетін басқа – философиялық және психологиялық - психотерапияның моделін ұсынады. Бұл көзқарастың негізгі мақсаты психикалық бұзылуды емдеу емес, онда психотерапевт аурудың серігі, досы, тәлімгері ретінде болатын сана және жеке тұлға қалыптасу үдерісіндегі көмек.

Бүгінгі күні жалпы психотерпияның 500-дей жеке әдістері бар. Психотерапияның бірыңғай жалпы қолданыстағы әдістер жіктемесі жоқ.

Психотерапия әдісінің ұғымы қолданылатын мағыналар түрлілігін талдауға талпынған Александров болды. Ол:

1) техникалар сипатындағы әдістер;

2) психотерапия мақсаттарына жету мен оңтайландыруға септігін тигізетін жағдайларды анықтайтын әдістер;

3) психотерапевтикалық үдерісі барысында құрал мағынасында пайдаланылатын әдістер;

4) терапевтикалық интервенциялар (араласу) мағынасындағы әдістер деп қарастырды.

Сонымен қатар тәжірибеде топтық психотерапияның жекеден айырмашылығы бар деген де мағынасы бар, себебі олардың әрқайсысы түсініктерге, психотерапевт және сеанстарды өткізу техникасының дайындығына қатысты нақты алғышарттарға байланысты [5, с.128].

1985 ж. өзінде Б.Д.Карвасарский психотерапияны келесідей жіктеген:

1) жеке-нысаналы психотерапия әдістері;

2) суггестивті (ұйыту) психотерапия әдістері;

3) мінез-құлық (шартты-рефлекторлық) психотерапия әдістері.

Әр түрлі жіктеулерге қарамастан, психотерапияны симптомды және жеке-нысаналы ретінде қарастыру қабылданған. Біріншіге дәстүрлі гипнотерапия, аутогендік жаттығу, иландыру және өзін-өзі иландырудыңалуан түрлерін жатқызады. Маңызды жеке тұлғаның өзгерістеріне бағытталған психотерапия заманауи психологияның негізгі ағымдарына негізделеді және осыған сәйкес динамикалық, мінез-құлық және адамгершілік бағыттар болып бөлінеді [3, с. 215-216].

Психотерапевтикалық әсер ету — бұл белгілі мақсаттарымен, сол мақсаттарға сәйкес әсер ету құралдарының (әдістер) таңдауымен, қызметтерімен, теориялық тұрғыдан дәлелділігімен, эмпирикалық тексерісімен және кәсіби әрекеттерімен сипатталатын клиникалық-психологиялық араласу (интервенция) түрі.

Психотерапевт – бұл емдеу құралы ретінде психологиялық әсер етуді мақсатты түрде қолданатын, диагностика жасап, әсіресе психогендік ауруларды емдей алатын дайындығы бар маман. Психотерапияның ерекшелігінен ол емдеу үдерісіне қандай да болсын өзіндік тұлға, құндылықтар жүйесі, ең дұрыс теоретикалық бағдарлар мен психотерапевтикалық технологиялар өзгешелігін енгізеді. Психотерапияның әр түрлі бағыттарына емдеу тиімділігі үшін психотерапевт жеке тұлға қасиеттерінің немесе психотерапевтикалық тәсілдердің маңыздылығын бағалаудағы әр түрлі ерекшеліктер тән [4, с.123].

Психотерапевтикалық әдісті *Фрейд* зерттеген. Санасыз психикалық үдерістер мен олардың талдауына қолданылатын психотерапевтикалық әдістері туралы түсінік негізгі ұғым болып табылады.

Психологиялық талдау психотерапияның ең қарқынды және формасы бойынша қатаң түрі. Пациент психоаналитикке аптасына 3-5 рет барады; емдеу курсының ұзақтығы бірнеше айдан бірнеше жылға дейін. Клиент кушеткада жатады және оның артында отырған психоаналитикті көрмейді. Пациент еркін ұқсатуға талпынады, яғни бастапқы түп тамырдан шығатын ойлар қозғалысын бақылау үшін, басына келетіннің барлығын айтқысы келеді; сондай-ақ түс көрулері мен психотерапия үдерісінде пайда болатын *тасымалдау* сезімі туралы айтады. Психоаналитикке науқастың өз сезімі мен ойларын білдіре білгендігі, айқындалған репрессиясыз психологиялық тұрғыдан қалыпты болып, психоаналитикпен жасалатын эмоционалдық шиеленіске төзу, тұрақты психотерапевтикалық альянсқа деген қабілеттілігі маңызды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі, Алматы: «Сөздік-словарь», 2006.
2. Бурлачук Л.Ф., Грабская И.А., Кочарян А.С. «Основы психотерапии», 1999.
3. Карвасарский Б.Д. «Психотерапия», 2-ое изд., «Питер», 2002.
4. Бьюдженталь Дж. Искусство психотерапевта, 3-е изд., 2001.
5. Александров А.А. «»Психотерапия», «Питер», 2004.

*Ғылыми жетекшісі:* **Досмырза Р.Ж.**

# Ң ДЫБЫСЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫНЫҢ СЕБЕП-САЛДАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ

**Мыктыбаева Г.С., Дуйсенбаева Р.Д.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деген болатын [1].

«Өнер алды-қызыл тіл» деген дана халқымыз ұлттық рухымыздың негізгі өзегі тілімізде жатқанын екі ауыз сөзбен тіліміздің барлық нормасы дұрыс сақталғанда бірге өсіп, тіліміз өшсе бірге өшетінімізді айтса керек.

Демек, сөйлеу тілімізді түзету жолдарымызда ұлттық құндылықтарымызбен тікелей байланысып жатыр. Жұмыс барысында қолданылатын ойын-жаттығулар, тақпақтар, жаңылтпаштар, аңыз-әңгімелер, қиссалар, жыр-дастандар бала тіліндегі кемістікті түзетумен қатар, ұлттық тәрбиемен қатар жүргенде ғана нәтижелі болатынын ескергеніміз жөн.

Қазіргі таңда сөйлеу тілі нормасы бұзылған балалар мектепке дейінгі балалар арасында тұрмақ, мектеп жасындағы балалар арасында көптеп кездесетіні жасырын емес. Мүмкіндігі шектеулі балаларды есепке алмағанның өзінде, жалпы мектеп оқушыларының арасында 15-20% сөйлеу тілінің қалыпты дамуының ауытқуы, ой саларлық жағдай.

Балалар арасында көп тарағаны сөйлеу тіліндегі дыбыстың айтылуының бұзылуы. Ол дыбыстарды алмастыру, дыбысты айтпай тастап кету, бұрмалап айтумен өлшенеді. Сөйлеу тілінің бұзылуының бұл түрін «дислалия» деп атайды.

XX- ғасырда әр түрлі авторлар дыбыс айтудың бұзылыстарын әртүрлі атаған. Мысалы: Ф. Ф. Рау – «фонемалардың айтылуының бұзылуы», О. В. Правдина – «дислалия», М. Е. Хватцев – «тіл мүкістігі» (косноязычие) деп атаған. Халқымыз арасында «сақаулық» сөзімен танымал.

Дислалия – есту қабілеті дұрыс және сөйлеу тілі аппаратының иннервациясы сақталған қалпында сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуының бұзылуы (Л.С. Волкова) [2].

Қазақ тілінің спецификалық дыбыстары ішінде ең көп бұзылысқа ұшырайтын дыбысы – ң дыбысы. Ң дыбысын өзге тілділер арасында тұрмақ, ана тілінде сөйлейтіндер дұрыс айта алмайтындар және айтқанын қате деп санамайтындар жиі кездеседі. Сыныпта отырған 25-30 оқушының 5 немесе 7 оқушы, яғни 15-20 % дұрыс айта алмайды.

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормасы және оның маңызы туралы алғаш пікір айтушылардың бірі – проф. М. Балақаев. Ол өзінің «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» деп аталатын еңбегінің алғы сөзінде былай дейді: «сөздердің айтылу нормасы және сол норманы сақтап сөйлеу мәселесі ескерілмей, елеусіз қалып келеді. Сондықтан да бізде бұл мәселе жөнінде күн бүгінге дейін ала-құлалық байқалады. Мына сөз былай айтылмайды, былай айтылады, мынасы дұрыс, мынасы теріс көп есітпейміз. Кім қай сөзді қалай айтады, қалай естиді – бәрібір – әйтеуір нобайы келсе болғаны. Бұл кемшіліктерден арылу үшін әрбір сөздің айтылу нормасын сақтап сөйлеуді тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі етіп қою керек» [3].

М. Е. Хватцев сөйлеу тіл бұзылыстарының барлық себептерін бір-бірімен тығыз байланыста болатын ішкі және сыртқы деп бөлді. Сонымен қатар ол органикалық (анатомиялық-физиологиялық, морфологиялық), функционалды (психогенді), әлеуметтік-психологиялық және психоневрологиялық себептерін де ажыратты [2].

Органикалық себептерге бала миының құрсақтағы даму жағдайы, анасының босанып жатқан кезде зақымдалуы, туылғаннан кейін зақымдалуы және жетік дамымауы, сонымен қатар перифериялық сөйлеу мүшелерінің әр түрлі органикалық бұзылыстары жатады.

М. Е. Хватцев органикалық орталық (ми жарақаттары) және органикалық перифериялық (есту мүшелерінің зақымдалуы, таңдай жарықтары және артикуляциялық аппараттың басқа да морфологиялық өзгерістері) себептерін белгіледі.

М. Е. Хватцев функционалды себептерді И. П. Павловтың орталық жүйке жүйесіндегі қоздырғыш және тежелу процестерінің арақатынасының бұзылыстары туралы іліммен түсіндіреді. Функционалды себептер сөйлеу аппаратының құрылымын өзгертпейді, тек оның қалыпты жұмысын(функциясын) бұзады. Мұндай себептерге әр түрлі стресстік жағдайларды, баланың жүйке жүйесіне әсер ететін ерте жасынан жиі және ұзақ мерзімге созылған ауруларды, қоршаған ортасында сөйлеу тілі дұрыс болмау т.б. себептерді жатқызуға болады.

Ұзаққа созылған функционалды бұзылыстар органикалық бұзылыстарға айналуы мүмкін екенін ескерген жөн. Тағы да айтып кететін бір жағдай, сөйлеу аппаратының бір бөлігінде кездесетін органикалық бұзылыстар пайда болуына әсер етеді. Мысалы, сөйлеу аппараты құрылымының органикалық бұзылыстарының салдарынан балада тек дыбыс айтуының ақаулары байқалады. Бірақ, бала өзінің күнделікті қате айтқан дыбыстарын естуі, сөйлеу-есту анализаторының екінші реттік функционалды бұзылысына әкеледі – бала дыбыстың бұзылып айтылуын қалыпты ретінде қабылдайды [2].

Ң дыбысының орнына Н дыбысын айтып, фонетикалық - фонематикалық талдау жасай алмай қиналады. Кейбір бала дұрыс айта алмағанымен жазу тілінде қатесіз жазады. Ал, кейбір балалар сөйлеу тілінде қалай айтса, жазған кезде солай Н дыбысымен алмастырады. Егер бала сөйлеу тілі барысында Ң дыбысын Н дыбысымен шатастырып айтатын болса, сауат ашуға үйрету кезінде келесі бұзылыс пайда болады. Алмастырылып айтылатын дыбыстар жазуында да әріптермен алмастырылып жазылады. Немесе алмастырылып айтатын дыбыстың орнына орынсыз («қашан?» дегеннің орнына «қашаң?») пайдалана береді. Нәтижесінде бірнеше кемістікті түзетуге тура келеді. Бұл өз ретінде түзету процесін едәуір ұзартады.

М.Е. Хватцев органикалық және функционалды, орталық және шеткі себептердің өзара әрекеттестігіне көңіл аударған. Психологиялық - неврологиялық негіздерге ақыл-ойы кемістігін, есінің, зейінінің бұзылуын және басқа да психикалық қызметтерінің бұзылуын жатқызған. Ол әлеуметтік- психологиялық себептерге баса назар аударған. Бұл себептерде қоршаған ортаның әр түрлі жағымсыз факторлары деп білген. Сонымен, ол сөйлеу тілі бұзылыстарының себеп-салдарын анықтауға алғашқы рет диалектикалық тұрғыда сөйлеу тілі бұзылыстарының этиологиясын түсінуін дәлелдеді. Сөйлеу тілі бұзылыстарының себептерін білумен қатар баланың ағзасына әсер ететін сөйлеу тіл бұзылыстарының механизмін білу қажет. Бұл сөйлеу бұзылыстарын түзетудің тиімді жолдары мен әдістерін анықтауға септігін тигізеді [2].

Түзету жолдарына келгенде кейінге ысырылып отыратын, айтылуы қате саналмайтын дыбыс болса, ол қазақ тілінің спецификалық ң дыбысы. Өйткені логопедтер арасында тәжірибелі мамандардың орыс тілді болуы, ң дыбысын н дыбысына ауыстырып айтуды саналы түрде кемістік деп санамауы аталған дыбыстың қолдану аясын тарылтады.

Қазақ тіліне тән кейбір дыбыстардың бұзылыстарын түзету жұмысында Қ.Қ. Өмірбекованың ұсынған төмендегідей тәсілдерін қолдануға болады.

Алдымен дыбыстың артикуляциясымен таныстыру қажет. Дыбыс айту кезіндегі дыбыс шығару ағзаларының, әсіресе тілдің, еріннің қимыл-қозғалыстарына көңіл бөліп, логопедтің көрсетуі бойынша еліктеуіш әдісімен дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандырады

Егер бұл әдіспен үйренбесе, онда басқа арнайы әдістерді пайдалану қажет. Мысалы ң дыбысын дұрыс айтқызу үшін баладан «Н» дыбысын созып айтуын өтінеміз. Осы кезде логопед шпательмен немесе логопедиялық зондпен, тілді жұмсақ таңдайға дейін итеріп, тілдің түбірін жұмсақ таңдайға тигізіп ұстап тұру керек. Сөйтіп «ң» дыбысын созып жеке айтуға дағдыландырады», - деп үшінші әдісін ұсынады.

Үшінші: балаға М дыбысын айтқызу кезінде ерінді екі саусақпен ашып ұстап тұру әдісін пайдалануға кеңес береді.

Сонымен қатар, ұқсас дыбыстармен кезекпен дыбыстар айтқызу арқылы «ң» дыбысын айтқызуға дағдыландыруды ұсынады. Мысалы: ан-аң, он-оң, ын-ың, ұн-ұң. [2].

Кез келген бұзылған дауыссыз дыбысқа тірек бола алатын артикуляциясы жақын

дауысты дыбыстар бар. Ң дыбысына А дыбысы тірек дыбыс бола алады. А дыбысын айтып тұрып балаға тілінің арт жағын жұмсақ таңдаймен жымдастыруын ұсыну. Бұл Ң дыбысын қоюдың ең оңай, әрі тиімді тәсілі.

Ң фонемасын айтқанда тілдің арт жағы жұмсақ таңдаймен жымдасады да тез ажырайды, ауа мұрын жолы арқылы шығады. Ауаның шығу жолына қарай м, н, ң мұрын жолды үнділер деп аталады.

Ң сөз басында мүлдем кездеспейді десе де болады. Тек «Ңөң» (айсберг) деген көне сөзде кездеседі, ал қалған позицияларда белсенді қолданылады, бірақ өзгеріске ұшырамайды. Буын ң-нан бастала береді: ө-ңір. та-ңы, ана-ңа, ша-ңырақ т.б.

Ң дыбысын фонетикалық -фонематикалық талдауға дағдыландыру барысында баланың алмастыратын дыбысымен тілімізде кездесетін сөздердің буындарымен ойын жаттығулар мен тапсырмалар жинақтаған дұрыс.

Мысалы: тын-тың, дын- дың, шын-шың, зын-зың, тан-таң, дан-даң, шан-шаң, зан-заң, тон-тоң, дон-доң, шон-шоң, пан-паң т.б.

Сонымен қатар, ң дыбысы тәуелдік жалғауларының көптік, жекеше түрлерінің екінші жағында, жіктік жалғауларының да екінші жағының жекеше түрлерінде және ілік септігінің жалғауларында, жіктеу есімдіктерінде белсенді қолданылады.

Тәуелдік жалғауын айта отырып, жекеше және көпше түрлерінің екінші жағын айтқызуды дағдыландыра отырып, қол жеткіземіз.

Бұзылған дыбыстарды түзетуге арналған материалдарды іріктегенде мағынасына, тәрбиелік мазмұнына да мән берген жөн. Ол дыбысты түзетумен қатар сөздік қорын молайту, бала бойында дұрыс мінез қалыптастыру міндеттерін атқара алуы қажет. Осы орайда жаттығу материалдары ретінде пайдаланатын жаңылпаштарды «Әлдиден эпосқа дейін» отбасы хрестоматиясынан алуымызға болады.

Мың мін
Бойында кімнің?
Жалқаудың бойында
Мін мың!

Мыңның мұңы –
Мұңның мұңы.
Мұңы мыңның –
Мұңы мұңның.

Менің нем кем деп ең,
Бер үйіңді ең кең деген.
Бер үйіңді ең кең деген,
Менің нем кем деп ең?!
Мен шоң ба сонда, сен шоң ба?
Кім кіші, шоңы кім сонда?!

Ақынның батылдырағын айт,
Батырдың ақылдырағын айт.
Ұстаздың сабырлырағын айт,
Шәкірттің алғырлырағын айт.

Бұлаң – бұлаң
Еткен бұл аң
Жүні қылаң
Екен Бұлан.

Шымыр жаңғақ
Сығым жаңғақ,
Мығым жаңғақ,
Таптырмайтын
Қыбын жаңғақ.

Батты жанға
Қатты жаңғақ.
Қыбын тапсаң,
Тәтті жаңғақ!

Пісті жаңғақ,
Түсті жаңғақ,
Сындыратын
Тісті жаңғақ.

Жұмыр жаңғақ,
Бұдыр жаңғақ.
Жарылмайтын
Шымыр жаңғақ.

Шапшаң
Шапсаң
Бұрқырайды
Ақ шаң [4].

Осылайша бала үшін қызықты әдіспен жұмыс жасап, ол әдіс ұлттық әдебиетпен ұштасып жатса, онда Мағжан Жұмабаев айтқандай Қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл деген сөзін жандандырғандай болар еді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Болашаққа бағдар рухани жаңғыру атты мақала
2. Логопедия: Оқулық. / Қ.Қ. Өмірбекова , Г.С. Оразаева, Г.Н. Төлебиева , Г.Б. Ибатова – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.-648 бет.
3. Қазақ тілінің фонетикасы: Оқу құралы. Мырзабеков С. Алматы: «Қазақ университеті», 1993-136 бет
4. Әлдиден эпосқа дейін. Отбасы хрестоматиясы. / С.Керімбай, Ә Нәби, М.Төлеген. – Алматы: «Орхон» Баспа үйі, - 2013.-392 б.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМ ҮРДІСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Оразалы Н.Н., Раманқұл Р.М.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Мектеп жасына дейінгі шақ - баланың таным процестерінің қуатты қалыптасатын кезі. Осы кездегі жетекші әрекет болып табылатын сюжетті - рөлді ойындар бір жағынан ойын әрекеті, екінші жағынан - алғашқы «дамыту мектебі» арқылы баланы дұрыс қалыптастыру жұмыстары негізінде жетілдіріледі. Бала осы кезде қоғамда қабылданған әдеп ережелерін меңгере бастайды. Ол өзінің қоршаған ортаның қимыл-әрекетін моральдық қағидалар тұрғысынан бағалауды үйреніп, өз тәртібін де осы қағидаларға бағындыра бастайды. 5 жаста

бала өзге адамдардың, әсіресе көркем шығарма кейіпкерлерін, құрбыларының қимыл әрекеттеріне жағымды-жағымсыз баға бере бастайды. Осы кезде, баланың айналасындағыларға деген эмоционалды қатынасы, бағалауы жіктеліп, ол бағаны қимыл-әрекеттің нәтижесіне ғана емес, мотивіне де қарай баға бере бастайды [1].

Ж. Пиаже тұжырымдамасына сәйкес баланың сөйлеуі мен ойлауындағы эгоцентризм жеті жастағы әлеуметтену үрдісімен бірте-бірте жойылады. 5-7 жастағы бала қоршаған әлемді өзінің жалғасы ретінде қабылдап, заттар мен құбылыстар арасындағы байланысты толық түсіне бермейді. Мәселен: әжесімен телефон арқылы тілдесіп отырған бала: «Әже, қарашы, менің машинам қандай үлкен» -дейді [2]. Зерттеушілер, баланың психикалық дамуында, ес процесіне үлкен мән береді. Осылай З.М.Истомина өзінің зерттеуінде көрсетілгендей, балаларда саналы қойылған мақсатсыз естің еріксіз түрін игереді. Ал үштен жеті жасқа дейінгі балаларда, оның дамуының үш дәрежесі айқындалған. Бірінші дәрежеде, есте сақтау мен еске түсіру мақсатты болады, бірақ оны жүзеге асыруға қандай да бір амалдарды қолданбауға бағытталған, үшіншіге, яғни еске сақтау немесе еске түсіру мақсатының болуы және жүзеге асыру үшін механикалық амалдар қолданылады [3]. Балаларда, алты жаста ес дамуының екінші және үшінші дәрежесіне жеткізіп сонымен бірге зерттеулер нәтижелері бойынша олардың дамуының үшінші дәрежелері тобына жататын балалар көпшілік бөлігін құрайды.

Баланың бүкіл өмірі бойында оның даму үрдісі жүріп жатады. Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 5-6 жастағы балар заттарды түсіне, түріне, көлеміне қарап ажырата бастайды, олардың құрылысын пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстары мен заттарын анықтай білуге адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш, әр нәрсеге үңіле қарайды, көп нәрсе оларды ойлантады. Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар туады. Сол сұрақтың жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы тиетін, ықыласын сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқаны жөн. Себебі сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды. Ал бұл баланың дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Балалар үздіксіз дамиды, олардың танымдық белсенділігі артқан сайын негізгі үлгіні ата-анасынан, мұғалімнен алады. Баланың танып-білсем деген ниетін қалыпты дәрежеде сақтап, танымдық белсенділіг одан әрі күшейту үшін танымдық қызығуын арттыру маңызды. Ал танымдық қызығуын ояту үшін зат болсын, әрекет болсын, соны жақсы білуі керек, оны үйрететін бірінші кезекте – үлкендер.

Зейіні орнықсыз, жадының көлемі төмен, баларды оқуға, жазуға үйрету кезінде кешенді қиындықтар туындауы мүмкін. Тілді дамытудың белгілі бір деңгейіне қол жеткізбейінше жақсы жетістікке жету мүмкін емес. Дегенмен, тілдің дұрыс қадыптасуы жиі кездеседі. Дыбысты дұрыс айтпаудың салдарынан, дыбыстық-әріптік талдаудың қиындығынан, сөздік қорының тайыздығынан сөйлесе білмеудің және сурет бойынша жүйелі әңгіме құра алмаудың салдарынан болады. Тілдің бұлайша қалыптаспаған жағдайында логопедтің кеңесі қажет. Мектепке дейін және мектепте оқу кезінде логопедпен жеке жаттығулар өткізу тиімді. Ол жазу мен оқуды меңгеру кезіндегі қиындықтарды жеңуге көмектеседі.

Ойлауды дамыту зейін мен жадтың ерекшеліктеріне тығыз байланысты. Бұл кезде олар осы жастағы балардың бойында еркіндіктің неғұрлым нақты белгілеріне ие бола алады.

Көптеген зерттеулер, балаларда түсініктердің қалыптасу мәселелерін қарастыруға арналған. Бұл тұрғыдан ең маңыздысы П.Я. Гальпериннің жұмыстары. Ол эксперимент арқылы мектепке дейінгі балаларда абстракциялық ойлаудың формаларын түсіну оңай екенін, яғни түсіну кезіндегі ойлауды көрсетті. Сонымен бірге балаларда ойлау формасының алдын ала түсіну қажеттілігі белгіленді.

Баланың дүниені танып білуге деген қатынасы мен басқа мотивтермен бірлікте, үнемі даму үстінде болған кезде қызығушылық жеке тұлғаның қасиетіне айнала бастайды.

Адамның жаңаға құштарлығы, тануға деген оның білігіне байланысты. «Білген сайын белгісіз нәрсе көбейе түседі, ал бәрін білдім деген адам ешнәрсе де білмейді» деген қағида осыдан туса керек. Білім арқылы туған қызығушылық арқылы жаңа ұғымдар адамның қабылдауы нәтижесінде оның білімін кеңейтеді. Яғни, танымдық қызығушылықтың қалыптасуына қажетті фактордың бірі ретінде білім қаралса, сол білімнің одан да әрі дамуына себептесетін стимул осы танымдық қызығушылық болып саналады. Баланың оқу-танымдық әрекеттеріні бір элементі – психологиялық аспектілетін зерттеу мен ескертудің практикалық ұтымдылығы жөні бар. Сондықтан оқу, оқыту мәселесі «бала психологиясына негізделмесе, оны ескермесе, оқытудың әдістерін қанша құбылтып түрлендіру де, сабақ үстінде көрнекіліктерді қолдану да жай, жасандыф дүниеге айналады. Өйткені жеке тұлғаны қалыптастыру жинақталған қоғамдық тәжірибе мен кейбір арнайы нормаларды меңгеру арқылы жүзеге асқанмен, оқутың мәні тек білім негіздерін түсініп, игеруде емес сол нромалардың оқушылардың іс-әрекеті мен жалпы қасиетінің тетігі, қозғаушысы мотиві болатындай әрекеттің ұйымдастырылуында» болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер**


1. Мухина В.С. «Возрастная психология: феноменнология развития, дество, отрочество», учебник для студ. вузов - 7 изд., М.: Изд. центр «Академия», 2003 - 456с.
2. Орманова З.Қ. Мектеп оқуына дайындау психологиясы. –Алматы, Дарын, 2005. – б.42.
3. Истратова О.Н., Эксакусто Т.В. Справочник психолога нач. школы/ изд.3-е, Ростов н/Д: Феникс, 2006-442с.


*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к., доцент Есенғұлова М.Н.**

## ПРОФЕССОР А.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ


**Орынғалиева А., Еримова Т.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Бүгінгі таңдағы ғылымда қолданбалы тіл білімінің қолданыс аясы бұрынғыдан да кеңейді, ауқымы артты: қолданбалы лингвистиканың жаңа салалары болып табылатын – мәтін лингвистикасы, математикалық лингвистика, статистикалық лингвистика, компьютерлік лингвистика бағыттары туып, дамыды. Сондай-ақ, бұл ауқымға соңғы кездері тіл білімінде сөз болып жүрген «корпустық лингвистика», «қазақ тілінің ұлттық корпусын құру мәселелері», «тілдік бірліктерді модельдеудің әдіс-тәсілдері», «қазақ тілінің компьютерлік қорын (базасын) құру мәселелері», «ақпаратты аударма» және «ақпаратты іздеу жүйесі», сондай-ақ, «тілді зерттеу мен үйретудегі инновациялық технологиялар» сияқты мәселелер жатқызылып, сөз болып жүр. Бұл жайында А.Қ. Жұбанов өзінің «Қолданбалы тіл білімінің мәселелері» атты іргелі еңбегінде: «тілдік материалдарды автоматты түрде өңдеуге қатысты күрделі проблеманың шешім табуы қолданбалы лингвистиканың әрі қарай дамуына айтарлықтай әсер етті. Қолданбалы лингвистиканың жаңа аспектілері теориялық тіл біліміне жаңадан ғана ене бастаған математикалық әдістерді, әсіресе, теоретика-жиынтық, формальды-логикалық, статистика-ықтималдық әдістердің қолданылуын барынша жеделдетті», – деп жазды.

А.Қ. Жұбановтың ғылыми-зерттеу еңбектерінің ұзын-саны 200-ден асады. Оның ішінде қазақ тіл білімінің қолданбалы лингвистика бағытында жазған 7 монографиясы, жоғарғы оқу орны білімгерлерінің қолынан түспей бүгінге дейін қолданылып келе жатқан 4 оқу құралымен 5 жиілік сөздіктері және бар. Бұларды ұстаз-ғалымның көп жылдарғы ғылыми-

зерттеу жұмыстарының және жоғары оқу орындарында қазақ тіл білімінің жаңа сала-бағыттары бойынша оқыған дәрістерінің нәтижелері десе де болады. Сондай-ақ, ұстаз-ғалымның ғылыми жетекшілігімен бүгінге дейін 5 кандидаттық жұмыс пен 7 магистрлік диссертация қорғалды.

А.Қ. Жұбанов – қазақ тілін зерттеуде математикалық статистика мен ықтималдылықтар теориясы пәндерінің әдістерін және қазақ лексикография саласына компьютер мүмкіндіктерін пайдалану әдісін тұңғыш қолданған және оны әрі қарай дамытушы қазақ ғалымдардың бірі. Бүгін де ол А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында қазақ тілінің қолданбалы саласының жаңа бағытына қатысты тақырыптарға ғылыми жетекшілік етеді.

Ғалымның елге сіңірген еңбегімен жасаған шығармашылығы жайы арнайы сөз етуге тұрарлық. Айталық, елге сіңірген еңбегін: *ұстаздық жолындағы* және *ғылым жолындағы еңбектері* деп, ал шығармашылығын: *ғылыми* және *оқу-әдістемелік еңбектері* деп бөліп қарастырған дұрыс болар деп ойлаймыз:

♦ *Ұстаздық жолындағы еңбегі* А.Қ. Жұбановтың ұстаздық еткен еңбек жолы жөнінде, оның 1960-1967 жылдары аралығында Қазақ Мемлекеттік ауылшаруашылық институтының жоғары математика кафедрасында оқытушылық қызмет атқарғанын және негізгі жұмыстан бос кездері бір мезгіл «Математикалық лингвистика», «Қолданбалы лингвистика» пәндерінен дәрістер жүргізгенін айтуға болар еді. Міне, осындай іс-тәжірибелерінің арқасында жоғарыда айтылған оқулық-оқу құралдарымен жиілік сөздіктері дүниеге келді.

♦ *Ғылым жолындағы еңбегі.* Қазақ елінің тәуелсіздігі жарияланған 1991 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында «Түсіндірме сөздік» бөлімімен «Тіл статистикасы және автоматтандыру» ғылыми тобы біріктіріліп, «Қолданбалы лингвистика» бөлімі ретінде жаңаша аталып, қайтадан құрылды. Бөлім басшысы болып А.Қ. Жұбанов тағайындалды.

«Қолданбалы лингвистика» бөлімі қазақ тілін автоматтандыру ісінің жаңа сатысына көтеріліп, 1991-1993 жылдары «Қазақ тілінің «ҚАЗЫНА» атты автоматтандырылған картотекалық базасын жасау» атты ғылыми тақырыпты қолға алды. Бұл сол кезде қазақ тіл білімін де ғана емес, жалпы түркітану әлеміндегі орасан зор жаңалық болып табылды. Өйткені, өткен ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап қолға алынған бұл қазақ тілінің «Қазына» (қазіргі «Тіл – қазына») атты автоматтандырылған картотекалық қордың маңызы айтарлықтай зор болды: бөлімінің қызметкерлері «Қазына» қорына 900 мың кәртішкі-мәнмәтін ішінен 70 мыңдайын сұрыптап алып, оларды компьютер жадына енгізді. Осы жылдары бөлім қызметкерлері, сондай-ақ, Тіл білімі институтында жасалып жатқан «Қазақша-орысша сөздікті» дайындауға да өз үлестерін қосты.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының іргелі (2006-2008 жж.) және қолданбалы (2008-2009 жж.) зерттеу бағдарламалары бойынша «Компьютерлік лингвистика» ғылыми тобының атқарып жатқан ғылыми жұмыстарынын нәтижелері – осының айғағы. Қазақ лексикасының түсіндірмелі сөздіктері негізіндегі компьютерлік базасын іске қосу мақсатына сай зерттеу жұмысының нысаны – Тіл білімі институтында құрастырылып, 1968 жылы жарық көрген «Абай тілінің сөздігі» мәтіні (6 мың сөз, 1 мыңдай сөз тіркес), 1999 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілінің сөздігі» (50 мың сөз) және 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» мәтіні болса, сол сияқты «Ұлттық идея – Қазақстанның даму негізі» бағдарламасы бойынша: «Қазақ тілінің терминологиялық қорының компьютерлік базасын жасау және оны терминдік әлеуеті жоғары дереккөздермен толықтыру» атты ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нысаны салалық екітілді (қазақша-орысша, орысша-қазақша) терминологиялық сөздіктер мен қазақ тіліндегі салалық терминологиялық түсіндірме сөздіктер материалдары болды.

Мұндай компьютерлік қор жасаудың негізгі мақсаты – зерттеуші-тілшінің жұмыс орның толығымен автоматтандыру. Соның арқасында зерттеушінің уақытын барынша үнемдеу, яғни қажетті тілдік ақпаратты іздеу жұмысы мен тілдік бірлікті реттеу және т.б. жеңілдету тұстарын қарастыру болмақ.

♦ *Ғылыми шығармашылығы.* Ғалымның алғашқы зерттеулері ЭЕМ (компьютер) арқылы М. Әуезовтің шығармаларындағы сөзформалар мен сөздердің жиілік сөздіктерін құрастыру және олардағы тілдік бірліктердің статистикалық заңдылықтарын анықтауға қатысты болса, соңғылары – «Мәдени құндылықтар ретіндегі қазақ тіліндегі мәтіндер корпусы және сөздіктердің «Тіл – қазына» атты ұлттық компьютерлік қорын» құрастыру мәселелерін қамтиды. Мұндай зерттеу қазақ тіл білімінде бұрын-сонды болмағандықтан, зерттеу нәтижелері компьютерлік лингвистиканың теориялық және практикалық негізін құрайды.

1987 жылы ғалымның «Квантитативная структура казахского текста» деп аталатын алғашқы монографиясы жарық көрді. Мұнда қолданбалы лингвистика сапасының әдіс-тәсілдері беріліп, жиілік сөздік мәселесі, олардың автоматты жасалу жолдары көрсетілген. Қазақ мәтініндегі негізгі сөз таптарының мәтін ішінде үлестірілу заңдылығының ықтималды-статистикалық моделін құру мәселесі зерттелген.

1978 жылы отандық түркітану ғылымы үшін ортағасырлық жазба ескерткіші «Кодекс Куманикус» мәтіні тұңғыш рет ЭЕМ жадына енгізіліп, ол бойынша ЭЕМ көмегімен «Куманша- қазақша жиілік сөздігінің» алынуы қазақ тіл білімі үшін аса бағалы зерттеу жұмысы болды. Ал 1979 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген М.О.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» атты ұжымдық лексикографиялық еңбек те қазақ ғалымдарының статистикалық лингвистика саласына қосқан айтулы еңбегінің нәтижесі екендігі даусыз.

Өткен ғасырдың 90-шы жылдары 20 томнан тұратын М. Әуезовтің шығармалар жинағы ЭЕМ жадына енгізіліп, соның нәтижесінде 1995 жылы «М. Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің «жиілік сөздіктері» атты жиілік сөздіктер жүйесінің жарық көргенін айтуға болады. Бұл сөздік, біріншіден, автор тілін, жазушы шығармашылығын талдауда, екіншіден, қазақ тілінің лексика-граматикалық құрылысы мен сөздік құрамын зерттеуде, үшіншіден, басқа тілдердегі осы сияқты тілдік материалдармен салыстыра қарастыруда, төртіншіден, ұлттық лексикографиялық жұмыстар жасауда қажеттілігі мен маңызы зор еңбек болып шыққандығын айтуымыз керек.

А.Қ. Жұбановтың 2002 жылы жарық көрген: «Основные принципы формализации содержания казахского текста» деп аталынатын докторлық монографиясы қазақ қолданбалы лингвистикасының болашақ дамуына қосылған елеулі үлес ретінде саналды. Еңбекте қазақ мәтінін формалды әдіспен зерттеу тәсілі қазақ лингвистикасында тұңғыш рет қолданылған болатын. Мұндай зерттеу тәсілінің қажеттігі заман талабына сай оның сұранысынан туындаған еді. Басқаша айтқанда, тәуелсіз Қазақстандағы мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қызметіне, республикадағы коммуникативтік аяға жаңаша көзқарасқа, компьютерлік және телекоммуникациялық технологияның кең тарауына және т.б. осы сияқты қазақ тілін жаңа бағыттағы қолданбалы әдіс-тәсілдермен зерттеу қажеттігінен туды.

Зерттеу еңбекте қазақ тіл білімінің өзекті мәселелеріне жататын мәтін және оның формалдық, мазмұндық құрылымына қатысты құрастырушы элементтер арнайы зерттелген. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ мәтінінің семантикалық бейнесі мен оны туындататын негізгі формалды принциптердіанықтау, яғни қазақ мәтінін құрастыру мен туындатудың формалды жақтарын айқындау болды.

Ғалымның бұл еңбегінің тағы бір құндылық жағы – қазақ мәтінінің статикалық және динамикалық мазмұнын бейнелеу тәсілін жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын құрастыруда да әбден қолдануға болатындығы еді.

**Қолданылғын әдебиеттер**

1. Қолданбалы лингвистика: формалды модельдер. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 280 бет.

2. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 204 бет.

3. Основные принципы формализации содержания казахского текста: Автореф. дис. на

соиск. д.ф.н. – Алматы, 2002. – 57 с.
4. Основные принципы формализации содержания казахского текста. //Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Жұбанов тағылымы-V». – Актобе, 2002. – С. 40-42.
5. Құдайберген Жұбанов және қазақ тіл біліміндегі статистикалық әдістің жетістіктері // Жұбанов тағылымы. VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005. – 24-29-бб.

*Ғылыми жетекшісі:* **ф. ғ.к., доцент М.О. Миров**

## ТӘРБИЕЛІК МӘТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Серікбаева Б.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Тәрбиелік мәні бар мәтіндер тұрғысынан зерттелген шығармаларды А.Байтұрсынұлы, Ы. Алтынсарин еңбектерінен көруге болады. А. Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. Олай дейтін себебіміз, ғалым: “Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады”, - дейді. А.Байтұрсынұлы мәтіннің (шығарманың) тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын көрсетті. Мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты.

Ы. Алтынсариннің тәрбиелік мазмұнадығ мәтіндері толық пеадгогикалық бағыттағы мәтіндер деп алуға болады. Ондағы «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде, ең кішкентай жәндіктердің де өмір, тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүретінін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», - дейді.

Кейде сәл нәрсені қомсынып, оған көңіл бөлмеушілік, «аз жұмысты қиынсынып» бойкүйездікке салынушылық өмірде көп кездеседі. Бұл жақсы әдеттің нышаны емес. Сондықтан балаларды жастайынан – ақ бойкүйездікке,

жалқаулыққа қарсы еңбекке тәрбиелеу мәселесіне Ыбырай ерекше көңіл бөлген. Жастарды еңбек етуге дағдыландыруды үгіттеген оның басқа да әңгімелері аз емес.

Жазушы «Атымтай жомарт» әңгімесінде еңбекті дәріптейді. Ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ Атымтай еңбектен ұдайы қол үзбейді. Бұл ел аузында ертегі жыр болып кеткен, ежелгі араб жұртының әңгімесі болатын. Ыбырай осы ел аузындағы ертегіні балаларға арнап әңгіме етіп ұсынды. Әңгіменің идеясы да, кейінгілерге үлгі боларлық жағы да Атымтайдың сөзінен айқын көрінеді. Атымтай бір сөзінде: «Күн сайын өз бетімен тапқан пұлға нан сатып жесем, бойыма сол нәр болып тарайды. Еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі өзгеше болады екен.» - дейді.

Алтынсариннің тәрбие жөніндегі негізгі тақырбының бірі – талап. Талап етіп талпынбаса, адам баласы ешбір алға баспаған болар еді. «Талапты ерге нұр жауар», - деген халық мақалы да өмір тәжірибесінен туған пікір. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені де жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақсы біл, қай өнердің соңына түссең, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді. Кейде талаптың, жігердің жоқтығынан жап – жақсы өнердің жарыққа шықпай кетуі де мүмкін. Сондықтан өз талабыңмен өрге шық дегенді айтады. Осындай тақырыптағы мәтіндер болашақ ұрпаққа берер тәлімі мен тәрбиесі мол деп айта аламыз.

Қ.Жұбановтың еңбектерінде қазіргі тіл біліміндегі терминдік атаулармен берілмесе де, мәтін

мәселесіне қатысты пікірлердің болғандығы анық байқалады. Мәселен, Қ.Жұбанов мәтінді сөз деп атайды. Ғалымның мәтін туралы ой-пікірлері тілдің күнделікті қолданыстағы қызметіндегі ерекшеліктерінен туындаған болса керек. Мәтін қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсінген ғалым мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетіп, олардың айырмашылықтарына да ден қояды. Бұл жөнінде Қ.Жұбанов: "Сөз бұйымын дұрыс жасап шығу үшін де оның жасалу жолын білу – жазылатын сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар, - деп, паралингвистикалық зерттеу нысанасы ым-ишара секілді кинестикалық амал-тәсілдерді т.б. атап көрсетеді де, ойын былайша сабақтайды:" - Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі, немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет" [3,148]. Бұдан біздер ғалымның мәтінді жүйелілік сипаты бар құбылыс деп түсінгендігін көреміз. Бұл көтерілген мәселелер сол кезде мәтін лингвистикасының ауқымында қарастырылмаса да, қазірдің өзінде тіл білімінің осы саласы үшін өзекті, әрі құнды. Жалпы мәтіндерге шолу жасауда Қ.Жұбановтың мақалаларынан тәрбиелік мәні бар педагогикалық бағыттағы нышандарды көруге болады.

Тіл ғылымында бүгінге дейін зерттеу нысаны болып келген сөз, сөз тіркесі, сөйлем, морфологикалық, лексикалық тұлғалар, фонетикалық құбылыстар – мәтіннің құрамына енетін тілдік бірліктер. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазіргі қазақ тілі білімінде мәтінді құрылымдық, мағыналық, қызметтік жағынан жан-жақты зерттеу әлі де кенжелеп келе жатқан өте маңызды мәселелердің бірі екенін мойындамасқа болмайды.

Педагогикалық бағыттағы мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен істелетін жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функциональдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы оқушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені, мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтін стильге қатысты да танылады. Сондықтан мәтінмен жұмыс істеу әдістемесіне стилистикалық бағыттағы жаттығу жұмыстары да енеді.

Педагогикалық бағыттағы мәтіндер, ең алдымен, лингвистикалық нысан болып табылады. Сондықтан да мәтіндердің типологиясы лигвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді. Сонда мәтіннің белгілеріне (әдістемелік тұрғыдан келгенде) мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функциональдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі. Бұл аталғандарды таратып қарастырайық. Біріншісінде сөйлеудің ауызша және жазбаша екендігі қарастырылады. Ауызша мәтін уақытпен байланысты болса, жазбаша мәтін кеңістікпен байланысты. Ауызша мәтіндер – синтаксистік құрылымы жағынан жазбашаға қарағанда, анағұрлым қарапайымдау, эллипсистігі мол, мағыналық құрылымы нақпа-нақ келіңкіремейтін экспрессивтік элементтері мол болып келетін мәтіндер.

Жазбаша мәтінде оны құраушы бірліктердің арасындағы байланыстырушы элементтер айқын білініп, формалды көрсеткіштері мүмкіндігінше, толыққанды болуға, логикалық ой желісі үзілмей, сақталып отыруға, лексикалық құнарлылығы терең болып, басқа да тілдік формалардың мол болуына мүмкіндік беретіндей күйде жасалады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 ж. 16 қарашадағы №521 бұйрығы // ресми мәтін. – Астана, 2009.

2. Назарбаев, Н.Ә.: «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы/ Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – 2012 жыл – 27

қаңтар.
3. Кусаинова, Ж.А. Проблемалық оқыту – оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді жолдары. /Ж.А.Кусаинова.// rusnauka.com/3_ANR_2013/Pedagog.
4. Тулеутаева, Г.Қ. Қазақ әдебиеті пәніндегі шығармалар арқылы патриоттық сезімді қалыптастыру./ Г.Қ. Тулеутаева.// collegy.ucoz.ru/publ/54-1-0-564.
5. Мектеп педагогикалық ұжымының оқушы отбасымен байланыс орнатудың психологиялық-педагогикалық негіздері. / www.diplomkaz.kz. /

*Ғылыми жетекшісісі:* **ф.ғ.к., доцент А.Қ. Айтбенбетова**

## ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМЫМАҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ-ТҰЛҒАЛЫҚ АЙМАҒЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

**Тайбазарова А.Т., Қабанбаева М.Е., Канапиянова К.Д.**
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Біздің қазіргі және болашақ мәселелеріміз ондаған жылдардан кейін мемлекетімізді басқаратын біздің балаларымыздың болашағы. Еліміздің стратегиялық дамуы тек соларға ғана байланысты. Сондықтан олардың сапалы білім алуы, жан-жақты дамып қалыптасуы, өнегелі тәрбие тағылымын бойына сіңіруі біз үшін ерекше маңызды мәселе» - деген пікірін білдірген.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық аймағын зерттеу, психология мен дефектология ғылымдарында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тақырыптың өзектілігі осы категорияға жататын балардың санының көбеюімен байланысты.

Эмоционалды-тұлғалық аймақ жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың дамуында маңызды рөл атқарады. Эмоционалды күй және көңіл күй қоршаған орта мен әр-түрлі жағдайды қабылдауына әсер етеді. Өз эмоциялар мен сезімдерді түсіну адам дамуында маңызды жағдай болып табылады.

Мектепке дейігі жасындағы балаларда эмоционалды кешендер дамиды: эмоционалды-еріктік аймағының жеткілікті деңгейде дамымауы, органикалық инфантилизм, гипербелсенділік, импульсивтілік, аффективті ашу, қорқыныш сезімі, мазасыздық, өзін-өзі бағалауының қалыптасуы. Балалардың эмоционалды-еріктік аймағының піспеуі, баланың әр-түрлі тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық формаларының қалыптасуына ықпал етеді [1, б. 82].

Эмоционалды аймағының бұзылуы баланың әлеуметтік даму процесіне әсер етеді: өзіндік сананың қалыптасуы, өзін-өзі бағалауы, «Мен» жүйесі және т.б. Баланың психикасының қалыптасуы және дамуы ең бірінші орында ата-анамен қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуіне тәуелді болады. Жанұя, бала үшін ең жақын әлеуметтік қоршауы болып табылады және баланың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандырады: қабылдау, қорғау, эмоционалды қолдау, сыйластық (Э. Эриксон, А. Фрейд, М. Клейн, Д. Винникотт, Э. Бронфенбреннер, Дж. Боулби, М. Эйнсворт, П. Криттенден, А. Бандура, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, Л.И. Божович, М.И. Лисина).

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балаларды қоғамға интеграциялау мақсатында, бейімдеу факторына назар аудару қажет. Эмоциялар адамдардың қажеттіліктері мен заттарға бағыттылығын сипаттайды. Эмоция – ол адамның айналадағы өмір шындығына және өз басына деген өзіндік қарым-қатынасы. Сонымен қатар бейнеленетін заттардың ерекшеліктеріне тәуелді болады. Эмоция адамның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, пікіріне қанағаттануы немесе қанағаттанбауынан көрінеді. Егер қажеттілік үдерісі қанағаттанатын болса, онда адам жағымды эмоциялық күй кешеді, ал керісінше қанағаттанбаса онда жағымсыз күй кешеді. (М.С. Лебединский, В.М. Мясищев, Э. Титченер және т.б.)

Жалпы тіл кемістігін дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е. Левина мен оның ізбасарлары бастаған (Н.А.Никашкина, Г.А.Каше, Л.Ф.Спирова, т.б.) олар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тіл кемістіктерін жан-жақты зерттеудің қорытындысының нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Жалпы сөйлеу тілі дамымауы - есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әр түрлі күрделі тіл кемістіктері жатады. Осы бірінші ретті бұзылыстардың негізінде жалпы тіл кемістігі тән балаларда эмоционалды-тұлғалық аймағында екінші ретті бұзылыстар пайда болады [2, б. 74].

Эмоционалды және коммуникативті мәселелер (аффективті бұзылыстар, қорқыныштар, жоғары мазасыздық, өзін-өзі бағалауының төмен болуы, мінез-құлықтық және сөйлеу негативтілігі) баланың сәтті дамуына кедергі болып табылады (К. Изард, Н.А. Коваленко).

Сөйлеу бұзылуының нәтижесінде бала әлеуметтік депривация жағдайына түседі, әлеуметтік тәжірибені меңгеруі қиыңға соғады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балаларға жағымсыз эмоциялар тән болады және осы категорияға жататын балалар стресстік күйлерге жиі ұшырайды. Эмоционалдық күй мен өзін-өзі бағалаудың төмен болуы баланың толымсыздық кешенінің қалыптасуына әкеп соғады. Сөйлеу дефектісі, құрбылармен қатынастардың дұрыс қалыптаспауы дезадаптация үрдісіне әкеледі (Л.М.Шипицина, Л.С. Волкова). Әрине бастапқы бұзылыстар баланың психикалық дамуын шектейді (сенсорлы, когнитивті, әлеуметтік депривация және эмоционалды-тұлғалық аймағы) [3, б.96].

Жалпы тіл кемістігін дефектология ғылыми зерттеу институтының Р.Е. Левина мен оның ізбасарлары бастаған (Н.А. Никашкина, Г.А. Каше, Л.Ф. Спирова, т.б.) олар мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тіл кемістіктерін жан-жақты зерттеудің қорытындысының нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Жалпы сөйлеу тілі дамымауы - есту қабілеті мен ой-өрісі әдеттегідей дамыған балалардың дыбыстық, мағыналық жағына қатысты сөйлеу тілі құрамының компоненттерінің бұзылуынан болатын әр түрлі күрделі тіл кемістіктері жатады. Осы бастапқы бұзылыстардың негізінде жалпы тіл кемістігі тән балаларда эмоционалды-тұлғалық аймағында қайталама бұзылыстар пайда болады.

Эмоционалды және коммуникативті мәселелер (аффективті бұзылыстар, қорқыныштар, жоғары мазасыздық, өзін-өзі бағалауының төмен болуы, мінез-құлықтық және сөйлеу негативтілігі) баланың сәтті дамуына кедергі болып табылады (К. Изард, Н.А. Коваленко).

Сөйлеу бұзылуының нәтижесінде бала әлеуметтік депривация жағдайына түседі, әлеуметтік тәжірибені меңгеруі қиыңға соғады. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балаларға жағымсыз эмоциялар тән болады және осы категорияға жататын балалар стресстік күйлерге жиі ұшырайды. Эмоционалдық күй мен өзін-өзі бағалаудың төмен болуы баланың толымсыздық кешенінің қалыптасуына әкеп соғады. Сөйлеу дефектісі, құрбылармен қатынастардың дұрыс қалыптаспауы дезадаптация үрдісіне әкеледі (Л.М. Шипицина, Л.С. Волкова). Әрине бастапқы бұзылыстар баланың психикалық дамуын шектейді (сенсорлы, когнитивті, әлеуметтік депривация және эмоционалды-тұлғалық аймағы [4, б.64].

Психиканың спецификалық дамуымен қатар эмоционалды-еріктік аймағында да өзгерістер пайда болады (Г.В. Грибанова, В.В. Ковалев, К.С. Лебединская, А.Е. Личко және т.б.). Эмоционалды-еріктік аймағының негізгі бұзылыстарының симптомдары: тітіркенгіштік, жоғары қозушылық, мазасыздық, гипербелсенділік. Сонымен қатар сөйлеу патологиясы тән балаларға: тұйықтылық, негативизм, өзіне деген сенімсіздік, агрессивтілік, реніш сезімі, қызығушылықтардың тұрақсыздығы, адамдармен қарым-қатынасты орнату кезіндегі қиыншылықтар тән. Бұндай балалар бір уаымдан екінші уайымға тез ауысады, тапсырманы өзбетінше орындай алмайды, конформды болады. Логопедия аймағындағы мамандардың айтуынша (О.А. Слинько, Г.В. Чиркина және Л.Г. Соловьева және т.б.) сөйлеу бұзылысы тән балалардың тұлғалық қалыптасуы олардың дефектісіне байланысты болады. Сөздік қорының кедейлігі және басқа сөйлеу бұзылыстар баланың өзін-өзі бағалау мен

өзіндік сананың қалыптасу процесінде кедергілерді туындатады. Балалардың тұлғалық және эмоционалды ерекшеліктер қоршаған адамдармен қатынастарды орнату кезінде көрінеді: қоршаған ортадағы алатын орны мен қоғамда өз міндеттерін атқаруына да әсер етеді [4, б.104].

Баланың эмоционалды күйі, қоршаған ортаны қабылдауына әсер етеді. Жалпы сөйлеу бұзылысы тән мектепке дейінгі балалардың эмоционалды дамуының қалыптаспауы келесі эмоционалды кешендерге әкеледі: эмоционалды-еріктік аймағының бұзылыстар, органикалық инфантилизм, гипербелсенділік, өзін-өзі бағалауының төмендеуі, импульсивтілік, аффективті көрінулер, қорқыныш, мазасыздық және т.б.

Біздің пікірімізше, жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың эмоциялық-тұлғалық аймағы толықтай дамымағандықпен, органикалық инфантилділікпен, эмоциялық процестердің бағытсыздығымен ерекшеленеді, бірақ арнайы ұйымдастырылған коррекциялық жұмыстар зерттелетін процестердің оңтайлануына ықпал жасайды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Выготский Л.С. Проблемы дефектологии. М.,2015.
2. Дети с нарушениями развития. Хрестоматия. М.,2005.
3. Вилюнас В.К. Психология эмоциональных явлений / В.К. Вилюнас. - МГУ. - 2006.
4. Рогов Е.И. Эмоция и воля / Е.И. Рогов. – М.: Владос, 2009.
5. ИльинЕ.П.Эмоцииичувства / Е. П. Ильин. – СПб: Питер,2001.

## СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ПОДХОД К ФОРМИРОВАНИЮ ИМИДЖА ДЕЛОВЫХ ЖЕНЩИН

**Тойгулова К.Б**
Актюбинский региональный государственный университета имени К. Жубанова

Социально-экономические преобразования в Казахстане активизировали процессы формирования новых субъектов деловой активности за счет привлечения ранее незадействованных социально-экономических и социально-демографических групп населения, увеличивая приток новых социальных групп в лице женщин в экономическую сферу. Возросла деловая активность женщин в условиях перехода нашего государства на рыночные отношения. В 1998 году Казахстан присоединился к Конвенции ООН о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин. Ратифицированы также Конвенции ООН "О политических правах женщин" и "О гражданстве замужней женщины"[1]. Подписаны международные пакты о гражданских и политических, об экономических, социальных и культурных правах и другие. Всего Казахстан присоединился к более чем 60 международным договорам по правам человека. Стратегия гендерного равенства предусматривает решение задач по достижению равенства прав и возможностей мужчин и женщин в период с 2006 по 2016 годы [2]. Средняя ожидаемая продолжительность жизни в Казахстане составляет 66,2 года, в том числе мужчин 60,6, женщин - 72,0 года. Женщины живут дольше мужчин на 11,3 года. В силу сложившегося стереотипа распределения социальных ролей в реальной жизни женщины имеют меньше прав и возможностей, чем мужчины. В настоящее время только четыре женщины назначены министрами, 8 - заместителями министров, 3 - председателями комитетов, 5 - заместителями акимов областей,1-акимом района. Среди заместителей акимов районов женщин 17 %, акимов сельских и поселковых округов - 11 %, их заместителей - 18 %. Нет женщин среди акимов областей и городов. Отмечается некоторый рост числа женщин среди политических государственных служащих с 9,5 % в 2000 году до 10,3 % в 2004 году. При этом численность женщин во власти снижается в зависимости от высоты должностной ступени. Уменьшается представительство женщин в Парламенте: с 11,2 % в 1999 году до 9,5 % в 2004 году. Меньше

стало женщин в местных представительных органах: 19,2 % в 1999 году, 17,1 % в 2004 году, хотя число выдвинутых женщин-кандидатов в депутаты маслихатов увеличилось по сравнению с 1999 годом на 16 % и составило в 2004 году 1619 человек. Женщины менее востребованы на рынке труда. Из обратившихся в 2004 году в службы занятости по вопросам трудоустройства работу получила лишь каждая шестая. Самые малые перспективы устройства на работу у женщин с высшим и средним специальным образованием в возрасте 45 лет и старше [2, там же]. Но их заработная плата составляет лишь 61 % от зарплаты мужчин. Причина в том, что женщины, как правило, работают на более низкооплачиваемых должностях даже в таких традиционно "женских" отраслях, как здравоохранение и образование, где зарплата женщин составила в 2004 году соответственно 85 % и 81 % от зарплаты мужчин. Сегодня в Мажилисе Парламента доля женщин-27%. **Особое внимание государством уделяется роли женщин в политике на уровне принятия решений**. Обратимся к статистике, в Мажилисе парламента из 107 депутатов 26 женщин - это 24% от общего числа депутатов, в Сенате же этот показатель гораздо ниже – из 47 депутатов женщин всего три – это 5% от общего числа депутатов. В сравнении с предыдущим созывом количество женщин в Мажилисе парламента увеличилось на 7 чел., а в Сенате парламента на 1. Количество депутатов в областных маслихатах, а также г. Астана и г. Алматы увеличилось с 566 чел. в 2010 г. до 606 чел. в 2012 г., а количество женщин увеличилось на 7 чел. и составило 66 - в 2012 г. против 59 чел. в 2010 г. Увеличение произошло в Жамбылской, Атырауской, Алматинской, Мангистауской, областях на 2 чел., в Актюбинской области на 1 чел. Уменьшение на 1 женщину - депутата произошло в Карагандинской, области и в г. Астане. Лидер по количеству женщин депутатов в областных маслихатах – Костанайская область (13 чел.). Наименьшее количество женщин-депутатов в Южно-Казахстанской (1 чел.), Западно-Казахстанской (2 чел.) областях [2]. Таким образом, мы наблюдаем, хоть и незначительную, но положительную тенденцию к увеличению женщин на уровне принятия решений, также расширяется доля женщин среди руководящего состава в министерствах, ведомствах и регионах. Сегодня в стране в 3,1 миллиона женщин работают по найму. В информациях государственной программы «дорожная карта занятости» на 2011-2015 годы в рамках программы занятости содержится более 800 тысяч человек, из них 380 тысяч-женщины. [3]. Наиболее ярко этот процесс коснулся женщин в условиях развития рыночных отношении в экономике, что наиболее значительную часть социально активного и традиционно вовлеченного в рынок труда населения оказались женщины. В этом ключе новое общественное звучание приобрела деловая активность женщин. Появление новых женских общественных и политических движений, развитие женского предпринимательства обусловило изменение общественного мнения в отношении женщин, проявляющих деловую активность [3, там же]. Проявление женской деловой активности не только в экономическом, но и в социальном контексте - на фоне социокультурно обусловленных представлений о роли и месте женщины, исторически сложившихся традиций двойной занятости женщин на работе и дома, реально существующих социально-экономических условий жизни и бизнес-деятельности - диктует необходимость специального изучения этого феномена психологической наукой, и прежде всего - в социально-психологическом аспекте [4]. Деловая активность рассматривается нами как комплексная характеристика личности, объемлющая не только экономические, но и совокупность социально-психологических и индивидуально-психологических характеристик индивида как целостного субъекта. Деловая активность как интегральная характеристика личности предполагает проявление на различных уровнях и в различных типах, и в этом понимании она недостаточно изучена современной наукой [5]. В ходе эмпирического исследования данной проблемы нами выдвинута рабочая гипотеза: -деловая активность женщин проявляется в различных типах и на различных уровнях, определяющихся сочетанием и выраженностью ее структурных компонентов.-в качестве структурных компонентов деловой активности женщин выступают: характеристики деловой сферы, личностной сферы, сферы-совмещения работы и семьи. - на высоком уровне-проявления деловой активности-женщин формируется-социально-

психологический феномен деловой женщины, который проявляется в различных вариантах, определяющихся сочетанием и выраженностью структурных компонентов деловой активности женщин. В качестве ведущих структурных компонентов женской деловой активности выступают: высокая самореализованность в деле, предпринимательский характер деятельности, экономическое лидерство в семье, эгалитарные поло ролевые установки, экономическая мотивация, личностная склонность к предпринимательской деятельности, ориентация на деловую включенность, ориентация на активность, ролевая перегрузка [6].Специфику женской деловой активности определяют такие факторы как нетрадиционный для женщин высокий деловой и экономический статус, что сопряжено с нетрадиционным разделом ролей в семье, влияние поло ролевых стереотипов на деловую активность, ролевая перегрузка и индивидуально-психологические характеристики, не согласующиеся со стереотипом женственности. Социально-психологический феномен деловой активности женщин проявляется на различных уровнях и в различных типах, выделяющихся по сочетанию и выраженности его структурных компонентов. С целью изучения феномена деловой активности женщин, нами проанализированы интервью с известными женщинами опубликованный на страницах глянцевых журналов [7]. Масс-медиа в формировании «новой женской психологии» занимают не последнее место. Реклама, телевидение, фильмы, глянцевые журналы строят новый тип женщины - активной, деловой, самостоятельной. В силу прочно укоренившихся социальных норм, преобладающих на разных этапах исторического развития общества, женщины на протяжении длительного времени не имели возможности показать свою индивидуальность, раскрыть себя как личность [8]. Имидж - целенаправленное формирование образа, лица, явления предмета, призванный оказать эмоционально - психологическое воздействие в целях популяризации, рекламы одно из средств пропаганды. Дискуссии о **секретах личной схемы успеха деловых женщин Казахстана выражены следующим образом:** «Постоянное совершенствование знаний и навыков, развитие себя как личности. И, конечно, строгий тайм-менеджмент – день расписан по секундам. В то же время я абсолютно солидарна с Бенджамином Дизраэли: "Секрет успеха в жизни для человека в том, чтобы быть готовым воспользоваться удобным случаем, когда он придет"- отмечает Юлия Тисленко, управляющий директор единственного в Центральной Азии закрытого Клуба SEVEN в The Ritz-Carlton Almaty. «Успех для меня - это даже не признание состоятельности реализованного проекта, а ощущение того, что главная идея воплотилась и привнесла что-то новое в жизнь окружающих меня людей»- утверждает **Олеся Клебанова, совладелица ювелирного бутика Scavia владелица группы компаний Le Grand, салонов Le Grand Parfum и Beauty Couture.** «Как таковой схемы успеха нет, есть четкие цели и определенный путь к их достижению. Для достижения нужны немалые усилия, а это ежедневная работа над собой, терпение, само мотивация»- делится своим мнением Айдай Исаева, модель, победительница конкурса красоты "Мисс Казахстан-2013".«Нельзя ни при каких обстоятельствах забываться. Помнить о том, что успех, слава, деньги – всего лишь эфемерные понятия и могут улетучиться за мгновение. А хорошее отношение к людям приносит свои плоды всегда. Воспринимайте жизнь не как череду проблем, а как своеобразный марафон с задачами, решения которых можно найти. Нужно лишь трудиться, не покладая рук- рекламирует **Ляйла Султанкызы, директор телеканала "Балапан", автор и ведущая программы "Әйел бақыты".** «Помимо донельзя популярных сейчас правильного питания, спорта и позитивного мышления, веселое отношение к жизни. Как только теряешь самоиронию, с человеческой личностью начинают происходить необратимые изменения» - отмечает Айнур Турисбек, топ-менеджер энергетической компании, доктор юридических наук, дизайнер одежды [9].

Заключение. В настоящем исследовании разработан и применен социально-психологический, аналитический подход к изучению вопросов формирования имиджа деловой женщины с точки зрения женской деловой активности в целостности и вариативности его проявлений, базирующийся на положениях субъектно- деятельностного подхода с анализом их интервью на страницах периодической печати [10]. Сегодня в

Казахстане 85% индивидуальных предпринимателей – это женщины, работающие в сфере услуг, сельском хозяйстве, торговле, промышленности и строительстве. Согласно отчету, выпускаемому Всемирным экономическим форумом, Казахстан в прошлом занял 47-е место среди 145 стран по показателям в области образования, здравоохранения, экономики и политики. Но предстоит ещё многое сделать для укрепления лидирующей роли женщины-труженицы, матери в обеспечении мира и безопасности, расширении прав и возможностей [1, там же].

**Использованные литературы**


1. http://www.kst.adilet.gov.kz/kk/node/157872

2. Стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан на 2006-2016 годы // Режим доступа: www.statuskz.or

3. Іскер әйел – қоғамның қозғаушы күші. http://aikyn.kz/2017/02/11/3561.html

4. Статистика РОО «Ассоциация деловых женщин Казахстана», 2012 год // Режим доступа: businessman.kz

5. Деловые женщины: По материалам книги «Женская психология» (М., 1994) // ЭКО. — 1996. — N 4. — С.153−154.

6. Бабаева Л.В. Деловая сила «слабого пола» / Бабаева Л.В., Чирикова А.Е. // ЭКО. — 2006. — № 1. — С.123−132.

7. Сарматова, К.К. Карьера женщины / К.К. Сарматова - М.: ФАИР-ПРЕСС, 2008.

8. Бабаева Л.В. Женщины в бизнесе / Бабаева Л.В., Чирикова А.Е. // Социологические исследования. - 2006. - № 3. - С.75−81

9. Журнал «Businesswomen.kz», Казахстан, май 2008г. Автор вопросов: Алия Бахтыгерева.

10. Шаукенова. Реализация национальной гендерной политики // Мирас. - 2011. – 1(17). - С.



*Научный руководитель:* **к.п.н. Кусаметова Г.К.**


## СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАР АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ СӨЙЛЕУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БЕЛСЕНДІРУ


**Толепбергенова Г., Қамзаева А.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Қоғамның қазіргі заманғы дамуында, өсіп келе жатқан ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің гуманистік бағытына көп көңіл бөлінеді. Сөйлеу тілі бұзылған балалардың өмір сүру сапасын жақсарту, оқыту мен әлеуметтендірудің қажеттілігі осы балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мәселесі өзекті бола бастады. Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық - педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңында дамуында психофизикалық ауытқуы бар балаларды медициналық түзету және оңалту міндеті бекітіліп көрсетілген [1]. Осы заңға сүйене отырып қазіргі кезде елімізде арнайы ұйымдар жұмыс істеуде және мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қажетті техникалық көмек көрсетіліп жатыр. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің көптеген әдіс – тәсілдері бар болғанымен сөйлеу тілі бұзылған балалардың арттикуляциялық сөйлеу органдарының жұмысының белсенділігін арттыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Сөйлеу тілі бұзылған балалардың артикуляциялықсөйлеу тілін дамыту мақсатындағы жұмыстарды жүргізуде мына міндеттерді атауға болады:

- сөйлеу әрекетінің онтогенезіне зерттеу жүргізу;
- сөйлеу тілінің түрлі бұзылымдары кезіндегі сөйлеудің дамуын зерттеу;

– сөйлену тілінде кемшілігі бар балаларды ана тіліне оқытудың принциптеріне талдау жасау;

– сөйлеу тілінде кемшіліктері бар балалардың сөйлеуін дамыту;

– арнаулы балабақшалардағы сөйлеу тілін дамыту жұмыстарының мазмұнын және оның ұйымдастырылуын анықтау.

Көрсетілген міндеттердің мазмұны сөйлеуді дамыту жұмыстарында қолданылатын арнайы әдістеменің теориялық және практикалық бағыттарын анықтайды. Бұл міндеттерді шешуде сөйлеуді дамыту әдістемесін басқа ғылымдармен (тілді зерттеу; психология; лингвистика; психолингвистика; жалпы педагогика; мектепке дейінгі және арнайы педагогика; логопедия) байланысты анықтайды. Берілген міндеттерді шешуде ең басты міндет – сөйлеу тілін дамыту әдістемесі теориясының мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі мамандар тәжірбиесімен ұштастырылуы.

Мектеп жасына дейінгі кезеңде сөйлеу тілі өте – мөте қарқынды дамиды. Бала екі жастан бастап енжар және белсенді сөздіктерді тез жинайды, дыбыстарды айтуды және грамматикалық құрылымдағы сөйлемдерді меңгереді. Баланың белсенді сөздігі жыл сайын көбейеді. Жасының екінші жылының соңында шамамен 300 сөзге дейін, үш жас қараған шағында 1000 сөзді, 5 – 6жасқа келгенде шамамен 3000 сөзді меңгереді.

Сөйлеу тілі бұзылуының түрлерін түзетумен және сауықтандырумен ойдағыдай айналысу үшін сөйлеу тілі бұзылуының белгілерінің симптоматикасын, себептерін және механизмін білу қажет. Бұл логопедияның басқа ғылымдармен тығыз байланысты екендігін анықтайды.

Олардың ішінен педагогиканы /жалпы және арнайы педагогиканы/, медицинаны, лингвистиканы атауға болады.

Медицина ғылымының ішіндегі логопедиямен тығыз байланыстылары: патофизиология, анатомия, физиология және есту мен сөйлеу тілі мүшелерінің патологиясы, олигофрения клиникасы, психопатология, педиатрия.

Бұл ғылымдар, сау баланың даму заңдылығын зерттеумен бірге, баланың дене бітімі мен психикалық дамуының мөлшерден ауытқуын да зерттейді.

Сонымен И.П. Павловтың бірінші және екінші сигналды жүйесінің өзара әсерлесіп әрекет жасауы туралы ілімі, шартты – рефлекторлық байланыстың қалыптасуының заңдылығы туралы [2], П.К. Анохиннің функционалды жүйе туралы, психиатриялық міндеттің қозғалмалылығын жойылтпауы туралы ілім және сөйлеу тілінің әрекеттері туралы осы заманғы нейропсихолингвистикалық ілімі логопедияның психофизиологиялық табиғи–ғылыми негізі болады [2].

Логопедия үшін аса маңыздысы И.П. Павловтың I және II сигналды системасының өзара көмектесіп әрекет жасау туралы ілімі.

Біздің сезімімізді қабылдауымызды И.П. Павлов бірінші сигнал деп атады. Олар арнайы физиологиялық механизмдердің, анализаторлардың арқасында пайда болады. Адамның ең зор дәулеті оның сигнализациясының ерекше жоғарғы түрі – екінші сигналды системасы деп аталады. Адамның сөзі мен сөйлеу тілін қосқанда екінші сигналдың сигналы немесе сигналдың екінші тәртібі деп аталады.

**Осы орайда тіл кемістігін туғызатын аномалияларды атап өтсек:**

*Каппацизм* туғызатын анамолия – қатты таңдай биік жіңішке болып келеді де, тіл мен таңдай толық қабыспайды. *Ламбдацизм*-тіл асты желбезегінің күрт қысқаруы салдарынан тіл ұшының созылмауы, жоғары көтерілмеуі. Бұндай жағдайда хирургиялық операция туралы шешім де қабылданады. *Ротацизм*- тіл асты желбезегінің қысқалығы, биік және жіңішке шектен тыс үлкен немене жіңішке икемі кем тіл. *Сигматизм* – тіл ұшын таңдайға көтере алмайтындықтан болады [3, б. 68-77].

Тіл - дыбыстарын жасауда дыбыстау мүшелерінің қызметін артикуляция деп атайды [3]. Артикуляциялық жаттығу балалардың дыбыстарды дұрыс айта білуіне көмектесетін жаттығу түрі. Артикуляцияны дұрыс қалыптастыру үшін арнайы жаттығулар қолданылады. Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарының

қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әр түрлі атпен аталады. Жүргізілген артикуляциялық гимнастика тиімділіг төмендегідей жүйе сақтаған жағдайда ғана оңтайлы нәтиже береді.

1) Тіл қозғалыстарын дағдыландырғаннан кейін логопед, баланың қандай дыбыстарды айталмағаннан тәуелділігіне қарай комплекстерді таңдап алып өткізеді.

2) Артикуляциялық аппарат мүшелерінің, - С, З, Ц – дыбыстарын дұрыс айтуына қажетті қозғалыстарын және қалыптарын дағдылануға мүмкіндік жасайтын жаттығулар.

3) Артикуляциялық аппарат мүшелерінің, - Ш, Ж, Щ, Ч- дыбыстарын дұрыс айтуына қажетті қозғалыстарын және қалыптарын дағдылануға мүмкіндік жасайтын жаттығулар.

4) Артикуляциялық аппаратты –Л- дыбысын дұрыс айтуына дайындайтын жаттығулар.

5) Артикуляциялық аппаратты –Р- дыбысын дұрыс айтуға дайындайтын жаттығулар.

Барлық жастағы топтарда бірдей комплекстерді қолдануға болады, бірақ артикуляциялық гимнастика жүргізу түріне және жасы бірдей емес балалар жасайтын жаттығулардың қоятын міндеттері әртүрлі. Ересектер және мектепалды даярлық тобында балалар дыбыстарды дұрыс айтып үйренгенде, артикуляциялық гимнастикасына әртүрлі дыбыстардың жіктеуіне арналған жаттығулар алынады:

А) дауысты дыбыстар: И-У, Э-О, И-О, Э-У, И-Э, У-О;

Б) сонор және ұяң дауыссыздар: М-Б, Н-Г;

В) үнді дауыссыздар: М-Л, Н-Л;

Г) ұяң және қатаң дыбыссыздар: Б-Д, Ф-Х;

Д) ұяң және қатаң дыбыссыздар: Б-В, К-Х;

Е) ұяң және қатаң дыбыссыздар: С-Х, Д-Г;

Сабақ күн сайын жүргізілу керек. Жаттығуларға көшпес бұрын, ең алдымен міндетті түрде балалармен ерінге арналған жаттығулар жасау керек.

Жаттығулар 15 минуттан аспау керек.

Жаттығуларды отырған қалыпта орындау керек. Себебі бұл қалыпта баланың арқасы түзу, денесінің бұлшық еті босаңсыған, қолы мен аяғы жайлы қалыпта болады. Бала үлкен кісінің мимикасы мен артикуляциясын көріп, сонымен қатар ол тапсырманы орындау барысында өз ернімен тілін көру керек. Жаттығулар қол айнасымен немесе үлкен айна алдында орындалады. Барлық жаттығуларды балаларға жалықпас үшін ойын түрінде жеткізген дұрыс. Ысқырық дыбыстарға арналған артикуляциялық жаттығу түрлері: Піл, тәтті тосап, сағат, тарақ.Ызың дыбыстарға арналған: Түтікше, жымию, тісімізді тазалаймыз, ашуланған мысық.Діріл дыбыстарға арналған: Әткеншек, сылақшы, ат шауып келеді, күрекше.Бұл жаттығуларды орындағанда әр бала өзінің сөйлеу мүшесінің жұмысын бақылай алуы үшін міндетті түрде айнаны қолданады[2] .

Қорыта келесөйлеу тілінде кемістігі бар балалардың үзбей кунделікті артикуляциялық жаттығулар арқылы балалардың тілін дер кезінде дұрыс дамуына бағыт беруіміз қажет.

**Қолданылған әдебиеттер**

1 ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Н.Ә. Назарбаев жолдауынан (2012). Егемен Қазақстан газеті. Алматы, 2012 ж.

2Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. А.,1982ж.

3 Өмірбекова Қ.Қ., Оразаева Г.С.,Төлебиева Г.Н., Ибатова Г.Б. Логопедия. – А., 2011. – Б.68-77.

3 Абилова О.А.Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. Әдістемелік құрал. Атырау, 2011

*Ғылыми жетекшісі:* **психология ғылымдарыныңмагистрі Амантаева Б.И.**

# ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫҢ ТИПТЕРІ

**Туралиева А.Е., Кубаева А.Ж.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі заңдары деп – адамның бір жастан екінші жасқа өтуіндегі психологиясымен қылығындағы болатын өзгерістерді, яғни осы өзгерістердің себептерін, белгілерін сипаттайтын өзгерістердің жиынтығын айтамыз.

Психика дегеніміз – адамның рухани күй және ішкі сезіміне, миға тән қасиет. Психика биологиялық эволюцияның жемісі және жалғасы. Ол сыртқы құбылыстар мен заттардың көрінісін бейнелейді. Ал психикалық дамудың рефлекторлық дамудың сипаты – оның объективтік жағдайға тәуелділігін, қабылдау жүйесі мен оның қызметінің атқару заңдылықтарын көрсетеді. Адамның психикасы, оның қимыл әрекетін реттейтін, қоғамдық қатынасқа бейімдейтін, жаңаша бір құрылымның негізін құрады. Осыдан адам психикасының дамуының жеке бір тұлғалық, әлеуметтілік заңдылықтары қалыптасады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуі кезіндегі клиникалық типтердің, күрделі түрі бір – бірінен құрылымдарына қарай және негізгі компоненттері арқылы ажыратылады. Олар инфантилизмнің құрылымы ретінде нейродинамикалық кемшіліктердің мінездемелерін сипаттайды. Танымдық әрекеттің баяу қалыптасуында инфантилизм интеллектуальдық мотивациясының жетіспеушілігімен тығыз байланысты. Нейродинамикалық кемшіліктерде психикалық процестердің қозуымен оның тонустары анықталады.

Психикалық дамудың тежелуінің конституционалдық түрде анықталуы:

1. Гормониялық инфантилизм – жеңіл түрдегі психикалық және психофизикалық инфантилизм болып табылады. Бұл жүктелу М.С. Певзнер мен Т.А. Власованың топтастыруымен байланысты. Осы уақытта эмонационалды ерік сферасының алғашқы дамуындағыдай, ерте жастағы баланың эмоциясының қалыпты болуын қамтамасыз етеді. Балалардың қиындықтарын М.С. Певзнер, Т.А. Власова өздерінің еңбектерінде, оны тұлға мен оның мотивациясының ерік сфераларымен ұштастыра білді.

2. Дисгормониялық инфантилизм – ми қабілетінің ерте жастан бастап зақымдалған психикалық, психофизикалық инфантилизмнің ауыр түрі. Зерттеулердің нәтижесі бойынша: бұл топқа жататын балаларда ерік эмоцияларында тұрақсыздық, қабылдау, ойлау қабілеттерінің төмен екендігі анықталды. Көп жағдайда, бұл типке жататын балаларымен жылы шырай таныту арқылы қарым – қатынасты орната алады.

3. Эндокриндік жетіспеушіліктен пада болған психикофизикалық инфантилизм – бұл аталған тип көбінесе жиі немесе сирек кездеседі. Бұл топтағы балалар физикалық жағынан қалыс қалған, психомоторлық қабілеттері, қимылдық іс - әрекеттерінің бұзылуы, сондай – ақ кеңістікті бағдарлауының бұзылулары байқалады. Кейбір жағдайда бұл типтегі балалар өз құрдастарынан қашады. Тіпті қоғамдық жұмыстарға да араласудан қалыс қалып отырады. Түзету – педагогикалық жұмыстарды бұл типтегі балаларға міндетті түрде, психологиялық көмек ретінде көрсетілуі тиіс. Балалармен қарым – қатынас жасау кезінде, олармен тренингтер, өз-өзін бағалау, бақылау мақсатында әдістемелер өткізіледі. Түзету жұмыстарын жүргізуде, балалардың даму деңгейлерін және олардың ерекшеліктерін жан – жақты бақылап, ескеріп отыру қажет.

Психикалық дамудың тежелуінің самотогендік түрде анықталуы. Анамалияның бұл түрі күрделі түрдегі соматикалық, инфекциялық жағдайлардың ұзаққа созылуымен, туа пайда болған немесе жүре пайда болған, соматикалық сфералардың дамуымен, сондай-ақ жүрек ауруларымен сипатталады [1, б. 12].

Баланың психикалық дамуындағы баяулау типі кезіндегі күрделі астения, жалпы және тонустық баяулауы маңызды рөл атқарады. Дамуындағы кемшіліктің осы кездерінде эмоциялық дамуының тежелуімен, самотогендік инфатилизм, нервтік зақымдалулардың әсерінен балаларда өз-өздеріне деген сенімсіздік, физикалық жетіспеушіліктермен сәйкес, оларда қорқыныш сезімдері қалыптасады. Псхикалық дамудың кешеуілдеуінің бұл түрі –

мектепке дейінгі балаларда көп кездеседі. Бұл жаста эмоциялық ерік сферасының бұзылуының салдарынан айналасындағы адамдарға, туғандарына соның ішінде анасына кек сақтайтындары бар. Әр бір ата – ана өз баласын жамандыққа қимайды, сол себептен ата – аналар өз балаларының бойындағы кемшіліктерін жоюға тырысады.

Уақыт өте келе оқу процесінде балалардың кемшіліктері кейбір уақыттарда байқалмайды. Дегенменде, оқу жылының бірінші немесе екінші оқу жылының айларында, самотогендік типтегі балалардың сабаққа деген үлгермеушіліктері, қоршаған ортамен қарым – қатынастары, оған бейімделуі нашарлай бастайды. Оның негізгі себептері:

Оқу процесінде сабақтың ұзақтығы (күнделікті бірнеше сағат бойы бір сабақтан өту) балалардың ерекшеліктерін ескермей тапсырмалар беру, бұл балалардың тапсырмаларды қиынсынып, сабақтың аяғына дейін отыра алмайды.

Мектептің тәртібіне үйренуде балаларда көптеген қияндықтар кездеседі, сондықтан бұл балаларды қоршаған ортамен байланыстыра отырып жұмыс жасау қажет.

Оқу процесінің жүйесі барысында, балалардың психикалық функцияларының, яғни танымдық қабілеттерінің төмендігінен оқуға деген дайындықтарының жоқтығын аңғарамыз. Сондықтан баламен жұмыс жасағанда, ең алдымен баланығ мотивациялық жағын, эмоциясын дамыту қажет.

Дамуындағы ауытқушылығы бар баланың оқу процесі кезінде оның үлгермеушілігінің, алдын алу үшін медициналық – педагогикалық тексеру орталықтарына жіберу.

Мұғалім өз сабағында әр түрлі профилактикалық жағдайларды қолдану арқылы, ата-аналармен қарым-қатынас орната білуі керек. Олардың эмоциялық–ерік сферасын тексеруде– ең бірінші мектептің психологы маңызды орын алады. Ол өзінің жұмысы барысында, индивидуальдық жұмыстарды, сондай – ақ мұғалімдерге, ата-аналарға, балаларға арналған алуан түрлі әдістемелердің топтамаларын жүргізеді [2, б. 6-7].

Психикалық дамудың тежелуінің психогендік түрде анықталуы. Бұл типте тәрбиелек кезіндегі, қолайсыз жағдайлардың әсерінен пайда болады. Ұзаққа созылған қоршаған ортадан қолайсыздық, ол баланың психикасына әсер етіп, оның нервтік – психикалық сферасының бұзылуына, соның ішінде вегативтік функциясының психикалық, эмоционалдық дамуының қалыптасуына кедергі келтіреді.

Бұл кезеңде баланың потологиялық дамуы туралы айтылады. Психикалық дамудың тежелуінің осы типінде тұлғаның анамалиялық дамуы кезінде, психикалық тұрақсыздық бақылауға алынады. Көп кездерден балаға шектен тыс гипо және гипер қамқорлық көрсетудің салдарынан баланың бойында тәртіптің нормалары, яғни жауапкершілік, аффектінің белсенді түрде тежелуінің әсерінен қалыптаспайды.

Психикалық функционалдық құрылымы күрделі кешенді болғандықтан және бірнеше жүйелердің байланыстарына негізделгендіктен, олардың қалыптасуы психикалық дамуы тежелген балаларда баяу болады. Психикалық дамуы тежелген балалардың қабылдауы қалыпты балалармен салыстырғанда, төмен деңгейде болады. Бұл сенсорлық ақпаратты қабылдауға ұзақ уақыт қажет еткендіктен, баланың қоршаған орта туралы білімнің шектеулігінен, сондай-ақ таяздығынан анық байқалады. Психикалық дамуы тежелген балалардың типтерін анықтап, түзету жұмыстарының бағдарламасын құру арнайы маманның негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сондықтан зерттеу нәтижелеріне сәйкес психикалық дамуы тежелген балалардың типтері анықталса, оны дамытуда белгілі бір деңгейде нәтижелерге жетуге болатындығын көз жеткізуге мүмкіндік берді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Мастюкова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии. Москва: Просвещение. 1992.-414 с.

2. Коробейников И.А. Лубовский В.И. Психологический эксперимент в дифференциальной диагностике нарушений психического развития у детей // Дефектология. 1981. № 6.

*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., доцент Есенғұлова М.Н.**

# ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ УЧИТЕЛЯ ДЕФЕКТОЛОГА С РОДИТЕЛЯМИ ПО ПРОВЕДЕНИЮ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ С ЗПР

**Уксумбаева А.Ж., Местная С.В.**
Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

В настоящее время большое внимание уделяется в необходимые и эффективные пути, в работе с родителями, которые воспитывают детей с отклонениями в развитии. Родители являются самыми важными, особыми педагогами, которые не только воспитывают, но и дарят любовь и заботу.

Одним из важнейших направлений в коррекционно-воспитательной деятельности учителя-дефектолога ДОУ является работа с родителями – как одно из условий оптимизации педагогического процесса и социализации ребенка, имеющего задержку психического развития.

Работая с детьми с задержкой психического развития в группе развития очень важно сделать родителей активными участниками педагогического процесса. Дети приходят в группу из разных детских садов, и родители не сразу понимают значение коррекционно-воспитательной работы в группе ЗПР. Необходимо родителей учить адекватно, оценивать успехи и возможности своего ребенка. Формировать у них потребность развивать своего ребенка не только в детском саду, но и дома.

Успешность коррекционно-воспитательной работы по преодолению задержки психического развития (ЗПР) во многом зависит от слаженности в работе педагогического коллектива, а особенно от преемственности в работе логопеда, дефектолога и воспитателя, а затем взаимосвязи их работы с родителями детей с ЗПР.

Практика показывает, что дети, окружённые вниманием, поддержкой и любовью, обладают высокими потенциальными возможностями полноценного развития. Объединение усилий специалистов и родителей помогут создать благоприятные условия для успешной коррекции задержки психического развития и полноценного личностного развития детей.

В семье, где растет ребенок с теми или иными недостатками развития (психического развития, развития речи), создается специфическая ситуация, так как внутрисемейные отношения часто зависят от вида и тяжести дефекта ребенка. В большинстве случаев, родители, имеющие детей с недостатками развития речи, задержкой психического развития чувствуют себя неудовлетворенными и подавленными. О детях с ЗПР к настоящему времени накоплена определенная научная информация. На основании результатов клинико-психолого-педагогических исследований были определены сущность и структура данного дефекта, его симптоматика и этиология.

У большинства детей с ЗПР имеются нарушения как импрессивной, так и экспрессивной речи, нарушения устной и письменной речи, неполноценность не только спонтанной, но и отраженной речи.

Для достижения цели коррекционной работы с детьми с ЗПР нужно: повысить уровень родительской компетентности, активизировать роль родителей в воспитании и обучении ребенка, нормализовать отношения внутри семьи, выработать единое и адекватное понимание проблем ребенка.

Чтобы данная работа была целенаправленной, поставлены следующие задачи:

- привлекать родителей к проблемам воспитания детей в детском саду;
- обучать правильной организации досуга детей;
- учить выдержке, терпению, такту, доброжелательности, гуманности;
- формировать из родителей коллектив единомышленников;
- показать практические занятия с детьми, вовлечь каждого родителя в педагогически процесс.

Для организации занятий с парами «мать – ребенок дошкольного возраста с задержкой психического развития» были составлены методические рекомендации. Занятия

подразумевают непосредственное участие близкого взрослого.

Задачи: психологическая поддержка мам и их практическое обучение взаимодействию со своим ребенком, развитие познавательных процессов ребенка указанной категории. Указанный формат занятий был выбран не случайно. Существующее предположение, согласно которому большинство родителей владеют навыками установления «принимающего» и «поддерживающего» детско-родительского взаимодействия, является ошибочным.

Подобранные упражнения были направлены на развитие познавательных процессов детей, а форма работы поддерживала ситуацию взаимодействия матери и ее ребенка с выраженной задержкой психического развития дошкольного возраста.

На мой взгляд, непосредственное присутствие матери и организация ее эмоционального контакта со своим ребенком положительно скажутся на усвоении ребенком познавательной информации, получаемой в рамках коррекционных мероприятий, что в целом будет способствовать повышению эффективности процесса психолого-педагогического сопровождения ребенка с выраженной задержкой психического развития и его матери, а так же будет решена одна из наиболее сложных проблем – проблема различия в позициях педагогов и родителей по преодолению нарушений в развитии ребёнка. Родители перестанут отстраняться от занятий со своим ребёнком, т.к. овладеют знаниями, умениями и навыками. Они преодолеют возникающие определённые трудности в организации взаимодействия со своим ребёнком. Осознанное включение родителей в совместный с учителем-дефектологом коррекционный процесс позволит значительно повысить эффективность совместной работы. Возникнет понимание того, что создание единого пространства развития ребёнка возможно при условии тесного сотрудничества учителя-дефектолога и родителей.

Данная система работы учителя-дефектолога с родителями позволяет:

– оказать квалифицированную педагогическую поддержку родителям;

– привлечь к коррекционно-воспитательной работе всей семьи ребенка;

– разъяснить и показать родителям, в чем состоит коррекционно-воспитательная работа детского сада, подчеркнуть полезность разумных требований к ребенку, необходимость закрепления, достигнутого на занятиях в домашних условиях;

– повысить уровень педагогической культуры родителей.

Опишем примерные задания, используемые при реализации психолого-педагогического сопровождения.

Занятие 1. «Внимание!».

1. Игра «Приветствие». Каждой паре «мама – дошкольник с выраженной задержкой психического развития» предлагалось «поздороваться» друг с другом с помощьютактильного прикосновения. При этом взрослый должен обращать внимание на реакцию ребенка и пытаться найти приемлемые способы тактильного контакта с ним.

2. Игра «Внимание!».

Дети сидят рядом с мамами. Педагог объясняет, что у него есть три флажка разного цвета, каждому которых соответствует определенное действие: красный нужно подпрыгнуть, зеленый хлопнуть в ладоши, синий – шагать на месте. По сигналу (поднятый флажок) дети выполняют соответствующее действие, мамы помогают им.

3. Подведение итогов. Все встают в круг и передают в ладошке соседу свое настроение и пожелание.

Занятие 2. «Будь внимательным».

1. Игра «Приветствие». Мама и ребенок должны поздороваться друг с другом с помощью улыбки, а также улыбнуться другим парам. Взрослый обращает внимание на реакцию своего ребенка.

2. Игра «Будь внимательным». Каждая пара получает картинки, которые необходимо внимательно рассмотреть и найти как можно больше отличий в изображениях.

3. Игра «Найди такое же колечко». Каждой паре предлагают пирамидку, педагог показывает одно из колечек и просит детей найти такое же. Найденное колечкодошкольник показывает маме, которая помогает ему в случае неудачи. Упражнение повторяется 2–3 раза.

3. Подведение итогов.

Занятие 4. «Тренируем внимание».

1. Игра «Приветствие». Каждая пара получает карандаши и задание нарисовать свое утро. В ходе выполнения мама и ребенок обсуждают сюжет своего рисунка.

2. Игра «Тренируем внимание». Каждая пара получает бланк, на котором дети с помощью карандаша соединяют точки, ориентируясь на их чередование. Мама помогает, дорисовывает, закрашивает, объединяя предметы в общий сюжет. Затем каждая пара придумывает интересную историю, которая произошла с его героями.

3. Игра «Зачеркни». Детям предлагается карточка с геометрическими фигурами, необходимо зачеркнуть круг.

Занятие 5. «Кто запомнил?».

1. Игра «Приветствие». Мама сажает на колени ребенка и рассказывает о том, что происходит за окном, обращая внимание на реакции дошкольника.

3. Подведение итогов.

Каждое задание подразумевает эмоциональный и тактильный контакт, совместную деятельность мамы и ребенка и тем самым способствуют снятию психоэмоционального напряжения детей, установлению доверительного отношения друг к другу и развитию умения матери распознавать эмоции своего ребенка. Мы уверены, что непосредственное присутствие матери и организация ее эмоционального контакта со своим ребенком положительно скажутся на усвоении ребенком познавательной информации, получаемой в рамках коррекционных мероприятий, что в целом будет способствовать повышению эффективности процесса психолого-педагогического сопровождения ребенка с задержкой психического развития и его матери.

От профессиональной компетентности педагогов, от слаженности их работы, от умения работать в команде тоже зависит многое. Логопед и дефектолог как специалисты должны хорошо знать специфику дефекта ЗПР и пути его преодоления, должны хорошо представлять свою ответственность и свою роль в решение этой проблемы.

Их основная задача – ориентироваться на ребенка, его интересы, помочь родителям правильно воспринимать своего ребенка. Воспитатель должен создать благоприятные условия в группе, способствующие активизации познавательной и речевой деятельности.

Таким образом, можно сделать выводы о том, что роль родителей в процессе развития ребенка с задержкой психического развития необходима. Практика показывает, что дети, окруженные вниманием, поддержкой и любовью, обладают высокими потенциальными возможностями полноценного развития. Объединение усилий дефектолога, логопеда, воспитателей и родителей помогут создать благоприятные условия для успешной коррекции ЗПР и полноценного личностного развития детей.

**Использованные литературы**

1.Ткачева В.В. Гармонизация внутрисемейных отношений [Текст] / В.В. Ткачева. – М., 2000.

2. Хайртдинова Л.Ф. О работе с родителями в специальном (коррекционном) дошкольном образовательном учреждении для детей с нарушением интеллекта // Дефектология. – №1-2005. – С. 11–13.

3. Екжанова Е.А. Коррекционно-развивающее обучение и воспитание. Программа дошкольных образовательных учреждений компенсирующего вида для детей с нарушением интеллекта / Е.А Екжанова, Е.А. Стребелева. – М., 2003.

*Научный руководитель:* **к.м.н. Жулаева А.И.**

# ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАР МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Утениязова Ф.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі таңда Республикамыздағы барлық мектептерде дағдарыстық жағдайдағы оқушылардың кездесетіндігі шындық. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында «Жаһандық дағдарыстар ықпалынан ешкім де сақтанып қала алмайды» [1] деген. Сол сияқты дағдарыстық жағдай оқушылардың бастарынан да өтетіндіктен, олардың болашақ тағдыры толғандырады. Бұл мәселе ғалымдардың назарынан да тыс қалмаған. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқушы дағдарыстарын С. Холл, Э. Шпрангер, М. Мид, Л.С. Выготский, Д.Б. Элконин, Л.И. Божович қарастырған.

Дағдарыстардың нысаны, ұзақтығы мен өту қарқындылығы оқушының даралық-типологиялық ерекшеліктеріне, әлеуметтік және микроәлеуметтік жағдайларға, отбасындағы тәрбиенің, тұтастай педагогикалық жүйенің ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі болуы мүмкін [2].

Елбасының дәстүрлі әрбір жылғы жолдауында білім беру саласының жетілдіріліп жатқандығы айтылады. Алайда, дағдарыстық жағдайда жүрген оқушыға қиқарлық, ашушаңдық, жағымсыз мінез-құлық көріністері тән болғандықтан, үлкендер қарым-қатынасын қажетсінбеу, өзінің талап-тілектерімен ғана жүру білім беру үрдісіне қиындық туғызуы мүмкін. Сондықтан да, бұл мәселе еліміз үшін де, ұрпақ болашағы үшін де маңызды.

Жалпы білім беретін мектептерде кездесетін «Дағдарыс деген не?», жалпы «Дағдарыстық жағдайдағы оқушылар дегеніміз кімдер?» - деген сұраққа былай жауап беруге болады: «Дағдарыс – адамның өзіне және сыртқы әлеммен қарым-қатынасына ұзақ уақыт бойы қанағаттанбауынан болатын психикалық бұзылыс» [3] , ал дағдарыстық жағдайдағы оқушылар - бір жастан екінші жасқа өту барысында шұғыл психологиялық өзгерістермен сипатталатын айрықша кезеңде әлеуметтік қатынастары, іс-әрекеті, санасы жүйелі сапалық өзгерістерге ұшырайтын оқушылар.

«Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мемлекеттік органдар балалардың жеке адами тұлғасын, олардың шығармашылық бейімділігін, әлеуметтік белсенділігін, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамытуды, олардың интеллектуалдық меншігін қорғауды, балалардың өмірі мен денсаулығын сақтауды, қоршаған табиғи ортаны, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауды өзіне мақсат тұтатын, қайырымдылықты жүзеге асыратын, мәдени және спорттық өмірге қатысуға тартатын, демалысты ұйымдастыратын қоғамдық ұйымдарға жәрдемдеседі делінген. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңының 12 – бабында «Әрбір баланың дене бітімінің, психикасы мен жан дүниесінің толымды дамуы үшін қажетті тұрмыс деңгейі мен жағдайы болуға құқығы бар» делінген [4].

Қоғамда болып жатқан түрлі мәселелер: әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық дағдарыстар оқушының жеке басындағы дағдарыстарына да әсер етіп, олардың қалыпты дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Адам өмірінің алғашқы күндерінен соңғы күндеріне дейін даму үрдісі жүреді және әр кезеңде өзіне тән дағдырысты басынан өткізеді. Н.С.Жұбаназарова «Жас ерекшелік психологиясы» оқулығында жас ерекшеліктеріне байланысты мынадай дағдарыстарды көрсетеді:

- туылу дағдарысы (3 апта – 2 ай);
- жаңадан туылу дағдарысы (3,5 ай – 7 ай);
- нәрестелік кезең дағдарысы (11 ай – 18 ай);
- ерте балалық шақ дағдарысы (3 жас);
- балалық шақ дағдарысы (7 жас);
- жеткіншектік дағдарысы (11 жас – 14 жас);

- бозбалалық шақ дағдарысы (17 жас – 21 жас);
- жастық шақ дағдарысы (27 жас – 30 жас);
- ересектік шақ дағдарысы (39 жас- 45 жас);
- кемел шақ дағдарысы (55 жас – 65 жас);
- кәрілік шақ дағдарысы (62 жас - )

Осы дағдарыстардан көріп отырғанымыздай оқушылық кезеңге үш түрлі дағдарыс тән. Олар: балалық шақ дағдарысы, жеткіншектік дағдарысы, бозбалалық шақ дағдарысы. Зерттеу жұмысымда мен жеткіншектік дағдарысын қарастырамын.

Жеткіншектің организмінде болатын елеулі өзгерістер ұзақ уақыт бойы осы кезеңдегі жеткіншектер ерекшеліктері мен дамуының сыналу құбылыстарының биологиялық шарттастығы туралы әр түрлі теорияларға негіз болады. Мұндай ұғым біздің ғасырымыздың алғашқы ширегінде үстем болды. Биогенетикалық универсализм негізін салушылар С. Холл мен З. Фрейд болды. Олар жеткіншектің дағдарысы мен өзіне тән ерекшеліктері комплексін биологиялық шарттастығы себепті болмай қоймайтын әрі универсал құбылыс деп санады.

20-30 жылдарда әр түрлі елдерде нақты зерттеулер жинақталғандықтан биогенетикалық универсализмге қарама-қарсы бағыт күш ала бастады, ал бұл зерттеулерде жеткіншектің жеке басының кейбір қасиеттерінің оның әлеуметтік қатыстылығына тәуелділігі көрсетілді. Қиын жеткіншектерді тәрбиелеу іс-тәжірибесінің маңызы болды, мәселен, А.С. Макаренкода мұндай жеткіншектер қысқа мерзім ішінде түзелетін еді.

Самоа аралындағы жеткіншектерді зерттеген американ ғалымы М. Мид жеткіншек шақта дағдарыстар мен дау-жанжалдардың болмай қоймайтындығы туралы түсініктің қисынсыздығын дәлелдеді, сөйтіп олардың биологиялық емес, әлеуметтік шарттастығын көрсетті. М. Мид Самоадағы жеткіншек қыз балалардың балалықтан ересектікке үйлесімді, дау-жанжалсыз өтетінін байқады да балалардың тіршілік жағдайларын, тәрбиеленуі мен айналадағылармен қарым-қатынастарының ерекшеліктерін егжей-тегжейлі сипаттап жазды. Қыз балалардың жеткіншек шағын М. Мид балалық және ересектік көзбен салыстырғанда тұтас алғанда неғұрлым жақсы және ерікті кезең деп бағалады [5].

Жеткіншек бала мектеп қабырғасында болғандықтан, оларға оқу әлі де болса, негізгі іс-әрекет болып табылады. Алайда, ол психологиялық қарым-қатынас ретінде артқа сырылады. Д.Б.Элконин бойынша, негізгі іс-әрекет құрбы-құрдастармен қарым-қатынастар болып табылады. Жасөспірімдік кезеңде қарым-қатынас өз бетімен өмір сүретін аймақтар тобына апарылады [6].

Отандық психологияда жеткіншектік дағдарысының табиғатына, осы жастағы дамудың заңдылықтары мен механизмдеріне қатысты сәйкес келетін де, сондай-ақ өзгешеленетін көзқарастар да бар. Л.И. Божович сондай-ақ жеткіншектік шақ дағдарысының осы кезеңде жеткіншектерде өздерін басқа адамдардан өзгеше, дәл оған ғана тән қасиеттерге ие болатын тұлға ретінде танып-білуге қабілеттілік пен қажеттіліктің пайда болуы оның айрықша белгісі болып табылатын өзіндік сананың жаңа деңгейінің пайда болуымен байланысты деп пайымдаған. Бұл оларда өзін танытуға, өзін көрсетуге және өзін тәрбиелеуге ұмтылысты тудырады. Жоғарыда көрсетілген қажеттіліктердің шектелуі жасөспірімдік шақ дағдарысын құрайды.

Т.В. Драгунова мен Д.Б. Эльконин өмірдің осы кезеңіндегі ауыспалы көріністерді сананың құрылымы ретіндегі ересектік сезімінің қалыптасуымен байланыстырады. Ол ересек адамдардың құқықтарын шектейді, ал өз құқықтарын кеңейтеді және оның тұлғасы мен адамгершілік ар-намысын құрметтеуге, сенімге және дербестігін кеңейтуге, яғни, ересек адамдармен тең құқықтылыққа ұмтылады және олардың мұны мойындауларына қол жеткізуге тырысады [7].

Зерттеу жұмысын жүргізген сыныбымызда дағдарысқа ұшыраған 6 оқушы болды. Оларға тән дағдарыс көріністері төмендегідей болды:

- өз өміріне көңілі толмаушылық;
- ашушаңдық;

– тез өкпелегіштік;
– қорқыныш сезімінің басым болуы;
– өзіне деген сенімінің төмендігі;
– өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғары немесе төмен болуы.

Егер жүйелі жұмыс жүргізілсе, оң нәтижеге жетуге болатындығын зерттеу жұмысымыз дәлелдеді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2015 жылғы 30 қараша. ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА ЖАНАНДЫҚ НАҚТЫ АХУАЛДА: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ.

2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі (Педагогика және психология). Алматы: «Мектеп», 2002. - 90 б.

3. Психология: энциклопедиялық сөздік. Қ.Жарықбаев, О.Саңғылбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б. - 210 б.

4. ҚР баланың құқықтары туралы 2002 ж. 8 том №345 Заңы

5. Жұмасова К. Психология: оқулық / К.Жұмасова, Л.Есенова. – 3-басылым, тол.өңд. - Астана: Фолиант, 2017. – 400 б. – 297-301 б.

6.Сатиева Ш. Даму психологиясы (теориялық және практикалық курс).Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 232 бет. -135-139 б.

7. Жұбаназова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы: оқулық. – Алматы: Қазақ Университеті, 2014. – 285 б. -196-197 б.

*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., профессор Қаңтарбай С.Е.**

## ЖАСӨСПІРІМ ШАҚТАҒЫ МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Шірінбек Ұ.Р.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі таңда мазасыздану мәселесі психологтардың зерттеулерінде басты орындардың бірінде деп айтсақ қате болмас. Себебі, қазіргі біз өмір сүріп жатқан заман мазасыздық ғасыры деп негізсіз айтылмаған. Адамзат өміріне ғылыми техникалық прогресс пен тек қуанышты жаңалықтар, жаңа ашылымдар, жетістіктер ғана емес, адам өмірінің барлық саласына қиындықтар, күрделі мәселелер, стресстік жағдайлар да қатар еніп жатыр. Осының нәтижесінде соңғы уақытта адамзат өмірінің барлық аумағында тұрақсыздық пен мазасыздық байқалып жүр. Қазіргі заманда әлеуметтік экономикалық талаптарға бейімделудің қиындығы және адамзаттың өмірдің күрделі мәселелерін шешуге дайын еместігі түрлі күйде туатын психикалық күш жұмсауды күшейтеді. Бұл жеке адамның кей жағдайда мазасыздануына әкеліп соғады. Осындай тұрақсыздықтар нәтижесінде адам өзіне деген, қоршаған ортасына, жағдайға деген сенімінен айырылады. Дәл осы қоғамдық мәселеге байланысты қазіргі кезде эмоциялық тұрақсыздықпен, сенбеушілікпен, жоғары алаңдаушылықпен ерекшеленетін мазасыз балалар саны едәуір көп ұлғайған. Мазасызданудың пайда болуы және орнығуы баланың жас кезеңіндегі қажеттіліктерінің қанағаттанбауымен байланысты. Мазасызданудың тұрақты бейнесі, көбіне жеткіншек және жасөспірімдік шақ кезеңдерінде көрініс табады. Ал, оған дейін, бұзылыстардың кең шеңберін өндіруші болып табылады.

Мазасыз балалар үшін оқу жылдарының қаншалықты ауыр өтетінін, ата-аналар да, мұғалім де жақсы біледі. Ал мектептік кезең негізгі және балалық шақтың негізін қалаушы: бұл тұлғалық қалыптасу уақыты, өмірлік жолды таңдау, әлеуметтік нормалар мен ережелерді

иемдену, бойға сіңіру. Егер де оқушы уайымының себебі өз-өзіне сенімсіздік болса, онда жеке тұлға да «күмәншіл» болып қалыптасады. Мамандық таңдау бұл адам үшін өзін сәтсіздікке ұшырауға сақтану бағытына негізделген, құрдастары және мұғалімдермен қатынас жасау – қуаныш емес, ауыртпашылық және де мазасыздық бойын алып тұрған оқушының интеллектуалдық дамуы, оның ойлау бірегейлігімен, құмарлығымен, шығармашылық қабілеттерінің дамуымен сәйкес келмейді. Өйткені шығармашыл адам – ол ерікті және тәуелділікке бел буа алатын адам. Ол жаңа қалыптаспаған көзқарас пен шешімді ұсынуға қорықпайды, өз жолымен жүргісі келеді, көпшіліктің мақұлдағанына қарсы келеді. Ал мазасызданғыш адамдар – кешеннен қабылданған, ескірген, бірақ көптеп тексерілген өмір нұсқаларының құлы.

Мазасыздану - төнген қауіпті алдын-ала сезумен байланысты дискомфортты сезіну ретінде сипатталатын тұлғаның психологиялық қасиеті. Мазасыздану құбылысына тән қауіпті алдын-ала сезіну ерекшелігі, оның басқа эмоциялық құбылыстар арасындағы маңыздылығын көрсетеді. Мұны гештальтерапияның негізін калаушы Ф. Перлз бейнелеп көрсетті. «Мазасызданудың формуласы өте қарапайым. Мазасыздық қазіргі мен бұрынғы арасындағы шығын» [1].

Мазасыздануды эмоциялық күй (жағдайлық мазасыздану) ретінде және үнемі мазасыздық күйге бейімділіктен көрінетін жеке психикалык ерекшелік, тұрақты қасиет ретінде бөліп қарастырады. Психикалық деңгейде мазасыздану күштену, уайым басу, тынымсыздану невроздык, жалғыздык, шешім қабылдай алмаушылық байқалады. Мазасыздану кезінде жүрек қағысы, тыныс алу жиілеп, қан қысымы көтеріледі, жалпы қозу күшейеді. Мазасыздану қауіпті жағдайда сигнал ретінде мүмкін болатын қиындықтар мен мақсатқа жетудегі кедергіліктерді жеңу үшін бар күшті жұмылдырып, жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Көптеген мәліметтер арқылы мазасызданудың адамға қарапайым жағдайларда көмектесетінін, ал қиын жағдайларда – кедергі болатынын білуге болады. Соңғы екі-үш жыл көлемінде жүргізілген бірнеше сараптамалардың нәтижесін салыстыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: жоғары сынып оқушыларының мазасыздanулары сәтсіздіктен қорқуға (77 % қыздарда, 86 % ұлдарда), өзін толыққанды сезінбеу (45-57 %), қорғансыздығы, ұят пен кінә сезімі. Және мазасыздану формаларының байқалуы қыздарға қарағанда ұлдарда көбірек кездескен. Мына кестеде мазасызданудың бірталай көріністері берілген [2].

И.А. Мусина (1993), С.Я. Рубинштейнің «сыртқының ішкі арқылы әрекеті туралы» танымал ой желісіне сүйене отырып, мазасызданудың пайда болу себептері әртүрлі болатындығына байланысты мазасыздану типтері де әртүрлі деген пікірді қолдай отырып «ішкі» және «сыртқы» тұлғалық мазасыздану деген терминдерді енгізуді ұсынды [3].

Мазасыздықтың негізгі түрлері:

– Жасырын және ашық (А.П. Прихожан);

– Мобилизациялық және босаңсыту мазасыздығы (Н.Д. Левитов, Е.К. Лютова, Г.Б. Монина);

–Тұлғалық «мазасыздану мінездің көрінісі» және жағдайға байланысты мазасыздану (Р.Мэй, К.Хорни);

Кесте 1 - Жасөспірімдік шақтағы оқушылардың (10-11сынып) мазасыздану жағдайларындағы эмоционалды күйзелістің байқалу формалары мен кездесу жағдайлары (%)

| Мазасызданудың байқалу сипаттары | *қыздар* | *ұлдар* |
|---|---|---|
| Оқудағы сәтсіздіктері бойынша толқу | 77 | 86 |
| Алдағы бақылау жұмыстары, сынақ, емтиханнан қорқу | 44 | 45 |
| Көңіл-күй лобильдігіне бейімділік | 59 | 77 |
| Ауру болып кеткен реакциялар:<br>а) мұғалім ескертулеріне: | 31 | 30 |

| | | |
|---|---|---|
| б) сыныптағылардың мазақ етуі | 46 | 57 |
| Астено-невратикалық реакциялар:<br>а) бас аурулары;<br>б) мазасыз ұйқы (толқу кезінде)<br>в) шашыраңқылық<br>г) толқудағы жүрек қағысы<br>д) тітіркенгіштік | <br>31<br>33<br>12<br>18<br>12 | <br>31<br>45<br>28<br>33<br>28 |
| Өз жұмыс күнін ұйымдастырудағы қиындықтар | 40 | 48 |
| Өз оқу қабілеттіліктеріне сенімсіздік | 50 | 40 |

– Қалыпты және невротикалық сипаттағы мазасыздану (З. Фрейд);

– Жағдайға байланысты мазасыздану – тұлғааралық, топішілік, іс-әрекеттік (Ю.Л. Ханин);

– Жасөспірімдермен қарым-қатынасқа түсу барысында көрінетін мазасыздану (Л.И. Божович, А.М. Прихожан);

– Жайсыздықты сезіну кезінде көрінетін мазасыздық, «Мен – мазасыздығы» өз-өзін бағалауы жеткіліксіз (А.Эллис) [4].

Әр жас кезеңдері үшін, мазасызданудың тұрақты көрінісі немесе шынайы қатерсіз-ақ, көптеген балаларда жоғары үрейді тудыратын белгілі бір аймақтар, ақиқат объекттер болады. Бала өзінің күшінен, қабілеттілігінен күмандана бастайды. Бірақ мазасыздану сабақтағы әрекет қана емес, жекелеген құрылымды да бұза бастайды. Сондықтан жоғарылаған мазасызданудың пайда болуы себептерін білу, жоғарғы сынып жасындағы оқушылардың адекватты құлығының қалыптасуы және мазасызданудың төмендеуіне септігін тигізетін, коррекциялық – дамытушылық жұмысты жасап шығаруға және уақытында жүргізілуге әкеледі. Эмоционалдық және дене күшін аз жұмсай отырып, қазіргі заман талаптарына бейімделуге, жағымсыз эмоциялармен куресе білуге, мазасыздықты калыпты деңгейде ұстай білуге адамды үйрету – әрбір практик-психологтың міндеті болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Перлз Ф.С. Внутри и вне помойного ведра  Перлз Ф.С. и др. Практикум по гештальт-терапии. - СП б; Петербург, -1995.

2. http://www.netref.ru/mazmni-kirispe-i-tarau-mazasizdanu-fenomenini-teoriyali-alanui.html

3. Мусина И.А. Диагностика уровня тревожности по характеристикам воспрятия времени. Дис. Канд. Наук. М, - 1993.

4. Ануфриев С.Н, Костромина С.Н. Как преодолеть трудности в обучений детей.- М: Ось 1997.

*Ғылыми жетекші:* **п.ғ.к., профессор Тасимова А.А.**

# Ф. ОҢҒАРСЫНОВА ЛИРИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Хамзина Н.І.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Көңілді, жайлы күнімді,
Азапты, қайғы – мұңымды.
Өзіммен бөліскенің үшін,
Қатем мен жетістіктерім үшін,
Мынау менің қиындау тағдырым болып,
О баста көріскенің үшін,
Өлең, мен сені аялап өтем!

Осы бір жолдарды оқып отырып, ақынның шынайы жүректен ақтарыла шерткен сырының адалдығына шек келтіре алмайсыз. Бұл жолдарда о баста тағдыр боп жолыққан ақындық өнердің қиындығы да, оның оқпаны көп соқтықпалы соқпағы да, кейде түн ұйқыны төрт бөлгізетін мазасыз шақтары да қолмен қойғандай тап басып айтылған емес пе?

Ендеше жыр құдіреті, оның кез-келген сезімтал оқырманды бейтарап қалдыра алмайтыннанымдылығы дегеніміз де осы. Жоғарыдағы жолдар белгілі ақын Фариза Оңғарсынованың қаламынан туған.

Ақын қыздар шығармашылығына зер сала үңілгенде, Ф. Оңғарсынованың ерекше дараланып көзге түсетіні бұлтартпас шындық. Ақын шығармашылығы жайлы жазған Ә. Бөпежанова оның лирикалық қаһармандарын «Отты да өршіл, асқақ та мазасыз жандар», - деп орынды тұжырым жасайды [1.21].

Шынында да Фаризаның жырларын оқып отырғанда, ақын жүрегінің мазасыз дүрсілін оның қаһармандарының өмірдің әрбір құбылысына мазасыз көзқарасын ұғынғандай боламыз.

Осы бір хал бізді, оқырмандарды да баурап, жыр әуеніне қарап ысынып – суынып отырғанымызды байқамай қаламыз. Ал поэзияның, тұтастай алғанда әдебиеттің ұлы мақсаты да оқырманды бейтарап қалдырмау, өзі айтып отырған идеяға өзгелерді тарта, баурай білуі екені белгілі. Ақын мұрасы сонау алпысыншы жылдардың нақ ортасында бастау алып, сексенінші жылдардың аяғындағы дейінгі аралықты қамтиды. Ақын лирикасы дүниелермен толықты. Осылардың ішінде “Маңғыстау монологтары” Мемлекеттік сыйлыққа ие болған шығармасы.

Жазушы, әрі ғалым Ә. Шәріпов «Қазақ поэзиясы өрлеу үстінде» деген мақаласында: «Осы дәуірде келіп қосылған, қазір даусыз, жақсы талант есебінде жүрген қыз – келіншек ақындар жайында біраз сөз айта кету керек. Олар Қ. Бұғыбаева, А. Бақтыгереева, Ф. Оңғарсыновалар. Бұлар бұрын аттары белгілі М. Хакімжанова бастаған Т. Әбдірахманова, Ә. Шалабаева, М. Айтхожиналардың тобына қосылған анық талантты, білімді ақындар» деп сол кезең көзқарасында байламын айта келе: «Аз ғана қынжылатын жағдай – бұл аттары аталған қыз – келіншек ақындардың өлеңдеріндегі тақырып ауқымы, диапазон, азаматтық әуен әлі жетімсіз. Сондықтан да олардың дауысы тым именшек шығып жатады. Даралану, ерекшелену, өсу байқалмайды. Тек Ф. Оңғарсынованың соңғы топ өлеңдері оқушы қауымды бір сүйсіндіргені бар» деп айтқан болатын [2.12].

Ф. Оңғарсынова шығармашылығына көрнекті әдебиет өкілі Ә. Тәжібаев та өз бағасын берген: “Мен Фаризаның махаббат жырларынан бәрімізге ұқсамайтын өзгешелік көремін. Бұл қайсымызды болса да ойландыратын өзгешелік. Адамның шартты түрдегі ережелерге, канондарға, ескірген әдет, дәстүрлерге тұтқын болып қалмай босануын, өз сезімін ұрламай, жасырмай, бүкпей сөйлеуін қазақ поэзиясында батыл жырлаған осы Фариза” дей келе Ә. Тәжібаев ақын өлеңдеріндегі ұқсас ерекшеліктеріне, жинақтағы бейнелі тіркестер қолданысына назар аударады [3.8].

Ақын Ф. Оңғарсынова поэзиясының шырқау биіктерге көтерілгенін өз дәуірінде танып,

баға берген “алыптар тобының” өкілі Ғ. Мүсірепов: “Мен ақын Фаризаны бүгінгі поэзиямыздың ең жоғары сатысында тұрған замандастарымен қарайлас биікте көремін”, - деп ой түйген [4.49].

Белгілі ғалым З. Қабдолов мазмұн мен пішінге мынадай анықтама береді: «Шығарманың мазмұны – оның ақиқат шындыққа негізделген тақырыбы мен идеясы да, пішіні – әдеби қаһармандардың өзара қарым – қатынасына, тағдыр тартысына негізделген сюжеті, композициясы және жазушының өмірді өнерге айналдырған ең негізгі құралы – суретті сөзі, яки көркем шығарманың тілі» [5.15].

Бар мақсатымыз - осы тәріздес әдебиет теориясы заңдылықтарына сүйене отырып, ақын шығармашылығына сүйене отырып, ақын шығармашылығына тақырыптық, идеялық – көркемдік тұрғыдан барлау жасау екенін айтамыз.

Соған орай диплом жұмысын екі негізгі тарауға бөлдік, бірінші тарауда ақын шығармашылығының жалпы тақырыбы, көтеретін идеясы, дүние танымы жайлы сөз қозғаймыз. Екінші тарауда Ф. Оңғарсынова өлеңдерінің көркемдік жағы, поэтикасы, шеберлік жайына тоқталамыз.

Соңғы кездері әйел және ер ақындардың шығармашылығындағы айырма жөнінде әрқилы, кейде кереғар пікірлер айтылып жүр. Ф. Оңғарсынованың шығармашылығын жалпы талдауға кіріспес бұрын осы жайға тоқтала кету жөн тәрізді. Өйткені Фариза шығармашылығы осы айтылып жүрген «шартты» айырмашылықты жоққа шығаратын бірден – бір дәлел іспетті.

Тағы бір айта кетеріміз – біздің мақсатымыз әйел, ер ақындардың шығармашылығын салыстыра қою емес, солардың қатысы басқаша айтқанда, кейбір сыншылардың әйел ақындардың ой – өрісі, шеберлік дәрежесі жөніндегі дәлелсіз пікірлеріне қарсы өз ойымызды білдіру.

Осы төңіректегі пікір таласқа Ф. Оңғарсынованың өзі де қатысып, ойын ортаға салғаны белгілі.

Жалпы әйелдер шығармашылығы жайлы сөз болғанда, «Әйелдер әйелше жазу керек, олардың жыры әйел затына тән нәзік те мөлдір болғаны жөн», - деген сияқты пікірлер жиі айтылады. Бұл бұрыннан қалыптасып қалған кейбір солақай түсініктерге байланысты болуы мүмкін. Ф. Оңғарсынова өзінің «Талант табиғаты біреу» атты мақаласында жоғарыдағы мәселеге байланыстыөз пікірін білдірді. Осы мақалада «Жас ақын жазушылардың өткен бір кеңесінде белгілі ақын Олжас Сүлейменов: «Поэзияда әйел, еркек, кәрі мен жас жоқ, жақсы өлең бар, сосын нашар өлең бар» - деп өте дәл айтқан еді», - деп автор өз ойын айқын білдіреді. Шынында да әңгіменің түйіні – ақынның өмірді қалай көріп, оны қай қырынан көрсете білуінде ғой. «Әйелдер поэзиясы» деген ұғым орыс әдебиетінде де болғанын білеміз. Міне, осы ұғымды өз шығармашылығымен жоққа шығарған Анна Ахматова еді. Айтыс барысында көз жүгіртіп, зер сала оқыған жан Сараның мірдің оғындай сөзі, айшықты жыры Біржанға дес бермейтінін аңғарып, қайран қалады. Сараның жеңілісінің өзі ақын талантының кемдігінен емес еді. Арқаға аты шулы арынды Біржан ақынның өзі айтыс соңында Сара талантына қошемет көрсетіп, тіпті оның жеңілгеніне өкініш білдіргендей болады ғой.

Фариза жырларында да осы мәңгілік тақырып өзінше өрнекпен жырланған.

Сен де тас та қастерлі, аспанда алау,
Сен де жанды тербетер дастан бар – ау.
Менің мына өмірге құштарлығым,
Сені жақсы көруден басталған – ау.

Бұл үзінді ақынның «О туған жер...» атты өлеңінен келтірілген. Айтылып, жазылып, жүрген, кейбір сыншылар айтатындай «шиырланған тақырып». Бірақ ақын сол тақырыпты өзінше жырлайды. Сөйтіп, мына өмірге деген құштарлығының туған жерді жақсы көруденбасталғанын әдемі айтады. Адамға өмір сыйлайтын, махаббат сыйлайтын кіндік қаны тамған туған жері екенін әсем баяндайды. Әркімнің-ақ ойындағы сөз. Алайда мынау өлеңді оқып шыққан соң ғана, «шынында да солай-ау», - деп тамсанамыз. Ақынның тапқырлығы дегеніміз осы.

Ақын болған істі баяндаушы немесе суреттеуші ғана емес, ол сол өмірге белсене араласып, өзі көрген, куә болған жайды жария етуші, белсенді күрескер. Алайда ол ерлік істерді жыр қылғанда оның қоғамдық мәнін ашып, соған шынайы көңілден таңданады, ақындық жүрекпен сүйсінеді.

**Қолданылғын әдебиеттер**


1. Егеубаев. А.Сыр мен сымбат.- Алматы.: Жазушы, 1981.
2. Бөпежанова. Ә.Өрнектер. – Алматы.: Жазушы, 1991.
3. Шәріпов Ә. Қазіргі дәуір және қазақ совет әдебиетінің даму проблемалары. - Алматы.: Ғылым, 1973.
4. Тәжібаев. Ә.Фаризаны оқысам, қанаттанып қаламын.// Жетісу, 1989,23 желтоқсан.
5. Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. – Алматы.: Жазушы, 1982.


*Ғылыми жетекшісі:* **ф.ғ.к., доцент Сұлтанғалиева Ж.С.**

## АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ


**Сағындық Г.С.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта, баланың алғашқы тәрбие алатын орны. Отбасы - белгілі бір дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаулысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, әдет дағдысы қалыптасады, мінез-құлық нормаларын игереді. Бір сөзбен айтқанда отбасы - баланың азамат болып өсуінің негізі, фундаменті болып табылады.

Отбасының мақсаты баланы өмірге келтіру ғана емес, оған әлеуметтік-мәдени ортаның құндылығын бойына сіңіру және өз қоғамына пайдалы тұлға етіп жеткізу. Педагогикалық даналықтар «Баланың жаны таза, ақ параққа ұқсайды. Сол парақты толтыратын, із салатын - ата-ана, қоршаған орта, ұстаз», - дейді. Еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз. Бала өмірі үшін әрбіріміз жауаптымыз.

Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы заңына сәйкес баланың құқықтары сақталып, қорғалады. Баланың ең басты құқығы оның дүниеге келіп өмір сүруінен, оқып, білім алып, денсаулығын күту мен қатар баланың әлеуметтік қамтамасыз етілуі заңды шарт. Баланың әлеуметтік қамтылуына ата-аналары толық жауапты.

Ал, баланың әлеуметтік – тұрмыстық қамтамасыз етілуін қадағалап, тексеру, оқушылардың құқық бұзушылығының алдын-алу шараларын ұйымдастыру, бейберекетсіз отбасы есебінде тұрған отбасылармен және мектепте білім алатын оқушымен де тығыз жұмыстар жүргізіп отыру әлеуметтік педагогтың ең жауапты ісі. Әрбір мектеп әлеуметтік тұрғыдан бұл мәселені – отбасы, оқушы, мектеп үшбұрыштық жүйесімен жүргізеді. Бірақ, ата-ана әртүрлі, олардың ұрпақ тәрбиесіне, мектепке көзқарасы да сан алуан. Ата-ана балаға ең алдымен «сүйе білуге үйрететін ұстаз» ретінде қажет. Оның балаға берген тәрбиесін ең шебер деген маман ұстаздың тәрбиесі де алмастыра алмайды.

Бүгінде мемлекеттік органдар мен қоғамды әлеуметтік қауіп жағдайында тұрған отбасылар мен балалар санының өсуі, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың физикалық және психикалық денсаулықтарының төмендеуі, әлеуметтік жетімдер санының өсуі, қараусыздық пен панасыздық, балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлық пен қылмыскерлік сияқты күрделі мәселелер алаңдатуда. Солардың бірі - балалар үйінде тәрбиеленетін ата-ана қамқорлығынсыз қалған тастанды балалар мәселесі.

Отбасын құрған ерлі-зайыптылар түрлі себептерге байланысты ажырасып немесе балаларын қараусыз қалдырып жатады. Мұның арты баланың жетім өсуіне әкеледі. Баланың ата-ана қамқорлығынсыз қалуы және ата-анасының ажырасуы баланың психикасына салмақ

салады. Толық емес отбасында өскен балалар психологиялық, эмоционалдық тұрғыдан күйзеліске ұшырайды. Бұл қазіргі таңдағы басты проблемалардың біріне айналып отыр.

Аталып отырған мәселе қоғамда кеңінен орын алуда, сондықтан да одан сырт айналу қажет емес. Бұл мәселе жөнінде мемлекет тарапынан атқарылып жатқан іс-шараларды жүздеген мектеп-интернаттардың, балалар үйі мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелердің және т.б. ұйымдардың жұмысынан байқай аламыз. Жетім балалар мәселесіне байланысты қабылдаған бірқатар нормативтік құжаттарда ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың уақытша, түпкілікті отбасында тәрбиеленулері, рухани-адамгершілік, еңбек тұрғысынан жан-жақты дамуы, білім алуы және әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуі қадағаланады.

«Көкек ана», «тасбауыр әке» тумысынан тірі жетім атанған «бейбақ сәби» мәселесі бүгінгі біздің қоғамның сыздаған бір жарасы. Бельгия секілді кейбір елдерде жетімдер үйі жоқ деседі. Ал бізде перзентханалардан гөрі, жетімдер үйі көбірек. Қазақстанда қазір 154 балалар үйі бар. Ал жетімдер саны 94 мыңнан асады. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар саны қарқынды өсуде, әсіресе әлеуметтік жетімдер саны көбейіп келеді.

Қазіргі кездегі балалар үйіндегілердің барлығы бірдей жетім балалар емес. Жетім ұғымымен қатар кейінгі кезде «Әлеуметтік жетім» ұғымы қолданыста бар.

“Әлеуметтік жетімдер” дегеніміз белгілі бір себептерге байланысты ата-аналары құқығынан айырылғандардың балалары, жалғызбасты ата-аналардың балалары, ата-аналары тастап кеткен балалар, ауруына байланысты әрекетке жарамсыз деп танылғандардың балалары, ата-анасы сотталып кеткендердің балалары. Бұларды «әлеуметтік жетімдер» деп атайды.

Олардың өмірге даярлық процесі тар шеңберде өтетіндіктен, бұл балалардың әлеуметтенуі де өзіндік ерекшелікке ие. Әлеуметтік жетімдер балалардың ерекше категориясы. Олардың рухани және адамгершілік құндылықтары, тәртіп мәдениеті туралы түсініктері теріс, себебі олар толық жанұялық тәрбие көрмеген. Оларға тән қасиеттер: агрессия, алаңдаушылық, мінездегі жат қылықтар болып келеді.

Жалпы, жетім балалардың балалар үйіне келгенге дейінгі тарихымен танысатын болсақ, олардың ата- аналарының 80 % ата-аналық құқықтарынан айырылғандар. Соның 35 % моральға жат қалықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаса, 24 % әке-шешелерінің бірі ішімдікке салынған, ал балалардың 21 % шешелері жезөкшелік пен қыдырымпаздыққа бой ұрғандар. Қалған 20 % ата-аналары жұмыссыздықтан, тұрмыс күйінің жоқтығынан, жалғыз басты студент аналар балаларын балалар үйіне берген.

Балалар үйі – ата-анасының қарауынсыз қалған мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қоғам талабына сай тәрбиеленуді жүзеге асыратын ұйым, ол демократиялық қоғамның тұлғаларын даярлайды. Бұл арнаулы ұйымдар – жетім балалардың дағдыларын қалыптастырып, әлеуметтік тұрғыда бейімделуін қамтамасыз етеді.

Балалар үйі, интернаттар жағдайындағы «жабық» орта кез-келген жастағы адам баласына зиянды болып есептелінеді. Әсіресе, жаңа дамып, өсіп келе жатқан бала психикасы үшін оның зардаптары өте көп. Қазіргі уақытта ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тәрбиеленушілердің психикалық дамуы жағынан отбасында өсетін құрдастарына қарағанда айырмашылығы болады. Себебі, балалар үйі жағдайында тәрбиеленіп жатқан балалардың даму қарқыны бәсеңдеу, оларда тұрақсыздық, ашушаңдық, өзін-өзі ұстай алмаушылық, сабырсыздық, ызақорлық, сенбеушілік, тұйықтық, енжарлық, қатыгездік, ұқыпсыздық секілді жағымсыз мінез-құлық дағдылары басымдау келеді, ол ересек болған кезде де орны толмас тапшылық болып қалуы әбден мүмкін.

Сонымен қатар оларда құрдастарымен бірігіп ойнай білмеу, үлкендермен сөйлесе алмау, оқшаулану сынды дағдылары жиі кездеседі. Олардың дамуында және денсаулығында бірқатар сапа жағынан жағымсыз ерекшеліктер бар, олар нәрестелік жастан басталып, мектепке дейінгі шақта және одан әрі барлық сатысында байқалады. Бұл ерекшеліктер әр түрлі және бірдей емес дәрежеде өсудің әр сатысында байқалады. Осылайша, балалар үйінде

тәрбиеленіп жатқан балалардың бірінші өмір жылында-ақ отбасында өсетін өз құрдастарына қарағанда ерекшеленеді: олар шаттана білмейді, олардың танымдық белсенділігі төмендеген, үлкенге үйір болу сезімі туындамайды, сенбейді, тұйық, көңілсіз және енжар, т.б. Мұндай мінез-құлық сезімдері тәрбиеленушілердің жеке тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осы балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің мәселелері аса күрделі жағдайда. Мұндай мекемелерде бала, бірінші кезекте, ата-анасының қамқорлығына зәру, бұл оның табиғи дамуына кері әсер етіп, нәтижесінде ауыр психологиялық салдарларға әкелуі мүмкін. Балалар еркін қоғамдағы жауапты өмірге дайын болуға тиіс. Ал жетім бала балалар үйінен түлек болып шыққаннан кейін күн сайын ересектердің көмегінсіз бастан кешіруіне тура келетін түрлі проблемаларды шешуге қауқары жоқ. Балалар үйлері түлектерінің ішінде олардың қатарластарына қарағанда, қылмысқа қатысушылар немесе қылмыс құрбандары неғұрлым жиі ұшырасады, жұмысынан немесе тұрғын үйінен неғұрлым жиі айрылады, ал өз отбасын әрең құрса, оның нашақорлық немесе маскүнемдік жолға түсуі тіптен оңай, сонымен қатар олардың арасында суицид құрбандары да жиі кездеседі. Бұл - олардың жеке-дара өмірге енуінің үлкен қиындықтармен ұштасып, әр уақытта табысты жүрмейтінінің белгісі. Мұның барлығы айналып келгенде олардың әлеуметтенуіне кедергі келтіріп, әлеуметтендірудің тиімділігін төмендетеді яғни, балалар шынайы өмірге даярланбайды. Сондықтан, оларды қоғамдық өмірге даярлауда өздерімен қатар бірге алып жүретін кеңес беруші, заңдық тұрғыдан қорғаушы, қолдаушы адамдардың қажеттігі туындайды. Біздің ойымызша олар ең алдымен әлеуметтік педагогтар, содан кейін психологтар, жалпы педагогтар. Бұл жағдайға қатысты өзекті мәселелердің негізгілері мыналар: жетім балалар денсаулығына деген әлеуметтік қамқорлықты күшейту, олардың құқығына қол сұқпау, қоғам өмірінің барлық салаларына толық араласуға жағдай жасау.

Тастанды балалардың азаймауының бір себебі, бала асырап алуға ниетті отбасылардың көпшілігінің материалдық жағдайы орташа келеді. Ал, баланы мемлекет жасап отырған кеңшілік жағдайдан материалдық тұрғыда төмен отбасына жіберудің соңы қиын мәселелерге алып келуі мүмкін. Сондықтан, патронаттық тәрбиенің, бала асырап алу көрсеткішінің төмендігін психологиялық себеппен ғана байланыстырмай, мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік проблема ретінде қарастыруымыз керек.

Балаларды асырап алуда тағы бір күрделі проблема бар. Ол баланың туыстарының асырап алушылыққа қарсы болуы. Ұзақ жылдық тәжірибесі бар сала мамандарының сөзіне сүйенсек, туыстарының көпшілігі жетімектердің мемлекет тарапынан берілетін үйіне қызығады екен.

Тастанды балалардың санын азайтудың тиімді тетігі ретінде қиындықта қалған ата-аналарға материалдық, қаржылай көмек көрсету механизмдерін іске қосуымыз қажет. Баласының мемлекет қарауында жүргеніне еті үйреніп кететін де ата-аналар болады. Сондықтан, баланы ата-анадан мейілінше айырмау жағын қарастыру керек.

Бала асырап алушыларға кезексіз жер, үй бөлу мәселесін қарастыру, халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту, жетім балаларды баспанамен қамтамасыз ету мәселесін жақсарту, патронат ата-аналарға, бала асырап алушыларға жұмыс істейтін мекемесі тарапынан ынталандыру шараларын қолға алу, түрлі салықтан босату, ауру балалардың туылуының алдын алу үшін, 3D форматындағы ультра дыбыстық зерттеуді емханаларға енгізу арқылы, халыққа қолжетімді ету проблеманың шешілуіне жол ашар еді.

Жалпы, балалар үйі мен интернаттың тәрбиеленушілерінің ішінен жоғары оқу орындарына түсіп, түрлі салаларда қызмет атқарып, қоғамдық өмірге белсене араласып жатқандары да аз емес. Дегенмен, қазақ жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған ел болды. Заманды жасайтын адамдар екенін ескерсек, мәселенің барлығы отбасылық институттың құлдырауынан шығып жатқандай көрінеді. Сондықтан, біздің алдымызда отбасы құндылықтарын дәріптеу, отбасылық институтты нығайту, ата-ананың балалар алдындағы жауапкершілігін күшейту мәселелері тұр.

Даналардың ішіндегі дарасы болған Абай Құнанбаевты кезінде Ұлжан анамыздың дәретсіз емізбегені белгілі. Нәтижесінде Абай әлем таңданған дара тұлға болып қалыптасты. Оның қара сөздері, шығармалары әлі күнге құндылығын, өзектілігін жойған жоқ. Жерде жетім жыласа, көкте періште күңіренеді деген сөз бар. Біздің қоғамымызға да осындай ұлттық, қазақы тәрбиені қайта жандандыратын кез келді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Әтемова Қ.Т. «Әлеуметті педагогика», - Алматы, 2012 ж.

2. Сухомлинский В.А. «Ата-ана педагогикасы», [ауд. Ж. С. Қаймолдин]. - Алматы-Мектеп, 1983 ж.

3. Жүндібаева Т.Н. «Отбасы педагогикасы». – Алматы, 2014 ж.

*Ғылыми жетекшісі:* **Кенжебекова Н.А.**

## ТІЛ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ОҚУҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ

**Рыстыгулова А.Т., Өтеген Г.Ө.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«Мектепке дайындық» ұғымының жалпы анықтамасы балалар психологиясында осы уақытқа дейін көпмағыналылығы, «көпқабаттылығы» салдарынан қарастырылмаған.

А. Анастази мектепке дайындық ұғымын «мінез-құлық сипаттамасын мектеп бағдарламасында меңгеруінің оптималды деңгейі үшін қажетті білім, біліктілік, мотивтерді меңгеруі» деп анықтады. «Басқа мінез-құлық сипаттамасы» ұғымы бұл жағдайда кең ауқымды және де шексіз критерийлер қатарын өзіне қосады [1].

А.И. Запорожец аналогиялық көзқарастарды ұстанып, мектепке дайындықтың келесі компоненттерін белгіледі: мотив, танымдық, талдау-жинақтау әрекетінің даму деңгейі, әрекетті еркін жүйелеу механизмін қалыптастыру сатысы [2].

П.А. Венгер жоғарыда аталған факторларды толықтырды: мектеп пен сабақтарға жауапкершілік қатынасының қажеттілігі, өз мінез-құлығын еркін басқара білу, «үлкендермен және құрдастарымен біріккен іс әрекетті анықтайтын өзара қарым-қатынасты орнату» бойынша білімдерді саналы меңгеруді қамтамасыз ететін ақыл-ой жұмыстарын орындау [3].

Біздің елімізде мектепке 7 жастан қабылдау кездейсоқ алынбаған. Баланың дәл осы даму кезеңі «7 жастағы дағдарыс» атауын алған, оның көпшілігін Л.С. Выготский атап өткен. Оның нұсқауынша, дәл осы кезеңде «балалық тынымсыздығын жоғалтып - баланың ішкі және сыртқы тұлғасының дифференциациясының басталуы» жүреді. Балада мағыналық қобалжулар, қобалжумен ішкі күрес пайда болады. Л.С. Выготский атап өткендей қобалжулар тұлға аралық қатынасты зерттеуге және де ортаның байланысында бірлік болып табылады, биоәлеуметтік құрылымы болады. Ол 7 жастағы дағдарыс белгілерін былайша бөлді: қылық көрсетуі, өзіне сүйіспеншіліктің пайда болуы, өзін-өзі бағалауы.

Мектепке дейінгі балалық шақта сөйлеудің меңгеру процесі аяқталады.

7 жаста тіл қарым-қатынас және баланың ойлау құралы ретінде және мектепке дайындық кезінде оқу мен жазуға үйренуде саналы зерттеу құралы болып табылады. Дыбыстың сөйлеу жағы дамиды, кіші мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің сөйлеу ерекшеліктерін ұғына бастайды, алайда оларда алғашқы дыбыстарды қабылдау тәсілдері сақталынып қалады. Осы арқылы олар дұрыс айтылмаған бала сөздерін анықтай алады, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудың соңғы процесі – фонематикалық даму. Сөйлеудің грамматикалық қатары дамиды, балалар морфологиялық және синтаксистік қатардың заңдылықтарын меңгереді. Грамматикалық тіл формасын және үлкен белсенді

сөздік қорын меңгеру оларға кіші мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңынан үлкен белсенді сөздік қорына ауысуына мүмкіндік береді [4].

Тіл - өзінің табиғи дыбысты заттық күшімен адамдардың қарым-қатынас құралы болып табылады. Сөйлеудің дыбыстық жүйесін меңгеру, тілдік меңгеру құрылатын негізді көрсетеді.

Тілдің дыбыстық жағын меңгеруге өзара байланысқан екі процесс кіреді: сөйлеудің шығу жағын дамыту процесі және сөйлеу дыбыстарын қабылдауды дамыту процесі.

Сөйлеудің айтылу жағын дамыту бірінші дауыстың пайда болуынан бастау алады (айқай мен сыбдыр). Бірақ та, бірінші сөз пайда болғанда ғана тіл қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді (1 жаста). Екі жаста да сөйлеуі әлі анық емес: көптеген дыбыстар анық айтылмайды, дауыссыз дыбыстар жұмсарады, сөздің буындық құрылымы қате беріледі. Үш жаста күрделі сөзді айтудағы анық еместік сақталады, дыбыстарды үнемі ауыстыру байқалады, сөзді қысқартып, буынды тастап кетеді. Төрт жаста сөйлеудегі жеңілдіктің жалпы картинасы жоғалады, ызың дыбыстар пайда болады, жиі әріпті алмастырады (р-я, р-ч), күрделі сөздің құрылымы ұзарады. Бес-алты жаста бала барлық дыбысты дұрыс айтуы керек, сөздің дыбыстық, буындық құрылымын нақты айтуы қажет [5].

Жалпы арнайы мектепте оқитын және мүмкіндігі шектеулі балаларда бұл талаптар мен ережелерге сай келмейтін ерекшеліктер туындап жатады.

Мектепке дейінгі жастағы және кіші мектеп жасындағы балалардың сөйлеуі ойлаудың дамуымен, әсіресе сөздік-логикалық ойлаудың дамуымен бірдей дамиды. Сондықтанда ойлаудың дамуын психодиагностикалау процесі сөйлеуге де қатысты болып келеді немесе керісінше: баланың сөйлеуін зерттеуден алған көрсеткіш ойлаудың дамуына әсер етпей қоймайды. Сөйлеуді талдаудың лингвистикалық және психолингвистикалық түрін толыққанды білу, сонымен қоса ойлау мен сөйлеуді психодиагностикалау мүмкін емес.

Баланың III деңгейдегі жалпы тіл кемістігінде төмендегідей ерекшеліктер анықталды:

– айтылуы бұзылған дыбысты талдау қиындығы;

– түрлі фонетикалық топқа жататын артикуляциясы құрылған дыбысты ажырата алмау;

– дыбыстың сөздегі болуын немесе бірізділігін анықтай алмау.

Бұл балалардың дыбыс шығару жағдайы келесі ерекшеліктермен сипатталады:

1. Сөйлеуінде дыбыстың немесе алмастырушы дыбыстың болмауы. Артикуляциясы күрделі дыбыстар қарапайым дыбыспен алмастырылады, мысалы: [с], [й], орнына - [ф], [р], [л], орнына - [л], [й], ызың, ысқырық, орнына [т], [т'], [д], [д'], дыбысы алмастырылады. Дыбыстың немесе алмастырушы дыбыстың болмауы артикуляциялық белгісі бойынша ұқсас фонеманың араласуына жағдай туғызады. Артикуляциясы және акустикалық жақын дыбыстар араласқанда, балада артикуляция қалыптасады, бірақ фонема құрылу процесі аяқталады. Түрлі фонетикалық топқа жататын, жақын дыбыстарды ажырату қиындығы оқуда және жазуда шатастыруға әкеледі. Сөйлемдегі қате қолданылған дыбыс саны 16-20 асуы мүмкін. Көбінесе ысқырық, ызың дыбыстар қалыптаспаған болады ([с], [з], [ц], [и], [ж], [ч], [щ],) [р], [л], дыбыстары; қатты және жұмсақ дыбыстар жұбы жеткіліксіз қойылған, [й] дыбысы дауысты қойылмаған.

2. Дыбыс тобын диффузды артикуляциямен алмастыру. Екі немесе бірнеше артикуляциясы жақын дыбысты орнына орташа, есепсіз дыбыстар қолданылады.

Мұндай алмастыру себебі, фонематикалық естудің жеткіліксіз қалыптасуы және оның бұзылысы. Мұндай бұзылыстар сөздің мазмұнының қажуына әкеледі, оны фонемалық қажу деп атайды.

3. Дыбысты сөйлеуде тұрақсыз қолдану. Кейбір дыбыстарды нұсқау бойынша бала дұрыс айтады, ал сөйлемде тастап кетеді немесе басқа дыбыспен алмастырады. Бала бір сөзді түрлі мәтінде қайталау кезінде әр түрлі етіп айтады. Балада бір фонетикалық топ дыбыстары алмастырылады, басқа дыбыстары бұрмаланған. Мұндай бұзылысты фонетикалық-фонемалық бұзылу деп атайды.

4. Бір немесе бірнеше дыбыстардың бұрмаланып айтылуы. Бала 2-4 дыбысты бұрмалап айтуы мүмкін немесе түсініксіз сөйлеуі мүмкін, ал естуде түрлі топ дыбыстары бұрмалануы мүмкін.

Дыбысты бұрмалап айтудың себебі, әдетте артикуляциялық моториканың жеткілікті қалыптаспауы немесе оның бұзылысы болып табылады. Бұл фонетикалық бұзылыстар сөздің мағынасына әсер етпейді.

Дыбыс шығару бұзылысының формасын білу балаға түзету жұмыс әдісін анықтауға көмектеседі. Фонетикалық бұзылыс кезінде артикуляциялық аппараттың, жалпы және ұсақ моториканың дамуына, ал фонемалық бұзылыс кезінде фонемалық естудің дамуына баса назар аударылады.

Жоғарыдағы мәліметтерді қорытындылай келе, мектепке түсу кезінде танымдық жоспарда мектептік оқу бағдарламасын еркін меңгеруді қамтамасыз ететін диагностикалар жүргізу жоғары деңгейде білім алуға ықпал етеді. Ендеше қазіргі уақыттағы оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруға қойылатын жоғарғы талаптарға сәйкес баланың психологиялық ерекшелігіне байланысты оқыту әдісін жүргізуге бағытталған жаңа, біршама эффективті психологиялық–педогогикалық жақындауды ұйымдастыру маңызды болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Буря Р.С. «Готовим детей к школе. – М., 1997.

2. Запорожец А.В. Подготовка детей к школе. Основы дошкольной педагогики / Под редакцией А.В. Запорожца, Г.А. Марковой. – М. 1995.

3. Венгер Л.А. Готов ли ваш ребенок к школе? – М. 1994.

4. Венгер Л.А. «Психологические вопросы подготовки детей к обучению в школе. // Дошкольное воспитание. – М., 1990.

5. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте дети. – М. 1993.

## ДЕФЕКТОЛОГ МАМАНДЫҒЫ – ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ЗАМАНАУИ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕЙТІН МАМАНДЫҚ

**Каримова Г.М., Болат А.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

*«Баланың психикалық немесе (және) дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет»,* деп жазған XX ғасырдың басында атақты неміс-педагог-дефектологы П. Шуман. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім-біліктілік дағдысын, тәртібін, әлеуметтік ортаға бейімделуін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда. *«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырғы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұғу болып табылады»,* - деп атап көрсетеді В.А. Сухомлинский. Әсіресе ұстаздық шеберлік әрекеті қалыпты, дені сау баламен жұмыс кезінен гөрі, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен қарым-қатынас кезінде көбірек қажет. Педагог-дефектологтың кәсіби әрекеті дәстүрлі ұстаздың әрекетінің белгіленген шеңберінен әлде қайда кең болып келеді өйткені әлеуметтік-педагогикалық, оңалту, консультативтік-диагностикалық, психотерапиялық жеке коррекцияның көптеген түрлерімен бағытталған, яғни мүмкіндігі шектеулі тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне және арнайы білім алуына ықпал ету.

Қазіргі уақытта арнайы педагогиканың түрлі мамандықтарын игеруге болады. Педагог-дефектологтың кәсіптік іс-әрекетінің шеңбері маман дайындау бағытына, олардың жұмысы мазмұнына тәуелді ерекшеленеді. Дефектология мамандығы бойынша: логопед,

сурдопедагог, олигофренопедагог, түзете-дамыту оқытудың оқытушысы, тифлопедагог, түзету мекемелердегі педагог-психолог.

Арнайы педагогтың кәсіптік қызметтің бағыты; арнайы оқытуды қажет ететін адамдарға емдеу және алдын алу көмегін көрсету; ерте жастан көмек көрсету; мектепке дейін тәрбиелеу; мектепте білім беру; кәсіби-оқыту; әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік көмек. Арнайы педагогтың кәсіптік қызметтің мазмұны: мүмкіндіктері шектеулі балаларға түрлі түзету-педагогикалық, әлеуметтік және емдік көмекті ұйымдастыру: дамуында пайда болған ауытқулардың түрлеріне ерте анықтау, арнайы мектеп жасына дейінгі және мектеп мекемелерін, оңалту орталықтарын толықтыру, ерте араласу және мектепке дейінгі тәрбие, мектеп білімі; кемтар балаларға әлеуметтік және арнайы білімді қажет ететін адамдарға әлеуметтік көмек және қызмет көрсету, дәрігерлік мекемелерінде денсаулық сауықтыру орталықтарының жұмысы, емдік мекемесіндегі логопедиялық кабинеттерінде кеңестік және түзету жұмысы. Арнайы мектеп мұғалімін білім, медицина мен әлеуметтік салаларында мүмкіндіктері шектеулі балалармен оқыту–тәрбиелеу және нақты арнайы білім беру ұйымдарында ғылыми-әдістемелік мекемелерінде типтік номенклатураға сәйкес жоғары білімді мамандарының орнын басатын бастапқы қызметтерді атқара алатындығына бағыттайды.

Қоғамның даму деңгейіне сәйкес маманның кәсіби дайындығы, демократиялық және гуманистік сенімдері, жалпы адамзаттық рухани байлығы жоғары дәрежеде болуы қажет. Қазіргі маман кең фундаментальді және тәжірибелік дайындыққа ие болу, өз мамандығын жетілдіре ала білу, өз білімін өрістете білу, іс жүзінде қызмет ұйымдастыру принциптерін қолдана алу, сонымен қатар педагогикалық процесті басқару озық әдістеріне ие болу қажет. Арнайы педагогтың кәсіптік қызметінің сферасы: педагогикалық, әлеуметтік, медициналық. Ал кәсіптік қызмет нысаны болып әлеуметтік-мәдениеттік және педагогикалық феномен арнайы оқытуды қажет ететін балаларға арнайы білім беру. Жалпы арнайы педагог- бұл жан дүниесі өте кең ерекше рухани құндылықтарға ие, мейірімді, аққөңілді, жан-жақты кәсіби құндылықтар жүйесін меңгерген, өзінің кәсіби әрекетін нәтижелі әрі сәтті болатынына сенімді тұлға. Оның кәсіби әрекеті соншалықты кең, тіпті оған әлеуметтік-мейірімділік акциялардың жетекшісі және белсенді қатысушысы болуына тура келеді.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды замануи әлеуетке бейімдеу туралы ҚР-ның көптеген заңдары бар. Мысалы: ҚР-ның «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңында I - тараудың 3- бабының I – тармақшасында «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» баланың туғанынан басталып, ол кәмелет жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық-психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі» делінген. Осыған сәйкес әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары бар. ҚР-ның «Білім туралы» заңындағы 6-бапқа сәйкес: «Білім беру саласындағы жергілікті уәкілетті атқарушы органдардың құзіреті-мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету» туралы айтылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуынан тіршілік тынысының шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиды. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы педагогикада жаңа тенденцияларды даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалар медициналық, педагогикалық және әлеуметтік сипаттағы кешенді көмек алатын мекемелердің көбеюімен байланыстыруға болады. Мұндай балалардың ұзақ уақыт бойы оңалту орталықтарында болуы күнделікті өмірінде өз-өзіне қызмет етуде қолданатын әлеуметтік бейімдеудің қарапайым және күрделірек дағдыларын меңгеруіне әсерін тигізеді. Мүгедек балаларды қоғамға қосудың екі жолы бар екенін атап өтуге болады. Алғашқысы, мүгедек балаларды қоғамға қосуды және қоғамның мүгедек балаларды өздеріне қабылдауға

деген дайындығын қарастырады. Біздің мемлекетімізде бұл жағдай енді қолға алынып келеді. Ал, екіншісі, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоршаған ортаға бейімделуін қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда мүмкіндігі шектеулі тұлға қоғамға қосылудың объектісіне айналады, яғни олардың әлеуметке үйлесімді түрде ену мүмкіндіктерін шектейді. Қоғамға қосудың бұл екі жолы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсету жүйесінің даму тарихымен тікелей байланысып өзкөрінісін табады.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде қоғамдарынды қабілетті адамдарды қажет етеді. Тиімді жұмыс атқару үшін маман өзінің беретін пәні әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуі, оқушылармен қарым-қатынаста болуы. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес әртүрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Жеке тұлғаның өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиет сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру. Жас нәресте сау болса, отбасына зорқуаныш пен бақытәкеледі. Еліміздің өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азамат пен азаматшалар тәрбиелеу керек.

Өмірден түңілген жандарға және олардың отбасына қолдау көрсету, толыққанды, еркін өмір сүруге үміт беру, ойнау, күлу, оқу, қатарлас құрбыларменараласу, мектеп немесе балабақша сахнасында өнер көрсету, қолөнер жасау және сурет салу, ересек өмірге дайындау, өз еліне халқына қажетті азамат болу мүмкіндігін сыйлай алатын маман-арнайы педагогтар.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердердегі бастауыш сынып бойынша педагогика кадрларынын біліктілігін арттыру курсының білім бағдарламасы МАН / Екінші басылым / 2015 жыл.

2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім бағдарламасы мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы / Үшінші басылым / 2015 жыл.

## ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТҮЗЕТУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІҢ РӨЛІ

**Нысанбаева Г.Е.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Балалардың мінез-құлық ауытқуларын сипаттауда қазіргі заманғы педагогикалық-психологиялық әдебиетте «девианттық мінез-құлық» термині қолданылады (латын тілінен аударғанда «deviatio» - ауытқушылық). Девианттық мінез-құлық қалыптан ауытқушылық және ол адамның қоғам мен әлеуметтік топта қабылданған өзін-өзі ұстау нормалары мен ережелеріне сай келмейтін іс-әрекеттері мен қылықтары. Девианттық мінез-құлықтың мәнін түсінуде негізгі екі ұғымды қарастырамыз - «қалып (норма)» және «қылық». Әлеуметтік қалып-бұл нақтылы қоғамда тарихи түрде қалыптасқан жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың немесе ұйымның мінез-құлық ережелерінің мөлшері, этикет, мораль, заңдық нормалар. Басқа да құндылықтар тәрізді, әлеуметтік нормалар тұлғаның бағалау және бағыт ұстау функцияларын орындайды, мінез-құлықты реттейді және бақылап отырады. Әдетте, қабылданған нормаларды бұзу-қоғамның әлеуметтік топтары мен институционалдық формалары тұрғысынан осы ауытқуларды жою бағытындағы нақты және айқын жағымсыз реакциясын іске қосады. Сондықтан да нормалар қоғамның тұрақтылығы мен тәртібін қамтамасыз ететін, девиацияға қарсы күрестің бірден-бір әлеуетті құралы болып табылады. Психологияда «қылық» - адамның рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы және сол

тұрғыда оның өзге адамдарға, өзіне, қоғамға және қоршаған табиғатқа деген қарым-қатынасын айқындауы деп қарастырылады. Қылықтың адамгершілік көзқарас тұрғысынан бағаланатын жағымды және этикалық, моральдық нормаларды бұзумен сипатталатын жағымсыз жақтары бар. Заң тұрғысынан алып қарағанда, норма ережелерін бұзушылық – бұл мемлекеттік немесе қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың құқығы мен жеке меншігіне қол сұғушылық болып есептеледі.

Негізге алынатын факт ретінде, біз девиантты мінез-құлық - бұл жүйелі немесе көпжақты анықтаушы (полидетерминтті) құбылыс. Сондықтан да девиантты құбылыстарының себептерінің жиынтығын зерттеу пәнаралық ғылыми міндетті қамтиды. Ғылыми пәндер салаларының ешқайсысында да осы құбылыстарды түсіндіруге және олардың қоғамдық әрекеттерінің алдын алу шараларын даярлауға қажетті барлық ұғымдар құралған жоқ. Тек қана жалпыға танымал ғылымдар тобы: әлеуметтану, психология, тарих, этнография, құқықтану, педагогика, психиатрия, генетика және т.б. девиантты құбылыстардың барлық «өлшемдерін» тұтас талдай және алынған мағлұматтарды ұйымдастыра алады. Осы бөлімнің міндеті «мінез-құлықтағы ауытқушылық (девиация)» ұғымын анықтау болып табылады. Девиация (ауытқушылық) көпшілік мақұлдаған нормалар мен белгіленген стандарттардан (моральдық, әлеуметтік, заңдық) ауытқыған мінез-құлық есептеледі. Психологияда адамның белсенділік деңгейін көрсету үшін іс-әрекет, қарым-қатынас, таным секілді ұғымдармен қатар «мінез-құлық» термині кең қолданылады. Кез-келген мінез-құлыққа баға беру әрдайым қандай да бір нормамен салыстыруды қажет етеді. Алайда өкінішке орай, барлық мүшелері жалпы нормативті талаптарға сай әрекет ететін қоғам жоқ.Әлеуметтануда ауытқыған мінез-құлықтың пайда болуының себептерін түсіндіретін бірнеше бағытты бөліп көрсетеді. П. Смелзер: «девиантты мінез-құлық деп қоғамда қалыптасқан нормалар мен типтерге сай келмейтін іс-әрекеттерді түсіну қажет» - деп жазған. Кейбір зерттеушілер аталмыш ұғымды анықтауда қосымша, дәлірек анықтайтын белгілерді енгізуді ұсынады. Сонымен, Роберт Мертон «Әлеуметтік құрылым және аномия» атты еңбегінде мінез-құлықта ауытқулардың пайда болуының себептері қоғам ұсынған мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдарының арасындағы келіспеушілік деп есептейді, басқаша айтқанда, адамдар аномия күйіне әртүрлі жолдармен бейімделеді: конформизммен немесе мінез-құлықтағы ауытқулардың әр алуан түрлерімен. В. Фокс девиантты мінез-құлық «тәртіп бұзушыны түрмеге қамауға емес басқа жазаға тартуға әкелетін, нормадан ауытқу» деп есептейді. Бұл анықтамалар «девиантты мінез-құлық» ұғымының мазмұнын едәуір тарылтады, өйткені әлеуметтік-құқық саласының аз ғана бөлігін қамтиды. XX ғасырдың басында бихевиористтер мінез-құлық психологиялық ғылым пәні деп жарияланғаннан кейін, адамның мінез-құлқы туралы ғылыми түсініктер кең тарала бастады. Мінез-құлық психологиясының негізін салушылардың бірі Джон Уотсон мінез-құлық туралы мынадай пікір айтқан: «Мінез-құлық жұмыртқаның ұрықтануы кезінде пайда болатын және ағзаның дамыған сайын күрделенетін үздіксіз белсенділік ағыны».

С.А. Белиева девиантты мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқуды былайша топтастырады:

а) пайдакүнемдік бағыттар: материалдық, қаржылық, мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты заң бұзушылық, теріс қылық;

ә) қастандық бағыттар: жеке тұлғаға қарсы бағытталған әрекеттер: тіл тигізу, бұзақылық, ұрып соғу, өлтіру және т.б.;

б) әлеуметтік енжар түрлері: белсенді өмір салтынан қашқақтау, азаматтық міндеттерден бас тарту, жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге құлықсыз болу. Бұл топқа жұмыстан, оқудан бас тарту, кезбелік, маскүнемдік, нашақорлық, токсикомания, өз-өзіне қол жұмсау және т.б. жатады. Даму мен мінез-құлқында ауытқушылықтары бар балалар санының артуы, әлеуметтік девиация мен мектепке бейімделмеудің оқушылар арасында көбеюі «Девиантология» курсын енгізу қажеттілігін тудырды. Аталмыш курс студенттерді дамуы мен мінез-құлқында ауытқушылық бар балалармен жұмыс істеуге, сонымен қатар оларды тиімді оқыту мен тәрбиелеуге даярлауды, болашақ мұғалімге психологиялық және педагогикалық түзету жұмыстары әлеміне енуге көмектесуді, бұндай балалармен жұмыс

істеудің алдын алу шараларымен таныстыруды көздейді. Дамуында кемшіліктері мен мінез-құлқында ауытқулары бар кәмелетке толмаған балалармен жүргізілетін тәрбиелік алдын-алу және түзету жұмыс осы уақытқа дейін оқыту үрдісін баланың жеке тұлғасын «қайта шыңдауға», «қайта жасауға» бағыттайтын қайта тәрбиелеу педагогикасына негізделген әкімшілік-жазалау тұжырымына сүйеніп жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған балалардың девиантты мінез-құлқының алдын-алу мен психологиялық және педагогикалық үрдісті ізгіліктендіру мен даралаандыру қағидаларына сүйенетін тиімді және нәтижелі жолдарын қолдану қажеттілігі туындады. Сондықтан да мінез-құлық пен дамудағы ауытқушылықтармен жүргізілетін түзету психологиялық және педагогикалық жұмыстардың болмысы мен табиғатын анықтау үшін арнайы білім беру мекемелерінің ғылыми жаңалықтарына, алдын алу психологиясы мен арнайы педагогика салаларындағы ғылыми зерттеулерге баса назар аудару қажет.


**Қолданылған әдебиеттер**

1. Абдулина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. - М. 1991.
2. Акажанова А.Т. К вопросу о некоторых психологических аспектах субъективной стороны пеступления // Материалы МИК, 10 лет. независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. – Алматы, 2001. – С. 405-409.
3. Выготский Л.Я. Вопросы детской психлогии – СПБ.: Союз, 1997.
4. Дубрович А.Б. Воспитателю о психологии и психологигиене общения. М. 1987.


*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к. доцент Жусупова Ж.А**.

## ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘН АЙТУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ


**Жартыбаева А.А.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті


Қазақтың ұлттық музыка қорының ішінде ән жанры ерекше орын алады. «Ән-өмір шежіресі, өмірдің сәулесі, музыка біткеннің негізі, керегетасы, халықтың игілігі мен ақыл-парасаты» (А. Толстой) болды.

Халықтың дәстүрлі әндерінің таралып, біздің дәуірімізге жетуінің өзі халық әншілерінің өнерімен тығыз байланысты. Өйткені, сол әнші арқылы әнді естіп, ұғынамыз, сырына қанамыз. Әншілердің шығармашылық жолы ұлттық дәстүрді сақтаушы ғана емес, бұрынғы мен бүгінгінің арасын жалғастырушы ретінде көрінеді. Осы күні бүкіл халық игілігіне айналып, қазақ музыка мәдениетіне кесек кірпіш болып қаланған әнші-композиторларымыздың классикалық шығармалары осының айғағы. Бұдан жүздеген жылдар бұрын дүниеге келіп, сол уақыттың, сол заманның көрінісі мен тіршілігін суреттеген бұл туындылар бүгінгі күнде өз қасиеттерін сақтаумен бірге, бұрынғыдан да түрлене түсуде. Мұның құпиясы, біздіңше, халық таланттарының озық дарындылығында болса керек. Олардың әндері - адам сезімін оятып, ойын қозғап, толғандыратын мәнді-мазмұнды шығармалар. Ондай үлгілер тарихтың сан қилы талықысына түсіп, неше буын елдің қолынан өтседе, өз маңыздылығын жоймастан, адамның өнегелі мақсаттарын жырлап келеді.

Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, дамып келе жатқан халық әні - адам баласының айырылмайтын жан серігі. Басқа халықтар тәрізді, қазақ халқының да әнсіз, өлеңсіз өмір сүрмейтінін, ән, өлеңнің адам баласының дүниеге келгеннен бастап өлгенге дейін ажырамас досы екенін:

Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнына кірер денең, - деп данышпан Абай айтып кетті. Ол әннің ерекше күшін, ролін өз позициясында шеберлікпен суреттеді. Адамның нәзік қиял шегіне тиіп, қозғау, түрткі салатын құралдың ән екенін:

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Оның тәтті оралған мәні оятар, - деген жолдары арқылы айтады. Егер шын мағынасындағы нағыз жақсы әнді зейін қойып, беріле тыңдай білсең, көңілсіз ойдан арылып, тілегің орнына келгендей әсерге бөленесің дейді.

Күні бүгінге дейін қазақтың ән өнерін саралағанда, көшпелі өнер салтындағы саяси-әкімшілік жағдай тудырған жүздік бөлікке орай үш жүзде үш ән мектебі болды деп оңай қайыра салушылық байқалады. Өсу, даму үстінде болатын өнер қашанда үлгі қалыбының байлығымен, мазмұнының өміршеңдігімен дараланады. Олай болса, қазақтың музыкалық мұрасы, оның ішінде ән өнеріде жинақталған қыруар айғақтың негізінен үш мектеп емес, басы ашық бес мектепке бөлінеді деп тұжырымдауға негіз бар:

1. Қазақстанның орталық және солтүстік өңірлеріне тән;
2. Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңірлерін қамтиды;
3. Қазақстанның батыс өңірін қамтитын мектеп (Орал, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау);
4. Сыр бойының әншілік-термешілік мектебі;
5. Қазақстанның шығыс өңірін, Баян Өлгей және Шығыс Түркістанды қамтитын әншілік мектеп.

Осынау бес мектеп әншілік өнері кең аяда қамтылып, типологиялық сараланғанын ойда ұстаған жөн. Себебі, бұл бес мектеп өз іштерінде әр алуан айтулы әнші-композиторлардың дарын қуатымен әлдене неше сала құрып, сан тарау үлгі танытып, өркен жайып жатады.

Бізге дейін жеткен әншілер Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков, Манарбек Ержанов, Дәнеш Рақышев орындап, халықтың құлағына сіңіріп, радио, теледидар, күйтабақ, ән таспаларына жаздырып қалдырған әндері, олардың өзіндік ерекшеліктерімен орындаған әндік стильдері Арқа, Батыс Қазақстан, Жетісу, Сыр бойында өнер мектебі болып қалыптасып, жалғасын тауып келеді.

Негізінен айтылатын мәселе, ән үйрету ежелден келе жатқан *құймақұлақтық* жүйемен жүргізіледі. Әрине, бұл қанға сіңген үйретуге де, үйренуге де оңай жүйе болғанымен, сауатты музыкант, әнші болуға аздық етті. Біздер үшін, бұдан былайғы ұрпақ үшін, жоғарыда аталған өнер саңылақтарының, халықтың ән орындау ерекшелігі мен шеберлігін сақтап, орындаған әндерін қаз-қалпында, солардың орындау түрінде нотаға түсіру арқылы жастарға үйрету заманымыздың талабына сай тәсіл (методика) деп ойлаймыз.

Осыған орай, Құрманғазы атындағы Батыс Қазақстан колледжінің оқытушысы, Қазақстан Республикасында еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, әнші Хамитолла Бердіғалиев пен теория бөлімінің оқытушысы Алтын Айтқалиқызы Батырованың бастамасымен дәстүрлі ән класының төрт жылдық бағдарламасы негізінде әндерді нотаға түсіріп, арнайы оқу құралын шығару қолға алына бастады. 2001 жылы қазақтың дарынды әншісі Мұхит Мералыұлының туғанына 160 жыл толуына арнап осы кітап шығарылды. Кітапта жазылған әндер домбыраның негізгі пернелерінде ойналады. Ондағы себеп-үйренуші операциялық белгілермен (диез, бемоль) шырмап, қинамау. Әншінің әнді өз дауысына қарай домбыраның бұрауын өзгерту арқылы транспозиця жасай алатындығы ескерілген. Кітап төрт курс бойынша бағдарламаны қамтиды. Аз данамен шығарылғандықтан, тез арада қолдан-қолға өтіп, қажетті оқу орындарына жетпей қалды. Ежелден келе жатқан құймақұлақтық жүйемен қатар, бұл еңбек-заманымыздың талабына сай тәсіл (методика), әрі қарай жалғасын табатын бастама.

Қазақ халқының музыка мәдениетінің тарихында әншінің орындаушылық өнеріне орай айтылып, таралып кеткен халықтың нақышты, бейнелі теңеулерінің, қанатты сөздерінің алатын орны ерекше. Орындаушылық шеберлік жөнінде эстетикалық теңеу, бейнелі ұғымдар, образды сөздер ән салу өнерінің ұзақ тарихи процесінде, жаңа көркемдік құбылыстардың ашылуы нәтижесінде қалыпқа түсіп, толықтырылып отырған. Ән - адамның ғұмырлық серігі, оның ұзақ тарихи тірлігінің рухани даму құбылысы. Ежелден сөзге шешен,

ақынжанды қазақтар шығыс халықтары тәрізді өткір образды салыстыруларды айрықша қастерлеп сүйеді. Сондықтанда көрнекті әншілерін жоғары бағалап, жарқын жұлдыздарға теңейді.

Қазақтың халықтық ән дәстүрінде созылыңқы, жатық әннің суырыпсалма речитативпен үйлесіп кететін жайы бар. Сонымен қатар халқымыздың ән творчествосында эпикалық қызуқандылыққа айрықша күш тән. Халық орындаушы әншіден ән образын мән-мағынасына келтіре отырып, мейілінше әсерлі, таңдайдан бал тамыза айтуды талап етеді. «Көмейінен бал тамған әнші» деген идиомалық тіркестің мәні осында. Әншінің әнді орындау тәсіл-әдістері, бір жағынан, өзінің табиғи дарын-бейімділігінен туса, екіншіден, шығарманың стиліне деген халық творчествосынан туындаған талап-тілекпен орайласып жатады. Әнші өз бойындағы туа біткен талантын, ұшқын атқан дарынын тыңдаушыға берілген эстетикалық ләззат деп түсінеді.

Халық әншінің деміне де үлкен көңіл бөледі, кең тынысты әншіні мақтағанда «демі зор әнші», «демі ұзақ әнші» деуі тектен-тек емес. Мол деммен айтылатын созылыңқы, шалқымалы әндерді тыңдаушыға шеберлікпен жеткізе білу әншінің үн құбылысының сапасына да байланысты.

Әннің әсерлі үні, нақышы, ырғақты сазы, әрбір жүрекке жол таба білгендіктен, жанға жылы әсер етеді. Ән - адамның жан дүниесін нұрландырып, кісілікке, адамгершілікке тәрбиелейді, сәулелі өмірге баулиды, зор эстетикалық қуанышқа бөлеп, рухты көтереді. «Ақылың болса ән тыңда» деген мәтел содан шыққан. Халық даналығынан «әнші» атағын алу да оңай емес.

Ән мазмұнының тереңдігін жеткізе білу әншінің көркемдік ақыл-ойына, образ жасау ұсталығына, орындау шеберлігіне келіп саяды. Ал мұндай таланты жоқ әншіге «барқыраған дауыс» деп, халық бірақ сөзбен бағасын береді. Сол сияқты, сұлулығы, әсерлі сазы жоқ үнді де халық «ащы дауыс» деп жақтырмайды. Егер халық әншіні бағаласа, «күміс көмей, жез таңдай әнші» деп атайды.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Пернебек М. Қазақ музыкасының қысқаша тарихы. - Алматы, 2002. - 334 б.

2. Қожахметұлы Е. Қазақ халқының ән өнері. - Астана: «Фолиант», 2009. - 470 б.

3. Қазақтың дәстүрлі өнері және әдістемелік мәселелері // Музыка әлемінде. - №23 (45). - 2011. - Б.12-13

4. Жұмалиева Т., Ахметбекова Д., Ысқақов Б., Карамендина Ә., Қоспақов З. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы. - Алматы, 2005. - 557 б. - Б.44-55

5. Қазақтың дәстүрлі ән айту өнері және дамуы // Музыка әлемінде. - №1 (37). -2010. - Б. 8-9.

## ЖАСТАР БОЛМЫСЫНДАҒЫ ДІН ФЕНОМЕНІ

**Есмағанбетова М.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстан жері әлемдік діндердің: исламның және христиандықтың да, буддизмнің де тоғысқан жері. Біз үш өркениеттің, елеулі түрде ерекшеленетін әлемдік үш дүниетанымның тоғысқан жерінде тұрамыз. Қазақ халқы діни көзқарасы айқын да терең, діни мәдениеті өте жоғары, имани түсінігі мол ұлттардың қатарына жатады. Дін дегеніміз – ғасырлар бойы қалыптасқан, адамзат құндылықтарымен үйлесім тауып, біте қайнасқан, тарих тәжірибесінен өткен рухани құндылық. Түркі ойшылдары *Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауии, Жүсіп Баласағұын* сыңды кемеңгерлер дін мен мемлекетті қорғаудағы ұстаным үлгілерін, діни сана мен елдік сананың дамуын зерттеп жазып кеткен. Ұлы ойшыл *Әл-Фараби*: «Дін дегеніміз – көзқарастар жүйесі мен іс-әрекеттер тізбегі және Алланың адамзат баласына салып берген

қасиетті жолы. Діннің арқасында көкірегі ояу адамдардың баршасы да көздеген мақсаттарына жетуге мүмкіндік алады. Егер ел билеуші шынайы қайырымдылықтың жаршысы бола білсе, онда оның халықты басқарудағы басшылық қызметі де саналуан жақсылық істерге толы болады... Міне, сонда ғана дінді қайырымдылықтың діні деп айтуға болады» [1, 47 б.].

Біздің ата-бабаларымыз дінді тереңінен зерттеп, мол тағылымын өзінің салт-санасына, дәстүріне сіңіре біліп өз ұрпағына ана сүтімен, тәлімі мол істерімен дарыта білген. Қазақ халқының салт-санасы, дәстүрі, құран ілімін терең меңгерген ғұлама, данышпан ойшылдарымыздың нақыл сөздерінің, халық даналығының барлығы адамды бауырмалдыққа, мейірімділікке, инабаттылыққа, кішіпейілділікке үйретеді.

Қазақтың ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлы «Иманым» атты жинағында:

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,
Ешбірі түзу емес көңіл ашар.
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.
Әлемдегі діндердің түп мақсұты,
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай - бар, ұждан - дұрыс, қиямет - шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.
Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.
Інжіл, Құран - бәрі айтып тұрса - дағы,
Мағынасынан адасып қара басар.
Сөйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,
Дін десе білімділер тұра қашар.
Ешбір дін үйтіп дұспан бол демейді,
Қанеки, бұл сөзіме кім таласар? – [2, 70 б].

Даналардың ой толғамын ысырап етпей, жоғалтып алмай өміріне пайдалана алған ел дініне көмектесе алады. Дінге көмектесу ділге таза болу, тіл мен тарихқа қамқор болу. Қазақта «дінді білмеген дымды білмейді» деген сөз бар. Бірақ дінді білу үшін тарихты, тарихтағы дін мен елді қатар қорғаған ұлы тұлғалардың ерлігін тани білу қажет. Дін мәселесі бүгінгі танда жұртты қызықтыратын тақырыпқа айналып отыр. Себебі дін қоғам деп аталатын алып организмнің жанын рухтандыратын, мінез-құлқын түзеп, адами жауапкершілігін арттыратын рухани азықтардың бірі ретінде қызмет көрсетеді. Барлық дәстүрлі қоғамдарда дүниеге көзқарасты қалыптастыруда дін үлкен рөл атқарады. Дін феномені адамның болмысында бар. Адам қоғамы ешқашан дінсіз болмаған. Өйткені қоғамды нақты шындыққа айналдыру құндылықтар жүйесінің қалыптасуына қатысты, әрі сол құндылықтарды жүйелендіру мен ынталандыру қызметі дінмен тығыз байланысты. Бір жаратушыға деген сенім қоғамның барлық мүшелерінің басын біріктірді. Олар ел басшысы Н.Ә. Назарбаев жүргізіп отырған діни бірлік пен рухани тұтастық саясатын қолдайды. Соның арқасында көп ұлтты Қазақстан қоғамындағы әртүрлі діни қауымдастықтардың арасында бірлік пен татулықтың орын алуына мүмкіншіліктер жасалуда. Бұл ұстанған бағыт елдің шаруашылығын және рухани сфераларын жөндеуге, дағдарыстан шығуға көмектесері сөзсіз.

Қазіргі жағдайда ислам туралы, оның құндылықтары туралы әртүрлі жалған көзқарастардың болуы қоғамдық санада, әсіресе жастардың санасында түсінбеушілік тудырып отыр. Қазіргі жастар интернеттен дін туралы көптеген кері әсерін тигізетін ақпараттарды кездеседі. Қауіпті діни ағымдардың назар аударатын обьектісі алдымен студент жастар болып табылады. Мұның себебі түсінікті, өйткені олардың нақты өмірлік ұстанымдары мен көзқарастары әлі толық қалыптаспаған, әрі студенттік кезең қиындыққа, қызыққа да толы уақыт. Олар ата-анасынан бөлініп, тума-туыстарынан алыста жүрген кезде сағыныштан рухани тірек сүйеніш іздейді. Студенттік жылдардың алғашқы кезеңінде

жастарға кез келген нәрсе қызық көрінеді. Бұл кезеңде жастар материалдық жағынан да қиындық көріп содан шығатын жол іздеп, неше түрлі әрекеттерге барады. Осындай қиын кездері бұрыс жолдағы дін өкілдеріне жолығып, олардың ықпалынан шыға алмайды. Дін жолында жүрген жастардың психикасы да өзгеріске ұшырайды. Жастардың қауіпті секталарға мүше болуымен олардың өмірлік ұстанымдары мен бағыт-бағдарлары өзгеріп, олардың тұлғалық қалыптасулары мүлдем басқа арнада дамиды, бұрынғы қызығушылықтарынан бас тартып, оқу үлгерімі төмендейді. Тіпті ата-аналарымен, басқа да туыстарымен қалыпты қарым-қатынастары бұзылып, олардан алшақтау байқалады, кейбір жағдайларда оның соңы үйден кетумен де аяқталады. Қай діннің өкілі болмасын, ол өзінің қатарын көбейту үшін алдына жан салмай уағыз айтатыны бәрімізге белгілі. Қазіргі кезде дін жолына түсушілердің негізін студент жастардың құрайтыны белгілі. Жастарға арналған рухани-танымдық тәрбие және теріс пиғылды діни ағымдарға жол бермеу шаралары тек Діни басқармалар мен мелекеттік органдардың жұмысы емес. Барлық оқу орындарында тәрбие жұмыстарын күшейтіп, жастар арасында деструктивті идеяларды насихаттаушыларға құқық қорғау және білім беру органдары тарапынан бақылау жасалуы керек. Дін жолына түскен жастардың басым бөлігін материалдық жағдайы төмен отбасылардан шыққан, қазіргі заманғы қиындықтарды көтере алмау салдарынан, ертенгі күнге деген сенімсіздігі басым адамдар, әлеуметтік ортамен байланыстағы мәселелерді шеше алмағандар, рухани тәрбиенің болмауы және гуманитарлық білімі төмендер (дін тарихы мен философияны білмеуі) құрайды.

Елімізде 14 пен 28 жас аралығында 4 483 285 жастар бар. Бес облыста жастардың саны азаюда: Ақмола, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Шығыс Қазақстан. Қазақстанда халық саны қартая беретін үрдіс жалғасуда. Жұмыс орындары көп Батыс өңірлерінде жастар саны келушілер арқылы өсуде. Жастардың бүгінгі қоғам өміріндегі іс-қимылы, олардың экономикалық, саяси, рухани салалардағы өзгерістерге көзқарастары кейде абыржытады, кейде састырады, кейде қинайды, кейде қуантады. Ең үлкен мәселе бүгінгі жастардың аға ұрпақтың тәжірибесіне толықтай сүйене алмайтындығы, керісінше, кейде әкелері мен аталары, әсіресе, дін саласында олардың пікіріне құлақ асады.

2009 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан жастарының дінге бет-бұрысы үлкендерге қарағанда басымырақ. Мысалы, исламда 15 пен 19 жас аралығындағылар -78,2 %, 20 мен 24 жас аралығындағылар -73,2 %, 25 пен 29 жас аралығындағылар -70,8 % құрайды. Басқалары басқа діндерде.

15 пен 44 жас аралығындағылар дінде жоқтардың 2,6-2,8 % құраса, 45-тен асқандар дінге сенбейтіндердің 3,3-4,0 % дейін құрайды. Қазақстан жастарының 25 % жуығы христиандықта [3, 109 б].

М. Вебер «барлық діндердің негізінде діннің дүниетанымдық негізі жатыр деп», - санайды. Ол қоғамдағы діннің атқаратын рөлі мен алатын орнын зерттей отырып, «қоғамды оқып – білу – дінді оқып білу, ал дінді оқып – білу – қоғамды оқып - білу», - деді. Сонымен қатар, ол діннің жеке тұлғаға тигізетін әсері жайында мынадай ой тұжырымын жасайды: «Діни сенім әрқашан жеке тұлғаға өмірдің заңдылықтары мен бағытын, белгілі мінез – құлықпен оның дұрыстығына деген сенімділікті тудыратын психологиялық талпынысты қалыптастырады». Дін мәдениеттің діңгегі екені сөзсіз. Халықтың рухани болмысын қалыптастыруда, қоғам мен мемлекеттің тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз етуде діннің алатын орны ерекше.

Діни санасы болмаған халық жоқ. Сондықтан дін дегеннің не екенін, оның қысқаша тарихын танып, білу әрбір студентке мәдени қажеттілік. Қай кезең болса да рухани байлық әр халықты сақтап қалатын және өмір сүру құқын дәлелдейтін қайнар бұлақ болған. Сондықтан да ислам діні тағылымдарында жастарды ізгілік пен адалдыққа, еңбекқорлыққа, рухани тазалыққа, имандылыққа ұмтылдыратын қағидалары мен хадистеріне ерекше көңіл бөлу керек. Исламдағы діни постулаттардың бірі білім алу болып табылады. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің өзінен білімнің қоғам мен жастар өміріндегі маңызы туралы көп ой айтылған. Әсіресе жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде ислам ілімінің қағидаларына

сүйенуді ұсынады. Жастардың бойында адамгершілік, мейірімділік, кішіге ізет, үлкенге құрмет, көрсету үлгісін қалыптастыру мұсылмандықтың шарты болса, Отан сүйгіштік (патриотизм), қоғамдық жауапкершілікті сезіну, басқаның сезімі мен сенімін сыйлау барлығы имандылықтың белгісі болып табылады.

Білім керемет күш, оның көмегімен белгісіз құбылысты ашып, игереуге болады. Білімнің маңыздылығы мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құран кәрімде де, Сүннетте де атап көрсетіледі. Қазақтың атақты ойшылы *Мәшһүр Жүсіп Көпеев* бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үйренуге шақырып, өз мақаласында былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үйреніп, білгіш болуды талап қыл. Неге десең, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қарау – байдан қалған мұра. Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті – үстіне көбейе береді... Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кісілер өзін өзі төменшікке алып, кішік көңіл болады» [4, 329 б].

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Өз елін сүю, өз халқын құрметтеп, оған адал болу, Отанды қорғауға әзір тұру, халықтар арасындағы достықты нығайту, бейбітшілікті сүю, ел үшін жанын пида ету, ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру, әрбір студенттің бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың, үздік үлгілерін үйлестіре дарыту, гуманистік, барлық адамдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу, т.с.с. оқу орнының адамгершілік тәрбиесінің өзекті арқауы болып табылады.

Жастарды жаһандану заманында – заманауи білімдерін ұлттық тәрбиемен ұштастыра оқыту бүгінгі күннің басты мәселесі болып отыр. Адам рухани тұрғыда жетілген сайын оның рухани құндылықтарға деген сұраныстары ұлғайып, олар бірте-бірте өмірінің мәнді өзегіне айналады. Кез келген дін, соның ішінде ислам да, адамның білім алуына шектеу қоймайды. Бүгінгі күні сауаты бар адам ешқашан көш сонында қалмайды. Сондықтан жастар Алла тағала берген жастық шақты дұрыс бағалап, білім алуға, кәсіптің белгілі бір саласын игеруге барынша күш жұмсауы қажет.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 4 том. Әл-Фараби мен Ибн-Сина философиясы. – Алматы, Жазушы, 2005. – 568 бет.
2. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. – 70 бет.
3. Айталы А.Ә. Дін және діндарлық: Арнаулы курс. 2017 жыл.
4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Баянауылдан. / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: «Эко» ҒӨФ, 2008. – 329 б.

*Ғылыми жетекшісі:* **гуманитарлық ғылымдарының магистрі Ешниязова А.Ч.**

## ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ

**Нурлыбекова А.Б., Нұрлан М.Н.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі өркениетті қоғамдағы алға қойылып отырған басты міндеттердің бірі арнайы білім беру жүйесіндегі жетістіктерді дамыта отырып, оны жаңаша бағытта ұйымдастыру нәтижесінде жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру мәселесі болып отыр.

Бәсекелестік өмір сүрудің басты шарты болып отырған өзгермелі кезеңде білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да күшейіп отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мүмкіндігі шектеулі

бастауыш сынып оқушыларын оқытуды жақсарту мақсатында инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру міндеттелген [1].

Білім беру саласындағы қазіргі тенденциялар болашақ ұрпақтан әлеуметтік адамгершілік тұрғыдағы жан-жақты дамуды қажет етеді. Қоғам қажет ететін мұндай талаптарды орындауда балаларды байланыстырып сөйлеу мәдениетіне, мәдени санаға дағдыландыруымыз керек. Кез-келген білімді игеру білім берудегі нақты жүйені меңгеру ғана емес, тұлғаның ішкі дүниесінің дамуын қамтамасыз ететінін түсінетін кез келді. Өмір сүру барысындағы кез-келген әрекеттер тілсіз жүзеге аспайтындығы белгілі. Бүгінгі білімді, мәдениетті адамды жай «білімді» адам емес, өмір сүруге бейімделген, құзыретті адам ретінде тануымызға болады.

Тіл арқылы адамзат өз тілегін, өз ойын, өз мақсатын анық жеткізе алады және бұл әрекеттер байланыстырып сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әруақытта екіге бөлінеді: ішкі және сыртқы сөйлеу. Ішкі сөйлеу - адамның ойлау арқылы сөйлеуі, ол тек өзіне ғана мәлім, өзге адамға беймәлім, айтылмайды және жазылмайды. Сыртқы сөйлеу болса, бұл – басқа адамға арналған назар аударылған сөйлеу тілі. Бұлайша сөйлеу дыбыстардан және графикалық белгілерден тұрады. Ішкі сөйлеу тілі диалогтық және монологтық, ауызша және жазбаша болуы мүмкін. Ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілі бұл -адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынас жасайтын өзара байланыс формасы. Ауызша сөйлеу есту арқылы, жазбаша сөйлеу көру арқылы қабылданады. Бұлардың әрбіреуінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Арнаулы педагогикада ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеуді ғана ажыратып қоймай, саңыраулардың спецификалық дактильді сөйлеу тілінің ерекшеліктерін тармақтау аса маңызды. Мұнда дені сау балаларға қарағанда аталмыш кемістікті балалардың әрбір ауызша байланыстырып сөйлеу тілінің өзінің қабылдануы мен таратылуының нақты тәсілдері бар. Олармен жұмыс барысында сөздік, сөйлемдік ұғымдар жазбаша және дактиль тілі арқылы қабылданады және сәйкестенген қол қимылдарының көмегімен игеріледі. Дактиль тілі арқылы қарым-қатынас жасау балаларға түсінікті. Дегенмен, саңырау балалардың кемшіліктерін толығымен жоюда балалар тек сөйлеудің жазбаша және дактиль түрін игеріп қана қоймай, қатынас құралының тиімді тәсілі – ауызша байланыстырып сөйлеуді игерулері керек. Ауызекі сөйлеу тілін игеру – саңырау баланың жан-жақты дамуына жасалатын ең керекті жағдай. Бұл мектептегі барлық оқу-тәрбие процесінің негізгі міндеті. Ауызекі сөйлеу тілі саңырау баланың танымдық мүмкіндігін кеңейтіп, көрнекі-образды ойлаудан ауызекі-логикалық ойлауға бірте-бірте көшуді қамтамасыз етеді және саңырау баланың жеке тұлға болып қалыптасуына терең әсер етіп, олардың еститін адамдардың ортасына қосылуына жағдай жасайды.

Тілдің фонетикалық, сөздік және грамматикалық құрылымының принциптері мен заңдылықтарын жан-жақты зерттеуші Р.М.Боскис еңбектерінде есту қабілеті нашар балалардың екі негізгі категориясы көрсетілген. Олар - саңыраулар және нашар еститіндер. Саңыраулар категориясына жататын балалар тобына туғаннан немесе ерте жастан бастап жүре пайда болған өз беттерінше ауызекі сөйлеу тілін игере алмайтын саңырау балалар жатады. Нашар еститін балалар категориясына жататындардың есту қабілеті белгілі себептерге сай нашарлаған, бірақ олардың осының негізінде өз бетінше тілдік даму қалыптасуы мүмкін. Осылайша жіктелген саңырау балалардың тілі мен нашар еститін балалардың тілі кейбір сақталған есту анализаторларының функцияларын қолдану жағдайларында дамиды. Бұл нашар еститін баланың естіген сөзін бұзылған түрде болса да толықтырып айтуына әкеледі. Сөздерді бұзылған түрде айту нашар еститін балаларға тән, бұл мүмкіндік саңырау балаларда болмайды. Оларда сөйлеу тілі есту қабілетінің көмегінсіз жадында сақталған, ойында қалыптасқан негіз арқылы дамиды.

Шектелген сөздік қор мен тілдің грамматикалық құрылымын жеткіліксіз түрде игеру оқылған мәтінді ауызша түсінуге шектеу жасайды. Тілдің грамматикалық құрылымы мен сөз мағынасын толық игере алмаудан, бала айналадағы адамдарға өзінің барлық тілдік мүмкіндіктерін, өз қалауын, сұранысын, талабын, ұсынысын айтуда көптеген қиындықтарға

ұшырайды. Егер ол сөзді толығымен айта алмаса сөздің бөліктерін ғана айтады, яғни ол айналадағы адамдарға түсінікті болады.

Есту қабілеті нашар оқушы оқуда да қиындықтарға кезігеді. Сөздің дыбыстық құрамын толығымен игермеу мәтін ішіндегі сөздердің мағынасын түсінуге кедергі жасайды. Мысалы, оқушы «аспаж» деп жазса, ол сөздің «аспаз» екенін мағынасына қарай түсінбейді де танымайды, себебі ол оның дұрыс айтылуын естіген жоқ. Нашар еститін оқушылардың тілдік дамуының деңгейі тек есту қабілетінің жеткіліксіздігінің деңгейіне ғана емес, басқа да патологиялық аурулардың себептеріне байланысты, яғни мәселе есту қабілетіндегі кемшілік қай жаста пайда болғандығына байланысты. Саңырау балалардың мәтінмен жұмыс, сұрақтарға жауап берудегі сөз мағынасын ажыратып түсіне білуі баланың жеке даралық ерекшеліктеріне де байланысты, яғни аңғарымпаз, белсенді, ынталы балалар ерін қимылының көмегімен сөздерді тез ажыратып, ертерек қалыпқа түсіп кетеді.

Тілдік қарым-қатынасқа түсуді қамтамасыз етудегі маңызды жағдай баланың сөйлеу кезінде сөйлемнің әр түрін қолдана білуі, яғни үлгі бойынша белгілі ситуацияларға сай нақты сөз тіркестерін пайдалана білуі болып табылады. Сондықтан жан-жақты ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінде балалар тілін дамытуды жеделдету сөйлеуге ынталандыру үшін әр түрлі дидактикалық материалдар мен оқу құралдарын пайдаланып, бала тілінің әр түрлі даму кезеңдеріне сай тиімділігін арттыру үшін ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілуі керек.

Авторлар көрсеткендей, балалардың ситуациялық-әрекеттік формасының ситуациялық емес-танымдыққа, ситуациялық еместен- жекеге ауысуы сөйлеудің лексикалық құрамы мен грамматикалық қатарын толтырып отырады. Сондықтан, мектепке дейінгі балалардың жоғары коммуникациялық қарым-қатынас әрекетіне өтуі лексикалық және сөйлеудің грамматикалық қатарының дамуына әкеледі. Осылайша баланың байланыстырып сөйлеу тілі қалыптасады.

Бала өмірінің екінші және үшінші жылы әртүрлі сөйлеу тілі функцияларының ең алдымен коммуникативті сөйлеу тілінің және тілді меңгерудің сензитивті кезеңі.

Бірақ есту қабілеті бұзылған балалар бұл кезеңге, бала жан –жақты дамуына бағытталған арнайы жұмыс нәтижесінде ғана жетуге болады.

Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілін дамыту бойынша отбасындағы жұмыстың негізгі міндеттері:

– ауызша сөйлеу тілін қолдану арқылы қоршаған ортамен қарым–қатынас қажеттіліктерін дамыту;

– сөздік қордың жиналуы, сөз мағынасының және әртүрлі бала іс –әрекет түрлерімен байланысты, әртүрлі тұрмыстық жағдайлардағы айтуды нақтылау, қоршаған әлеммен танысу;

– байланыстырып сөйлеу тілін, ең алдымен ауызша сөйлеу тілін және оның әртүрлі тәжірибелік іс –әрекет жағдайында белсенділігін дамыту;

– алғы шарттарды және жаппай оқу түрінде сөйлеу тілінің жазбаша түріне оқыту.

Бірінші және кезекті жылдары тілдік қабілеттің дамуының маңызды шарты баланың моторлық дамуы, қоршаған заттардың сапасы және қасиеттерін сезіну және қабылдауды дамыту, заттық іс –әрекеттерді қалыптастыру. Өмірінің екінші жылында баланың назарын аударатын, заттар мен құбылыстар шеңбері кеңейеді, ол жүруді меңгеруіне және заттық іс –әрекеттердің кеңеюіне ықпал етеді.

Жұмыстың өте маңызды бағыты – сөздің жалпылау функциясын, көлемі, қолдану жағдайы бойынша әртүрлі заттарды бір сөзбен айта білуін қалыптастыру. Үйде қосымша ойыншықтар болуы қажет, мысалы, әртүрлі түсті, әртүрлі текті, әртүрлі тұрған күшіктер және ойыншықтарды сол сөзбен сәйкестендіріп ауыстыруға талпыну.

Екі жастағы балалармен 10-15 минут ұзақтағы, ал үш жастағы балалармен 15-20 минут 3-4 сабақ жүргізіледі. Бұл сабақтарда әртүрлі тақырыптағы сөздік материал қолданылады: «Жануарлар», «Отбасы», «Киім–кешек» және т.б. Ересек адам заттармен ойын жүргізеді, оларды қуыршақтармен, жануарлармен ойынға заттардың атаулары мен олардың қасиеттерін атаумен байланысты қарапайым сөз тіркестері қолданылып, қосады (әдемі, дәмді). Сөйлеу

тілін түсіну баланың іс-әрекеттерін бағалайтын сөздердің есебінен де дамиды: жақсы, жаман, дұрыс, жарайсың, алақай.

Ерте жаста сөйлеу тілін дамыту бойынша сабақтарда байланыстырып сөйлеу тілін дамыту бойынша жұмыс жүргізіледі. Ең бірінші орында ауызша сөйлеу тілін, сондықтан ойын және ойын жаттығулары процесінде балаға формасы және мазмұны бойынша қарапайым, таныс ойыншықтармен бұйрықтар (қоянды, мысықты және т.б. ал, бер) сұрақтар (бөпе, сәби қайда? Кім бұл? және т.б.). Хабарламалар (қуыршақтар жылайды).

Сонымен бала отбасындағы педагогикалық жұмыс бір-екі жаста басталса, үш жаста басқа адамдармен қарым–қатынаста қысқа сөйлемдермен қолдануды, қоршаған заттардың іс-әрекеттердің, қасиеттердің атауларын білдіретін сөздер көмегімен сөздік қорын жинау, меңгерген сөз қорын отбасындағы, серуендеуде, суретті көру кезіндегі құбылыстарды білдіру үшін қолданылады [2; 123].

Есту қабілетін дамыту және сөйлеуге үйрету процесінде баланың есту қабілетін, сөйлеу тілін дамыту жұмыстарымен анықталатын коррекциялық міндеттердің маңызды түрлері орындалады. Саңырау және есту қабілеті нашар балалармен жүргізілетін есту қабілетін дамыту жұмыстары тілдік және естілетін дыбыстарды қабылдауға үйрету мақсатында есту қалдығын дамытуға бағытталады. Есту қабілетін дамыту және сөйлеуге үйрету жұмыстары мынадай міндеттерді шешеді:

– тілдік және естілетін дыбыстарды қабылдауға үйрету;
– ауызша сөйлеу тілінің негіздерін есту және көру қабілеті арқылы қабылдауға үйрету;
– Тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдысын қалыптастыру.

Дыбыстарды айтуға үйрету жұмыстары ауызша сөйлеуге үйрету, шынайы сөйлеуге еліктеуге үйрету, дыбыс күшейткіш аппаратуралардың көмегімен жұмыс жасауға бағыт береді.

Есту қабілеті бұзылған балалар қалыпты балалар сияқты сан және цифр, көлем мен форма, заттардың кеңістіктегі орналасуы мен олардың қасиеттері, санау және өлшеу, есептеу құралдарымен танысуда математикалық біліммен қаруланады.

Есту қабілеті бұзылған балаларға мектепке дейінгі ұйымдарда ойын арқылы оқытуға аса мән беріледі. Ойын әрекетін қалыптастыру оқушылардың ойынға деген қызығушылығын арттыру, сюжетті-рольдік ойындарға араласуға, заттар мен әрекеттердің ерекшеліктерін ажыратуға үйретеді.

Бейнелеу өнеріне баулу мен конструктивті әрекетті қалыптастыру мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған оқушылардың эстетикалық талғамын, танымдық әрекетін қалыптастырады. Бейнелеу өнеріне баулу мен конструкциялауға үйрету сабақтарында, отбасында, сабақтан тыс уақыттарда сурет салуға баулу, ермексазбен жұмыс жасау, жапсыру, конструкциялауға үйрету мақсатты түрде жүргізіледі.

Бейнелеу өнері мен конструктивті әрекетке баулу жұмыстарын ұйымдастырудағы маңызды міндеттер баланың сенсорлық қабілетін дамыту. Оқыту процесі кезінде көру арқылы қабылдау, тактильді-қимылдық қабылдау, қимылдық қабылдаудың түрлерін дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған баланы еңбекке тәрбиелеуде ересектердің еңбегіне қызығушылық, еліктеу қабілеті дамиды. Мектеп жасына дейінгі баланың танымдық және әлеуметік дамуы қоршаған ортамен таныстыру барысында қалыптасады [3; 146].

Мектеп жасына дейінгі есту қабілеті бұзылған баланы тәрбиелеуде музыкалық тәрбие беру жұмыстары қатар орындалады. Дамудағы кемшіліктерді коррекциялау мен компенсациялау жұмыстары музыканы қабылдау, вокалды-интонациялық дауыс ырғағын реттеу арқылы шешіледі. Үй жағдайында тәрбиеленетін балалар үшін коррекциялық көмек түрлері мына мекемелерде ұйымдастырылады:

– денсаулық сақтау жүйесінің жергілікті жерде орналасқан сурдологиялық кабинеттерінде;
– жергілікті жердегі отолорингологиялық кабинеттерде;

– мектепке дейінгі ұйымдардағы қысқа уақытқа дейін тәрбиеленетін топтарда;

– медициналық-психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік реабилитациялау орталықтарында.

Есту қабілеті бұзылған балаларға коррекциялық көмек көрсету жүйесі тұрақты түрде оқыту мен тәрбиенің интеграциялану заңдылығы бойынша жүргізіледі. Аралас түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарда интеграциялы оқытуды ұйымдастыруда интеграциялаудың түрлі формалары қарастырылған:

– уақытша интеграция, бұл формасында арнайы топтың барлық тәрбиеленушілері психикалық дамуындағы және сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерге қарамастан айына екі рет тәрбиелік шаралар бірге ұйымдастырылады;

– ішінара интеграция, жалпы білім беру стандартын игеруге қабілетсіз балаларды 1-2 баладан жалпы топтарға күннің жартысын бірге өткізулеріне жағдай жасайды;

– аралас интеграция, психофизикалық және сөйлеу тіліндегі ерекшеліктері қалыпты бала дамуымен сәйкес келетін 1-2 бала жалпы топтарда мұғалім-дефектологтың көмегімен тәрбиеленеді;

– жалпы интеграция барысында есту қабілеті бұзылған жалпы топтағы балалармен қатар тәрбиеленеді;

– мектепке дейінгі аралас топтар, барлық балаларға арналған топта (1-2 бала емес, 4-5 баладан құрылған аралас топ) екі тәрбиеші ғана емес, мұғалім-дефектолог та жұмыс жасайды.

Сайып келгенде нашар еститін балаларды қатарға қосуда олардың танымдық қабілеттерін дамыту керектігін аңғардық. Сондықтан, зерттеуімізде біз, нашар еститін балалардың танымдық қабілеттерін ойын үдерісі арқылы түзете дамыту жөн.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген / Егемен Қазақстан газеті. Алматы.- 2010.

2. «Сурдопедагогика негіздері» Алматы 2012 ж.

3. Носкова Л.П. Методика речи дошкольников с нарушениями слуха: учеб. Пособие для студ. Высш. Учеб. Заведений/ Л.П.Носкова, Л.А.Головчиц, изд. Центр ВЛАДОС, 2004.-344 с.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.д., профессор Туребаева К.Ж.**

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГТЕРДІҢ РӨЛІ

**Изконысова Г.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жолдауында: «2020 жылға қарай балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан, оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» [1].

«Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз - білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын

ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деп көрсетілген [2].

Қазақстан Республикасының Білім беру стандартында білім берудің басты міндеті-логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Сондықтан бастауыш сыныпта оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру үшін қолданылатын тренингттік жаттығулардың да орны ерекше деп ойлаймыз. Себебі, мектепке жаңа келген бүлдіршін қабілеттерін арттыру, білімге қызығушылығын шығармашыл деңгейге көтеру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту-бастауыш сынып мұғалімдерінің атқаратын жұмыстарының бірі. Өйткені, бастауыш сатыдағы кезең - оқушы іс-әрекетінің қалыптасуының өте ыңғайлы кезеңі.

Бастауыш мектептегі оқыту үдерісінің негізгі мақсаты - оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру. Бастауыш мектеп оқушыларының танымдық іс-әрекеттің бір түрі – логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру.

В. Давыдовтың «Бастауыш сынып оқушысының психологиялық даму» еңбегінде: «Оқыту үрдісіндегі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол - белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі» делінген.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі - қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым «логика» деп, ал ой қорытындыларының обьектив пікірлерге негізделетін процесі «логикалық ойлау» деп аталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады.

Психолог-ғалымдар: Н.Н. Поспелов, Ю.А. Петров, А.Н. Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз - логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жөнінде А.В. Запорожец, Л.Н. Венгер, И.С. Якиманская еңбектері жарық көрді [3,8].

Жоғарыдағы авторлардың пікірлерінше «Логикалық ойлауды дамыту» дегеніміз:

– барлық логикалық ойлау операцияларын (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, саралау) арнайы жүйелі түрде қалыптастыру;

– ойлау белсенділігін, өз беттілігін дамыту.

«Логикалық ойлау-логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны-логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», - деп көрсетті К.Д. Ушинский [5,53].

ХХ ғасырдың 40 жылдарынан қолданыс таба бастаған тренингтер оған қатысушылардың өзара әрекеттесе отырып, мәселені әр қырынан талқылауын қамтамасыз етеді.

**Тренинг** ағылшын тілінен аударғанда *«train»* - жаттықтыру, жаттығу деген мағынаны білдіреді. Тренинг - өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге, тұлғааралық қарым-қатынасқа, коммуникативті және кәсіби біліктілікке бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және оқыту әдістерінің жиынтығы.

«Адам табиғаттың қызық қасиеттерінің бірі - оның айналадағы адамдар көзқарасындағы өз бейнесін ойлауға ұмтылғандығы. Кейбіреулер қиналса да соңына дейін ойнап шығады», - деп Ф.Искандер тұжырымдағанындай, әлеуметтік – психологиялық тренингтің басты жоспары-ұйымдастырылған іс-әрекетті соңына дейін жеткізу болып табылатынында [3].

Тренинг-басқа адамдарды жақсы түсінуге көмектеседі, өз бейнесін басқалар қалай көретіндігін салыстыруға мүмкіндік береді, өз мүмкіндігін байқауға, өзіндік санасын жетілдіруге жағдай жасайды.

Әлеуметтік психологиялық тренинг арнайы ұйымдастырылған қарым-қатынас формасы. Тренингтің бұл түрін тек психология маманының қызметкерлері ғана емес арнайы психологиялық білімі жоқ мұғалімдер де сабақ беру барысында қолдана алады. Оқу және тәрбие жұмысына жағымды өзгерістер енгізуге, оқу процесін белсендіруге тренингтердің

ықпалы жоғары. А.С.Прутченков «Мектептегі әлеуметтік – психологиялық тренинг» еңбегінде, дұрыс ұйымдастырылған тренингтің оқушыларға жағымды әсері, ұйымдастырушының шеберлігі, педагогикалық қақтығысты реттеуші құрал екендігін атап көрсеткен.

Психологиялық тренингтің ең маңызды мәселесі — өзінің жек даралық қасиеттері арқылы тұлғаның өзін-өзі ашуына көмек береді. Ал, ол үшін ең бастапқы жағдайда адам өзін жеке тұлға ретінде қабылдап және түсіне білуге үйренуі қажет [4].

Демек, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренингтік жаттығуларды қолдану мақсаты - оқушылардың қисынды ойлауын дамытумен қатар, оларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулуды көздемек.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың маңызы зор.

Логикалық тапсырмалар мен жаттығулар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

– Қызығушылығын арттыру;
– Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
– Шығармашылық ізденісін дамыту.

Оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістету олардың тұлға ретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан, оқушылардың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Оқушылардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын меңгеруіне байланысты. Ендеше, оқушыларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек.

Венгер психологы, әрі математигі Золтан Дьеныш жасаған логикалық блоктар баланың логикалық ойлауын дамыту мен олардың ойлау қабілеттерін меңгеруге тиімді әдістеме болып отыр [4]. Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі:

**«Фигураларға орманнан шығуға көмектес» әдістемесі.**

**Мақсаты.** Логикалық ойлауды дамыту, талқылай білуге баулу.

Мазмұны. Балалардың алдында 18 кесте. Онда фигуралар адасып қалған орманның суреті салынған. Оларға осыдан шығуға көмектесу керек.

Балалар алдымен жол айрығындағы белгілердің не үшін қойылғандығын анықтайды. Сызылмаған белгілер өз жолымен өздері сияқты фигураларға ғана жүруге рұқсат береді, ал ортасынан сызылған белгілер- олар сияқты емес барлық фигураларға рұқсат береді. Осыдан кейін балалар фигураларды (блоктарды) алып қарастырады және оларды кезекпен орманнан шығара бастайды. Осымен бірге әр кезде қай жолға бұрылу керектігін талқылап, айтып отырады.

Осыдан кейінгі ойындарда кестелер қолданылады. Балалар фигураларға не блоктарға немесе тек қана блоктарға орманнан шығуға көмектеседі.

**«Сөзді қысқарт» әдістемесі.**

**Мақсаты.** Логикалық ойлауды дамыту, әрекеттерді орындау барысында ережені қатаң сақтануға баулу. Мазмұны. Балалардың алдына 7-9 блоктар қойылған (шеңберлер мен төртбұрыштар). Блоктар бір қатарға салынған – бұл ережеге сәйкес қысқартатын сөздер.

1 ереже. Егер сөзде шеңбер төртбұрыштың сол жағында тұрса, онда олардың орындарын ауыстыру керек; бұл ережені қанша болса, сонша рет қолдануға болады; осыдан кейін 2 ережеге көшеміз.

2 ереже. Егер сөздің жанында екі шеңбер тұрса, онда оларды алып тастау керек; бұл ережені қанша болса, сонша рет қолдануға болады; осыдан кейін 3 ережеге көшеміз.

3 ереже. Егер сөздің жанында екі төртбұрыш тұрса, онда оларды алып тастау керек; бұл ережені қанша болса, сонша рет қолдануға болады.

Осыдан кейін балалар солдан оңға қарай бағытымен осы ережелер бойынша сөздерді төртбұрыштар мен шеңберлермен қысқартады. Сөз қырқарту үнемі 1 ережеге сәйкес басталады. Соңында ұзақ сөзден не қалғанын анықтайды.

**Ұқсастық пен айырмашылық» әдістемесі.**

**Мақсаты:** Сараптау, салыстыру, жалпылау қабілеттерін дамыту.

Мазмұны. Оқушыларға әртүрлі заттар мен ұғымдарды салыстыру ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына өздеріне таныс заттар: сүт пен су, сиыр мен жылқы, ұшақ пен поезд (сурет түрінде ұсынуға болады). Ересек балаларға тапсырманы күрделі түрде: таң мен кеш, табандылық пен қыңырлық т.б. Дұрыс жауаптар, қателіктер, ұқсастық пен айырмашылық арақатынасы, басым белгілер т.б айқындалады.

**«Басқа қырынан таны» әдістемесі.**

**Мақсаты:** Берілген ерекшеліктер бойынша заттарды салыстыра білуге үйрету, түсін, пішінін, көлемін анықтау және абстрактылау қабілеттерін дамыту.

Мазмұны. Белгілі бір заттың басқа қырын ашу. Мысалы, сіріңке тек жанып, жарқырап қана қоймай пішіні мен салмағы жағынан кішірейеді. Оқушыларға қарапайым заттардың: полиэтилен қақпақ, пенопласт т.б ерекше қасиеттерін ашу, анықтау ұсынылады. Ерекше жауаптар ескеріледі және ұсынымдарды талдауға да, пікірталас ұйымдастыруға да болады.

Осы сияқты әртүрлі жаттығуларды мұғалім ретін тауып, оқу үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, оқушылардың ақыл-ойы жетіле түседі. Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды. Осындай психологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тренингтік жаттығулар орындату барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды, шығармашылық пен дарындылық пайда болады.

Қорыта айтсақ, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың ойлау процестерін дамыту үшін жоғарыда ұсынылған тренингтік жаттығуларды ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ, тренингтік жаттығулар оқушы білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді; жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейді.

**Қолданылған әдебиеттер**

1.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.

2. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.

3. Мұсабеков О. Логикалық ойлау тәсілдерін қалыптастыру.//Бастауыш мектеп №7-1996,8б.

4. Парыгина Б.Д. Практикум по социально-психологическому тренингу- Санкт-Петербург., 2000 г.

5. Логикалық ойлау қабілетін дамыту №11, 2008, 53-54 бет.

*Ғылыми жетекшісі*: **п.ғ.к., доценті Жукенова Г.Б.**

## КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕДІ БАСШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІККЕ МЕҢГЕРТУ ӘДІСТЕРІ

**Мурзалинова Н., Жукенова Г.Б.**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын әрбір қадамын сенімді басқан мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтар

қатарынан қалмай, болашақты оптимистік көзқараспен болжамдап, өзінің бәсекеге қабілеттілігін дәлелдей алатын, өркениетті даму жолындағы жаңа бағыттарын айқындаудың жолы деп білеміз.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Осыған орай қазіргі кезде қоғамның ақпараттануы жағдайында шаруашылық пен өндірістің әр түрлі саласында еңбек ететін жұмысшылар мен мамандардың кәсіптік біліктіліктерін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және кәсіптік құзыреттіліктерін қалыптастыруға аса мән беріліп отыр.

Құзыреттілік мәселесі бойынша Г. Селевко, Л.А. Петровская, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, В.Д. Шадриков, Г.Ж. Меңлибекова, Б.Т. Кенжебеков, Г. Әбілқасымова, И.С. Өтебаев, В.В. Готтинг, И.А. Зимняя, В. Байденко, С.Е. Шишов, Ш. Таубаева, М.Ж. Жадрина, А. Арғымбаева, К.Л. Қабдолова, Г.У. Кунакова, Р. Дәулетова, А.Б. Изделеуова еңбектерін талдау «құзыреттілік» ұғымының мәнін нақтылауға мүмкіндік береді.

«Құзыр» ұғымы тұлғаның даму деңгейі немесе білім беру нәтижесі ретінде қарастырылады. Ал құзыреттілік – «құзыр» ұғымының туындысы. Сондықтан құзырды, құзыреттілікті білім сапасын бағалаудың негізгі өмиемдерінің бірі деп қарастыруымызға болады. Бұл жағдайда білім, іскерлік, дағды сырт қалмайды. Керісінше, олар жаңа сапалық мәнде, жаңа жағдайда бақыланады. Жалпы алғанда, «құзыреттілік» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «құзыреттілік» ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзыреттіліктің латын тілінен аудармасы «competens» белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді [1,3-7 б].

Бұл жайлы Б. Тұрғынбаева «өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, ресей ғалымы Н. Кузьминаның көзқарасы бойынша, «құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» [2, 1 б].

Ғалым, педагог Ш. Таубаева: «Құзыреттілік бұл тұлғаның оқыту мен әлеуметтену процестері барысында меңгерген білім мен тәжірибеге негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке даярлығы ретінде айқындалатын, тұлғаның кіріктірілген қасиеті», – деп қарастырады [3, 1 б].

«Құзырет» бұл тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, іскерлігі, дағдысы мен іс- әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы. Құзыреттілік білім шеңберінде өз орнын тауып, жаһандану ағысына енген еліміздің алдында тұрған міндеттерінің бастысы, білім беру жүйесін жетілдіру, елдің интеллектуалдық потенциалын көтеру, қоғамдық өмірдің салаларында, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мектепті қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты, экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында.

Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [4, 1 б].

Құзыреттілік деп студенттің алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілетін айтады. Демек, «құзыреттілік» ұғымы «білім, іскерлік, дағды» сияқты ұғымдармен қатар, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесінде көрінеді.

Сонымен, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, білім алушының шығармашылығы мен дарындылығына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйеліліклпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген, отандық, шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті атаймыз.Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыретттілік, яғни, нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі мектеп қабырғасында берілетін білімнің, оқытушылардың кәсіптік білім деңгейлерінің сапасымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Бұл еліміздің тағдыры және ұлтымыздың болашағы оқытушылардың қолында дегеніміз.

Дидактикалық-әдістемелік тұрғыдан орындалған зерттеулерде бейін бойынша кәсіптік оқыту педагогын даярлаудың әдістемелік негіздері қарастырылды, кәсіптік-техникалық мектептердегі оқу үрдісінің мәні ашып көрсетілді, теориялық және өндірістік оқытудың мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері қарастырылды. Сонымен бірге «колледж-ЖОО» үздіксіз білім беру жүйесінде кәсіби оқыту педагогының құзыреттілігін қалыптастыру теориялық тұрғыдан негізделіп, практикалық тұрғыдан оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілді. Ал кәсіби құзыреттілікті мынадай түрде қарастырады:

- коммуникативтік;
- ақпараттық;
- регулятивтік;
- интеллектуалды-педагогикалық.

Педагогтың коммуникативтік құзыреттілігі – кәсіби интегративтік қасиет, оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық (икемділікпен байланысты); экстраверсия (тағайындалған деңгейі мен тиімді жетекшілікті көрсетеді); тікелей және қайтарымды байланысты ұштастыру мүмкіншілігі; тілдік білімі; тыңдай білу қабілеті; марапаттай білуі; сыпайылылық; жалпы қабілеті жатады.

Коммуникативтік құзыреттілік – біріншіден, жеке тұлғаның дамуы мен өзіндік дамуы процесіндегі мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеті; екіншіден, ұстаздың педагогикалық қарым-қатынастық мақсаты, түйіні, құрылымы, құралы, ерекшелігі туралы хабардарлығының көрсеткіші; қажетті технологиялық деңгейін меңгеруі; маманның жеке психологиялық сапасы; коммуникативтік іс-әрекетін әрдайым жетілдіріп тұруға тырысуы; негізгі құндылық ретінде жеке адамның тұлғасына бейімделе білу, «бағдар ету», сонымен қатар педагогикалық қарым-қатынас кезінде туындайтын міндеттерге шығармашылық, қапысыз шешім таба білу қабілеті.

Ақпараттық құзыреттілік өзі туралы оқушылар мен олардың ата-аналарының, басқа ұстаздардың жұмыс тәжірибесі жөнінде ақпаратты білу мөлшерін қамтиды.

Регулятивтік құзыреттілік оқытушының өз іс-әрекетін басқара білу мүмкіншілігін білдіреді. Оған мақсаттылық, жоспарлау, тұрақты белсенділік пен өзін көрсете білуі, рефлексия, іс-әрекетінің бағасы енеді. Іс-әрекеттің негізгі факторы ізгілік, құндылық болып табылады [5, 7 – 11 б].

Қорыта айтсақ қазіргі білім жүйесінде білімді азаматтарды біліммен қаруландырып қана қоймай білім беру барысында жан-жақты дамыту жаңашыл педагогтың жаңашыл тын идеялармен ұштастырып оқыту. Сол оқыту барысында басшылық құзырлылық туралы білім

алушылырды жаңа технологиялармен қатар қалыптастыру. Білім алушылардың өз мүмкіндіктерін ашуға жағдай жасау.

**Қолданылған әдебиеттер**

1. ҚР Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Орталық Қазақстан. — 2013. — № 12, 13 (21438). Құдайбергенова К. Құзырлылық — тұлға дамуының сапалық критерийі: Ғыл.-практ. конф. материалдары. —Алматы, 2008. — 9–11-б.

2. Тұрғынбаева Б. // Бастауыш мектеп. — 2005. — № 3. — 3–5-б.

3. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т., Оспанова Б.Ә./ Білім әлемінде. - 2013. - № 3. - 3–5-б. «Қарағанды университетінің хабарысы» журнал.

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к., доценті Жукенова Г.Б.**

## ІСКЕРЛІК ОЙЫНЫ КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

**Нұрлыбаева А., Жукенова Г.Б.**
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың білім берудің жаңа міндеттері жөніндегі: «XXI ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалар сияқты көріністерімен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой - өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты тәрбиелеу – әр мұғалімнің міндеті.

Мұғалім – барлық білім беру жүйесінің негізі, жаны және жүрегі. Мұғалімнің негізгі басты мақсаты – рухани бай, іздемпаз, адамгершілігі мол адамды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы мұғалімдер информатор, бақылаушы, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек.

Оқушыны субъект ретінде қарастырып, оның өзін - өзі тануына жол ашу, жеке тұлға бойындағы қасиетті дамыту, «Мен» менталитетін қалыптастыру, білім мен тәрбиені жеке тұлғаға қарай бағыттау – бүгінгі таңдағы мұғалімінің кезек күттірмейтін қасиетті міндеті» - деген сөздері қазіргі білім жүйесінің қандай бағытта дамуы керектігін айқындап тұр.

Білім саясатының өзекті мәселелерінің бірі – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде білімнің рөлін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу.

Қазақстан Республикасында білім жүйесін реформалау жалпы орта оқу ұйымдарының қызметін жаңаша ұйымдастыруға, білімнің мазмұнына, сондай-ақ оқыту технологиясына да өзгерістер енгізуді талап етіп отыр.

Бүгінгі таңда әрбір студентті болашақ мамандық иесі етіп даярлап шығу ісінде, жеке тұлға етіп қалыптастыруда педагогтар қауымы өздерінің шеберліктерін қайта жетілдіріп, шығармашылық тұрғыда ізденуге, өз кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге талпыныс жасауына бар мүмкіндік жасалған.

Іскерлік ойын маманның болашақ кәсіби іс-әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын елестетіп жаңғыртудың, осы іс-әрекетке тән қатынастар жүйесін модельдеудің формасы болып табылады.

Таңбалы құралдардың көмегімен (тіл, сызбалар, кестелер, құжаттар) іскерлік ойында негізгі мәндік сипаттары бойынша шынайы кәсіби ахуал тәрізді жағдай жасалады. Сондай-ақ іскерлік ойын қысқа уақытта әдеттегі, жалпыланған жағдайлар ғана модельденеді. Осындай шартты тәжірибеде білім алушы өз кәсіби рөлін ойнап көре алады.

Алғашқы рет іскерлік ойынды 1932 жылы СССР-дің Ленинград инженерлік-эконгомикалық институтында М.М. Бирштейн әзірленіп және бірінші рет өткізді. 1938 жылы СССР іскерлік ойындарды ғылыми бағытта қолдануға тиым салды. Екінші рет іскерлік ойындар 1956 жылы АҚШ ғалымдары Ч.Абт, К.Гринблат, Ф.Грей, Г.Грэм, Г.Дюпю, Г.Дьюк, Р.Прюдом және тағыбасқа ғалымдар қолданып, оны оқыту саласында қолдана бастады [1, 18б.].

Іскерлік ойында студент оқу және кәсіби элементтерінен тұратын квазикәсіби іс-әрекетті орындайды. Қажетті білім мен біліктерді дерексізденген тұрғыдан емес, кәсіп контексінде меңгереді. Сөйтіп, кәсіби біліммен қатар білім алушы адамдармен ынтымақтасу, оларды басқару, бағына алу іспетті арнайы құзыреттілікке ие болады. Іскерлік ойын тұлғалық қасиеттерді дамытады, әлеуметтену процестерін қарқындатады. Бірақ бұл саналы кәсіби іс-әрекет ойын түрінде жүзеге асырылғандықтан білім алушылар өздерін еркін сезінеді, шығармашылық, бастамашылық танытады.

Ойын барысында: кәсіби әрекет нормалары; әлеуметтік әрекет; ұжымдағы қарым-қатынас нормалары қалыптасады. Іскерлік ойын диалогта өтеді, екі сипатты іс-әрекет болып табылады, өйткені ол екі мақсатты көздейді: ойын мақсаты мен педагогикалық мақсатты, және соңғысының маңызы басым болып келеді.

Іскерлік ойын күрделілігіне орай мынадай топтарға бөлінеді:

– имитациялық жаттығулар. Олардың мақсаты — жеке дағдыларды пысықтау және бекіту.

– «нақты өндірістік жағдаяттарды талдау» — шынайы жағдаятты шешудің жолдарын анықтау, ұсынылған шешімдерді ұжымда талқылау.

– «рөлдерді ойнап көру» — жағдай туралы алынған мағлұмат бойынша рөл ойнау. Ұжымның мүшелері рөлді орындаушының әрекеттерін, шешімдерін талдап, бағалайды.

– толықауқымды іскерлік ойын кәсіби іс-әрекетті, қабылданған кәсіби шешімдердің салдарларын кешенді түрде жаңғыртады.

*Оқу іскерлік ойындарды ұйымдастыру принциптері*

– Жағдаятты имитациялап модельдеу;
– Жағдаят мазмұнының проблемалы болуы;
– Бірлескен іс-әрекеттегі рөлдік әрекеттестік;
– Диалогтық қарым-қатынас;
– Ойын оқу іс-әрекетінің екі сипаттылығы [2, 112-113б.].

Іскерлік ойындардың мақсаты - адамның рухани дүниесін бағалай білуге баулу. Жағымды ой, ішкі сезімін қалыптастыру, адамның ішкі мүмкіндіктері туралы ұғымды кеңейту, өз күшіне сену және өз - өзіне баға беруді дамыту.

Іскерлік ойындар дайындалып жатқан мамандардың өздерін еңбек уақытында түсетін әлеуметтік ортасына бейімделу, еңбек әрекеті кезінде орын алатын әртүрлі жағдаяттарды модельдеу немесе елестетудің ең тиімді жолы. Осы мақсатта кез келген іскерлік ойынды жоспарлау уақытында білім алушының психологиялық ерекшеліктерге көңіл аударған жөн. Ойындаадам тәжірбиесінің қандай типі қайта құрылса және ойынға қатысушылардың мақсатына байланысты іскерлі ойын дыкелесідей ажыратуға болады: *оқу, зерттеу, басқару, аттестациялық*. Жүргізу әдіснамасы бойынша:

– *Тұрақты ойындар* кез келген салондағы ойындар, ол арнайы ұйымдастырылған алаңда қатал ережелермен жүргізіледі, оның нәтижелерін бланкқа шығарады;

– *рөлдік ойындар* әрбір қатысушының белгілі тапсырмасы немесе берілген бір рөлі бар, оны тапсырмаға сәйкес орындауы тиіс;

– *топтық пікір таластар* – жиналыстар өткізумен немесе топтық жұмыс дағдысын алумен байланысты;

– *имитациялық ойындар* –белгілі бір шарттарда әрекет ету көрінісін қатысушыларда құру мақсаты бар ойындар;

– *ұйымдастыру-әрекеттесу ойындары* – қатал ережелері жоқ, қатысушылардың рольдері жоқ ойындар, ол пәнаралық мәселелерді шешуге бағытталған;

– *инновациялық ойындар* қатысушылардың инновациалық ойлауын қалыптастырады, дәстүрлі әрекет жүйесіндегі инновациялық идеялары алға шығарады, өзіндік ұйымдастыру бойынша тренингтерді қосады;

– *ансамбль түріндегі ойындар* – қатысушылардың басқаруын, ойлауын қалыптастырады, олар қызметті басқарушылардан тұратын, топтардың ынтымақтасуы, іскер серіктестікті ұйымдастыру әдісі бойынша кәсіпорынның нақты мәселесін шешуге бағытталған [3, 22-23б.].

Іскерлік ойындар ойнау барысында студенттер жаңа технологияларды қолдана отырып әртүрлі ойындар өткізеді. Оларға: электронды сергіту сәттер; электронды дидактикалық ойындар; жарыс және ойын түрінде өтетін сабақтар; қиял-ертегілерді қолдану сабақтары: ертегі сабағы, сиқырлы кейіпкерлер тосын сыйды әрбір оқу әрекетінде пайдалану т.б.

Студенттер өндірістік тәжірибе барысында тәрбиешілердің үлгі сабақтарын көріп талдауға уйренеді. Өндірістік тәжірибе кезінде студенттің өз бетімен ізденісіне мүмкіндік туғызған сайын, оның жауапкершілігі, оқуға тәжірибеге қызығушылығы артады. Іскерлік ойындардың басты мақсаты – студенттердің талдау, синтездеу, логикалық ойлау қаблеттерін дамыту, яғни студенттердің үнемі ой еңбегімен шұғылдануын қамтамасыз ету, студенттерді ізденуге өз беттерімен қорытынды жасауға үйрету деп атап көрсетілгені белгілі. Мысалы: тәжірибе кезіндегі оқу-іс әрекеттеріне дайындық, оқу-іс әрекетінің конспектілерін, мерекелік іс -шаралардың сценарийін құру студенттің ізденісінің жемісі деуге болады [4, 129б.].

Студенттер жеке әдістемелерден, мектепке дейінгі педагогика, мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы пәндері бойынша алған теориялық білімдерін өндірісте өтілетін тәжірибе кезінде шыңдайды. Шеберлігі артып, өзіндік тәжірибе жинақтайды.

Әр әдістемеден сабақ жоспарын, оқу-іс әрекетінің технологиялық картасын құрып, оны балалармен ұйымдастырып өткізу дағдыларын игереді. Сондай-ақ студенттер балалармен жұмыс істей білуге, олардың даму деңгейін бағалай және талдай білуге, баланың одан әрі дамып жетілуіне бағытталған тәрбие жұмысын жоспарлай білуге үйренеді.

Қорыта келе, жаңа ғасырға қадам басқан біздің еліміз үшін қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын жеке тұлғаның жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесінің күрделі мәселелерін шешуші кәсіби – педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ.

**Қолданылған әдебиеттер**

1.Бабанский Ю.К.. Методы обучения в современной общеобра-зовательной школе. - Москва: Просвещение, 1985.

2. Педагогика журналы №2-2009ж.

3. Жаңашыл педагогтар іс-тәжірибелері. – Алматы,1991.

4. Әлімбекова А.С. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру тәжірибесінен //Білім-Образование.// №2(8), 2002

*Ғылыми жетекшісі:* **п.ғ.к., доценті Жукенова Г.Б.**

# Мазмұны

**№5 СЕКЦИЯ** Жаратылыстану ғылымдарының даму бағыттары мен болашағы
**СЕКЦИЯ №5** Развитие естественных наук: реалии и перспективы
**SECTION №5** Development of natural sciences: realities and perspectives

Бірлік Т.Ә., Сұлтанғали П.Н. Жаздық бидай – Қазақстан берендi.......... 3
Дұрысбай А.Қ. Қымыз пайдалы сусын.......... 4
Жилкибаева А.А., Умарова Д.Ж. Нейтрализация азотной кислоты аммиаком.......... 5
Калиев А.Ж., Айкенова Н.Е. Влияние токсичных органических веществ на состояние окружающей среды и организм человека при производстве пластических масс.......... 7
Ізбай А.Қ. Су қорларын тиімді пайдалану мәселелерін шешудің негізгі жолдары.......... 8
Қапан Л.С. Құнарлы тамақтандыруды ұйымдастыру ерекшеліктері.......... 10
Қызылбаева А.Т. Туризмді дамытудың географиялық негіздері.......... 11
Мәдениетова С.М., Байменова Ж.Қ., Абильмажинова Д.З., Кіршібаев Е.А. Ауыр металдардың ($CuSO_4$, $CdCl_2$) жүгері өсімдігінің дәнінің өніп-өсуіне әсері.......... 14
Мукашева Д.М., Жексембиев Р.Қ., Кіршібаев Е.А. Құмай дақылдарының тарихи шығу тегі.......... 17
Нагиева М.А. Антропогендік факторлардың орманға тигізетін әсері.......... 21
Нурмагамбетов А.Н. Перспективы развития медицины и животноводства в контексте генной медицины.......... 22
Сарина П.А. Таза ауыз су мәселелері.......... 26
Сұлтанғали П.Н., Бірлік Т.Ә. Күріш өсірудің қазіргі заман технологиясы.......... 28
Төрахметова А.М. Обаның табиғи ошақты аумақтарындағы иксодты кенелердің таралуы.......... 30
Турганбаева Д.А. Вредоносность бронзовки обыкновенной (*Cetonia aurata*) в посевах яровой пшеницы.......... 32
Тілеу Ә.Ж., Умарова А.А., Кіршібаев Е.А., Байсеитова Г.А., Қамұнұр М., Сәрсенбаев Б.Ә. Қант құмайының сорттарының биологиялық ерекшеліктері.......... 34
Умарова Д.Ж., Жилкибаева А.А., Муратқалий Ә.М. Переработка отходов производства фосфорных удобрений.......... 38
Унайбекова Г.К. Атмосфераның антропогендік ластануы.......... 40
Үттібаева З.Қ. Бруцеллез ауруының алдын алу шаралары.......... 42
Шамуратова Г.Б. Мәртөк ауданындағы астық тұқымдастарынан фосфордың жағымды әсері.......... 43
Икрамов И.Ғ. Ақтөбе қаласының экологиялық жағдайын жақсарту мақсатында, көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.......... 46
Шегреева А. ВИЧ-инфекция, общество и биоэтика.......... 48
Шегреева А. Профилактика вертикального пути передачи ВИЧ инфекции от матери к ребенку……. 50
Сағидулла Г.С. Необходимость и возможность развития в мире нетрадиционных источников энергии.......... 52
Айкенов А.Е., Айкенова Н.Е. Загрязнения окружающей среды отходами производства изделий полимерной промышленности на примере поливинилхлорида и методы их обезвреживания……….. 55
Юриева Б.Т. Санитарно-микробиологическое состояние воздуха.......... 57
Айкенов А.Е., Акуленко И.А. Влияние внешних факторов городской среды на биометрические показатели растений.......... 60
Утарбаева Н.А. Ақтөбе қаласының дендрофлорасын таксономиялық талдау.......... 61

**№6 СЕКЦИЯ** Психологиялық-педагогикалық зерттеулер дамуының қазіргі жағдайы мен болашағы
**СЕКЦИЯ №6** Современное состояние и перспективы развития психолого-педагогических исследований
**SECTION №6** State and perspectives of phycology and pedagogic research development

Shonmurinov T. The Phenomenon of Bilinguism.......... 63
Абутали Г. Сөйлеу тілі бұзылған балалармен оқу әрекеті барысында ұйымдастырылатын логопедиялық түзету жұмыстары.......... 65
Аманкелді А.Н., Есқазы А.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың дизартрия сөйлеу тілі кемшіліктер.......... 67
Аманжол М.А. Жоғары оқу орнында психолог мамандығына студенттерді дайындау барысында өзін-өзі дамыту субьектісі есебінде инттеллектуалдық жеке сипатын белсенділендіруге бағытталған зерттеулері.......... 68
Аманшина Ж.М. Изучение подлежащего в школе.......... 74
Анетбаева К., Асанова А. Готовность общеобразовательных учреждений к обучению детей с детским церебральным параличом.......... 77
Арыстан А.М. Девиантты мінез-құлықты оқушылармен жүргізілетін жұмыс формалары әдіс тәсілдері.......... 79
Аралбаева Г., Сыдық К.К. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын көрнекі құрал арқылы дамыту.......... 81

Асхатова Ә.Е., Қаламқанова А.Ж. Канапиянова К.Д. Қиын жеткіншектердің девиантты мінез-құлқының психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде талдануы........................................................ 84
Ахсотова Г., Кармысова А. Қолданбалы іс-әрекетті талдау терапиясы арқылы аутизмі бар баланың сөйлеу тілін дамыту.......................................................................................................................... 86
Дүкенбай С.Б. Дарынды оқушыларды анықтау және дамыту жолдары................................................... 89
Ерғалиқызы Ж. Жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлқының негізгі психологиялық сипаттамалары...................................................................................................................................... 92
Әмірханова Л.Ә. Психология пәнін оқытудағы көрнекілік әдіс-тәсілдерінің алатын орны................... 95
Жанатова С.Ж. Жасөспірімдік шақтағы балаларды түзетудегі педагогикалық-психологиялық тренингтің рөлі........................................................................................................................................ 97
Жаныбекова С., Бекмұрат А., Джарыева К. Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудегі және әлеуметтендірудегі жаңашыл (ақпарттық) технологиялар.................................................................... 99
Жармұханбет Н.Е. Болашақ педагог-психолог маманының моделін құрудың өзіндік ерекшеліктері..... 102
Зинешова А. Сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүргізілетін түзету логопедиялық жұмыстары............ 104
Иманчиев Ж.Е., Рысқұлова А.Ә., Имаганбетов С.А., Төремұратова А.Ж. Магистранттардың кәсіби мәнді сапалары ұғымының мәні мен мазмұны....................................................................................... 106
Исаева Г.Т. Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын жетілдіру............... 111
Каримова Г.М., Ильясова Ж., Жақсылықова А. Мүмкіндігі шектеулі жандар – қоғамның толыққанды мүшесі............................................................................................................................................... 113
Ідіріс Л. Ата дәстүр және біз.................................................................................................................. 114
Каримова Г.М., Болат А. Дефектолог мамандығы – ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық ............................................................................................ 116
Куандыкова Д.Б. Топтық жұмыс арқылы оқушылардың әдебиеттік оқу пәніне қызығушылықтарын арттыру.............................................................................................................................................. 119
Қайырова Д.П. Мектеп оқушыларының шығармашылығын дамытуда көрнекі құралдарды пайдаланудың жолдары........................................................................................................................ 123
Қалмырза Ұ. Әліппенің арғы жағы - білім бұлағы................................................................................ 125
Құрмантаева Г.А., Теңгебекова Ж.Б. Ғалымдардың қарастыруы бойынша психотерапия түсінігі........ 127
Мыктыбаева Г.С., Дуйсенбаева Р.Д. Ң дыбысының бұзылуының себеп-салдары және оны түзету жолдары............................................................................................................................................. 130
Оразалы Н.Н., Раманқұл Р.М. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған таным үрдісінің педагогикалық-психологиялық мәселелері............................................................................................ 133
Орынғалиева А, Еримова.Т. Профессор А. Жұбанов және қолданбалы тіл білімі................................. 135
Серікбаева Б. Тәрбиелік мәтін және оның құрылымдық ерекшеліктері.................................................. 138
Тайбазарова А.Т., Қабанбаева М.Е. Канапиянова К.Д. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған мектепке дейінгі балалардың эмоционалды-тұлғалық аймағын теориялық зерттеу............................................... 140
Тойгулова К.Б. Социально-психологический подход к формированию имиджа деловых женщин...... 142
Толепбергенова Г., Қамзаева А. Сөйлеу тілі бұзылған балалар артикуляциялық сөйлеу органдарының жұмысын белсендіру..................................................................................................... 145
Туралиева А.Е. Кубаева А.Ж. Психикалық дамуы тежелген балалардың типтері................................. 148
Уксумбаева А.Ж., Местная С.В. Взаимодействие учителя дефектолога с родителями по проведению коррекционной работы с детьми с ЗПР................................................................................................ 150
Утениязова Ф.А. Дағдарыс жағдайындағы оқушылар мәселелерінің зерттелуі..................................... 153
Шірінбек Ұ.Р. Жасөспірім шақтағы мазасызданудың психологиялық ерекшеліктері............................. 155
Хамзина Н.І. Ф. Оңғарсынова лирикасының ерекшелігі........................................................................ 158
Сағындық Г.С. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қолдау.................................... 160
Рыстыгулова А.Т., Өтеген Г.Ө. Тіл бұзылыстары бар балаларды мектепке оқуға психологиялық даярлық деңгейін анықтау..................................................................................................................... 163
Каримова Г.М., Болат А. Дефектолог мамандығы – ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық.............................................................................................. 165
Нысанбаева Г.Е. Жасөспірім балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін түзетудегі педагогикалық-психологиялық тренингтердің рөлі......................................................................................................... 167
Жартыбаева А.А. Қазақтың дәстүрлі музыка өнері негізінде оқушылардың ән айту дағдыларын қалыптастыру......................................................................................................................................... 169
Есмағанбетова М. Жастар болмысындағы дін феномені......................................................................... 171
Нурлыбекова А.Б., Нұрлан М.Н. Есту қабілеті бұзылған оқушылардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.................................................................................................................................................. 174
Изконысова Г. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытудағы психологиялық тренингтердің рөлі................................................................................................................................ 178
Мурзалинова Н. Колледжде білім беру үдерісінде студенттеді басшылық құзіреттілікке меңгерту әдістері................................................................................................................................................. 181
Нұрлыбаева А. Іскерлік ойыны колледж оқушыларының инновациялық қалыптасуы әдісі ретінде..... 184

**«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»**
атты Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы
студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың
XIV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының
**МАТЕРИАЛДАРЫ**
**III ТОМ**
2018 жылдың 12 сәуірі

**МАТЕРИАЛЫ**
XIV Международной научно-практической конференции студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых в рамках программы главы государства Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»
**«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ»**
**ТОМ III**
12 апреля 2018 года

**MATERIALS**
of the XIV International Scientific-Practical Conference of Students, Graduates, Postgraduates, Doctoral Students and Young Scientists in the Frame of Program of State Head N.A. Nazarbayev «View in the Future: Modernization of Social Consciousness»
**«YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS»**
**PART III**
April 12, 2018

Баспаға 02.04.2018 ж. қол қойылды
Көлемі 23,75 ш.б.т.  Таралымы 100 дана
Тапсырыс № 232

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік  университетінің
«Жұбанов университеті» баспасы
(030000, Ақтөбе қаласы, Ә. Молағұлова даңғылы, 34)